

Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті Тараз институты

ӘӨЖ 94(574.5)«1850/1917»:339

Қолжазба құқығында

**СЕЙДЫБАЕВА БИБИНУР ШУКИРАЛОВНА**

**XIX ғасырдың екінші жартысы – XX ғасырдың басындағы Оңтүстік  
Қазақстан өңіріндегі сауда жүйесінің дамуы (Сырдария облысы  
материалдарының негізінде)**

07.00. 02 – Отан тарихы  
(Қазақстан Республикасының тарихы)

Тарих ғылымдарының кандидаты  
ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Ғылыми жетекші  
тарих ғылымдарының  
докторы, профессор  
А.Б. Абдуалы

Қазақстан Республикасы  
Алматы, 2010

## МАЗМҰНЫ

<b>АНЫҚТАМАЛАР</b> .....	3
<b>БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР</b> .....	4
<b>КІРІСПЕ</b> .....	5
<b>1 XIX ғ. 2-ші жартысы – XX ғ. БАСЫНДА ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ӨҢІРІНДЕ САУДА ЖҮЙЕСІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН ДАМУЫ</b> .....	18
1.1 Оңтүстік Қазақстан өңірінде сауда жүйесінің қалыптасуының тарихи және саяси алғышарттары.....	18
1.2 Оңтүстік Қазақстандағы әкімшілік және несиелік құрылымдардың сауда жүйесінің дамуына әсері мен құқықтық негіздері.....	25
<b>2 ҚАЗАҚСТАННЫҢ ОҢТҮСТІК АЙМАҒЫНДАҒЫ САУДА ЖҮЙЕСІНІҢ СИПАТТАМАСЫ МЕН ДАМУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ (XIX ғ. 2-ші жартысы – XX ғ. басы)</b> .....	43
2.1 Оңтүстік Қазақстан өлкесіндегі сауданың түрлері мен сипаты және сауда буржуазиясының қалыптасуы.....	43
2.2 Мал шаруашылығы өнімдері саудасы.....	68
2.3 Егін шаруашылығы өнімдері саудасы.....	87
2.4 Қазақстанның оңтүстігіндегі кәсіптер мен өңдеуші кәсіпорындардың сауда жүйесінің дамуына әсері.....	97
<b>3 XIX ғ. 2-ші жартысы – XX ғ. БАСЫНДА ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН АРҚЫЛЫ ӨТКЕН САУДА ЖОЛДАРЫ ЖӘНЕ САУДА АЙНАЛЫМЫНДА ҚОЛДАНЫЛҒАН АҚША, САЛЫҚ ТҮРЛЕРІ</b> .....	126
3.1 Оңтүстік Қазақстан өңіріндегі қатынас жолдарының дамуы.....	126
3.2 Сауда айналымында қолданылған ақша және салық түрлері.....	134
<b>ҚОРЫТЫНДЫ</b> .....	147
<b>ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ</b> .....	152
<b>ҚОСЫМШАЛАР</b> .....	162

## АНЫҚТАМАЛАР

Пұт (пуд) – 1 пұт – 16, 3805 кг (орыстың байырғы өлшем бірлігі)

Қадақ (фунт) – 409,5 граммдық өлшем

Мысқал (золотник) – 4,25 грамм

Бөлік (дольник) – 44,43 мг

Сантонин - дермене жусаннан дайындалатын, ішек құртына қарсы қолданатын дәрі

Рейнский погреб - спиртті ішімдіктердің көтерме және бөлшек сауда орталығы

Берковец – 10 пұтқа тең ескі орыс өлшемі

Сажень - орыстың байырғы жер өлшем бірлігі

Верста – 1,07 км.

Аршын – 71,12 см.

Десятина – 1,09 га.

Танап – 0,6 га.

Фарсах – 5 км.

## БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

б. - бет

бб. - беттер

в. - век

вв. - века (ғасырлар)

ғ. - ғасыр

ғғ. - ғасырлар

дисс. - диссертация

изд. - издательство (баспа)

Изд. АН КазССР - Издательство Академии наук Казахской ССР

ҚР ОММ - Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік мұрағаты

м. - мысқал

п. - парақ

п. - пұт

пп. - парақтар

р. - рубль

СПб. – Санкт-Петербург

Т-во. - Товарищество

Типо-лит. – типо-литография

ф. - фунт (кадақ)

## КІРІСПЕ

**Зерттеу жұмысының өзектілігі.** Қазіргі қазақстандық тарих ғылымында XIX ғасырдың екінші жартысы – XX ғасырдың басындағы Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық тарихы проблемаларына деген қызығушылық артып отыр. Бұл кезеңде дәстүрлі қазақ қоғамына нарықтық қатынастардың элементтері еніп, аймақтық өнеркәсіп пен ұлттық капитал қалыптасып, кәсіпкерлік тенденциялар дамыды. Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық тарихы проблемаларын зерттеуге деген қызығушылықтың артуының себебі, қазіргі таңда Қазақстан осыларға ұқсас процесстерді бастан кешіруде. Ғасырлар тоғысында еліміз экономикалық, саяси және әлеуметтік өмірді жылдам қарқынмен реформалаудың жолына түсті, дамудың басты бағдары ретінде әлеуметтік нарықтық мемлекет, рухани қайта өрлеу мен белсенді шығармашылық тұлға таңдалды. Өткен ғасырдың соңғы он жылдығынан бері ел экономикасын бүгінгі заман талаптарына сәйкес дамыту шаралары жүргізіліп, нарықтық шаруашылықтың ұлттық жобасын құрудың белсенді ізденістері атқарылуда. Осы тұрғыдан қарасақ тарихымыздың аз зерттеліп, әлі де күрделі де, өзекті болып отырған мәселесі – ол жалпы Қазақстанның, нақтырақ айтсақ, оның Оңтүстік өңірінің XIX ғасырдың екінші жартысы - XX ғасырдың басындағы әлеуметтік-экономикалық даму жүйесіндегі сауданың рөлі. Қазақстанның оңтүстігі ерте дәуірлерден бері геосаяси, әлеуметтік-экономикалық, этно-демографиялық және мәдени жағынан маңызды аймақ болып табылады. Зерттелініп отырған өлкенің артықшылықтарын қазіргі уақытта тиімді пайдалануды қамтамасыз ету үшін, оның экономикалық тарихына, әсіресе, XIX ғасырдың екінші жартысында қалыптаса бастаған сауда жүйесін дамытудағы нәтижелеріне объективті баға беріп, зерделейміз.

Қазіргі тарих ғылымының даму барысында жеке аудандардың мәселелерін дербес қараудың аса маңыздылығы бар. Жеке алынған өлкені қарастыра отырып, біз жалпы Қазақстанға тән сипатты, немесе ортақ мәселелердің де мазмұнын ашуға мүмкіндік аламыз.

Кейінгі жылдарда отандық тарихнамада сауда мәселесі бойынша зерттеулер жүргізу жандана бастады. Тарих ғылымындағы бұл өзгеріс, Қазақстандағы сауданың қалыптасу және даму тарихына қатысты жаңаша тұжырымдамалар мен деректер қорын ғылыми айналымға енгізуімен құнды. Дегенмен, зерттеушілер тарапынан Қазақстанның оңтүстік аймағындағы сауда жүйесінің қалыптасу және даму тарихы кешенді түрде қарастырылмады. Белгілі бір саланың дамуының шынайы көрінісін жасау, оның барлық жақтары қамтылып, олар өзара салыстырылған жағдайда ғана іске асатындығы белгілі. Сондықтан зерттеуде елдің оңтүстігіндегі сауда жүйесінің, тауарлы өнеркәсіп, ауыл шаруашылық салаларында қалыптасып, дамуына басты назар аударылды.

Диссертациялық зерттеу ең алдымен, XIX ғ. екінші жартысындағы - XX ғ. басындағы Қазақстанның оңтүстік аймағындағы сауда жүйесінің қалыптасу тарихындағы жетістіктер мен кемшіліктердің объективті бағалануына, сонымен

қатар, жалпы Қазақстандағы сауда жүйесін дамытудағы әр аймақтың өзіндік орнын, ерекшеліктері мен маңыздылығын айқындауға мүмкіндік береді.

**Диссертациялық жұмыстың ғылыми зерттелу деңгейі.** Тақырыбымызға қатысты зерттеулерді 1917 жылғы Қазан төңкерісіне дейінгі, кеңестік кезеңдегі және тәуелсіз Қазақстан жағдайындағы ғылыми еңбектер деп топтап қарастырдық. *Қазан төңкерісіне дейінгі еңбектерде* Қазақстанның экономикалық даму ерекшелігі әр-түрлі аспектілер бойынша қарастырылды.

Қазақстанның сауда жүйесі мәселесіне қатысты, қазан төңкерісіне дейінгі зерттеушілердің еңбектерін талдай отырып, ескеретін бір ерекшелік, бұл еңбектердің көпшілігі тенденциялық, жалпылама шолу сипатында жазылып, отарлы әкімшіліктің қажеттіліктері үшін жасалған.

Революцияға дейінгі орыс зерттеушілері өз еңбектерінде қазақ және ортаазиялық халықтардың тарихи-географиялық және экономикалық жағдайын қарастырған. Олардың ішінде келесі авторлардың есімін атауға болады: П. Небольсин [1], Г.В. Колмогоров [2], М. Красовский [3], Л.Ф. Костенко [4], Н. Петровский [5], А.П. Хорошкин [6], П.И. Пашино [7].

А.Н. Тетеревников өз еңбегінде қазақ ауылдарындағы азиялық сауда капиталының «тонаушылық» тең емес сауда жасау тәртібіне көңіл бөліп, қазақ халқының өз өнімдерін арзан бағаға өз құнынан төменге айырбастайтынын баса көрсетеді [8]. А.И. Левшин қазақ қоғамындағы экономикалық қатынастарды түрлі аспектілер бойынша қарастырып, қазақ қоғамындағы экономикалық қатынастарға сипаттама жасады [9].

Революцияға дейінгі тарихшылар мен әр-түрлі экспедициялардың мүшелері Қазақстан өлкесіндегі сауда жүйесін зерттеу барысында, қатынас жолдар мәселесін де көтерген. Әр-түрлі сауда орталықтарын байланыстырған негізгі керуен жолдары мен маршруттар, төмендегі еңбектерде қарастырылған «Пути в Средней Азии и перевозочные средства» М. Иванин [10], «О старом и новом путях в Среднюю Азию» Н. Середа [11], «Караванные пути и караван-сарай в Средней Азии» К. Старков [12].

XIX ғасырдың екінші жартысында мал шаруашылығы мен егін шаруашылығы салаларында зерттеу жүргізген авторлар: И.В. Аничков [13], Г. Загряжский [14], Е. Смирнов [15], С.С. Здзеницкий [16], А. Шахназаров [17], В.П. Колосовский [18], Н.Н. Александров [19], В. Бензин [20].

И.В. Аничков өз зерттеуін Түркістан өлкесін отарлау тақырыбына арнады. Аталған автордың еңбегі отарлық сипатта жазылғанына қарамастан сол кезеңдегі қазақ қоғамына капиталистік қатынастардың енуі сауда жүйесінің қалыптасу және даму тарихына қатысты құнды фактілік деректер береді. Сырдария облысының саяси экономикалық дамуы Е. Смирновтың еңбегінде қамтылды. Ол Оңтүстік Қазақстан облысымен Ресейдің жүргізген сауда-саттық бағыттары, өндіріс саласының қалыптасуын қарастырады.

Сырдария облысының өңдеу кәсіпорындарының тарихы В.В. Заорская мен К.А. Александрдың «Промышленные заведения Туркестанского края» еңбегінде зерттелген [21]. Зерттеуде өлкедегі фабрика-заводтардың саны мен жұмыс механизмі, жұмысшылардың құрамы, шығарылған өнім мөлшері

тиянақты көрсетілен. Зерттелініп жатқан өлкенің революцияға дейінгі кәсіпорындарының қалыптасуы мен дамуы бірқатар зерттеушілердің еңбектерінде сипатталған, атап айтқанда: В.Н. Оглоблиннің «Хлопчатобумажная промышленность и торговля в среднеазиатских русских владениях» [22], В. Вебердің «Полезные ископаемые Туркестана» [23], Н.Н. Шаврованың «Пчеловодство в Туркестанском крае и Закаспийской области» еңбектері [24].

Түркістан генерал-губернаторлығының құрылуына байланысты патшалық Ресейдің отарлау саясатына қатысты еңбектердің ішінен бірінші кезекте А.И. Макшеевтің «Путешествие по киргизским степям и Туркестанскому краю» еңбегін ескеру қажет [25].

Түркістан өлкесінің облыстарында қалыптасқан сауда жүйесін қарастырған Қазан төңкерісіне дейінгі авторлардан келесі есімдерді атауға болады: А.И. Родзевич [26], Н.П. Верховский [27], С.И. Гулишамбаров [28]. С.Д. Гулишамбаров Түркістан өлкесіндегі мақта кәсібінің пайда болуы, дамуы, кеден және баж салығы тарихын қарастырды.

Отар аймақтағы тұрпайы экономикалық қанауды тоқтатып, еркін капиталистік дамуды, ұсынған авторлар да кездесті. Солардың бірі – И.И. Гейер [29]. 1909 ж. жарық көрген «Туркестан» деп аталатын кітабында, автор Түркістан өлкесінің экономикалық даму деңгейінің төмендігі өнеркәсіп орындарының ұсақ сипатта дамуы жаңа капиталдың өнуінің нашарлығын атап өтті. Сонымен қатар, аталған мәселелердің шешімін табу, несие жүйесін дамыту мәселесін көтеріп, ұсыныстар жасады.

Қарастырылып отырған тақырыптың тарихнамасын қазақ жеріне қоныс аудару мәселесі бойынша жазылған әдебиеттер де толықтыра түседі. П.А. Скрыплевтің еңбегінде Шымкент уезіндегі орыс мекендерінің шаруашылық жағдайы қарастырылады [30].

А.И. Добросмысловтың зерттеуінде Сырдария облысындағы қалалардың экономикалық дамуы алғашқы кәсіпкерлер, саудагерлер және олардың ұлттық құрамы, кәсіпкерлердің табысы, ақша айналымы туралы мәліметтер келтірілген. Сонымен бірге, Сырдария облысының Перовск, Қазалы, Түркістан, Шымкент, Әулиеата қалаларындағы сауда өнеркәсіп және халыққа қызмет көрсету салалары бойынша кәсіпкерліктің қалыптасуы қарастырылған [31].

Түркістан өлкесінің әлеуметтік-экономикалық дамуын толық дерлік шолу жасаған В.И. Масальский еңбегі болды [32]. Оның еңбегінде мал шаруашылығы, өнеркәсіп және сауда мәселелері қарастырылады. Ол капиталдың өнеркәсіпке, саудаға көп жұмсалғанын айтады. Сонымен қоса банк несие мәселелері қозғалып оның өсімқорлық сипатта болғанын жазды. Темір жол қатынасының өлкелік экономикалық дамуында жақсы әсер еткенін көрсетті. В.И. Масальскийдің еңбегінің басты қорытындысы: өлке капиталистік даму жолына түсті, енді оны дамытуға көмектесу қажеттігі, туралы қорытындыға келуі еді.

Балық кәсіпшілігінің дамуы осы саладағы кәсіпкерліктің қалыптасу тарихы Л.С. Берг және еңбектерінде зерттелінді [33]. Л.С. Берг өзінің еңбектерінде

Сырдария және Арал теңізі балықтары және балық аулау кәсіпшілігі жөнінде көлемді зерттеулер жүргізді ол қазақтардың бірден-бір тіршілік көзі мал және балық шаруашылығы екенін айта келіп, «соңғы уақытта балықшылық қырғыздардың (қазақтардың – С.Б.) тіршілік кәсібіне айналды»,- деп атап кетті. Ол қазақтардың балық кәсіпшілігімен айналысуына табиғат апаттарына байланысты мал шаруашылығының жұтқа ұрынуы себепші болып отырғандығын хабарлады. Арал теңізінде балық кәсіпшілігін дамытудың маңызды қажеттілігін айқындай отырып, соңғы уақытта үкіметтің бұл аймақта балық кәсіпшілігін дамытуға назар аудармай отырғанын ашына айтып, Арал теңізіндегі балық аулауды Ресейдің Архангельск губерниясындағы балық аулаумен салыстыра отырып, Арал теңізіндегі балық аулаудың еш кем түспейтіндігін дәлелдеген фактілер келтірді.

Патшалық Ресей Түркістанды отарлау арқылы мақта мата фабрикаларын арзан шикі затпен қамтамасыз ететін үлкен мүмкіндікке ие болды. Қарастырылып отырған аймақтағы мақта өсіру саласындағы кәсіпкерліктің қалыптасу және даму тарихы А.Ф. Губаревич – Радобыльский зерттеулерінде қарастырылды [34]. А.Ф. Губаревич-Радобыльский өз еңбегінде Түркістанның Ресеймен және басқа да Азия елдерімен сауда байланысы, ондағы тауар айналымы мен дамуын зерттеді.

Қарастырылып отырған кезеңдегі Қазақстанның экономикалық жағдайы 20-шы ғ. басындағы ұлтық интеллигенция өкілдерінің еңбектерінде талданды. Олардың ішінде С. Асфендияров [35], Ә. Бөкейхановтың [36] еңбектерінің маңызы зор.

С. Асфендияров Ресейлік капитализмнің қазақ қоғамының дамуына үлкен әсер еткендігін жаза келе, оның қазақ даласына ену жолдары мен түрлерін айқындау қажеттілігін атап көрсетті және сауда капиталын ену туралы мәселеге көп көңіл бөлді. Ол өзінің еңбегінің «Капитализмнің далаға енуі, Қазақтың халық шаруашылығының жағдайы және одан әрі дамуы» тарауында Ресейлік капитализмнің қазақ қоғамының дамуына үлкен әсер еткені сөзсіз дей отырып оның қазақ даласына ену жолдары мен түрлерін айқындау қажеттілігін көрсетеді және оның ішінде ең алдымен сауда капиталының енуі туралы мәселеге баса назар аударады. Сауда капиталының енуі жайында мәселеге ерекше тоқтала отырып, Қазан төңкерісіне дейінгі қазақ қоғамы тарихында сауда және өсімқорлық капиталын зор рөл атқарғанын атап көрсетті. Ал орыстық жаулап алудан кейін жергілікті сауда капиталымен Ресейлік сауда капиталының арасында бәсекелестік басталды.

Жалпы, Қазан төңкерісіне дейінгі тарихи әдебиеттерге шолуды аяқтай келе, бұл еңбектерде зерттелініп жатқан өлкенің әр-түрлі аспектілеріне қатысты мол фактілік материал жинақталған, деген қорытынды жасауға болады.

*Keңестік дәуірдің зерттеушілері.* Кеңестік кезеңдегі бірқатар зерттеулердің идеологиялық асыра сілтеушілік бағытта жазылғанына қарамастан, олардың еңбектері зерттеудің деректік базасы мен проблематикасына үлкен үлес қосты.



Бұл кезеңде, қазақ халқының сауда байланыстарын зерттеген, әйгілі тарихшылар мен этнографтардың ішінен Е.Б. Бекмаханов [37, 38], Х.З. Зияев [39], Ж.К. Қасымбаев [40], У.Х. Шалекенов [41], С. Мадуанов [42, 43], Р. Бекназаров есімдерін атауға болады [44]. С. Мәдуанов Сырдария облысының құрамында болған көпшілік қоныстарды қазақ-өзбек халықтарының тек сауда-экономикалық жақтарына талдау беріп қоймайды, монографияның екінші тарауының екінші параграфы Сырдария өңіріндегі мал шаруашылығы, сауданы мәдени өмірді қамтиды.

XIX екінші жартысында Қазақстандағы сауданың дамуы және қазақтардың шаруашылығына сауда-капиталистік қатынастардың енуі мәселесін Т.К. Литвинова [45, 46], С.А. Сүндетов [47], С.А. Нейштадт [48], зерттеген. Қазан төңкерісіне дейінгі Қазақстандағы сауданың түрі және сипаты мәселесін Т.К. Литвинова тиянақты зерттеді. Ол ірі саудагерлер санының 19 ғ. 2-ші жартысының 20-шы ғ. басында өсе түскенін және олардың банктерден несие, вексель алып, капиталистік қатынастарға кеңірек араласа бастағанын сипаттайды. Қазақтың сауда буржуазиясының қалыптаса бастауымен қатар бай қазақтарының шаруашылығы бірте-бірте өзінің натуралдық сипатынан айырылып, сауда айналымына тығыз тартылып, рынокпен тығыз байланыста бола бастағанын дәлелдейді. Ұлттық капиталдың сауда, негізінен өсімқорлық капитал түрінде қалыптасып үлгіргендігі, бірақ өнеркәсіптік капитал дәрежесіне жете алмағандығы, ұлттық буржуазияның қалыптасу процессінің кешігуі, баяулығы, экономикалық әлсіздігі, орыс және Орта Азиялық сауда буржуазияларының күшті бәсекелестігі туралы айтты. Осы мәселеге байланысты, әсіресе өлкеде ішкі рыноктың құрылуы туралы мәселені арнайы зерттеген тарихшылардың бірі – С.А. Сүндетов. Ол: «Сауда капиталының енуі, ақша қатынастарының дамуы Қазақстанда жергілікті рыноктардың құрылуына әкелді. XX ғ. басында бүкіл өлке жалпыресейлікпен байланысты осындай рыноктардың жүйесіне қамтылды. Революцияға дейінгі Қазақстанда жергілікті рыноктардың даму және бірігу процесі жүргенімен, ол бірақ ақталмады, біртұтас бірігу процесін тежеді. Қазақстанның жекелеген бөліктерінің арасында Қазақстандық халық шаруашылығы бірыңғай халықшаруашылықтық жүйеге бірікті деп тұжырымдауға мүмкіндік беретіндей экономикалық байланыс болған жоқ», - деп қорытындылай келе «отарлық жағдайға байланысты Қазақстандағы алғашқы қорлану дәуіріндегі сауда-өсімқорлық капитал сатысында қалды», - дейді.

Қазақстан мен Орта Азияның Ресей құрамына енуі және саясат, экономика, мәдениет салаларында болған өзгерістерді зерттеген тарихшылар: Н.Г. Апполова [49], Т.Ж. Шоинбаев [50], М.П. Вяткин [51]. Н.Г. Аполлованың монографиясында Ресей Орта Азия арасындағы сауда байланыстары қарастырылған. Ресейге қосылғаннан кейін Қазақстанның қоғамдық-саяси құрылымындағы, шаруашылығындағы өзгерістерді мысалға ала отырып, XVIII – XIX ғасырдың басындағы Орынбор арқылы Қазақстан мен Ресейдің экономикалық және саяси байланыстарын терең және жан-жақты зерттеген.

Орта Азиядағы Ресейдің саясатын зерттеген Н.С. Киняпина [52], Г.А. Хидояттов [53], М.К. Рожкова [54], А.М. Аминов, А.Х. Бабаходжаева [55], М.М. Блиев және В.В. Дегоев [56] секілді тарихшылар Ресейдің Орта Азияға жылжуында саяси фактор ролінің басымдығы көзқарасын ұстанды.

Н.А. Халфин [57, 58], А.Л. Попов [59] және белгілі бір дәрежеде М.Н. Покровский [60] Ресейдің Орта Азияға енуінің негізгі себептерін экономикалық себептер деп есептеген.

Б.С. Сүлейменовтың [61, 62, 63], Г.С. Сапарғалиевтің [64] еңбектерінде XIX ғ. – XX ғ. бірінші жартысындағы Қазақстанның әкімшілік-саяси басқару жүйесінің іс-әрекеті, қызметі, саяси дамуы сипатталған. Осындай жұмыстар қатарына К. Жиренчиннің «Политическое развитие Казахстана в XIX – нач. XX века» жатады [65].

Кеңес заманында аграрлық мәселемен Г.И. Семенюк [66], Е.Тажибаев [67], С.И. Ильясов [68], В.М. Плоских [69], А.И. Сапелкин [70], К.У. Усенбаев [71] айналысқан. П.Г. Галузоның «Аграрные отношения на юге Казахстана в 1867-1914 гг» [72] еңбегін ерекше атау қажет, онда патшалық Ресейдің отарлау саясаты әшкереленіп, XIX ғ. соңында - XX ғ. басындағы Қазақстанның оңтүстігіндегі аграрлық қатынастардың эволюциясы көрсетілген. П.Г. Галузо өз монографиясында Қазақстанның Ресеймен сауда байланыстары және тауарлы қатынастардың дамуы туралы мәселеге бір тарау арнаған. Мұндағы бірінші тақырып – мал мен мал өнімдерін сату және өнеркәсіптік тауарларды алып келу жөнінде баяндайды. Сонымен қатар мал санының өсуі жөніндегі мәліметтерді жинақтап, оларды салыстыра қарайды, мал шаруашылығының өрлеген уақытын және дағдарысқа ұшыраған уақытын көрсете келіп, жәрмеңкелік сауданың жекелеген аудандарда төмендеуін, ықпалының азаюын тек мал шаруашылығының жағдайымен ғана емес, ақша-тауар қатынасының тереңдей түсуі, тұрақты сауда орындарының таралуымен түсіндіруге тырыса отырып, ол тек 1910 жылдан кейін ғана Қазақстандық мал шаруашылығының жаппай дағдарысы айқын көрінген және шеттен әкелінетін тауарға сұраныс артқан кезден бастап үстем жағдайға ие болғанын айтады. Осы кезден бастап натуралды тауар айырбасы ақшалай саудаға орын берді деп көрсетеді.

С.Е. Толыбековтың «Кочевое общество казахов в XVII – начале XX века» [73], академик С.З. Зимановтың «Общественный строй казахов в первой половине XIX в.» монографиялары Қазақстанда феодалдық қатынастардың үстемдігі орнаған кезеңдегі қазақ халқының шаруашылығы мен әлеуметтік құрылымын зерттеуге үлкен үлес қосты [74]. Олар қазақ мал шаруашылығы жағдайындағы өндіргіш күштерін зерттеп, өндірістің негізгі құралдарын иелену спецификасын анықтады, феодалды тәуелділіктің формалары және феодалдардың рулық институттарды өз пайдасына қолдану принциптерін ашып жазды.

Патшалық Ресейдің экономикалық және отарлау саясатын зерттеген еңбектерге А.П. Погребенский [75], К.Р. Несипбаева [76], Н.Э. Масанов [77], Д.И. Дулатованың еңбектерін жатқызуға болады [78]. Ол еңбектерде XIX ғ.

екінші жартысындағы жер иеленудің ерекшеліктері, патшалықтың қаржы жүйесі мен салық саясаты қарастырылған.

Қазан төңкерісіне дейінгі Қазақстанның әр-түрлі өнеркәсіп салаларын Г.Чуланов [79], И.В. Ерофеева [80], Е. Дильмухамедов [81], С. Игибаев секілді тарихшылар қарастырған [82].

Қазақстанды игерудің ерекше маңызды жағы транспорт жүйесінің дамуы, оның ішінде темір жол құрылысының дамуы болып табылады. Темір жол құрылысының қалыптасуы М.Х. Асылбеков [83], Г.Ф. Дахшлейгер [84], А. Аксеновтың еңбектерінде көрсетілген [85]. Авторлар, темір жол құрылысы ауылдағы феодалды-патриархалдық қатынастардың күйеруіне түрткі болғаны, Қазақстан, Орта Азия және Ресей арасында тауар айналымының жаңа мүмкіндіктерін ашып, сонымен қатар тұрғындарды капиталистік өндіріске тартқанын көрсетті.

Кеңестік дәуірдің зерттеушілері патша өкіметі саясатындағы оңтүстік аймақтың орны мен патшалық отарлау ерекшелігі, жүргізілген әкімшілік реформалар нәтижесі, қазақ қоғамының саяси экономикалық дамуының, қоныстандыру нәтижелері жөнінде құнды еңбектер жазды. Мысалы, Ц.Л. Фридман революцияға дейінгі кезеңдегі Қазақстанның банк несие жүйелерінің пайда болуы мен даму процесстеріне талдау жасап, Қазақстан экономикасындағы шетел капиталының үлесін зерттеді [86].

Қазіргі кезеңдегі Қазақстандық зерттеушілердің еңбектері сауданың және нарықтық қатынастардың қалыптасу тарихын зерттеуде маңызды орын алуда. Қазақстанның тәуелсіз мемлекет ретіндегі жаңа даму кезеңіне аяқ басуы, нарықтық экономикаға өтуі, сауда жүйесі тарихына деген қызығушылықты арттыра түсті. Оңтүстік Қазақстан өлкесіндегі өнеркәсіп пен сауданың дамуы С.Н. Наумов және Ө.Қ. Қожақовтың, М. Ермаханованың З. Абдрасилованың кандидаттық диссертацияларында, Қ. Абиловтың докторлық диссертациясында кеңінен қарастырылған. Аталған зерттеушілер, өздерінің зерттеп отырған мәселелерінің кейбір қырларын дәлелдеу, толықтыру үшін Қазақстанның оңтүстік өңіріндегі сауда жүйесі тарихының қайсыбір мәліметтерін ғана пайдаланған. Мұның өзі XIX ғасырдың екінші жартысы – XX ғасырдың басында Сырдария облысындағы сауда жүйесінің даму тарихының кешенді әрі жүйелі зерттелмегендігін дәйектейді.

**Зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттері.** Диссертациялық жұмыстың негізгі мақсаты 1850-1917 жж. аралығындағы Қазақстанның оңтүстік аймағындағы сауда жүйесінің қалыптасу және даму тарихын кешенді зерттеу.

Алға қойылған мақсатқа жетуде мынадай нақты міндеттерді шешу көзделді:

- XIX ғ. екінші жартысы – XX ғ. басындағы Қазақстанның оңтүстік аймағындағы сауда жүйесінің қалыптасуының саяси және тарихи алғы шарттарын көрсету;
- XIX ғ. екінші жартысы – XX ғ. басында елдің оңтүстік аймағындағы ауыл шаруашылықтарында капиталистік қатынастардың «кеңейіп» дамуы

салдарынан өзгерістерге тап болуының салдарларын өлкенің өзіндік ерекшеліктеріне сай сипаттау;

- Сырдария облысындағы сауда түрлерінің қалыптасып дамуын, жаңа қалыптаса бастаған өзгерістерге, яғни тауар-ақша құбылыстарына сай талдау;

- зерттелініп отырған кезеңдері Қазақстанның оңтүстігіндегі тауарлы кәсіптер мен өндеуші кәсіпорындарының даму процесін және капиталистік қатынастардың енуі әсерінен болған өзгерісін талдау;

- қарастырылып отырған өлкенің өнімдерінің Ресей және одан тысқары мемлекеттердегі өткізу нарықтарын анықтау;

- патша үкіметінің Оңтүстік Қазақстанның сауда айналымында ұстанған салық саясаты, жаңа енгізілген салық түрлері және ақша айналымын анықтау.

**Диссертациялық зерттеудің пәні** Қазақстанның оңтүстік өлкесіндегі сауда жүйесінің қалыптасуының алғышарттары мен оның дамуына тікелей ықпал еткен ішкі және сыртқы факторлар, сауданың түрлері мен оңтүстік өлкеге тән ерекшеліктері зерттеу пәні болып табылады.

**Зерттеу жұмысының нысаны** - XIX ғ. екінші жартысындағы XX ғ. басындағы Қазақстанның оңтүстік аймағындағы сауда жүйесінің қалыптасу және даму тарихын зерттеу.

**Зерттеу жұмысының деректік негізі.** Диссертациялық жұмыстың дерек көзін бірнеше топқа бөліп қарастыруға болады.

Деректік көздердің алғашқы тобын құқытық сипаттағы деректер құрайды. «Полное собрание законов Российской империи», жинағындағы саудаға қатысты енгізілген салық мөлшері және меншік кәсіпорындар жарғысы және оған енгізілген толықтыруалар, мемлекеттік банк жарғысы, несиелік жарғылар сияқты заңдық материалдар пайдаланылды. Сонымен қатар, үкіметтің өнеркәсіптерге және меншік кәсіпкерлікті жіберу, бақылау, шетелдіктердің шекаралық аудандарда саудамен айналысуына шектеу қою және әр-түрлі сипаттағы қаулылары мен жарлықтарында саудаға қатысты мол мәлімет жинақталған. Бұл кешенді құжаттар жинағы патша әкімшілігінің Қазақстанның оңтүстігіндегі саудаға қатысты саясатының негізгі бағыттарын анықтауға мүмкіндік береді.

Үкіметтің нұсқаулары және бұйрықтарымен, сенат шешімдерінің түсініктемелерімен, қаржы министрлігінің циркулярларымен толықтырылып, 1902 ж. құрастырылған кәсіптік салық жөніндегі ереже, қарастырылып отырған тақырып бойынша деректердің маңыздысы болып саналады. Ондағы материалдарды негізінде сауда салық жүйесіндегі өзгерістерді байқауға болады. 1910 ж. жарық көрген сауда мен кәсіп туралы империядағы заңнамалар мен ережелер жинағы сауда кәсіпкерлігін жүргізу ережелері жайлы көптеген мәліметтер береді.

Екінші топтағы іс-қағаз деректері үлкен қызығушылық тудыруда, сауда тарихын зерттеуде төмендегі іс-қағаз сипатындағы құжаттардың маңызы зор. Оларда оңтүстік аймақтағы сауданың даму барысы жайлы құнды ақпараттар сақталған:

Ф. Гирстің 1888 ж. есебінде көрсетілген Түркістан өлкесінің экономикалық дамуы жетістіктері мен кемшіліктері туралы мәлімдеме;

Жер және мемлекеттік мүлік министрлігінің зерттеу-ғылыми комитетінің мүшесі А.А. Кауфманның 1903 ж. жазындағы іс-сапар нәтижесінің есебінде өлкедегі орыс отарлау шараларының барысы және Ресей империясы үшін Түркістанның отар ретіндегі маңызды аймақ екендігі жан-жақты талқыланған;

1908-1909 ж. сенатор, графмейстр, граф Паленнің Түркістан өлкесін тексеру нәтижелерінің есебінде, аймақтағы сауда, өнеркәсіп орталықтарының дамуы, олардың ресейлік сұранысты қамтамасыз ету мүмкіншілігі қарастырылып, жергілікті экономиканың дамуының сандық көрсеткіштерін береді. К.К. Паленнің Түркістан өлкесінде жүргізілген тексерісі бойынша жасаған есебінде Сырдария облысы туралы өте құнды фактілік-статистикалық мәліметтер берілген. Сонымен қатар, облыстарды отар ретінде игерудің тиімділігі жөнінде айтылады. Еңбекте Түркістан Сібір теміржолын салудың маңызы, халыққа арзан несие беру, сауда байланысын күшейту, ұсақ шаруашылықты нығайту тәрізді біршама маңызды мәселелерді қолға алу қажеттігін ұсынды.

Деректердің үшінші тобы, статистикалық және анықтамалық басылымдардан тұрады. XIX ғ. 80-ші жылдарынан бастап облыстық статистикалық комитет жыл сайын өз облысының шаруашылық өмірінен мәлімет беретін анықтамалар шығарады. Зерттеу жұмысында «Обзор Сыр-Дарьинской области» деп аталатын анықтама кеңінен қоланылды. Оның бір ерекшелігі сауданың дамуы барысындағы жылдық өнімнің төмендеу, немесе жоғарылау себептеріне түсініктеме беруі болып табылады, бұл анықтамалық шолулар облыс губернаторларының есебі түрінде шығарылған. Облыстық шолулар Сырдария облысы бойынша 1885-1887 жж., 1889-1895 жж., 1904-1906 жж., 1908-1913 жж. аралығында жарық көрді.

Деректердің соңғы тобын мерзімдік баспасөз материалдары құрайды. Қазақстанның оңтүстігіндегі сауданың даму деңгейін ашып көрсетуде қарастырылып отырған жылдардың басылымдарында жарияланған мақалалардың орны бөлек. Атап айтқанда, «Русская мысль», «Туркестанские ведомости», «Новый Восток» сияқты газет журналдарда қазақ қоғамына еніп келе жатқан капиталистік қатынастар, шаруашылықтың жаңа түрлерін меңгеру, сауданы дамытуға байланысты, сол уақытта өмір сүрген адамдағы келтірген жекелеген мәліметтері, сипаттамалары құнды болып табылады.

Диссертацияда Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік мұрағатының төмендегідей қорлары пайдаланылды:

267-қор - «Ішкі Істер Министрлігінің Қазалы уездік басқармасы» - бұл қордан Қазалы арқылы Ресейге өткен керуендерді тіркеген «ағайынды Каменскийлер» сауда үйі конторасының мәліметтері алғаш рет ғылыми айналымға шығарылды, сонымен қатар көпестердің зекет салығын төлеу алдында жасайтын хабарламасының (аты-жөні, тауар атауы, салмағы, қайда шығарылғандығы және т.б. туралы мәліметтер) үлгісі келтірілген, 383-қор – «Түркістан облысы Сырдария шебі Перовск форты басқармасы», 382-қор –

«Түркістан әскери округінің Сырдария шебі басқармасы Перовск форты» - аталған қордан зерттелініп отырған кезеңдегі Сыр өңіріндегі ең алғашқы жәрмеңке, «Перовск жәрмеңкесі» туралы тың деректер келтірілген; 119-қор - «Ішкі Істер Министрлігінің Түркістан уездік басқармасы», 145-қор – «Түркістан учаскілік приставының басқармасы», 146-қор – «Ішкі істер министрлігінің Әулиеата уездік басқармасы», 118-қор «Түркістан қаласының канцелярия басқармасы», РМӨТМ 67-қор, 1-тізбе, 63-іс: «Записка А.Л. Данзаса «О торговле форта Перовский» (бұл құжаттың көшірмесі ҚРОММ-та сақтаулы) – аталған қорда Сырдария әскери шебінің майоры А.Л. Данзастың Перовск фортындағы сауда айналымы туралы берген ең алғашқы мәліметтері берілген.

**Зерттеу жұмысының мерзімдік шегі** 1850-1917 жж., яғни Ресей империясының Сыр өңіріндегі ең алғашқы бекіністерді (Райым бекінісі 1847 ж.) тұрғызып кезеңінен бастап, Қазан төңкерісіне дейінгі аралықты қамтиды. Ресей империясы Қазақстанның оңтүстігін отарлауды 19 ғ.-ң 50-шы бастап, 60-шы жж. бірнеше саяси және экономикалық реформаларды жүзеге асырды. Осының нәтижесінде, Қазақстан Ресейлік және әлемдік нарыққа тартылды. Тақырыпта отарлау дәуірі (1850 ж.) мен Қазан төңкерісі (1917 ж.) аралығында зерттеу, Оңтүстік Қазақстан аймағындағы сауда жүйесінің қалыптасуын кешенді зерттеуге мүмкіндік беріп, қазіргі кезеңдегі экономикалық дамуда отандық тәжірибеге сүйенуге жағдай туғызады. Зерттеу 1917 ж.-мен аяқталады, себебі осы уақыттағы кеңестік өкіметтің саясатына байланысты, сауда жүйесі түбегейлі өзгеріске ұшырады.

**Зерттеу жұмысының территориялық шекарасы.** Тақырыптың территориялық шекарасы Қазақстанның оңтүстік аймағын қамтиды, яғни, революцияға дейінгі кезеңде елдің саяси және экономикалық орталығы ретінде үлкен маңыз атқарған Сырдария облысы қарастырылған.

Аталған аймақтағы экономикалық процесстер Қазақстанның өзге де облыстарының дамуына ұқсас. Бірақ ондағы табиғи-климаттық ерекшеліктер мүмкіндік беретін агроөнеркәсіп және ауыл шаруашылығы өнімдерін өсіру саласындағы сауданы зерттеу маңызды орын алды.

**Зерттеу жұмысының ғылыми жаңалығы.** Қарастырылып отырған кезеңдегі Қазақстанның оңтүстік аймағындағы табиғи, экономикалық, этникалық және басқа да ерекшеліктері ескеріле отырып, сауда жүйесінің қалыптасу және даму тарихына кешенді түрде талдау жүргізілді. Зерттеу жұмысының нәтижесінде тұңғыш рет Сырдария сияқты ірі әкімшілік-территориялық өлкенің сауда жүйесінің даму тарихы ғылыми тұрғыда кешенді түрде зерттелді. Сонымен бірге:

- бұрын жарияланбаған көптеген маңызды деректер ғылыми айналымға енгізілді;

- Қазақстанның Сырдария өңіріндегі сауданың қалыптасуы және олардың жергілікті экономиканың әртүрлі салаларындағы даму ара-қатынасы алғаш рет салыстырмалы түрде қарастырылды;

- Қазақстанның оңтүстік өңіріндегі ішкі рыноктың құрылу ерекшеліктеріне, тауар ақша қатынастарының дамуына, сауда буржуазиясының қалыптасуына тоқталып оларға сауда жүйесінің тигізген әсері қарастырылды;

- отандық тарих ғылымында зерттеу нысанына алынбаған 1850-1917 жж. Сырдария облысындағы мал шаруашылығы және егін шаруашылығының сауда тарихы зерттелінді;

- диссертацияда сауда айналымы мөлшеріне қатысты мәліметтер: шығарылған өнімнің номенклатурасы, сауда жолдардың географиясы, олардың орталықтары, Қазақстанның оңтүстігінен шығарылған өнімдердің, Ресей және одан тысқары жерлердегі өткізу нарықтары туралы мәліметтер нақты анықталып толықтырылды.

**Зерттеу жұмысының теориялық және методологиялық негізі**  
Ғылыми жұмысты зерттеу барысында, Отан тарихын зерттеуде соңғы кезеңде қалыптасып келе жатқан сапалық тұрғыда жаңа ғылыми көзқарастар мен тұжырымдар негізінде жазылған еңбектер мен мақалалар, Қазақстан Республикасы Президентінің халыққа Жолдаулары (1997 - 2009) басшылыққа алынды [18]. Сонымен қатар тарихи дамудың өтпелі экономикалық кезеңдеріндегі сауданың даму ерекшеліктері мен тарихына арнап ғылыми зерттеулер жазған ғалымдардың А.И. Добросмыслов, В.В. Заорская және К.А. Александер, П.Г. Галузо, С.А. Сүндетовтың пікірлері пайдаланылды. Жоғарыда аталған тарихшылардың тұжырымдамалары мен идеялары, ізденістері сауда тарихын зерттеуде тиісті әдістерді таңдауға қолдануға жәрдемдесті. Сонымен бірге, Қазақстандағы сауданың даму тарихына жаңаша баға беруге ұмтылыс жасаған отандық ғалымдардың М. Ермаханова, Қ.Ж. Әбілов, Д. Жақыпбекова, Н. Наумов, З. Абдырасилова еңбектерінде айтылған ой пікірлері мен ұсыныстары ескерілді. Диссертациялық зерттеуде тарихилық және объективтілік принциптері пайдаланылды. Объективтілік принципінің басты талабы – тарихи құбылыстар мен процесстерді барлық қайшылықтары, күрделіліктерімен жан-жақты қарастырып, сонымен қатар, барлық деректерге кең түрде шолу жасай отырып, өзара байланысы бар деректерді кешенді түрде талдау. Объективтілік принципінің негізінде Қазақстанның оңтүстігіндегі сауданың қалыптасуы мен дамуындағы әлеуметтік-саяси құбылыстарды да ескеру қажеттілігі туындайды. Аталған принциптің талаптары, тарихи зерттеулердегі тұжырымдамалармен әртүрлі деректерді ақпараттардың шындыққа сәйкестілігін анықтауға мүмкіндік береді. Тарихилық принципі, белгілі бір құбылыстар мен процесстердің дамуын, өзгеруін, сонымен бірге олардың өз ара байланысы мен әсерін жан-жақты зерттеу міндетін алға қояды. Ол да, нақты тарихи мәселелерді шешуге, деректерге мүмкіндігінше толық талдау жасауды талап етеді. Сондықтан, зерттеуде Қазақстанның оңтүстігіндегі сауданың қалыптасуымен дамуының әртүрлі аспектілерін бейнелейтін деректер қоры жүйелілік тұрғысынан пайдаланылды.

Тақырыпты зерттеу барысында логикалық, құрылымдық, жүйелілік, хронологиялық, сандық салыстырмалы – тарихи әдістер қолданылды.

**Қорғауға ұсынылатын негізгі тұжырымдар**

- XIX ғ. II жартысы – XX ғ. басындағы Қазақстанның оңтүстік аймағындағы сауда жүйесі, патшалық билік қалыптастырған жаңа саяси – экономикалық үрдістер барысында қалыптасып, дамыды. Сырдария облысы да, Қазақстанның өзге облыстары секілді, Ресейлік фабрика өнімдерін өткізетін нарық пен метрополияға қажетті ауылшаруашылық шикізатты шығаратын аймаққа айналды.

- XIX ғ. II жартысы – XX ғ. басында Қазақстанда сауданың айырбас, жәрменкелік және стационарлы түрлері орын алды, өзінің даму барысында сауданың тұрақты (стационарлы) түрінің басымдыққа ие болуы, өлкеге капиталистік нарықтық қатынастардың интенсивті түрде енуіне байланысты болды.

- XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басында мал шаруашылығы қазақ қоғамының дәстүрлі экономикасының негізі болды. Зерттелініп отырған кезеңде, Қазақстанның оңтүстігінде тауарлы мал шаруашылығы дамыды, ол Қазақстан экономикасында, сонымен қатар ішкі және сыртқа рынокта маңызды орынды иеленді. Қазақтар Ресейдің шаруашылық өміріне тартылып, тауар-ақша қатынасы дамығанымен, мұның да кері әсері болды. Егіншілікке көшкен қазаққа енді асыл тұқымды жылқы емес, жұмысқа жегіп қоятын жылқы қажет болды, сондықтан да сұранысқа ие жылқыны ұстады, егін шаруашылығы басым аудандарда ірі қара малдың үлесі артты.

- Егін шаруашылығы да Сыр өңірі қазақтарының ертеден айналысқан кәсібі болды. Қазақстан Ресейге қосылғаннан кейін қазақ халқының отырықшылану процесі жылдам қарқын алды. Қазақстанға тауарлы-ақша қатынастары тереңдей енуіне байланысты егін шаруашылығы да тауарлы сипат алды. Облыстағы астық саудасының ерекшеліктерінің бірі, нан астығы Ресейден әкелінетін нан астығы тауарымен үлкен бәсекеге түсті, соған байланысты сырдариялық нан тауары негізінен Ресейге емес, мақталы аудандар – Ташкент уезі мен Ферғана облысына шығарылды.

- Ішкі саудада жергілікті фабрика өнімдеріне қарағанда, қолөнер бұйымдары басым болды. Қолөнер сипатындағы өндіріс орындардағы техникалық деңгейдің төмен болуына байланысты, олар шығарған тауарлар, Ресейдің өндірістік тауарларымен бәсекеге түсе алмады. Дегенмен, Ресейдің фабрика заводтық өнеркәсібі өлке халқына қажетті тауарлардың барлығын өндірген жоқ, осыған байланысты киіз басатын, киіз үйдің құрылғыларын дайындайтын, ат әбзелдерін және т.б. қолөнер сипатындағы кәсіптер үнемі даму үрдісінде болды. Бірақ, аталған қолөнер сипатындағы кәсіптердің тауарлары фабрика-заводтық өнеркәсіптің тауарларымен бәсекелесе алмады, себебі олар тек тапсырыс бойынша жасалды, ал рынокқа тек сирек жағдайда шығарылды.

- Патша үкіметі, сыртқа шығарылатын ауыл шаруашылығы шикізатын өңдейтін кәсіпорындардың (мақта тазалайтын, жүн жуатын және т.б.) кеңеюін қолдап, ұлттық өнеркәсіптің, әсіресе ауыр индустрияның дамуына жол бермеді, яғни жергілікті өңдеуші кәсіпорындар негізінен ішкі рынокқа емес, сыртқы



рынокқа жұмыс істеді, себебі жергілікті кәсіпорындар, Ресейдің тоқыма өнеркәсіптеріне қажетті шикізатты шығарды. Ресейдің сауда капиталы мүддесіне жауап бермейтін (яғни бәсеке тудыратын) өндіріс орындары болашақта жабылды, немесе оған тәуелді болды (макарон, темекі, қант, мата және т.б. тауар түрлерін шығаратын кәсіпорындар).

- Қазақтарға ақшалай көптеген салықтардың салынуы, олардың өнімдерінің бір бөлігін рыноктар арқылы саудаға салуға мәжбүр етті. Зекет салығының сауда және кәсіп куәліктерімен алмастырылуы салық жүйесін біршама реттеді.

- Қазақстанның оңтүстігіне ХІХ ғасырдың екінші жартысынан белсенді түрде енген Ресей ақша жүйесі (рубль) аз уақыттың ішінде көршілес Орта Азия хандықтарының ақша жүйесін ығыстырып, жетекші орынды иеленді, патша үкіметі өз тарапынан оған барынша қолдау жасады.

**Зерттеу жұмысының ғылыми-танымдық және ғылыми-қолданыстық маңызы.** Теориялық тұрғыда бұл тақырып Отан тарихы ғылымында аз зерттелген мәселе болғандықтан, біздің зерттеу жұмысымыз Қазақстанның экономикалық тарихындағы ақтаңдақ беттерін толықтыруға септігін тигізеді. Зерттеудің қолданбалық құндылығы нарықтық қатынастарды игеру барысында өткен тарихи тәжірбиелерді ескеруге мүмкіндік беретіндігінде. Қазақстанның оңтүстік өлкесіндегі жаңа қоғамдық дамуға үлес қосқан сауда буржуазиясының қалыптасуындағы қазақ саудагерлерінің үлесінің ара-салмағының ажыратылып, саудагерлерінің ұлттық әлеуметтік құрлымының зерттелуінің танымдық, қолданыстық маңызы жоғары. Диссертациялық жұмыстың материалдары мен тұжырымдары Қазақстанның экономикалық тарихы бойынша оқулық және оқу құралдарын жазуда, жоғары және орта арнайы оқу орындарында дәрістер оқуда және семинар сабақтарын, экономика тарихы бойынша арнайы курс немесе арнайы семинарлар жүргізу барысында пайдаланылуы мүмкін.

**Зерттеу жұмысының сыннан өтуі.** Зерттеу жұмысының негізгі нәтижелері мен қорытындылары 7 халықаралық конференциялардың мақалалар топтамаларында және ғылыми басылымдарда жарияланды. Диссертация Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің Отан тарихы кафедрасында талқыланып, қорғауға ұсынылды.

**Диссертацияның құрылымы** Диссертация анықтама, қысқартылған сөздер мен түсіндірмеден, кіріспеден, тақырыптың мазмұнын ашатын негізгі үш бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланылған деректер тізімінен және қосымшалардан тұрады.

# **1 XIX ғ. екінші жартысы – XX ғ. басында ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ӨҢІРІНДЕ САУДА ЖҮЙЕСІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН ДАМУЫ**

## **1.1 Оңтүстік Қазақстан өңірінде сауда жүйесінің қалыптасуының тарихи және саяси алғышарттары**

Қазақстан мен Ресей арасындағы қарым-қатынасты күшейтіп дамытуда сауда байланыстары маңызды роль алғаны белгілі, олар XIX ғасырдың бірінші ширегінен бастап Қазақстанның Ресейге қосылу процесі барысында басты факторға айналды [50, с. 26-33].

Қазақ елі мен көрші елдер арасындағы сауда байланыстар ертеден қалыптасты. Көшпенділердің Ресеймен сауда байланыстарының ұзақ тарихы бар. Көшпенділер тіпті әскери әрекеттердің шиеленіскен кезеңінде де сауда байланыстарын үзбей, әрекетсіздік пен енжарлық емес, белсенділік танытты.

Еділ мен Жайық аралығында көшіп-қонған қазақ болыстары Ресеймен барынша тығыз қарым-қатынаста болды. Бұл аудандардағы қазақтардың Мәскеу мемлекетімен сауда қатынасы туралы ертеректегі қолжазбалар XVI ғасырдың басындағы еуропалық авторлардың қылқаламына тиесілі. Мысалға, итальяндық қаламгер Иовий былай деп жазды: «Басқалардан көрі мәскеуліктерге жақынырақ орналасқандар ол жерде жиі шапқыншылықтар мен сауда қатынастары бойынша белгілі». Оның айтуынша, олар Мәскеу мемлекетіне жүйрік жылқы үйірі мен жүннен тоқылған аса белгілі ақ маталар өткізіп сатқан, одан жаңбырдан жақсы қорғаныш болатын әдемі шапандар дайындаған [87, 175-179 б.].

Ресейдің Қазақстанмен экономикалық байланыстарының кеңеюінде Қазақстан арқылы өтетін керуен жолдары үлкен рөл атқарды. Бұл аса маңызды сауда жолдары Еуропаны Орталық Азиямен байланыстырды, сондықтан да олар барынша зор халықаралық маңызға ие бола бастады.

Ресей қазақ даласымен өтетін, Орта Азиямен және басқа да Шығыс елдерімен транзитті сауда жолдарының қауіпсіздігін қамтамасыз етуге мәжбүр болып, Қазақ хандығымен байланыстарын нығайтуға қадамдар жасады. Орыс мемлекеті тез арада қазақ даласындағы саяси жағдайға, қазақ хандығының көршілерімен өзара қарым-қатынасына көңіл аудара бастады.

Осы кезеңде тарихта бірінші рет Ресей Қазақстанмен дипломатиялық қатынастар орнатуға әрекет жасады. Ол 1573 ж. Хақназар ханға Третьяк Чебуковты елші етіп жіберуден басталды. Ал 1594 ж. Мәскеуге Ресеймен келісім жасау үшін Тәуекел ханнан қазақ елшісі Құл-Мұхаммед жіберілді. XVI ғасыр соңында елшіліктер арасында алыс-беріс одан әрі дами түсті.

XVII ғасырда шекаралық аймақтарда орыс елді мекендері пайда болды. 1645 ж. Гурьев қамалы, 1717 ж. Ома өзенінде Омбы қамалы, 1718 ж. Семей және 1720 ж. Өскемен қамалдары салынды. Сауданың дамуына екі жақ та мүдделі болды [87, 180 б.].

1731 ж. Кіші жүздің Ресей құрамына кіруі Ресей мен Қазақстанның арасындағы саяси және экономикалық байланыстардың дамуына неғұрлым қолайлы болашақты ашты. Кіші жүз ханы Әбілхайыр ортаазиялық хандықтарға

баратын орыс керуендерін қорғауға міндетті болды. Орынбор бекінісі Ресей мен Орта Азияны байланыстырған маңызды сауда-экономикалық орталыққа айналды [87, 182 б.].

Қазақ жерлерінің Ортаазиялық хандықтарға (Бұхар, Хиуа), Қытайдың батыс аудандарына географиялық жағынан жақындығы олардың Шығыстағы сыртқы сауда саясатындағы ролін анықтады, қазақ өлкесіндегі орыс үкіметінің саяси және экономикалық позицияларының күшеюіне ықпал етті [88, с. 176]. Ресейдің Қазақстанға қатысты экономикалық саясаты XVIII ғ. екінші жартысы мен XIX ғасырдың өне бойында, орыстардың Азия территориясын отарлауы мен игеруі кезінде қалыптасты. Бастапқыда қазақ даласы транзиттік ролді ойнады, Ресей мен Шығыс елдері - Орталық Азия хандықтары Бұхар, Хиуа, Қоқан, Қытай, Монғолия елдері арасында аралық аймақ (буферлік зона) қызметін атқарды. Н.Г. Аполлованың мәлімдеуінше, XIX ғасырдың бірінші жартысының өзінде, Ресей коммерциясының өкілдері Қазақстанмен арадағы сауда қатынастарына көп көңіл бөле бастады. Егер XIX бірінші жартысына дейін қазақ даласы территориясы Азиялық мемлекеттерімен байланыстыратын сауда коридоры ретінде қолданылса, XIX ғасырдың бірінші жартысынан бастап, тікелей қазақтармен сауда жасау Ресейдің экономикасы үшін дербес маңызға ие болды.

XIX ғасырдың ортасынан бастап, Ресей текстильді және өңдейтін кәсіпорындарының шикізат пен өткізу рыногына деген қажеттіліктерінің артуы Қазақстан территориясында сенімді сауда жүйесін құруды талап етті. Ресейлік және Қазақстандық ғалымдар қазақ даласындағы сауданың қалыптасуы мен дамуына әсер еткен жағдайларды қарастыра отырып, бұл процесстің көп факторлы сипатта болғанын көрсетті. Ресейде бұл процесс, қалыптасып келе жатқан бүкіл ресейлік рыноктың ауыл шаруашылық шикізатына және өз өнімдерін өткізу қажеттіліктеріне байланысты туындады. Қазақ халқы мануфактуралық және металл мен былғары бұйымдарын қажет етті. Егер бастапқы кезеңдері олар бұл тауарларды көбіне Орта Азия мен Қытай қалаларынан әкелсе, XIX екінші жартысында ол тауарларды ресейлік өнім ығыстырып шығарды [89, с. 109].

Басыбайлық құқық жойылғаннан кейін, Ресейдегі капитализм тез даму мүмкіндігіне ие болды. Бірақ, халықтың сатып алу мүмкіндігінің төмендігінен туындаған, ішкі нарықтың тарлығы, патша үкіметін буржуазия мен көпестердің мүдделері үшін жаңа өткізу нарықтары мен шикізат көздерін іздестіруге итермеледі.

А.А. Халфиннің еңбегінде көрсетілгендей бұл кезеңде Ресей әлемдік рынокта Еуропаға қатысты ауыл шаруашылық шикізаттың жабдықтаушысы, ал, Азия рыногында, Ресей керісінше металл және тоқыма бұйымдарының, өңделген терілердің (дайын өнімдердің) экспортері болды. Осы мәселеге байланысты Ресей мен Азия арасындағы сауданың маманы А.И. Верегин былай деп мәлімдеді: «Приведя в безопасность торговлю нашу в Средней Азии, мы приобретаем со временем легчайший способ вознаграждать те потери, которые вынуждены сносить по европейской торговле...» [90, с. 55-65].

Патшалы Ресейдің Орта Азияға, оның ішінде Қазақстан жеріне енуі, Ұлыбритания арасындағы бақталастық жағдайында жүрді. Ағылшын буржуазиясы, Орта Азияны өзінің болашақ отары және Ресейге шабуыл жасайтын плацдарм ретінде қарастырды.

Орыс саудасына кедергі жасау үшін британдық кәсіпкерлер ортаазиялық хандықтарда өз тауарларының бағасын тым төмен бағамен сатты. Ресейдің сыртқы сауда Департаментінің мәлімдеуінше, ортаазиялық хандықтарда бағасы арзан ағылшын тауарларының басым болуына байланысты орыс тауарлары өтпей қалған.

Алғашқы уақытта Ресей үшін өлкенің стратегиялық маңызды аймақта орналасуы маңызды рөл ойнады. Қазақ жері, Қытай, Орта Азия хандықтары және Үндістанға жету жолында орналасты. Бұл Бірінші Пётрден бастап саяси қызығушылық туғызған басты мәселе болатын.

Еуразия континентіндегі ұлан-ғайыр территориялардың Ресей империясының құрамына кіруі оның сыртқы саясатына өзгеріс енгізді. Кіші және орта жүз қазақтарының ресейлік отарлау аумағына айналуы, орыс және Орта Азиялық елдер арасындағы қарым-қатынастардың дамуының жаңа кезеңін ашты. Бұл империяның шығыс саясатының жаңа бағыт алуымен сипатталды. Стратегиялық маңызды орын иеленетін Қазақстанның оңтүстік өлкесі, орыс-хиуа қарым-қатынасында маңызды рөл алды. Ұлы Пётрдің «қырғыз-қайсақ ордасы барлық Азия елдеріне кілт пен қақпа» деген пікірі іс жүзінде жүзеге асырыла бастады [91, 15 б.].

Осылайша, Ресейдің жаулап алушылық саясатының ұмтылысы нақты стратегиялық, саяси, сауда-экономикалық себептерімен түсіндіріледі. Қарастырылып отырған кезеңде патша үкіметінің Орта Азиядағы нарықтық қатынастарды қолға алу мүмкіншілігінің туындауы, Ресейдің сыртқы және ішкі даму деңгейінің артуына әкеледі. Осы мақсатта және мемлекет шекарасының тыныштығын қамтамасыз ету үшін патша үкіметі шапшаң әскери қимылдар жүргізді. Нәтижесінде оңтүстік өлке Ресейге бағынышты отар аймаққа айнала бастады. Ресейдің сыртқы саясатындағы оңтүстік аймақтың маңыздылығы жөнінде тарихшы ғалым М. Қойгельдиев: «Ресей үкіметі Жетісу жерін жедел қарқынмен отарлауға кіріскенде, негізінен, екі стратегиялық мақсатты көздеді. Ол, біріншіден Жетісу жерін Қоқан әскерлерінен тазартып, оның орнына басқа да бекіністермен гарнизондар құру арқылы Ресейдің солтүстік шығысындағы шекарасын анықтап, Қытай экспансиясына шектеу қою еді. Екіншіден үкімет орындары 40-жылдардың ортасында Жетісу халқының К. Қасымов қозғалысына көрсеткен үлкен қолдауына және басқа ресейлік экспедицияға қарсы наразылықты ескере отырып, мұнда терең тамыр жайып, орыс үстемдігін қамтамасыз ету болды», - деп жазды [92, 29-30 б.].

XIX ғасырдың 40-50 жылдары Ресей әскерінің оңтүстік өлкедегі әскери қимылдарының арқасында Каспий теңізінің шығыс жағалауы мен Сырдарияның төменгі ағысы маңында әскери бекіністер пайда болды. Біз қарастырып отырған Сырдария аймағының стратегиялық маңыздылығын дәлелдей түсетін мәліметтер жеткілікті. Мысалы, А. Абдуалы өзінің ғылыми

мақаласында полковник М.Г. Черняевтің: «Егер Ресей Оралда бекініп, Орынбор шебін құрмаса, онда Сыр өлкесіне әскери де, саяси да, әкімшілікпен де, сауда қатынасымен де жете алмаған болар еді» - деген пікірін келтірді [93].

Ресейдің Қазақстанның оңтүстігін жаулап алу жөніндегі экспансиялық мақсаттары екі жолмен: біріншіден, қазақ даласына бірқатар әскери-барлау және жазалау экспедицияларын ұйымдастыру; екіншіден, дала арқылы өтетін «стратегиялық жағынан тиімді бекіністер шебін» салу арқылы жүзеге асырылды.

Ресей империясы әскерінің қазақ даласына енуі ХҮІІІ ғ. бірінші жартысында басталып, ХІХ ғ. ортасында Орта Азиядағы Ресей шекарасы, болашақтағы Түркістан генерал-губернаторлығының солтүстік шекарасы алып жатқан жерлерге дейін кеңейді. Бұл уақытта Жетісу мен Сырдария облысының кіші-гірім бөлігі ғана Ресейге бағындырылған етін [7. с. 36]. 1847 ж. салынған Сыр өңіріндегі орыс әскерлерінің алғашқы бекіністерінің бірі Райым бекінісі еді [31, с.4]. 1855 ж. В.А. Перовскийдің бұйрығымен Арал бекінісі (Райым бекінісі кейіннен осылай аталды) таратылып, ондағы басқару аппараты, әскери гарнизон, қоныстанушылар өздерінің дүние-мүліктерімен бірге №1 Қазалы фортына көшірілді [94, с. 29].

Жаңа фортпостар орыс гарнизондарының біртіндеп Сырдария бойымен жоғары өрлеуіне және қоқандықтардың ірі бекінісі Ақмешітке жақындауына мүмкіндік берді. Жиырма күн қоршаудан кейін 1853 жылғы 28 маусымда Ақмешітті орыс әскерлері басып алды, сөйтіп Сырдарияның төменгі ағысында Сырдария шебі құрылып, оған Райымнан Ақмешітке дейінгі аудандар енгізілді. Бұл шепті 1854-1857 жылдардың арасында генерал-майор Фиттигоф, 1857-1859 жылдардың арасында генерал-майор А.Л. Данзас, 1859-1862 жылдарда генерал-лейтенант Дебу, 1862-1865 ж. генерал-майор Н.А. Веревкин басқарды [95, с. 34-35]. Сырдария әскери шебі 1864 ж. Түркістан қаласы алынғанға дейін сақталып қалды және сол арқылы Қазақстанның кең-байтақ аумағын Ресей толық жаулап алды.

1853 ж. 26 тамызда Ақмешіт бекінісі патшаның жарлығымен Перовск форты (қазіргі Қызылорда қаласы) болып өзгертілді. Орта Азия мен Қазақстанда отаршылдық саясат жүргізу үшін Ақмешіт бекінісін жаулап алу өте қолайлы жағдай тудырды. Ақмешіттің алынуын орыс үкіметі әскери және саяси мәні жоғары факторлардың бірі есебінде бағалады. Ақмешіттің құлауы Орта Азиямен байланыстың болашағына елеулі өзгерістер әкелді. Ұзақ уақыт қазақтарға қарсы озбырлық пен зұлымдықтың тірегі болып келген бекініс жойылып, Перовский форты орыстардың Қазақстан жерін отарлау әрекеттерін жалғастыруға тірек болды.

Патша өкіметінің Қырым соғысында (1854-1856) неғұрлым күшті дұшпандар блогынан жеңіліс табуы Ресейдің белсенді сыртқы саясатының мүмкіндігін едәуір шектеді. Сол екі арада елдегі жаңа рыноктық қатынас та тез және сеніммен күш алып, жедел дамып келе жатқан Ресей өнеркәсібі мен саудасы үшін барған сайын жаңа өнім өткізу рыноктары мен шикізат көздерін талап ете түсті. Шикізат көзі оңтүстік-шығыста болатын. Ресейдің сыртқы

саясатында Оңтүстік Қазақстан мен Орталық Азияның маңызы күрт өсті. Қазақстанды түпкілікті бағындыру және Орта Азия мемлекеттерімен жан-жақты қатынастарды жандандыру туралы мәселе қойылды.

Қырым соғысынан кейін, патша үкіметі Ұлыбританияның ортаазиялық хандықтарды ашық түрде жаулау әрекетінен қауіптенді. Бұл жағдай патша әскерлерінің Орта Азияға енуін белгілі бір дәрежеде жылдамдатты.

Орта Азияны экспансиялау, Шығыстың басқа елдерімен экономикалық байланыстарды дамыту, Ресей империясы билеуші топтарының көзқарасы бойынша, елдің беделі түскен, әскери-саяси беделін қайта қалпына келтіруге және негізгі бақталысы – Ұлыбританияға қысым көрсетуге мүмкіндік берді.

Ресей отар аймақта арзан шикі затқа қол жеткізіп, тауар өткізетін жаңа рынокты иелік ету, сауда монополиясын құру мақсатында Орта Азия территориясында саяси көшбасшылыққа ұмтылды. II Александр көздеген саясатты жүзеге асыру мақсатында 1863 жылдың 20 желтоқсан айында 1864 жылдан бастап, шекараны Әулиеата, Шымкент арқылы Арысқа жылжытып, Орынбор және Сібір шекаралық шептерін қосуды қолға алуды бұйырды.

1864 ж. шілдеде патша әскерлері Перовск және Верный қалаларынан Қоқан хандығына қарсы шабуылды бастады. Меркіні еш қарсылықсыз басып алғаннан кейін полковник М.Г. Черняев, 1864 ж. 4 маусымда екі сағаттық күрестен кейін Әулиеата қаласын бағындырды, содан кейін Түркістан қаласын басып алды.

Алғашқы жеңістерден кейін М.Г. Черняев Шымкентті жаулап алуға кірісті. Қала тұрғындары басқыншылармен аянбай шайқасты, мұндай қарсылықты күтпеген орыс әскері, кері шегінуге мәжбүр болды. Бұдан соң М.Г. Черняев Шымкентке шабуылды екі қанаттан бастады: Түркістаннан М.Г. Черняевтің әскері, ал Әулиеатадан полковник Лерх әскері шықты. Нәтижесінде 1864 ж. 22 қыркүйекте Шымкент қаласы алынды. Орыстар жаулап алғаннан кейін Шымкент қаласы Жаңа-қоқан шебінің құрамына енді, оның басшысы болып М.Г.Черняев тағайындалды [90, с. 68].

Ташкент қаласы 1865 жылдың жазында жаулап алынды. Түркістан мен Шымкенттің алынуымен Орынбор және Сібір шептері тұйықталды. Шын мәнінде Қазақстанның Ресей империясының құрамына кіруінің 130 жылдан астам уақытқа созылған ұзақ та күрделі үрдісі осы оқиғамен аяқталды.

Қоқан хандығын жаулап алудың оңайлықпен жүзеге асуы тек патша әскерінің әскери-техникалық артықшылығымен ғана емес, жергілікті қазақ, қырғыз және өзбек халықтарының қоқандық езгіге қарсы күресімен де түсіндірілді. 1868 ж. жеңіліс тапқан Қоқан және Бұхар хандары өздерін Ресейдің вассалы ретінде мойындады. Ресей көпестері аталған хандықтарда салық төлемей сауда жасау құқын алды. 1873 ж. Хиуа ханы Ресейге тәуелділігін мойындады. 1868 ж. Самарқан қаласын бағындырғаннан кейін, бұл жерде Зеравшан округі құрылды, ал 1873 ж. төменгі Әмударияның оң жағалауында Әмудария бөлімі құрылды [96, с. 3-11].

Сонымен, 1864-1865 жылдары патшалық Ресейдің жүргізген бір қатар әскери-саяси қимылдарының нәтижесінде, Қазақстанның оңтүстігі Ресей империясының құрамына еніп, бұл аймақ үлкен орталық иелікке айналды.

XIX ғасырдың 60-жылдарында Ресей империясы реформалау процесін қолға алып, күшейтті. Ол жаңа отарланған аймақтардағы әкімшілікті басқару, жер қатынастары, сот, салық саясаты тәрізді маңызды салаларды қамтыды. Нәтижесінде патша әкімшілігі өлкеде өзінің саяси және экономикалық ұстанымын нығайтып, біртұтас басқару жүйесін бекітті. Ресей мемлекетінің саяси-әкімшілік жүйесі қазақ жерінде империяның мақсат мүддесіне сәйкес қызмет атқара бастады. Отар аймақтар аумақтық әкімшіліктерге бөлініп, оларға жаңа басқару жүйесі енгізілді. Патшалық үкімет өзінің ортаазиялық иеліктерінде басқаруды ұйымдастыруды жаулап алудың алғашқы кезеңінде-ақ қолға алған болатын. 1865 ж. 2 наурызда басқарушы Сенат Орынбор генерал губернаторлығы құрамынан «Түркістан облысын құру туралы» үкім берді. Ол Арал теңізінен Ыстықкөлге дейінгі аумақты, Ортаазиялық иеліктердегі барлық шекаралық аймақтарды қамтыды. Жаулап алған жерлерде жүргізген жаңа әкімшілік құрылыс барысында 1865 ж. 12 ақпанда 2 жыл өмір сүрген Түркістан облысы құрылды. Жаңа облыс Орынбор генерал губернаторлығына қарады. 1865 ж. 6 тамызда императордың жарлығымен әскери округ құрылып, облыс басқармасы әскери ведомствоға берілді.

1865 ж. II Александрдың тапсырмасымен жергілікті халықтың тұрмыс тіршілігімен танысып, жағдайды анықтау мақсатында Далалық комиссия аттандырылды. Далалық комиссия аймақты заңды түрде бекіту мақсатында Сырдария облысын басқару туралы ереженің жобасын жасады. Жоба бойынша, министрлер комитеті Сырдария, Жетісу облыстары негізінде Түркістан генерал-губернаторлығын құруды ұсынды. 1867 ж. 11 шілдеде II Александр Түркістан генерал-губернаторлығын құру және уақытша ережені басқаруға енгізу туралы жарлыққа қол қойды жаңа генерал-губернаторлыққа енген Сырдария облысы: Қазалы, Перовск, Түркістан, Шымкент, Әулиеата, Ташкент, Хожент, Жизақ уездерінен құрылды. Сырдария облысының облыстық басқармасы – Ташкент қаласында орналасты. 1876 ж. Ферғана даласындағы көтерілісті басқаннан кейін, патша үкіметі Қоқан хандығын түпкілікті жойып, оның территориясы Түркістан генерал-губернаторлығының құрамына Ферғана облысы атымен енді.

1867 жылғы 11 маусым Жарлығы бойынша Түркістан генерал-губернаторлығының шекарасы а) Батыс-Сібір генерал-губернаторлығымен Тарбағатай жоталы тау аймағы, Сібір қырғыздарының Семей облысына дейінгі шекаралық аймақ, одан Балхаш көліне дейін және көлдің ортасына дейін, одан тікелей Шу өзеніне дейін және оның Сарысу өзеніне құяр тұсына дейін және б) Орынбор генерал-губернаторлығымен Арал теңізіндегі Перовск бұғазының орта шетінен Термембес тауына қарай, бұл жерден Теректі сайына, одан кейін Қалмас тауындағы Мұзбел сайы, Аққұм және Шұбартөбе, Мойынқұм құмын қоса Мыңбұлақ сайына дейін одан Сарысу және Шу өзендері ағысына дейінгі аралықтарды алып жатты [91, 33 б.].

Түркістан өлкесінің бірінші генерал-губернаторы болып К.П. Кауфман тағайындалды. 1867 ж. К.П. Кауфман бүкіл ортаазиялық өлкенің астанасы болған Ташкент қаласына келеді. Оны кейіннен патша үкіметі, дворяндық топтар мен буржуазия өкілдері «Түркістан өлкесінің құрастырушысы» деп атады. Бұл бағаның бекер берілмегендігін Кауфман өзінің он бес жылдық қызметімен айқын көрсетті.

Түркістан генерал-губернаторлығының құрылуы, патшалық Ресейдің Қазақстанда жүргізілген отарлық саясатының аяқталуы еді. Бұл аймақтардың әкімшілік территориялардың басшылығы 1886 ж., 1891 жылдардағы бірқатар реформалар нәтижесінде өзгерді. 1886 жылғы Түркістан өлкесін басқару жөніндегі ереже бойынша Түркістан өлкесі Сырдария, Ферғана және Самарқан облыстарынан тұрды. 1887 ж. Түркістан өлкесін басқару туралы ереже енгеннен кейін, Хожент уезі жаңадан құрылған Самарқан облысы құрамына енді, Түркістан уезді таратылып, оның территориясы Перовск және Шымкент уездеріне бөлініп берілді, Сырдария облысына сонымен қатар Әмудария бөлімшесі қосылды, Кураминск уезді Ташкент уезді деп өзгертілді. Сырдария облысы: Ташкент, Әулиеата, Қазалы, Перовск, Шымкент уездері және Әмудария бөлімінен тұрды. Кейініректе, 1897 ж., Жетісу облысы да жаңа генерал-губернаторлықтың құрамына берілді.

Аз уақыт ішінде Түркістан өлкесін мықты ұйымдастырылған әкімшілік-бюрократиялық жүйе басқара бастады. Бұл реформалар қазақ жерін отар ретінде біржолата заң жүзінде бекітті. Аймақтағы билік жүйесі және басқару аппараты отарлық сипат алды. Облыстардағы әскери-халықтық бас басшы қызметін генерал-губернатор атқарды. Түркістан генерал-губернаторлығы құрылған соң қалыптасқан отарлық аппарат – жергілікті халықтарды езгіде ұстауға, оларды орыстандыруға, олардан алым-салықтар жинауға, өлкедегі шикізат көздерін тегін пайдалануға және халық наразылықтары мен көтерілістерді басып-жаныштап отыруға қызмет етті [101, 20-29 б.].

Статистикалық мәліметтер бойынша, 1909 ж. Сырдария облысында барлығы 1 796 655 адам тіркелді. Халық көпұлтты болды, оның 90%-ын қазақтар мен өзбектер құраса, қалған бөлігін қоныстанушы орыс шаруалары, карақалпақтар, қырғыздар, тәжіктер және басқа да ұлттар құрады [97, с. 65].

Патша үкіметі жаулап алынған жерлерде саяси тұрақтылыққа қол жеткізу мақсатында орыстарды қоныстандыру саясатын ұстанды. Жаңа қосылған шет аймақтарды қарқынды отарлау мақсатында патша әкімшілігі алғашында казак әскерлерін, кейіннен қара шаруаны қоныс аудару әрекеттерін жүргізді.

Сауда жүйесінің тарихи дамуында бірінші кезекте мемлекет арқылы құрылған және мемлекет тарапынан қолдау табатын шаруашылық қызмет жүйесін атау маңызды. Дәл осы жүйе өндіру және тұтыну қор жинау және инвестициялау салаларындағы экономикалық агенттер үшін нақты климат немесе ойын тәртібін жасап берді. Қазақстандағы сауда қызметінің шарттарына талдау жасау үшін, патша өкіметінің сауда өнеркәсіптік саясатының басты бағыттарын білу қажет. Қазақ жері Ресейдің құрамдас бөлігі ретінде дамығандықтан, империя саясаты Қазақстанда да өзіндік көрініс беріп отырды.



Қорытындылай келе айтарымыз, Қазақстанның оңтүстік өңіріндегі сауда жүйесінің қалыптасуы мен дамуы 1850-1917 ж. аралығындағы нақты тарихи саяси өзгерістерге тәуелді болды. Бұл кезеңде қарастырылып отырған аймақ Орта Азиялық хандықтардан біржола ажыратылып, Ресей империясының бірқатар әскери саяси іс-қимылдарының арқасында отар аймаққа айналды. Патша үкіметі Қазақстанның оңтүтік өлкесінен Орта Азиялық хандықтардың ықпалын ығыстыра бастады, аймақтағы сауда монополиясына иелік етті. Ресейдің сыртқы саясатында Сыр өңірінің маңызы жоғары болды.

Қазақстанның Ресейге кіруінің нәтижесінде өлке халқы сыртқы жаулардан сенімді қорғаныс тапты, ішкі феодалдық қырқыстар тоқтады; өлкенің экономикалық оқшаулануының сарқыншақтары жойылды, орталықпен байланыс күшейді, бұл өз кезегінде өлкенің де, елдің де экономикасының дамуына оң ықпал жасады.

Өкімет өзінің отарлық иеліктерінің байлығын ұтымды пайдалану мақсатында олардың экономикалық даму барысын қатаң саяси бақылауға алды. Қазақ даласының патшалық Ресейдің мемлекеттік меншігі болып жариялануына байлынысты қазақ халқы құқықтық қысымға түсті.

Шаруалардың басыбайлық құқығының жойылуы олардың қазақ жеріне қоныс аударуымен жалғасты. Патша үкіметінің қоныс аудару саясатына байланысты саудагерлер мен кәсіпкерлердің қатары өзге ұлт өкілдерімен толықты және олар сауданың қалыптасуы мен дамуына айтарлықтай үлес қосты. Жалпы алғанда Ресейдің қоныс аудару саясатының қазақ жерінің тарихи дамуына теріс және оң ықпалдары болды.

Ресей империясы монополияға ие болу мақсатында жүргізген саяси-әлеуметтік қозғалыстары аймақтың экономикалық дамуына отарлық сипат берді. Қазақ жерінде сауда жүйесінің дамуы Ресейге кіріптарлық негізінде жаңа сипатқа ие болды.

## **1.2 Оңтүстік Қазақстандағы әкімшілік және несиелік құрылымдардың сауда жүйесінің дамуына әсері мен құқықтық негіздері**

XIX ғ. екінші жартысында Қазақстанның, оның ішінде Жетісу мен Сырдария өлкелерінің Ресей империясының құрамына енуі аяқталды. Ресейдегі капиталистік өнеркәсіптің біршама тездетіп дами бастауы бос өлкенің өнім өткізетін өте бай рыногы және арзан шикізат көзі ретіндегі рөлін күшейте түсті. Жаңадан қосылған бұл өңірді игеру мақсатында ендігі мақсат патша әкімшілігіне бағындыру болды. Ал оның жүзеге асуын жүктеу үшін қазақ даласында бірыңғай басқару жүйесін енгізу қажет болды [91, 35 б.].

Жоғарыда айтып кеткеніміздей, 1867 ж. орталығы Ташкент қаласы болған Түркістан генерал-губернаторлығы құрылды. Түркістан генерал-губернаторлығы құрылғаннан кейін, генерал-губернатор К.П. Кауфманға сол жылы «Алтын грамота», немесе «Алтын кітап» деп аталатын грамота берілді. Бұл грамота бойынша генерал-губернатордың құзырындағы билік кеңейтілді. Ол «қажет болған жағдайда көрші иеліктермен соғыс жүргізуге немесе бітімге келуге», «саяси, шекаралық және сауда істерін» шешуге құқылы болды. 1886 ж.

«Түркістан өлкесін басқару туралы ереже» шықты. Түркістан өлкесі әкімшілік жағынан империяның басқа аудандары секілді ішкі істер Министрлігіне емес, Әскери министрлікке қарады [51, с. 5].

Г. Сапарғалиев өз еңбегінде отарлық саясат тікелей отарлық әкімшілік арқылы жүзеге асырылғандығын айта келіп, отарлық биліктің өкілдеріне сипаттама берді: 1) Отарлық басқару аппаратының ең жоғарғы өкілі генерал-губернатор болды. Оның билігінің күшті болғаны соншалық, ол «заң шығарушы» орган болып есептелінді. Мұндай ерекше құқық, тіпті, ішкі губерниялардың генерал-губернаторларына берілген жоқ. Генерал-губернаторға қазақ қоғамының ішкі саяси өміріне, мүлкіне толық бақылау жасайтындай құқықтар берілді. 2) отарлық аппараттың келесі буыны уез бастығы болды. Оның қолында полицейлік, азаматтық және әскери билік шоғырланды. Уез бастығына жеке биліктің берілуін заң шығарушылар былай деп түсіндірді: қазақтардың берілгендігіне толық сенуге болмайтындықтан, полицейлік биліктің әрекеті аса күштілігімен және жылдамдығымен ерекшеленуі тиіс. 3) Басқару аппаратының «қоғамдық өзін-өзі басқару» деп аталатын ең төменгі органы екі буыннан тұрды: болыс бастығы және ауыл старшинасы. Бұларды 3 жылға халық сайлады. Халыққа сайлау қазақ қоғамын демократияландыруға бағыт алу сияқты көрінгенімен, болыс бастығын ең соңында уез бастығы бекітті. Яғни, ол өзіне адал қызмет ететін кандидатураны қолдады. Демек, болыс бастығы мен ауыл старшинасы халыққа емес, отарлық әкімшілікке жақын болды. Уез әкімшілігі басшысы етіп штаб офицерлерін тағайындау қазақ даласында әскери оккупациялық режимді күшейтуге бағытталды [98].

Түркістан генерал-губернаторы К.П. Кауфман, сауда-экономикалық мәселелерді өз бетінше шешуге рұқсат алғаннан кейін, өз тарапынан сауда байланыстарын тек реттестіріп қана қоймай, ары қарай дамыту жолдарын іздестіре бастайды. Бірақ, бұл мәселелерді шешу үшін ортаазиялық сауда туралы нақты мәліметтер қажет болды. Ол үшін ең алдымен Ресейге шығатын көпестердің санын олардың сауда айналымдарын есепке алу жүйесін ретке келтіру қажет болды.

1867 ж. енді ғана Түркістан генерал-губернаторы қызметіне тағайындалған П.К. Кауфман Петербургте жүріп, Ортаазиялық хандықтарға сауда немесе саяси жұмыстармен шығып бара жатқан орыс азаматтарына шетелдік паспортты беру жүйесін енгізуді ұсынды. Түркістан өлкесінде шетелдік паспортты беру туралы заң 1880 ж. қабылданды. Ол заң бойынша: Түркістан өлкесінен тысқары жерлерге сауда істерімен шыққан орыс азаматтарына, қажылыққа бара жатқан Ресейдің мұсылман азаматтарына паспорт берілді.

Түркістан өлкесінде шетелдік паспортты беру жүйесін енгізу арқылы патша үкіметі хандықтарда орыс азаматтарына ерекше жағдай жасап, сауда істерінің жақсы жүруіне ықпал етті, сонымен қатар, көрші хандықтарға шыққан саудагерлердің есепке алу жүйесін реттеу үшін жасалды. Бұл шаралардың саяси астары да болды: паспорт бұл азаматтың Ресей заңдарының қорғауында екенін көрсетті [99, с. 64-71]. 1867 ж. 11 шілдеде қабылданған Сырдария және Жетісу

облыстарын басқару ережесіне сәйкес, сауда айналымы мен салықтарына қатысты баптарда көрсетілгендей, әр уез басшысы, сауда мен өнеркәсіптің барлық салаларының дамуына, әсіресе керуендердің кедергісіз өтуіне қолдау көрсетіп, қабылданған қаулылардың негізінде, ай сайын немесе кезектен тыс мерзім ішінде уез кассаларында тексеру жұмыстарын жүргізді. Сергиополь, Қапал, Верный, Қазалы, Перовск, Түркістан, Шымкент, Әулиеата, Хожент, Жизак қалаларында мешандарды, саудагерлерді тіркеу және орыс көпестері мен жергілікті көпестерге сауда куәлігі мен басқа да сауда құжаттарын тапсыру ісі уез басшысына жүктелді [100, с. 307-310].

Түркістан өлкесі әкімшілігінің орыс-ортаазиялық сауданың кенеюіне қолайлы жағдай жасаған басқа да әрекеттері болды. Атап айтқанда, әкімшілік тарапынан 1869 ж. Орта Азияның байлықтарын таныстыру және өлкеге орыс капиталдарын тарту мақсатында Петербургте жаңа өлке байлықтарының көрмесі ұйымдастырылды. Ал 1870 жылдың қаңтарында осыған ұқсас көрме Ташкент қаласында ашылды. Петербургтегі көрмеге алғашқыда 4000 экспонат жіберу жоспарланды, бірақ, бірқатар жағдайларға байланысты көрмеге тек 2000 экспонат жіберілді. Ортаазиялық тауарлардың көрмесін ұйымдастыру оларды жарнамалауға көмектесті және сол арқылы оларға деген сұранысты арттырып, орыс-ортаазиялық сауданың дамуына көмектесуі қажет болды [99, с. 69].

Қазақ жерінде сәкілер мен сауда пункттері мекемелерін салу үкіметтің бірқатар негізгі заңды міндеттеріне айналды. XIX ғасырдың ортасында үкіметтің тікелей қатысуымен шептерде және далалы аймақтарда ірі сауда орталықтары салынды, онда орыс көпестері басым дәрежеде болды. Сырдария бассейнінде ұйымдастырылған Қазалы және Перовск форттарының саудалық маңызы жылдам қарқынмен дамыды.

Сырдария облысының әскери губернаторы: «жергілікті әкімшіліктің біздің (орыс үкіметінің – С.Б.) Орта Азиядағы шетелдік саудаға әсері мен қатысы дәрежесін анықтауды, көпестердің айналымдары неғұрлым кеңінен дамып, орыс тауарлары азиялық материкке кеңінен енуі үшін, Түркістан облыстары әкімшілігі көпестер ісіне араласпау керектігін» ұсынды. Жергілікті басқару органдары коммерциялық кәсіпорындарға көмектесіп, ықпал жасауы қажет болды, барлық билік өкілдері ерекше көзге түскен көпестерге қолдау жасап, марапаттап, олардың қажеттіліктерінің бәрін тез арада орындауы тиіс болды [88, с. 177].

Бірте-бірте көпестер отарлы аппаратпен бірлесе жұмыс істей бастады. Мемлекеттің түбірлі экономикалық мақсаттары көпестердің мақсаттарымен сәйкес келді. Көпестер мемлекеттің экономикалық агенттері секілді, қазақ даласына тереңдей енді. Егер үкімет халықты саяси жағынан қанаса, саудагерлер оны экономикалық жағынан қанады. Мемлекеттік органдар халықты отарлы көпестер тарапынан жасалған алдау, алаяқтық жасау, тонау әрекеттерінен қорғайтын іс шараларды ұйымдастырған жоқ, тіпті олардың өздері де соған қатысты. Капиталына сауда жасаған приказшик, агент ұстамаған, шенеулік, өте сирек кездесті [102, с. 261-265].

Ресей капиталы саудада жетекші орынға ие болды, оған отарлаушы үкімет барынша қолдау жасап отырды. Ресей сауда капиталының рынокты жаулап алуын жеңілдететін мелекеттік актілердің бірі, татарларға Түркістан өлкесінде жылжымайтын мүлікті сатып алуға тиым салу шарасы болды. Татарлардың құқын бұлайша шектеуді К.П. Кауфман: «олай істемегенде татарлар ортаазиялық сауданы жаулап алар еді» деп түсіндірді. Жергілкті сауда капиталын шектейтін, осыған ұқсас мемлекеттік іс-шара, Ферғана, Самарқан және Сырдария облысының мақта рыногында берік орын алған, бухарлық еврейлердің сауда істерін жауып, өздерін Бұхар жеріне көшіру әрекеті болды. Осылайша, Ресей капитализмі мақта нарығында неғұрлым күшті делдалдардан құтылғысы келді [103, с. 102].

Сонымен, қосылған территорияларды басқаруды ретке келтіру, халықтың барлық топтарына ортақ басқару жүйесін енгізу сауда жүйесінің қалыптасуына кедергі жасаған жағдайлардың көпшілігін жойды, мысалы, орыс көпестерінің қауіпсіздігін қамтамасыз етті, саудада халықтың әр түрлі топтарының арасындағы айырмашылықты жойды, қазақ даласындағы әлеуметтік-экономикалық жағдайды бақылайтын күшті билік орнады. Осылайша, XIX ғ. Ресейдің азиялық бөлігінде әкімшілік-территориялық құрылымында орын алған түбегейлі өзгерістер, қазақ және ортаазиялық жерлерді Ресейге біріктірді, елдің құрамдас бөлігіне айналдырды, олармен сауда ішкі сауда сипатын алды. Бұның алдындағы XVIII ғ. өне бойында және XIX ғ. бірінші жартысында саудамен отарлау мемлекеттік отарлаудан ерте жүрді, бірақ тығыз экономикалық байланыстардың орнауына Орта Азия территориясындағы тұрақсыз саяси жағдай кері әсерін тигізген болатын. Енді, XIX ғ. екінші жартысындағы әкімшілік реформалардың нәтижесінде, конфронтациялық аспект екінші орынға түсті. Патша әкімшілігінің тарапынан жүзеге асырылған экономикалық мазмұндағы іс-шаралар, қазақ қоғамының әлемнің экономикалық жүйесінде болып жатқан өзгерістеріне тартылуына әсер етті. Әсіресе, капиталистік қатынастардың негізгі белгілерінің бірі болып табылатын сауданы қалыптастыруға қажетті экономикалық алғышаттар туындады. Осылайша, әкімшілік-территориялық реформалар мен әкімшілік құрылымдар өлкедегі сауда жүйесінің қалыптасуына жағдай жасады. Оңтүстік өңірдегі сауданың қалыптасуына ресейлік капиталистік қатынастардың енуі, аймақтың климаты, құнарлы жер және су ресурстарының ықпалы да зор болды. Осының негізінде сауданың аймақтық ерекшелігі айқындалып, экономикалық негізі қалыптасты.

Қазақстанда сауданың дамуына әкімшілік шаралармен қатар, саудагерлерді, кәсіпкерлерді капиталмен қамтамасыз еткен біртұтас банк жүйесінің құрылуы ықпал етті. Елдегі сауданың дамуы қаржылық қолдауға мұқтаж болып, тауар-ақша қатынастарының дамуы Қазақстанда банк-несие жүйесінің дамуын қажет етті. Ресейдің шет аймақтарындағы «Бос жерлерді» экономикалық игеру, бай шикі зат көздерін пайдалану, тауар өткізу нарықтарын кеңейту – осының барлығы банк бөлімшелері мен несиелік мекемелердің құрылуымен қатар жүрді. Осының нәтижесінде орыс және шетел капиталы Ресей империясының шет аймақтарына енді.

Өнеркәсіптің дамуы, қалалардың кең-байтақ өлкенің экономикалық өмірі орталықтарына айналуы, акционерлік қоғамдардың құрылуы және шаруашылық жүйесіндегі басқа да өзгерістер банк мекемелері желісінің кеңеюін көп жағынан тездетіп, экономиканың дамуындағы негізгі сатып алу-сату құралы ретінде ақшаның рөлін күшейтті.

Қазан төңкерісіне дейінгі Қазақстанда төмендегідей несие мекемелері құрылды: 1) *Мемлекеттік банктің бөлімшелері*, 2) *акционерлік коммерциялық банктің бөлімшелері*, 3) *жергілікті уездік ссудалық кассалар*, 4) *ұсақ несие серіктестіктері (несиелік және ссудалық-жинақтаушы)*.

*Мемлекеттік банк бөлімшелері.* XIX ғ. соңында – XX ғ. басында саудагерлер мен кәсіпкерлерді несиелемен қамтамасыз еткен, Қазақстан территориясындағы негізгі банк - Мемлекеттік банк болды. 1875 ж. Ташкентте Мемлекеттік банк бөлімшесінің құрылуы, құрамына Жетісу облысы кірген бүкіл Түркістан генерал-губернаторлығы үшін елеулі оқиға болды. Бұл Түркістан өлкесіндегі ең алғашқы Мемлекеттік банк бөлімшесі болды, филиалды ашуда орыс үкіметі ең алдымен қосылған өлкенің әскері мен әкімшілік мекемелерінің қажеттіліктерін қанағаттандыруға тырысты, сондықтан бастапқыда банктің коммерциялық функциялары соңғы орында тұрды. 1901 ж. Ташкенттегі мемлекеттік банк бөлімшесінің айналымы 6 951 мың рубльге тең болды [104, 513-515 б.].

Банктердегі маңызды коммерциялық операциялар векселдік және тауар кепілдемесіне берілетін операциялар болды. Банктің негізгі активті операциясы болған, векселдерді есепке алу, 1860 ж. қабылданған, Мемлекеттік банктің ережесі бойынша енгізілген. Бұл ереже бойынша төленуіне алты ай мерзімі бар, сауда келісімдеріне негізделген, векселдер ғана есепке алынды. Кейіннен векселдерді есепке алу ережесі бірқатар өзгерістерге ұшырады. 1894 ж., 1896 ж. қаржы министрлігі бекіткен ережелер бойынша, сауда келісімдеріне негізделген векселдер ғана емес, өндірістік-сауда мақсаттарына берілетін векселдер де есепке алынды. Сонымен қатар Мемлекеттік банктің мекемелері төлеуге 6 айдан жоғары, бірақ 12 айдан аспайтын мерзімі бар векселдерді есепке алды [86, с. 26-30].

Мемлекеттік банк ережелері бойынша векселдерді есепке ала отырып, белгілі мөлшерде несие берілді. Несие ашу, сонымен қатар басқа да өзгерістер, несие мөлшерін азайту немесе көбейту әрекеттері міндетті түрде ссудалы-есептеу комитетінде талқыланды. Ссудалы-есептеу комитеттері барлық банк мекемелерінде болды. Олардың төрағасы мемлекеттік банк бөлімшелерінің немесе контораларының басқарушылары болды. Ссудалы-есептеу комитеті құрамына банк әкімшілігі мүшелері мен жергілікті сауда және өнеркәсіптік буржуазия өкілдері кірді. Мысалы, банктің Верный бөлімшесіндегі комитеттің құрамына әйгілі саудагерлер мен кәсіпкерлер: С.Г. Шахворостов, М.Г. Муратов, Н.Н. Иванов және т.б. кірді [86, с. 32]. Ссудалы-есептеу комитетінің мүшелері клиенттердің мүліктік жағдайын, несиеге қабілеттілігін анықтап, несиені ашу мүмкіндігі мен оның мөлшерін белгіледі. Ссудалы-есептеу комитетінің мүшелері негізінен ірі буржуазия өкілдерінен тұрғандықтан, олар

көбіне банк несиесіне орта және ұсақ саудагерлерді жолатпай, оларға тауарлы несиені өз қоймаларынан ашуға тырысты.

Банктің тұрақты бөлімшелерінде өз биліктері тарапынан клиенттерге несие беру құқы болды: III разряд бөлімшелері – 10 мың р.- дейін, II разряд бөлімшелері – 20 мың р.-ге дейін, I разряд бөлімшелері – 30 мың р.-ге дейін, ал конторлар – 50 мың р.- ге дейінгі мөлшерде несие берді. Әр клиентке банктің тек бір ғана мекемесінде несие ашуға рұқсат берілді [86, с. 35].

Қазақстан территориясындағы Мемлекеттік банк филиалдарындағы векселдік несиелердің негізгі бөлігі сауданың үлесіне тиді. Сауда операцияларында банк несиесін пайдалану, Қазақстан территориясында сауданың неғұрлым жоғары ұйымдастырылған түрі – стационарлы сауданың дамуына байланысты, кеңінен қоланылды.

Мемлекеттік банктің берген есебі бойынша, Орта Азия үшін вексел валютасы орташа есеппен (1907-1909 жж.) 697 рубльге, ал 1913 ж. – 664 рубльге тең болды. Бұл Ресейдің орталық аудандарына берілетін вексел валютасымен салыстырғанда әлде қайда төмен болды [86, с. 40]. Мемлекеттік банктің Қазақстандағы филиалдары несиенің негізгі бөлігін жергілікті және орыс сауда буржуазиясына берді. Несие соммасы бойынша бірінші орында мал және ет саудасы тұрды, екінші орында – нан астығы саудасы, үшінші орында – «аралас» тауарлар саудасы тұрды (мануфактура-балық-мал немесе мануфактура-балық-нан және т.б. кобинациялар).

Векселдік несиелерден басқа, тауар кепілдемесіне берілетін несиелер де кеңінен қолданылды. Тауар кепілдемесіне берілетін несиелердің экономикалық маңызы, олардың капиталды тауар формасынан ақшалай формаға ауысуын жылдамдатуында болды. Тауар кепілдемесіне берілетін несиелердің екі түрі болды:

1) Заттай, бұл кезде кепілдікке алынған тауарлар банктің құлпы мен мөрінің астында сақталса, немесе жауапты тұлғалар мен мекемелерге берілді.

2) жекеше-заттай, бұл кезде тауарларды кепілдеме берушінің өзі жауапкершілікпен өзінде сақтады. Мемлекеттік банктің тауар сақтайтын қоймалары жоқ болғандықтан, ол тауар кепілдемесіне берілетін несиенің осы екінші түрін жиі қолданды. Қажетті астық сақтайтын қоймалырының жоқтығы тауар кепілдемесіне берілетін несие операцияларына кедергі жасады. Тауар кепілдемесіне берілетін несиелер негізінен экспортталатын шикізаттарға берілді.

Мемлекеттік банктің Орал және Ташкент бөлімшелері мен коммерциялық банктердің клиенттері арасында Арал теңізі бассейнінде кәсіпорындары бар, өте ірі өнеркәсіптік-сауда фирмалары болды. Банктердің ірі несиесін пайдаланған ірі сауда-кәсіпкерлер: Орынборлық ағайынды Мокеевтер Сауда үйі (ағайынды Мокеевтер Мемлекеттік банктің Орынбор бөлімшесінде 60 мың р. мөлшеріндегі несиені пайдаланды), ряждік балықшы кәсіпкерлер - ағайынды Марковтар, «Хиуа» қоғамы (қоғам мүшелер Сиротин, Аблаев, Ланшин болды), мәскеулік және нижегородтық балықшы кәсіпкерлер – Рейтман және Красильников, оралдық балықшы кәсіпкерлер – Шапошников, Еганов,

Изюмников, Азов және Черноморск балықшы кәсіпкерлері – Самарский, Ткачеко, ростовтық – Сапаров және т.б [86, с. 56].

Сырдария облысының әр түрлі кәсіпорындары мен сауда фирмалары бар, саудагерлер мен кәсіпкерлердің негізгі бөлігі, несиені өздерінің басты конторлары орналасқан жерден алды. Мысалы, 1914 ж. Мемлекеттік банктің Ташкенттегі бөлімшесінде 150 мың р. мөлшеріндегі несие, 1-гильдия көпесі Пугасовқа ашылды, ал 225 мың р. несие «кеңесші Н.И. Ивановтың мұрагерлері коммерциялық серіктестігіне» берілді. Н.И. Ивановтың активті балансы 1885 ж. 3,4 млн. рубльге, ал жеке капиталы 2 млн. рубльге тең болды. И.Ф. Гиндиннің мәлімдеуінше Иванов өзінің алғашқы капитал қорын Мемлекеттік банктің қолдауымен жинады. 1883-1900 жж. аралығында Иванов Мемлекеттік банктен 3 млн. рубльден астам бір жылдық пайыздық үстемесіз қазынашылық ссуда, 1600 мың ұзақ мерзімді қазынашылық ссуда және 700 мың рубльден астам ұзақ мерзімді несие алған [86, с. 61]. «Иванов мұрагерлері» және Пугасов фирмасынан басқа банк бөлімшелеріндегі ірі несиелерді ағайынды Хусайыновтар, ағайынды Путаловтар, Чанышев, Вали-Ахун Юлдашев және т.б. пайдаланды. Аталған саудагерлер несиені сонымен қатар акционерлік банктерден де алды. Мемлекеттік банктен несие алғандардың ішінде қазақ көпестері де болды, олар шамамен 20-25%-ды құрады, негізінен ұсақ несиені пайдаланды (1 мың рубльден 10 мың р. аралығында) [86, с. 65].

Ірі саудагер-кәсіпкерлер банктерден алған несиелерін өсімқорлық операцияларда да қолданды. ХХ ғ. басында, өсімқорлық, өлкенің экономикалық өмірінде маңызды құбылыс болып қала берді, оның кеңінен таралуы капиталистік банк несиесінің жеткілікті дәреже дамымағандығын көрсетті. Онымен қоймай, жергілікті экономиканың спецификалық жағдайларына бейімделген банк капиталы мен банк несиесі өсімқорлық капиталмен және өсімқорлық несиенің басқа да түрлері – ескі және жаңа түрлерімен тығыз үйлесіп жатты [86, с. 74].

*Акционерлік коммерциялық банктер.* Сырдария облысында мемлекеттік банк бөлімшелерімен қатар жеке-меншік коммерциялық банктердің бөлімшелері ашыла бастады. Ресейдің ең әйгілі тоғыз банкісінен Қазақстан қалаларында өз бөлімшелерін ең алдымен дала өлкесінде ашқан Сібір сауда банкі болды. Егер 1900 ж. Қазақстан территориясында коммерциялық банктің 3 бөлімшесі болса, 1914 ж. олардың саны 18 болды, яғни 6 есе артты. Олар: Сібір сауда банкі, Орыс сауда-өнеркәсіптік банкі, Орыс-Азиялық банк, Сыртқы саудаға арналған Орыс банкі, Волжско-Камск банкі. Сырдария облысында ашылған ең алғашқы жеке меншік банк бөлімшесі Ташкенттегі Волжск-Камск (1890 ж.) банкі болды. 1911 ж. Сырдария облысында неміс қаржы ортасымен байланысы бар Сібір сауда банкінің бөлімшелері, француз капиталымен тығыз байланысы бар Азов-Донск банкінің бөлімшесі (банк негізінен Түркістандағы Петербург және Батыс өлкелері фирмаларының сауда және бастапқы операцияларын қаржыландырды), 1915 ж. «Түркістан сауда-өнеркәсіп серіктестігі» Сібір банкінің еншілес қоғамына айналды. Оңтүстік Қазақстанның өнеркәсіптік-сауда орталықтары – Шымкент, Әулиеата, Түркістан қалаларында

алдымен акционерлік банктердің бөлімшелері ашылды, (Орыс-Азиялық және Сібір сауда банктері) ал соғыс алдында Мемлекеттік банктің филиалы мен жергілікті банктер ашылды. Жалпы, 1915 ж. Сырдария облысында 3 жеке-меншік банк, 1 мемлекеттік банктің бөлімшелері жұмыс істеді [86, с. 76]. Өзара және Мемлекеттік банкпен бақталаса отырып, акционерлік банктер қажетті клиенттерді өздеріне тарту үшін, пайыздық үстемені азайту тәжірибесін қолданды.

*Уездік ссудалық кассалар.* Жергілікті әкімшілік тарапынан ұйымдастырылған несиелік құрылымдар уездік ссудалық кассалар халыққа қызмет етті. Шаруалар ауыл шаруашылығында өздеріне қажетті малды, тұқымды, құрал-жабдықтарды, минералды тыңайтқыштарды және т.б. сатып алу үшін айналым капиталы қажет болды, ол капиталды шаруа сырттан іздеді, әдетте жергілікті байлар мен кулактардан алып, үстеме пайызы тым жоғары қарызға кірген. Бір рет осындай несиені алған, дихан, қарызынан құтыла алмай байға тәуелді болып қалған. Осындай келеңсіз жағдайлармен күресу мақсатында құрылған уездік ссудалық кассалар арқылы жергілікті тұрғындарға жылдық алты пайыз үстемемен несиелік берілді. Бірақ олардың айналым капиталы шамалы болды: әр уезде 100-200 мың р., облыста 1 млн. р.-ге жуық капитал болды. Касса жарғысы бойынша ссуданы тек шаруашылық қажеттіліктерге ғана берді. Қысқа мерзімді ссудаларды 3-30 р. мөлшерінде 12 айдан аспайтын мерзімге берді [108]. Дегенмен, әр-түрлі формальды жағдайларға байланысты ауыл шаруаларының көпшілігінің несиелік қолы жете бермеді, соған байланысты уездік кассалары жергілікті халықтың барлығын толық ұсақ несиелік қамтамасыз ете алмады, соған байланысты жергілікті өсімқорларды да ауыздықтай алмады.

*Ссудалы-жинақтаушы және несиелік серіктестіктер.* XX ғасырдың басында кеңінен дамыған несиелік кооперация, ссудалы-жинақтаушы және несиелік серіктестіктер түрінде көрініс берді. Біріншісі өз капиталын қатысушылардың жарналық салымдарынан құрды, екіншісі займдерді Мемлекеттік банктен немесе ұсақ несиелік Басқармасынан алды, салымшылардан ешқандай бастапқы салымдарды талап еткен жоқ. Несиелік кооперациялар жылдан-жылға интенсивті түрде дамыды (І Қосымша: №2 Кесте). 1914 ж. Қазақстанда жалпы 252 несиелік және 93 ссудалы-жинақтаушы серіктестіктер тіркелді, оның ішінде Сырдария облысында 14 несиелік, 18 ссудалы-жинақтаушы серіктестіктер болды. Аталған жылы Сырдария облысында несиелік кооперациялардың 5300 мүшесі болды, олардың жалпы балансы 161 500 р., ал несиелік 124 300 рубльді құраған (Ташкент уезі мен Әмудария бөлімшесін қоспағанда). Несиелік кооперациялар негізінен орыс шаруаларының ауылдарына, қоныстанушыларға қызмет көрсетті, отырықшы қазақ халқының үлес салмағы өте аз болды (0,2-37%).

Түркістан өлкесінде 1914 ж. 517 несиелік серіктестік болса, 1917 ж. олардың саны 842-ге жетті. Оның ішінде серіктестіктер саны жағынан (Түркістан өлкесінде) Сырдария облысы екінші орында тұрды, онда барлығы 279 несиелік серіктестік (999 878 мүшесі болды) тіркелді [102, с. 102].



1916 ж. Сырдария облысындағы 205 ссудалы-жинақтаушы серіктестіктердің көп бөлігі: Ташкент уезінің үлесіне тиді – 160 серіктестік, одан кейінгі орындарда: Шымкент уезі – 28, Әулиеата уезі – 15, Перовск – 2, Қазалы уезі мен Әмудария бөлімшесінде бұндай серіктестіктер болған жоқ (XV Қосымша: №26 Кесте).

Сырдария облысында ұсақ несиелік серіктестіктердің мүшелерінің ақшалай салымдары 1910 ж. 260 р. болса, 1916 ж. 398 119 рубльге жетті, бұл сомма олардың қажеттіліктеріне жетпеді. Көмекке Мемлекеттік банк пен басқа да несиелік мекемелер келді. Олар несиелік серіктестіктерге 1910 ж. 63 820 р. мөлшерінде несие берсе, 1916 ж. бұл сомма 8 243 392 рубльге жетті (оның ішінде Мемлекеттік Банктікі 3 898 000 р.). Несиелер әдетте 9-10 айға, 12% жылдық үстемемен берілді. Несиелердің көпшілік бөлігі наурыз-сәуір айларында берілді, яғни мақта дақылын егу науқанымен сәйкес келді. Ссудалар мүшелеріне 100-200 р. мөлшерінде, тек сирек жағдай да ғана 500 р. мөлшерінде берілді. 1910 ж. берілген жалпы несие мөлшері 40 102 р. болса, 1916 ж. 5 560 179 р. болды [19, с. 235-236].

Несиелік кооперациялар негізінен ауыл тұрғандарына, оның ішінде егін шаруашылығы және мал шаруашылығымен айналысқан тұрғындарға несие берді. Несиелер көбіне қысқа мерзімге берілді, шамамен бір жылға, ал оның мөлшері несиелік кооперация мүшесінің мүліктік жағдайына тәуелді болды. Ауылдың ауқатты тұрғындары несиені негізінен өндірістік мақсаттарға алды: жер, мал, ауылшаруашылық техниканы, тұқымдарды сатып алу үшін, жұмысшылар жалдау үшін алды. Әл-ауқаты нашар ауыл тұрғындары несиені көбіне жеке тұтынушылық мақсаттарға алды (қарыздарын қайтару үшін). Несиелік кооперациялардың несиелерін Қазан төңкерісіне дейінгі Қазақстан халқының аз бөлігі ғана пайдаланды, қалған шаруалар өсімқорлардың торына түсті. Мұрағат деректерінде несиелік кооперативтердің ауқатты мүшелері несиені тек өндірістік мақсатта ғана емес, өсімқорлық мақсатта пайдаланып, тонаушылық пайыздық үстемелер алғаны туралы деректер бар. Несиелік кооперациялардың бүкіл Қазақстандағы банктердің есеп-ссудалық операцияларындағы үлес салмағы бар болғаны 10,8% болды, яғни өлкенің ауыл шаруашылығына несиенің капиталистік түрлерінің енуі әлсіз болғандығын көрсетті. Несиелік кооперациялар құрылған аудандарда, өсімқорлық операциялар азайды, себебі серіктестіктердегі несие, өсімқорларға қарағанда арзан болды. Дегенмен, ауыл шаруаларының көпшілігі үшін бұл несиелерге қол жеткізу өте қиын болды, тіпті ала алмады, сондықтан өсімқорлардың жоғары пайыздық несиелерін пайдалануға тура келді.

Мақта дақылы кепілдемесіне берілетін кепілақыларды беруде *мақта фирмаларының* да маңызы жоғары болды. Бұл фирмалардың оң және теріс ықпалы да болды. Оң әсері халықты неғұрлым төмен пайызды несиелемен қамтамасыз етуінде болды. Теріс әсері, ссудалар тек сирек жағдайда ғана тікелей егінші-мақташыларға берілді, берілген күннің өзінде де тек ірі мақташыларға берілді. Әдетте мақта фирмалары неғұрлым ұсақ алыпсатар-агенттердің, арбакештердің - қызметіне жүгінді, олар өз кезегінде кепілақыны

неғұрлым ұсақ дихандарға тым жоғары пайызбен үлестірді. Бұндай ақшалай несиелер тек мақта дақылына ғана берілді, сирек жағдайда ғана басқа дақылдарға берілген [63].

XIX ғасырдың екінші жартысы – XX ғасырдың басында Қазақстанда сауда жүйесінің дамуына байланысты оларды реттейтін құқықтық нормалар да бірқатар өзгерістерге ұшырады. Осы мәселеге байланысты зерртеуші Н. Коншин «қазақтар арасында натуралды шаруашылық ақшамен ауыса бастайды, ал сонымен бірге дағдылы құқық нормалары да бірқатар өзгерістерге ұшырайды», - деп жазады [64].

Зерттелініп отырған кезеңдері өлкедегі сауда қатынастарын реттейтін негізгі құқықтық нормалар төмендегідей болды: *қазақтың дәстүрлі заңдары, Ресей империясының «Сауда Жарғылары», жергілікті әкімшілік-басқарманың ережелері*, көршілес Орта Азия хандықтарымен арадағы сыртқы сауда *Ресей империясы мен Орта Азия хандықтары арасында жасалған келісімдер* негізінде жүргізілді.

Ресей империясы мен *Орта Азия хандықтары арасында жасалған келісімдер*. Өлкедегі сауда байланыстары дамыған сайын, орыс көпестерінің монополиялық үстемдігі үшін, өлкені бағындырудың қажеттігі арта түсті. Орыс көпестерін мазалаған ең басты мәселе, өлкедегі «бөтен» көпестің жағдайы, осыған байланысты жиналатын жоғары салықтар мен шектеулер. Ол енді «бөтен» саудагер емес, осы өлкенің «қожайыны» болғысы келді.

Осы тұрғыдан алғанда, Қоқан, Хиуа және Бұқар хандықтарымен жасалған трактаттары, орыс көпестерінің құқықтарын жергілікті көпестердікімен теңестіруді ғана емес, сонымен бірге бұл көпестерге мұсылман көпестерінде жоқ құқықтарды беруді талап етті, мысалы «ерікті салықтардан» босату, яғни мұсылмандар төлейтін кейбір салықтардан босату немесе «орыс азаматтарын» әмірліктің сот заңдары алдындағы жауапкершіліктен толығымен босату, яғни бұл талап орыс көпестерін ерекше пұрсатты жағдайға көтерді.

1866 ж. Бұхар әмірлігіне ұсынылған трактат жобасы:

«...V Статъя. Жоғары мәртебелі әмірші орыс азаматтарына бұхарлық қалалардың, өздері қалаған жерлерінде орыс керуен-сарайларын иеленуге рұқсат етеді, бұл жерде олар өз тауарларын сақтайды және бұл керуен-сарайлар қол сұғылмайтын меншік болып есептеледі.

VI Статъя. Жоғары мәртебелі әмірші орыс көпестері мен басқа да сауда адамдарын Бұхар хандығы және басқа да мұсылман иеліктерінің азаматтарымен теңестіруге, олардан керуен төлемдерін және басқа да салықтарды жинамауға міндетті, сонымен қатар Бұхар иеліктеріндегі орыс азаматтары ерікті салықтардан босатылады.

VII Статъя. Жоғары мәртебелі әмірші әр-түрлі діни-сенімдегі, барлық орыс азаматтарына Бұхар иеліктерінде еркін қоныстануға және оның Ресей империясы азаматтығын сақтай отырып, жылжымайтын мүлікті сатып алуына рұқсат етеді.

VIII Статъя. Жасаған қылмыстарына байланысты, Бұхар иеліктерінде тұратын орыс азаматтарының үстінен түскен арыздардың барлығын бұхарлық

билік басындағылар емес, Түркістан генерал-губернаторлығы қарастырады, Бұхар үкіметі аталған генерал-губернаторлықпен байланысып, кінәлі адамдарды сонда жіберуі қажет».

Осы тұрғыдағы Хиуа және Қоқан хандығымен жасалған келісімдердің Бұхар хандығымен жасалған келісімінен еш айырмашылығы жоқ еді.

Көпестер ірі қалалардың көпшілігінде қожалық етті, сонымен қатар өзінің барлық сауда істерінде, тіпті қылмыстық істердің өзінде, генерал-губернатордың қорғауында болды.

*Дәстүрлі заңдар.* Саудагерлер мен көпестер сауда жасауда тек Ресейлік заң актілерін ғана емес, Орталық Азия халықтарының дәстүрлі заңдарын да басшылыққа алды.

Қазақ, өзбек, қырғыз халықтарына ортақ дәстүрлі заңдарда саудаға қатысты баптар төмендегідей болды:

«- қазақтарда айырбас пен сату ауызша келісім негізінде жүргізіледі.

- айырбасталатын заттардың барлығы таза және заң жүзінде пайдалануға рұқсаты бар заттар болуы тиіс. Ескерту: ақ сүйектер үшін саудамен айналысу ата-баба әруағы атына кір келтіру деп есептелді, тек қожалардың ғана саудамен айналысуға құқы болды, бірақ олар міндетті түрде отырықшы өмір сүріп егіншілікпен айналысуы тиіс.

- кімде-кім алдын ала біле тұрып, ұрланған немесе алдаумен алынған мүлікті сатса, ұрланған мүліктің құнын толық төлеп, жәбірленушінің шығындарын өтейді, соттың алдында ұрлыққа немесе алаяқтыққа қатысы бар адам ретінде тергеледі.

- егер, бір мүлік екі рет екі түрлі адамға сатылса, онда мүлік бірінші сатып алған егесіне қалдырылады, екіншісі сатушыдан төлеген ақшасын толығымен ақшалай, малмен немесе тауармен өтеп алады, ал сатушы сот алдында тергеледі.

- егер, сатып алынған мүлікті оның бұрынғы егесі танып қойса, онда сатып алушы, базардан сатып алғанын дәлелдей алмаса мүлікті егесіне қайтарып береді.

- сатып алған адам мүлікті базардан сатып алғанын куәгерлер арқылы дәлелдесе, онда мүлік өзінде қалады.

- егер, сатушы сатып алушыдан алдын ала заттың құнын жартылай немесе толық алып, кейіннен қандай да болмасын себептерге байланысты сатылған мүлікті беруден бас тартса, онда билер сатушыға мүлікті егесіне бергізуі қажет.

- өз тарапынан сатып алушы, егер сатып алынған мүліктің сапасы келіскен мүліктен еш кем болмаса, одан бас тартып ақшасын қайтаруды талап ете алмайды.

- егер, сатып алынған мал жеті күннің ішінде өліп кетсе, онда сатып алушы билерге сатушының үстінен арыз айтып келеді, егер, малдың өлімі егесі білген, ал сатып алушы байқамаған аурудан болса, немесе сатып алушы малдың ауру екенін байқаса онда билер малды бұрынғы егесіне қайтарып, құнын төлеткізіп сатушының өзін алаяқтық жасағаны үшін тергейді».

*Жергілікті әкімшілік-басқарма ережелері.* Зерттелініп отырған кезеңдері Сырдария облысында әкімшілік-саяси басқаруды реттейтін ең алғашқы құжат 1867 ж. қабылданған «Сырдария және Жетісу облыстарын басқару туралы уақытша Ереже» болғандығын жоғарыда айтып кеткенбіз. Бұл құжатты жергілікті әкімшілік басшылыққа алып, өлкедегі сауда қатынастарын реттеген.

**«...в) Сырдария облысының жергілікті тұрғындарынан алынатын сауда салықтары**

**§ 296.**

Қазалы және перовск уездерінен басқа, Сырдария облысында сауда жасайтын жергілікті халықтан бұрынғы зекет салығы жылдық сауда капитал айналымының 2,5%-ы мөлшерінде қалдырылды. Бұл салықтан тек айналымы 40 ділдәдан аспайтын тұлғалар ғана босатылады.

**§ 297.**

Сырдария облысында сауда жасап жатқан әр тұрғын, жыл сайын, әскери губернатор белгілеген мерзімге дейін, тиісті шаруашылық басқармаға өзінің капиталы туралы мәліметті беруі тиіс.

**§ 298.**

Қала немесе ауылдағы сауда айналымды тексері үшін немесе соған қатысты мәліметтерді жинау үшін шаруашылық басқарманың мүшелері саудагерлер, керуен-сарайлар, қоймалар мен сәкілер және ондағы тауарлар туралы мәліметтердің анықтайды. Олар сауда айналымындағы капиталды дәл анықтау үшін қолдарында бар мүмкіншілікті пайдалануға құқы бар. Шаруашылық басқарманың мүшелері, құнын бағалау мақсатында, тауар тексерісін жүргізген уақытта, олармен бірге: орыс шенеулігі, немесе уез басшысы тағайындаған ақсақал және сауда сословиесінің екі депутаты болуы тиіс.

**§ 299.**

Осы мәліметтердің және саудагерлер берген хабарландырулардың негізінде, әр шаруашылық басқарма өзінің қарауындағы қала немес ауылдағы тұрғындардың берілген жылдағы сауда капиталының нәтижесін анықтайды және ол мәліметтерді уез басшысы арқылы облыстық басқармаға жібереді.

**§ 300.**

Аталған мәліметтердің негізінде облыстық басқарма әр уезге және әрбәр шаруашылық басқармаға тиісті зекет мөлшерін бекітеді, және салықты төлеткізу мақсатында ол шешімді уезд басшысына жібереді.

**§ 301.**

Уез басшысы әр шаруашылық басқармаға өзінің қарауындағы қала немес ауыл саудагерлерінен белгіленген зекет мөлшерін жинауды бұйырады, сонымен қатар, бір мезетте уез кассасын, әр шаруашылық басқарма төлеуге тиіс зекет мөлшері туралы мәліметпен хабардар етеді.

**...§ 307.**

Өз капиталын жарияламай сауда жасап жатқан немесе капиталын дұрыс көрсетпеген тұлғаларға екі еселенген зекет құна мөлшерінде айып пұл төлейді;

ол айып пұлдың жартысы қазынаға, жартысы айыптыны әшкерелегн адамға түседі.

...§ 310.

Қазалы және Перовск қалаларының қоғамдарында тіркелген, Сырдария облысының жергілікті мұсылман тұрғындары, Сауда жарғысында (Ресей империясының) белгіленген ережелерге бағынады, жергілікті орыс саудагерлеріне берілген жеңілдіктер оларға қолданылмайды.

...г) шетелдік азиялық көпестерден алынатын сауда салықтары.

§ 313.

Шетелдік азиялық көпестер орыс азаматтары секілді, сауда жасап жатқан орындарда, төленетін барлық сауда салықтарын төлеуі тиіс.

...§ 314.

Осыған байланысты Сырдария облысына тауар алып келген шетелдік азиялық көпестер де жергілікті саудагерлер секілді тауардың қырықтан бірі мөлшеріндегі зекет төлемін жасауы тиіс.

...§ 316.

Біздің шекарамызға жеткеннен кейін, шетелдік азиялық керуеннің егесі немесемоның өкілі шекарадалық уез басшысынан рұқсат билетті алады, билетте қожайынның аты жөні, сауда жасайтын орны, тауардың аты және жүктердің саны көрсетілуі тиіс.

...§ 318.

Шаруашылық басқармасы жоқ, Қазалы және Перовск уездерінде сауда жасағысы келген шетелдіктерге уез басшылары жалпы негіздегі сауда куәліктерін береді.

§ 319.

Шетелден келге әр керуеннен шаруашылық басқарма зекет төлемін алып, қолдарына квитанция береді. Егер, тауардың мөлшері күдік тудыратын болса, онда шаруашылық басқарма мүшелерінің, бір орыс шенулігі және жергілікті көпестерден сайланған екі депутаттың қатысуымен, аталған керуенді толығымен тексеруге құқы бар.

...§ 321.

Саудагердің, квитанцияны алғанға дейін, өз жүгін шешіп ашуына болмайды.

...§ 328.

Империяның басқа жерлерінде сауда жасау мақсатында, Сырдария облысы территориясы арқылы өткен шетелдік азиялық көпестер, шекарада тауарлардың накладной қағазын көрсеткеннен кейін рұқсат билетті алып, еш кедергісіз ары қарай өтеді » [3].

Сыр өңіріндегі патшалы Ресей әкімшілігі тарапынан ұйымдастырылған ең алғашқы жәрмеңке Перовск фортында 1862 ж. ашылғаны тарихтан белгілі.. Бұл жәрмеңкені ұйымдастыруда жергілікті әкімшілік төмендегідей уақытша ережені басшылыққа алды:

«1) Жәрмеңке саудасына қажетті арнайы орындар белгіленуі қажет, бұл жерде сатушылар өз тауарларын ашық аспан астында немесе балагандарда

орналастырады, алғашқы кезеңдерде бұл орындар үшін алым-салықтар алынбайды, егер де сатушы арнайы қазына сәкілерін жалдап тұрғысы келсе, онда соған лайықты салық төлемін жасайды.

2) Жәрмеңкеге айдап әкелінген малдарға және сатып алынған малдарға арнайы жайылым жерлер берілуі тиіс, бұл жерлерден төлем алынбайды, алайда жәрмеңке аяқталғаннан кейін 1 апта ішінде аталған малдар әкетілмесе, онда малдың түріне қарай, әр малдың басынан жергілікті басшылық белгілеген төлем алынады (төлем мөлшері төмен болуы тиіс). Сауда еркін түрде жүргізілуі тиіс және барлық алым-салықтардан босатылады, жергілікті басшылық бар күшін салып, аталған шаралардың әділ жүруін бақылау қажет.

3) Жәрмеңкеге келетін саудагерлерге келесі тауарларды сатуға тиым салынады: оқ-дәрі, қару-жарак, ұрланған заттар [65]. Аталған тауарлармен ұсталған сатушылардың заттары түгелімен қамауға алынып, комендантқа өткізіледі, өз кезегінде комендант бұл сатушыларға заңға сәйкес шараларды қолданады.

4) Жәрмеңке өтіп жатқан мерзім ішінде комендант саудагерлердің көтерме (оптовый) саудамен айналыспауын бақылау қажет.

5) ұрланған малды сату немесе айырбастаудың алдын алу үшін, арнайы базаршы бекітілу қажет, ол өз кезегінде сатылған немесе айырбасталған малды тіркеп отыруы қажет.

6) Жәрмеңкенің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін күндіз арнайы күзетшілер, ал түнде қарауылдар қойылады.

7) Жәрмеңкенің барысында тауарларды сату немесе айырбастау кезінде әртүрлі даулар туындауы мүмкін, аталған дауларды шешу үшін Сыртқы Істер Министерствосы Чиновнигінің Кіші көмекшісі қызметкері тағайындалуы тиіс. Ол, көпестер мен жат жерлік адамдардың арасындағы дауларды қарастырады. Ал орыс саудагерлері немесе басқа азиялық саудагерлердің орыс саудагерлеріне жазған арыздарын жергілікті комендант қарастыруы қажет [66].

*Ресей империясының «Сауда Жарғылары».* Ресей көпестері мен саудагерлерінің сауда әрекетін реттеген «Сауда Жарғысының» 1856, 1883, 1908 жылғы баспалары болды. 1908 жылғы редакциялы «Сауда Жарғысында» былай делінген: «саудаға қатысты келісімдер мен қарым-қатынастарға байланысты құқықтар мен міндеттер, сауда заңдарымен реттеледі. Бұл заңдар жеткіліксіз болған жағдайда, азаматтық заңдар мен саудада қолданылған дәстүрлер қолданылады»..

Бұл орайда көбінесе мынадай шарттар: сатып алу-сату, қарыз алу, мүлікті жалдау, айырбастау, жүк тасу және т.б. шарттары қолданылды. Мәселен, Ресей империясының Заңдар жинағы бойынша сатып алу-сату шартын жасаған кезде көбінесе шарттың жазбаша нысаны қоланылды, ол уезд басқармасында куәландырылуға тиіс еді, сол үшін онда арнаулы тіркеме журнал болды.

Дами түскен сауданың және Қазақстанға тауар-ақша қатынастары енуінің, Ресей империясы Заңдар жинағының азаматтық құқығы таралуының ықпалымен қазақтың дағдылы құқығында борышкер мен несие берушінің өзара қатынастарын, қарызды төлемегендігі үшін жауапкершілікті анықтайтын

ережелер, қарыз бен өсім өндіріп алудың нысандары және т.б. пайда болады. Мәселен, қарызды төлемегендігі үшін жұмыспен өтеу шарасы да қарастырыла бастады. .

1883 жылғы «Сауда Жарғысы» редакциясында қазақ көпестері туралы арнайы параграфтар болды:

«- әрбір Сібір қырғызының өзінің өнімдері мен бұйымдарын, округ ішінде немесе одан тыс жерлерде еркін сатуға құқы бар.

- сұлтандардың тұтас бір керуенді шетелге немесе шепке жіберу құқы бар, бірақ шептерге керуендер кеден мен заставалар арқылы жіберіледі.

- сібір қырғыздары бұрынғы Омбы облысының округтеріне немесе Империя ішіндегі басқа да қалалар мен уездерге келгеннен кейін көпестікке жазыла алады. Аталған жерлерге келгеннен кейін, олар кедендік басқарудың сыртқы округтерінде, арнайы куәліктерсіз, көтерме саудамен қатар, бөлшек саудамен айналысуына рұқсат етіледі.

- басқа губернияда сауда жасауға құқы бар кез-келген көпес, кеден мен заставалар арқылы өз тауарларын айырбас сауда жасау мақсатында Қазақстан даласына шығара алады.

- қазақтарға айырбас сауда жасау үшін келген азиялық шетелдікке рұқсатты сол болыстықты басқаратын сұлтан береді.

- бұндай жағдайда сұлтандар азиялық шетелдіктен рұқсат бергені үшін салық алып, салықтың мөлшерін руластарымен келісе отырып белгілейді. Алынған салықты өз пайдаларына жұмсайды.

- қазақ даласында керуендер еш салықсыз өтуі тиіс».

Әдетте, көпестер приказшиктерді жалдады. Ол да «Сауда Жарғысымен» реттелді:

«...3. Белгілі бір уақыт аралығында өз егесінің сауда істерін басқаратын немесе сауда істерін атқаратын кез-келген адам приказшик деп аталады.

4. приказшиктер екі классқа бөлінеді: біріншісіне басты приказшиктер, екіншісіне олардың көмекшілері мен басқа да сауда қызметшілері жатады.

5. приказшиктер жалдау келісімі бойынша тапсырмаларды орындайды, және егесінің қалауы бойынша сенімхат, несиелік хаттармен қамтамасыз етіледі.

6. приказшик қызметінің мерзімі, олардың айлығы немесе төленетін бірқатар ақылары, сонымен қатар тұратын үй-жайы егесі екеуінің арасында келісіліп, жазбаша түрде жалдау келісім-шартында анықталады.

7. егер ондай келісім-шарт жасалмаса немесе жасалған келісім шарттың ішінде төленетін ақы мен айлығы туралы еш нәрсе жазылмаса, онда приказшик оларды заң жүзінде талап ете алмайды...

11. приказшик өз егесінің берген бұйрығын бұлжытпай орындап. Егесін және оның отбасы мүшелерін сыйлап, тәрбиелі болуы тиіс...

13. қожайыны мен приказшик өзара келісе отырып үйдегі немесе сәкілердегі белгілі бір жұмыстарды атқарады, бірақ сәкіде немесе конторда тазалықты сақтау тікелей приказшикке жүктелетін міндет.

14. приказшик, журналға тіркемей жатып өз егесінен ақша мен тауарды алмауы тиіс, сол секілді егесіне де журналда тіркелемеген тауар мен ақшаны бермеуі тиіс.

15. егесінің жазбаша түрде берген рұқсатынсыз приказшик сәкілерде немесе тауар сататын басқа да орындарда, басқа адамның істерін басқаруына, оның тауарларын сатуына болмайды...».

«Сауда Жарғысы» приказшиктердің іс-әрекеттеріне олардың егелері жауапты екенін көрсетті. Егер приказшик егесінің бұйрығы бойынша ережеге қайшы әрекеттерді орындаса, шығындардың барлығын егесі төлеген. Жарғыда сонымен қатар приказшиктердің егесіне беретін есептері де көрсетілген: «приказшик пен егесінің арасындағы қаржылық операциялардың барлығы есеп беру арқылы жүргізіледі – приказшик егесіне есеп беру кезінде, есеп беретін мерзімнің басынан бастап соңына дейін қандай тауарларды сатқанын, ақшаны қайда жұмсағанын және қанша тауар мен ақша қалғанын егесіне толығымен түсіндіруі қажет».

Көпестер мен приказшиктерге қатысты сауданың ішкі механизмі жасалды. «Сауда Жарғысында» былай делінген: «Саудада сенім арту келісімдері сенімхат деп аталатын актілердің негізінде жүргізіледі. Сауда сенімхаттары екі түрге бөлінді: 1) сауда жүргізуге арналғын сенімхат және 2) кедендік өндіріс істерін жүргізуге арналған сенімхат».

Ең күрделісі сауда жасауға арналған сенімхат болды:

«- сауда жасауға арналған сенімхат дегеніміз ол өзінің сауда істерін немесе өз қаражаты есебінен, екінші бір тұлғаға сауда жасауға рұқсат беретін жазбаша акт...».

Сауда жасауға берілетін сенімхат жеке немесе жалпы болуы мүмкін. Жеке сенімхат арқылы көпес өзінің приказшигі немесе комиссионеріне бір сауда әрекетін немесе тұтас сауда операциясын жасауына рұқсат береді, мысалы тауарды қабылдап алып, оны ақшаға сатып немесе басқа тауарларға айырбастауға рұқсат береді».

Сенімхатта төмендегі пункттер міндетті түрде көрсетілуі тиіс етін: 1) приказшик немесе комиссионердің аты-жөні; 2) оған қандай тапсырма сеніп тапсырылып жатыр және қандай шарттарды немесе істерді жасауға болатыны; 3) оған төленетін айлық немесе ақы мөлшері; 4) жалпы сенімхат болса, онда сенімхаттың мерзімі; 5) жыл сайын приказшиктің егесіне есеп беру міндеті; 6) сенімхатта келісілген заңның негізінде приказшиктердің қарызы мен іс-әрекеттеріне деген оның егесінің жауапты болуы.

XIX ғасырдың екінші жартысында саудагер мен өсімқорлардың мүдделерін қорғайтын бірқатар ережелер әзірленді. Тауарларды қарызға алғанда «малмен немесе басқа нәрсемен өсім», яғни пайыз төлеу көзделді. Мәселен, XIX ғасырдың екінші жартысында қазақтың дағдылы құқығына жасалған жазбаларда көпестердің сатып алу-сату шартын жасасқан кезде «уақытылы төлемеген жағдайға арнап орасан көп тұрлаусыздық айыбы талаптарын» енгізуі атап өтілді.



Қазақтың дағдылы құқығында шарттардың жаңа түрлері пайда болды немесе бұрынғы шарттардың мазмұны мүлде өзгертілді, мәселен мүлікті жалға беру шарты кең таралды. Бұл шарт бойынша мүлікті жалға беруді «тараптар өзара келісім бойынша аз уақытқа, бірақ бір жылдан аспайтын мерзімге және ақы төлеу шартымен жасайды».

Айырбасшарты да одан әрі дамытылды. Мәселен, XIX ғасырдың екінші жартысында қазақтың дағдылы құқығына жасалған жазбаларда: «айырбас шарты уағдаласушы тараптардың айырбасталатын мүлікті олардың өндірілген бағасы бойынша жүзеге асырылады», - деп көрсетілген.

«Сауда Жарғысында» сонымен қатар саудада қолданылған ресейлік ұзындық және салмақ өлшемі жүйесі де реттелді.

«...714. Ресейлік салмақ өлшемі ретінде фунт қолданылады...

715. ресейлік фунтта тоқсан алты золотник немесе екі лот бар; қырық фунт бір пұтты құрайды.

716. ресейлік ұзындық өлшемдерінде аршын қолданылады, ол ағылшындық жиырма сегіз дюймге сәйкес келеді...

717. ресейлік аршында 16 вершок немесе 28 дюйм бар; дюйм он сызық немесе жүз нүктеге сәйкес келеді. Үш аршын бір саженьді немесе жеті футты құрайды. Бес жүз сажень бір верстаға тең.

719. ауданды өлшеу үшін шаршы немесе сызықтық өлшемдердің бұйымдары қолданылады. Жер бетін өлшеу үшін десятина қолданылады, десятина екі мың төрт жүз шаршы саженьге тең келеді.

720. Көлемді өлшеу үшін куб немес үш сызықты өлшемнің бұйымдары қолданылады.

721. сусымалы (сыпучий) заттардың көлемін анықтау үшін четверттер қолданылады, бір четвертте сегіз четверик бар (мер); четверик сегіз гарнецке бөлінді; бір гарнецте сегіз фунт болды.

722. Сұйықтықтардың көлемін өлшеу үшін шелек және оның бөлшектері қолданылады; олардың ішінде штоф немес кружка шелектің оннан бір бөлігі, жартылай штоф немесе арақ және сыра бөтелкесі – шелектің жиырмадан бір бөлігі; шарап бөтелкесі – шелектің он алтыдан бір бөлігі; чарка - шелектің жүзден бір бөлігі, жартылай шарка – шелектің екі жүзден бір бөлігі. Шелектің сыйымдылығы отыз фунт...

760. ұзындық және салмақ өлшемдерін тексеретін тұлғаларға, сауда және өнеркәсіп орындарына және суада мақсатында қолданылатын ұзындық өлшемдері мен таразысы бар, кез-келген қоймалар мен басқа да орындарға еш кедергісіз кіруіне рұқсат.

761. тексеріс барысында ұзындық және салмақ өлшемдері туралы заңның бұзылғандығы анықталса, тексерушілер жергілікті полиция өкілін шақыртып, хаттама толтыртқызып, істі сотқа жіберуі тиіс. Тексеріс пен хаттама толтыру шаралары саудаға немесе өнеркәсіптік орындардағы жұмыстарға кедергі жасамауы тиіс» [67].

Осылайша, XIX ғасырдың екінші жартысы – XX ғасырдың басында Қазақстанның оңтүстігіндегі сауда жүйесінің дамуына: әкімшілік, банк-несие

жүйелері оң ықпалын тигізді, оны реттейтін құқықтық нормалар бірқатар өзгерістерге ұшырады. Қазан төңкерісіне дейінгі Қазақстан территориясында әр түрлі капиталистік банктердің қалыптасып, дамуы және олардың несиелік операцияларының кеңеюі өсімқорлықты түбірімен жойған жоқ, тек олардың монополиялы жағдайына біршама шектеу жасады, несиенің өсімқор түрін толық ығыстырып шығатындай деңгейге көтерілген жоқ.

Қазақстанның Ресейге кіруінің нәтижесінде саудадағы қатынастар неғұрлым жетілдірілген құқықтық нормалармен реттелді, салмақ, ұзындық өлшемдерінің ортақ бір жүйесі енгізілді.

## 2 ҚАЗАҚСТАННЫҢ ОҢТҮСТІК АЙМАҒЫНДАҒЫ САУДА ЖҮЙЕСІНІҢ СИПАТТАМАСЫ МЕН ДАМУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ (XIX ғ. 2-ші жартысы – XX ғ. басы)

### 2.1 Оңтүстік Қазақстан өлкесіндегі сауданың түрлері мен сипаты және сауда буржуазиясының қалыптасуы

Қоғамдық еңбек бөлінісінің артуы және тауарлы өндірістің өсімі секілді қазақ қоғамының өндірістік негізінде орын алған өзгерістер, сауданың ұйымдасуына да бірқатар өзгерістер әкелді. Қазақстан өлкесінің біртіндеп капиталистік қатынастар сферасына енуі халықтың экономикалық өміріне, оның ішінде сауданың түрі мен мазмұна өзгеріс әкелді.

Т.К. Литвинованың еңбегінде көрсетілгендей, XIX ғ. – XX ғ. басында Қазақстанда, халықтың көшпелі өмір салтымен байланысты өндірісте феодалдық әдістері үстем болып, тауарлы өндірісі әлсіз дамыған сауданың өзіндік ерекшелігі бар түрлері болды. XIX ғ. екінші жартысы – XX ғ. басында Қазақстан, капиталистік нышандары бар, феодализмге тән үйлесімді сауда түрлерінің болуымен ерекшеленді. Бұндай үйлесім, Қазақстан экономикасында шаруашылықтың артта қалған түрлерінің басым болуымен және өндіріске капиталистік элементтердің енуімен түсіндіріледі. Зерттеушілердің сауда түрлеріне қатысты пікірлерін талдай отырып, XIX ғ.-дың екінші жартысы – XX ғ.-дың басында Қазақстандағы сауда түрлерін төмендегідей топтастыруға болады.

Өлкенің көрші мемлекеттермен арадағы сауда қатынасына қарай *ішкі сауда* (жергілікті тұтынуды мақсат еткен, өлкенің жекелеген аудандары арасындағы ішкі тауар айналым) және *сыртқы сауда* (Қазақстан мен империяның басқа бөліктері арасындағы сауда айналым, ең бастысы Европалық Ресеймен, ішінара Кавказ және Сібірмен, сонымен қатар шекаралас жатқан мемлекеттер арасындағы сыртқы сауда) деп бөлінді. Кейбір зерттеушілер олардың арасынан *транзиттік сауда* деп аталатын түрін де бөліп қарастырады, яғни транзиттік саудада тауарлар Қазақстан территориясы арқылы бір мемлекеттен екінші бір мемлекетке транзиттік жолмен өткен.

Қазақстандағы сауданың бастапқы түрі *айырбас* сауда, екінші түрі *жәрмеңкелер*, үшіншісі *стационарлы (тұрақты)* сауда болды. Сауданың негізгі үш формасы шаруашылықтың әр түрлі сипатына сәйкес келетін болған: көшпелі аудандарда тасымалдаушы айырбас сауда немесе оны басқаша далалық сауда деп атаған, жартылай көшпелі аудандарда – мерзімдік жәрмеңкелік сауда, отырықшы аудандарда – стационарлы (дүкендер, сәкілер) сауда орын алған.

*Айырбас сауда.* Ақшаның қатысына қарай сауда екі формада жүзеге асты: айырбас және ақшалай. Егер соңғысымен көбіне орыс-украин шаруалары саудаласса, айырбас сауда көшпенді қазақтардың арасында басым болды. Мәселен, П.Г. Галузо XIX ғасырдың 60-шы жылдарындағы Қазақстанның оңтүстік өлкесіне тән сауда-саттық жүйесінің екі ерекшелігін көрсетті. Бірінші,

сауданың айырбас жасау арқылы жүзеге асу кезеңі. Екінші, ақшамен сауда жасау енді ғана қалыптасқан қалалар мен әскери бекіністерде орын алды.

Айырбас сауданың ең басты объектісі не болды? Ол қазақ даласының шикізат өнімдері мен сонымен қатар ішінара ортаазиялық өнеркәсіптің бұйымдарын ресейлік өндірістің өнімдеріне айырбастау болды. Айырбас сауданың: арнайы айырбас орындарда жүргізілген сауда, керуен сауда, тасымал сауда секілді түрлері болды.

Қазақстандағы ең алғашқы *айырбас сарайлар* XVIII ғ. басында Орынбор және Сібір шекара шептерінде салынған қалаларда ашылды – Орынбор, Троицк, Петропавловск және Семей қалалары. Айырбас сарайлар, өз атауын ондағы жүргізілген сауданың ақшасыз, айырбас түрінде жүргізілгендігіне байланысты алды.. Қазақстанның оңтүстігінде алғашқы айырбас сарайлары XIX ғасырдың ортасында Перовск және Қазалы форттарында ашылды. Айырбас сарайлар үшін қаланың ішінен немесе қаланың сыртынан үлкен алаңдар берілді. Бұл алаңдар арнайы жасақталып, онда қоршаулар, сәкілер, қоймалар, таразылар салынды. Айырбас сарайлар тұрақты түрде жұмыс істеген жоқ, Мәселен, қыста қазақ халқының негізгі бөлігі жылы жаққа көшкен кезде, сауда тоқтап тұрды, ал жаздың басында сауда қайтадан жанданды. Жазғы айларда айырбас сарайларға күн сайын жүздеген және мыңдаған қазақтар келіп, малдарын, шикізаттар мен қолөнер бұйымдарын әкелді, ортаазиялық көпестердің керуендері және орыс көпестері өз тауарларымен келді. Әдетте айырбас сарайлардағы сауда мамырдың соңынан қазан айының соңына дейін жалғасты.

Айырбас сауданың келесі түрі *керуен саудасы* болды, ол кезеңде керуендер Қазақстанда тауар тасымалдаудың негізгі түрі болды. Азиялық көпестер қазақ даласында сауда жасау үшін көлемі әр түрлі керуендерді жасақтады, үлкен керуендер бірнеше жүз түйеден, тіпті 1,5-2 мың түйеден тұрды. Бұл керуендердің негізгі баратын жерлері ірі қалалардағы айырбас сарайлар болды. Жол жөнекей керуендер далалы аудандарда қазақтың көшпелі халқымен сауда жасады. Үлкен керуендердің тауарларының 1/10 бөлігі жолда айырбасталды. Ортаазиялық көпестер өз тауарларын қазақтардың малына және мал шаруашылығының өнімдеріне айырбастады. Оларды қалған тауарлармен қоса айырбас сарайларда Ресей көпестеріне өткізді. Ірі керуендерден бөлек, ортаазиялық көпестер қазақ ауылдарымен сауда жасайтын арнайы ұсақ керуендерді жасақтады. Бұл керуендер ауылдарға жылына бірнеше рет келіп, өз тауарларын малға және мал шаруашылығы өнімдеріне айырбастады. Олар тауарларды сенімді адамдарға немесе біреудің кепілдігімен қарызға таратып, орнына жүн, тері алатын болып келісті. Жаздың соңында қарыздарын шикізат немесе мал күйінде жинай отырып, қайтадан тауар таратты.

П.И. Пашиноның мәлімдеуінше, Қазалы фортында XIX ғасырдың 60-жылдары бұхарлық және хиуалық көпестердің керуендерімен келген тауарлары, күйдірілмеген кірпіштен тұрғызылған 156 сәкіге орналастырылды. Бұндай сәкілердің қатары бұхар және хиуалық базар деп аталатын. Азиялық көпестердің кейбіреулері жыл бойы осында сауда жасап, тұрақты сатушыны

жалдады, ал қалған сәкілердің көпшілігі керуен кетісімен жабылды. Фортқа оңтүстіктен керуендер келген кезде, бұхарлық қатарлар азиялық өнімдерге толып, бұл тауарлар бәсекелестіктің жоқтығынан, көшпенді қазақтар арасында үлкен сұранысқа ие болды. Бұл жерге олар өз керуендеріне жартылай жібек маталарды, тақияларды, ат әбзелдерін, ер тоқымдарды және т.б. тауарларды түсіріп, өздерінің осы жердегі тұрақты сатушыларына өткізіп, қалған тауарларымен (көбінесе мақта) керуен ары қарай Орынбор желісіне бет алды. Қайтар жолда өздерінің сәкілерінде көпестер тауарларға айырбасталған қой терілерін, түйенің және қойдың жүнін қабылдады. 1856 ж. Қазалыға бұхар көпестері 500 түйеге артылған тауар әкелсе, 1857 ж. 850 түйеге, 1858 ж. 1200 түйеге артылған тауар әкелді. 1856 ж. Бұхарадан Орынборға 11 000 түйеге артылған тауар тасымалданды, 1857 ж. 13 000 түйеге, 1858 ж. 14 000 түйеге артылған тауар тасымалданды, соған сәйкес кері бағытта 10 000, 12 000 және 13 000 түйеге артылған тауар тасымалданды.

Жергілікті қазақтар да керуен саудасымен айналысты. Қазақтардың керуендеріне байланысты А.П. Смирнов: «Қазіргі уақытта қырғыздар (қазақтар) Сібірдің, Түркістанның, Орынбор өлкесінің орыс тұрғындарымен сауда қатынасын қуана жасайды. Мал, жүн және мал майын еуропалық тауарларға айырбастайды, орыс жәрмеңкелеріне түлкі, сусар, күзен, жолбарыс терілері, сол сияқты әр түрлі қой және түйе жүндерінен жасалған маталар алып келеді. Сонымен қатар, орыс көпестеріне өздерінің түйелерімен Орта Азия қалаларына тауар тасуға жалданады» - деп жазды. Мәселен, 1872 ж. тамыз айында көпес Қаза Төлепбергенов Қазалыдан Бұхараға барлығы 17 860 рубльдің тауарын апарды. Келесі бір көпес Ибрагимбай Разыбердиев 1872 ж. 14 тамызда Қазалыдан Хиуаға 16 тай құмшекер (8 түйеге артып), 10 тай кәмпит (5 түйеге артып), 5 тай квасц (3 түйеге артып), 10 тай темір (3 түйеге артып) тауарын тасымалдады. .

Айырбас сауданың келесі түрі, *тасымалдаушы айырбас сауда* қазақ жерінде өте кең таралды, тіпті ең алыс жатқан аймақтарды қамтыды. Ол көптеген ғасырлардың тарихи тәжірибесінен орын алған жеке айырбас саудасына негізделді. Оңтүстік өлкеде сауданың осындай жолмен өркендеуіне, оның Орта Азия хандықтарымен шекаралас орналасуы белгілі дәрежеде әсер етті.

Қазақ даласында тасымалдаушы айырбас сауданың таралуын зерттеген тарихшылардың бірі, П. Небольсин өзінің «Қырғыздар» атты мақаласында қазақ жеріндегі сауда туралы былай деп жазған: «Қырғыздармен (қазақтармен) екі арадағы сауда шекаралық және далалық деп екіге бөлінеді. Шекаралық сауданың далалық саудадан түпкі айырмашылығы – оның өндірісінің ұсақтығында. Кез-келген тұрақ, елді мекендерде тауарлардың аз да болса өз қоймалары бар. Енді қырғыздар бірыңғай керек-жарақтарын іздеп екі жүз шақырым жерге босқа сенделмейді. Сондықтан да бұдан басқа сауда орталықтары оларды қызықтырмайды. Соңғы кезде капиталистер өз заттарын шекарада көптеп сата алмағандықтан, қырғыздарды шекарада күтпей, олардың ауылдарына барып сауда жасауды күшейтті. Бай ауылдармен қарым-қатынасқа

еніп, өз керуендерін далалық шет аймақтарға аттандыратын болды. Сөйтіп, сауданың бұл түрі, енді көлемі жағынан шекаралық саудадан әлдеқайда артып кетіп отыр» - деп жазды.

Тасымал саудасына тән ерекшелік – мұнда ақшалай есеп және сауда бәсекесінің болмауы, сауданың тауарды мал басымен немесе оның өнімімен бағалау арқылы жүргізілуі. Тасымалдаушы сауда салықсыз, еркін сауда ретінде жүргізілді. Айырбастаушы тасымалдаушы саудада негізінде, көпестер жергілікті халыққа сапасыз тауарды өте жоғары бағамен сатуға мүмкіндік алды. Нәтижесінде саудагерлер байлыққа кенеліп, халық тоналды. Тасымалдаушы айырбас сауда негізінен алыпсатарлардың қолында шоғырланды. Бұл алыпсатарлардың негізгі мақсаты өндірістік тауарларды қазақ шаруаларына алып-сатып, олардан мал мен ауыл шаруашылығы өнімдерін сатып алу болды. Алыпсатарлық, даланың шалғай аудандарында тұратын тұрғындардың сауда орталықтарына жиі баратын мүмкіндіктерінің жоқтығынан туындады.

Тасымалдаушы айырбас сауда қалайша жүзеге асырылды? Тауарлар Мәскеуден және басқа да қалалардан, Төменгі Новгород және Ірбіт жәрмеңкелеріне әкелінді. Осы жерде дала көпестері бұл тауарларды қолма-қол ақшаға немесе қарызға алды. Тауарды қарызға төрт айға алған. Әдетте бұл науқанды ақпан, шілде немесе қараша айында жүзеге асырды. Шалғай жатқан далалық аудандарға келгеннен кейін, саудагерлер тауарды үлкен сандықтарда (жергілікті саудагерлер) немесе киіз қоржындарда (келімсек саудагерлер) сақтап, ауылдастарына және арнайы келген сатып алушы адамдарға сатқан. Сонымен қатар, саудагерлер ауылдарға, (өзінің тұрағынан 60-100 верст қашықтықтан аспайтын жерге) әдетте бір-үш приказшиктер арқылы тауарларды жіберген. Ірі саудагерден тауарды (жартысын қарызға, жартысын қолма-қол ақшаға) приказшиктен басқа, көптеген дербес дала көпестері (алыпсатарлар) де алды. Алыпсатарлар тауарды мал мен шикізатқа айырбастағаннан кейін, оларды тауарды қарызға берген ірі саудагерге өткізіп, қайтадан қарызға тауар алған.

Айырбас сауда көпестер тарапынан әр түрлі бұрмалаушылықтардың орын алуына, қиянат жасауға жол ашты. Көшпенді халық, тауардың нарықтық бағасымен таныс болған жоқ, сол себепті өз шаруышылығынан шыққан тауардың нақты құнын білмеген, сонымен қатар сырттан келетін тауарларға деген сұранысы да жоғары болды. Осы аталған жағдайларды пайдаланған алыпсатарлар өздері алып келген өндірістік тауарлардың бағасын аса қымбаттатып, шаруалардың шикізат өнімдерінің бағасын тым төмен бағалаған. Айырбас ақшасыз, эквивалентті емес сипатта жүргізілді, нәтижесінде шаруа өндірген көп мөлшердегі өнімдер, арзан бағаға көпестің қолына көшкен. Сауда қатынасы әлі өрістей қоймаған кезде көпестер өздерінің монополиялық жағдайын пайдаланып, қыруар пайда түсіріп жатты. Өз табыстарын көбейту үшін көпестер, тікелей алдап-арбау, ақшасын дұрыс есептемеу, тауарды дұрыс өлшемеу әдістерін, айырбас саудада кеңінен қолданды.

Қазақстандағы ресейлік, ортаазиялық кейіннен ұлттық сауда капиталының іс-әрекетінің негізгі түрі қарызға сауда жасау болды, яғни тауарларды «қойға»

қарызға беріп отырды. Қарызға сауда жасаудың туындауына себеп болған жағдайларды Т. Литвинова былайша түсіндірді: қарызға сауда жасаудың қалыптасуына негіз болған жағдайлардың бірі рынокқа ресей тауарлары мен қазақстандық шикізаттың түсетін мерзімдерінің сәйкес келмеуі болды. Ресей мен Орта Азиядан тауарлар қазақ даласына ерте көктемде түскен. Қазақтардың шаруашылығындағы артық өнімдер тек жаздың соңына қарай шыққан. Соған сәйкес, көпестерден түсетін тауар, қазақ малшылары мен аңшыларының қолына, өз өнімдерімен төлей алатын уақыттан, бұрын түсті.

Тауарларды қарызға беру көпестер үшін өте тиімді болды. Өнеркәсіптік тауарларды «қойға» қарызға бере отырып, көпестер оның бағасын қатты көтерді, керісінше қазақтардың малы мен шикізатының бағасын өте төмен бағаға бағалады. Мәселен, көпестер айырбас саудада төмендегі тәртіпті енгізді. Алынған 5-10 рубльдің тауарына, сатып алушы қазақ 5-10 қойды белгіленген мерзімде беруі қажет болды. Егер белгіленген уақытта қойларды жинап бере алмаса, қарызды толығымен келесі жылға қалдырды, бірақ ол қарызды енді екі есе бағамен қайтаруы тиіс еді, ал одан арғы жылға қалдырса қарыз қайтадан екі есе көбейген. Көпестер, осылайша, айырбасталған малды бірден емес, келесі жылдарға қалдырып алуға тырысты. Мысалы, Ивановск фабрикаларының төменгі сортты шыт матасының аршыны, Ірбіт жәрменкесінде 5 т. тұрса, оны қазақ даласында 15 тиынға бағалады, ал бір жылға қарызға бір қойдың құнына 5 аршын мата берді, яғни матаның бір аршыны 20 т. немесе 4 есе қымбат бағаға өткізілді. Металл бұйымдардың бағасы одан да қымбат болды. Павлов селосында дайындалған ұстара, Ірбіт жәрменкесінде 15 т. тұрса, Қазақстан қалаларында 30 т. тұрды, ал ауылдарда бір қойға айырбастады. Орта көлемдегі самаурын орталық Ресейде 5 р. тұрса, Қазақстанда 20 қойға, ал қарызға 25-30 қойға айырбасталды.

Тасымалдаушы айырбас саудада алыпсатар көпестердің негізгі негативті жағы ресейлік фабрика-заводтық бұйымдарды өз құнынан әлде неше рет қымбат бағалап, ал жергілікті ауыл шаруашылық шикізаттарын тым төмен бағалауы еді. Дегенмен, тасымалдаушы саудагерлердің болуы бұл кезеңдерде қажет болды, себебі олар болмағанда ауыл шаруашылығы өнімдері мен өнеркәсіптік бұйымдардың көп бөлігі өтпес еді.

Уақыт өте келе, Ресей мен Қазақстан арасындағы сауда байланыстардың өсуіне, қазақ шаруашылығының тауарлылығының артуына және Қазақстандағы тауар-ақша қатынастарының кеңеюіне байланысты айырбас сауданың қарапайым түрлері жеткіліксіз болды. Тасымалдаушы айырбас және керуен саудасының сұранысты толық қамтамасыз ете алмауы, тауар сапасының төмендігі және таңдау мүмкіндігі жоқтығы аталған сауда жүйесінің біртіндеп әлсіреуіне алып келді. Сонымен қатар, Ресей капитализмінің «кеңінен» ұлғаюы, біртіндеп Қазақстанның жалпыресейлік рынокқа тартылуы және оның шикізат көзі мен өсіп келе жатқан Ресей өнеркәсібі үшін өткізу нарығына айналуы, жаңа рыноктарды құруды және салыстырмалы түрде тұрақты сауда түрлерін ұйымдастыруды қажет етті. Қазақстан территориясының кеңдігі мен халық тығыздығының аз болуына байланысты және қазақтардың шаруашылығында

көшпелі мал шаруашылығының басым болуына байланысты Қазақстандағы сауданың ең ыңғайлы түрі жәрмеңкелік сауда қалыптасып дамыды.

*Жәрмеңкелер.* Қазақстанның экономикалық дамуының айқындалушы факторларының құрамдас бөлігі жәрмеңкелер болды, XIX ғасырдың ортасында олар көшпелілер мен отырықшы ауыл халқының арасындағы делдалдық міндеттерді жүзеге асырды.

Қазақстанда ең бірінші жәрмеңке 1832 ж. Бөкей ордасында ашылды. XIX ғасырдың 40-жылдарында пайда болған жәрмеңкелік сауда кеңінен дамып, XIX ғасырдың 80-90-жылдары Қазақстандағы сауданың басты түріне айналып, Қазақстанның жалпы сауда айналымында басты орынды алды.

Миллиондық айналымы бар далалық жәрмеңкелер пайда болды. Ірі жаздық жәрмеңкелерден бөлек ұсақ күздік жәрмеңкелер де болды. Жаздық жәрмеңкелердің далалық саудада алатын орны ерекше маңызды болды, себебі қалалардан және болыстардан шалғай тұратын қазақтар, жылына бір рет, яғни жаздық жайлауға көшкен кезде, өз малдарын фабрика-заводтық өнеркәсіп бұйымдары мен жергілікті қолөнершілердің бұйымдарына айырбастау мүмкіндігі болды. Бұл жәрмеңкелердің негізгі контингенті жергілікті көпестер мен тұрғындар болды. Қазақстан бойынша 1912 ж. 260 ірі және ұсақ жәрмеңкелер тіркелсе, олардың жылдық сауда айналымы 50 млн. рубльден асты, 1913 ж. 263 жәрмеңке жұмыс істеп, ақша айналымы 53 млн. рубльге тең болды, ал соғыс алдында барлығы 270 жәрмеңке жұмыс істеп, олардың сауда айналымы 60-70 млн. р. болды [69].

Жәрмеңкелік сауданың тұрақтылығын немен түсіндіруге болады? Ең алдымен рынокты малмен қамтамасыз етуші – қазақтар мен малмен сауда жасаушылар арасында неғұрлым тұрақты сауда байланыстарын орнатуға кедергі жасаған қатынас жолдарының жеткілікті дамымауымен түсіндіруге болады; екіншіден, бұл – жәрмеңке саудасының қалыптасқан дәстүрлері, талаптарымен көшпелілердің жеткілікті түрде таныс болуымен; үшіншіден, сол кездегі статистикада атап өтілгендей даладағы байырғы мекендеушілердің көшпелі тұрмыс-салтымен түсіндіріледі; төртіншіден, жәрмеңкеде көшпелі халыққа өте қажетті күнделікті тұтынылатын тауарларды сатып алуға болатын еді.

Жәрмеңкелік сауда әмбебап сипатта дамыды. Онда сауда операцияларының барлық түрі (тікелей айырбастан – қолма-қол ақшамен төлеу мен несиеге дейін), есеп айырысудың барлық түрлері жүргізілді. Жәрмеңке сауда орталықтарынан шалғайда орналасқан көшпенділерге өздерінің тұрмыстық қажеттіліктерін қамтамасыз ету үшін тиімді еді. Сонымен қоса, жәрмеңкелерде сауда бөлшек, ұсақ және ірі көтерме сауда негізінде жүргізіліп, барлық қатысушылардың қызығушылығын тудырды. Әмбебап болғандықтан жәрмеңкелер тез беделге ие болып, ұлғая бастады. Саудагерлердің қажетті тауармен жәрмеңкелерді қамтамасыз етуі, сауданы өркендетуге мүмкіндік берді. Тек жәрмеңкеде ғана көпес әр аймақтың сатушыларымен кездесіп, тасымалдайтын аймағына қажетті тауарларды жинап ала алды. Жәрмеңке, өзінің ақша және тауар айналымын жеделдетуге, делдалсыз жұмыс істеуге



мүдделі саудагерлердің белгілі уақытта, белгілі жерде кездесетін орны болды. Онда әр түрлі аймақтан түрлі тауарлар келді. Жәрмеңке арқылы қалалар мен ауылдардың нарықтық байланысы орнады. Бұл сауда да, Қазақстанның жалпы сауда жүйесінде үлкен орын алды және өз кезегінде ақша ролінің күшеюі мен тауарлы қатынастардың дамуына әсер етті.

Жәрмеңкелерде қазақтар саудаға шығарған ең басты өнімдері: ірі қара мал, қой, жылқы, ешкі, түйе, тері тоң май, жүн, қыл, ішек өнімдері, сонымен қатар мал шаруашылығы өнімдері: киіз, шекпен, ер тоқым, жергілікті аяқ киімдер және т.б. заттар болды. Жәрмеңкелерге сонымен қатар нан тауарлары да түсті. Ресейден жәрмеңкелерге негізінен фабрика-заводтан шыққан тауарларды – мақта, шұға және жүннен тоқылған маталар, галантереялық, москательді тауарлар, металл, былғары және ағаштан жасалған бұйымдар, шишадан және фарфордан жасалған ыдыстар, шай, құмшекерді әкеліп сатты. Жәрмеңкелерде сонымен қатар, Орта Азиядан әкелінген, азиялық деп аталатын тауарлар да болды – халат, көрпе, кілем, мақтадан және жібектен тоқылған маталар, кептірілген жемістер және т.б. Осылайша, жәрмеңкелерде, Қазақстан мен Ресей арасындағы сауданың отарлы сипаты көрініс берді – Қазақстанның ауыл шаруашылық өнімдері ресейлік өнеркәсіптік бұйымдарға айырбасталды. Сонымен бірге бұл саудада Қазақстан, Орта Азия және Ресей арасындағы экономикалық еңбек бөлінісі және өлке ішіндегі қазақтардың мал шаруашылығы мен орыстардың егін шаруашылығы арасындағы еңбек бөлінісі көрініс берді.

Зерттелініп отырған кезеңде, Сыр өңіріндегі ең бірінші жәрмеңке Перовск фортында ашылды. 1862 жылы өлкедегі өндіріс пен сауданы дамыту мақсатында тәжірибе ретінде Сырдария әскери шебінде жылына екі рет көктемгі және қысқы жәрмеңкелерді ұйымдастыру туралы қаулы қабылданды. Көктемгі жәрмеңке мерзімі: 5-ші – 15-ші ақпан, қысқы жәрмеңке мерзімі: 1-ші – 9-ші желтоқсан болып белгіленді [70]. Жәрмеңке базары үш күнге қойылды: жексенбі, сәрсенбі, сенбі [71]. 1863 ж. Перовск фортындағы қысқы жәрмеңкенің сауда айналымы 3695 р. құраса, 1864 ж. бұл көрсеткіш 7536 рубльге [72] артқан. Әрине, бұл көрсеткіштерден Перовск фортындағы жәрмеңкенің сауда айналымы өте ұсақ сипатта болғанын көруімізге болады (XX Қосымша: №36 Кесте).

Сырдария облысында жергілікті әкімшіліктің ұсынысымен ашылған екінші жәрмеңке Ташкент қаласындағы жәрмеңке болды. 1870 ж. бастап Түркістан генерал-губернаторы К.П. Кауфманның бастамасы және бұйрығы бойынша Ташкентте жылына екі рет жәрмеңке ұйымдастырылды. Ортаазиялық көпестерді кеңінен тарту үшін К.П. Кауфман Қаржы Министрлігінің рұқсатымен Бұхар, Хиуа және Ауған мемлекеттерінен Ташкент жәрмеңкесіне келетін барлық керуендерден алынатын зекет салығын алып тастады. Іс жүзінде жергілікті тауарлармен сауда жасаған қоқан, ауған, үнді және синьцзян көпестері де зекеттен босатылды (түріктердің тауарларын және еуропалық тауарларды кіргізуге тиым салынды). Ташкент жәрмеңкесіне әкелінген

тауарлардан зекет салығы алынған болып есептелді де, олар еш кедергісіз (зекет төлемей) ары қарай Ресейге тасымалданды.

Ташкент жәрмеңкесінен Ресейге күзгі жәрмеңкеде: 1870 ж. – 964 840 р., 1871 ж. – 1 246 480 р. көктемгі жәрмеңкеде 1871 ж. – 521 600 р., тауары шығарылды [73]. 1872 ж. күзгі Ташкент жәрмеңкесіне (3 қазан мен 1 қараша аралығында) көпестер Орынбор, Троицк, Семей, Петропавловск, Ақмола, Қоқан, Бұхара, Самарқан, Жетісу, Хожент және Орта Азия мен Қазақстанның басқа аудандарынан келді. Әкелінген тауар көлемі 1 849 741 рубльге, шығарылған тауар көлемі 1 538 583 рубльге тең болды. Тұтас алғанда 1870-1874 жылдары Ташкент жәрмеңкесіне Ресейден 11 035,6 рубльге тауарлар әкелінсе, Ресейге 3 094,5 рубльдің тауары шығарылды [74].

Сырдария облысындағы ең ірі жәрмеңке және сауда айналымы бірнеше миллион рубльді құраған жалғыз жәрмеңке Әулиеата жәрмеңкесі, 1889 ж. ашылды. Әулиеата жәрмеңкесінің ашылу тарихына тоқталар болсақ, 1889 ж. Петропавл және басқа да қалалардың ірі саудагерлері, саудагер Маисов арқылы Сырдария облысының әскери губернаторынан Әулиеата қаласында көктемгі жәрмеңкені ашу туралы өтініш білдірді. Өтініш мазмұны төмендегідей болды: «Біз, Әулиеата қаласында саудагерлердің көп шоғырланатын мерзімі дәл қай уақытта болатындығын білмей, үйір-үйір малды кездейсоқ бір мезгілде әкеліп, нәтижесінде уақытты босқа жұмсап, үлкен шығындарға батамыз. Сонымен қатар, малдың баяу жүретін саудасы біздің қолымызды байлап, басқа жәрмеңкелерге қатысуға мүмкіндік бермейді. Дәл сол сияқты, сатып алушылар да, Әулиеатаға малдың дәл қай уақытта келетінін білмей, көп шығындарға батады. Әулиеата қаласында жәрмеңкені ұйымдастыру, біздің ойымызша, саудамен айналысушы адамдар үшін өте маңызды, ол жергілікті көпестерге де үлкен пайда әкеледі».

Әулиеата жәрмеңкесі Сырдария облысындағы ең ірі жәрмеңке ретінде танылды. Ол 1 мамыр мен 1 маусым аралығында жұмыс жасады. Мал мен шикізат тауарлары темір жол арқылы Орта Азияға, Ресей мен Сібірге жөнелтілді. Әулиеата жәрмеңкесінің сауда айналымы жылдан-жылға артып отырды. Мысалы, 1894 ж. оның сауда айналымы 996 100 р. болса, 1911 ж. 6 820 576 р.-ге артқан, яғни он алты жылдың ішінде жәрмеңкенің сауда айналымы жуықтап алғанда жеті есе көбейген (XV Қосымша: №25 Кесте). XIX ғ. соңында Әулиеата жәрмеңкесі Қазақстанның оңтүстігіндегі ірі сауда орталығына айналды.

С.Н. Наумов Оңтүстік Қазақстан аймағы бойынша экономикалық қатынастардың дамуының үш дәрежелі жәрмеңкелік жүйесін қарастырды. Оның пікірінше, бірінші дәрежедегі ірі көтерме саудамен айналысатын далалық жәрмеңке - Әулиеата жәрмеңкесі - өту мерзімі бір ай. Сауда айналымы бірнеше мың рубльден миллионға дейін, кейде одан көп. Жәрмеңкелік сауданың екінші дәрежесі қалалық көтерме сауда жәрмеңкелері болды. XIX ғасырдың екінші жартысында Қазақстанның оңтүстік аймағында жәрмеңкенің бұл түрі сауданың тұрақы түріне жол берді: базарлар, дүкендер және т.б. Қалалық жәрмеңкелердің ақша айналымы 100 мың теңгеден асқан жоқ. Жәрмеңкелік сауданың үшінші

дәрежесі әр уезде орналасқан жәрмеңкелі сауда орталықтары болды. Мысалы, Шымкент уезінде: Шымкент, Түркістан, Сайрам және Қарабұлақ жерлерінде орналасқан базарлар; Әулиеата уезінде: Әулиеата, Меркі, Шақпақ, Дмитриевск қыстағында орналасқан базарлар. Олар бір-екі аптаға күз-көктем мезгілдерінде ашылды. Онда жақын маңда тұратын мал иеленуші және жер иеленуші тұрғындар тікелей айырбас жасады. Кішігірім жергілікті ұсақ жәрмеңкелер жергілікті халықтың күнделікті тіршілікте пайдаланатын тұрмыстық, ауылшаруашылық бұйымдарымен қамтамасыз етті.

Жәрмеңкелік сауданың кеңеюі капитализмнің интенсивті дамуының және бұл процеске отарлы шет аймақтардың тартылуының дәлелі болды. Қазақстандық жәрмеңкелердің арасында тығыз байланыс болған, көпестер олардың бірнешеуін аралап, жағдайдың қандай деңгейде жүріп жатқандығы туралы ақпарат алып отырған. Ірі Қазақстандық жәрмеңкелер жалпыресейлік – Нижегородск, Ірбіт жәрмеңкелерімен тығыз байланыста болған, ең алдымен аталған жәрмеңкелерге бірінші кезекте Қазақстаннан сатып алынған мал және оның өнімдері тасымалданған.

Сырдария облысында жәрмеңкелік сауданың дамуының нәтижесінде өлкедегі сауда қатынастардың қалыптасуы жалғасып, бұл өлкенің жалпы ресейлік процестерге тартылуы жалғасты. XIX ғ. екінші жартысы – XX ғ. басында жәрмеңкелерде сатылған мал басы артып, көшпелі мал шаруашылығының жаңа экономикалық жағдайға тәуелділігінің артқандығын көруімізге болады. Жәрмеңкелердің маңызын көрсетуде ескеретін бір нәрсе, біріншіден олар Ресейдің өнеркәсіптік бұйымдарын өткізіп, мал және оның өнімдерін көптеп сатуды көздесе, екіншіден қазақ халқын тасымалдаушы саудагерлердің өсімқорлық және шығынға батыратын келісімдерден қорғауды көздеген.

XIX ғасырдың соңы – XX ғасырдың басында орын алған, жәрмеңкелер санының артуы және олардың айналымының жылдам қарқынмен өсуіне қарамастан жәрмеңкелік сауда, сауда айналымдағы біріншілікті неғұрлым жоғары ұйымдастырылған сауда түріне – ірі бөлшек саудасымен айналысатын дүкендер, көтерме қоймалар және т.б. өсіп келе жатқан ішкі және сыртқы рыноктың талаптарына жауап беретін сауда орындары түріндегі тұрақты (стационарлы) сауда түріне жол берді. XX ғасырдың алғашқы он жылдығында тұрақты сауда бөлімшелерінің дамығандығы соншалық, олар жәрмеңкелік сауданы ығыстыра бастады. Сол уақыттағы мәліметтер жәрмеңкенің маңызын жоя бастағанын және тұрақты сауда бөлімшелерінің айтарлықтай өскендігін көрсетті.

*Стационарлы сауда:* сауда орталықтары, қоймалар, көтерме сату дүкендері, сатып алу және өткізу дүкендері, базарлар, сауда сәкілері, сауда үйлері тәрізді т.б. үзбей жұмыс жасайтын сауда орындарынан тұрды. Қазақстанда стационарлы сауданың орталықтары, бірінші кезекте, қалаларда шоғырланды. Бұл қалаларда сауда кәсіпорындардың негізгі массасын бөлшек саудамен айналысатын кәсіпорындар құрайды, олар көбіне төңіректегі қазақ халқымен саудаласты. Ал ірі қалаларда үлкен дүкендер мен қоймаларда ірі

және ұсақ саудагерлер көтерме сауда жасап, ол тауарларды неғұрлым ұсақ пункттерге апарып өткізді.

XIX ғасырдың ортасы – XX ғасырдың басында Қазақстандағы сауда түрлерінің өзгеруі сауда айырбасының сипатына да өзгерістер енгізді. XIX ғасырдың ортасынан бастап Қазақстан экономикасына тауар-ақша қатынастары белсенді түрде ене бастады. Сауда дамыған сайын, қазақтар өздері ақшамен саудаласқан өте тиімді екенін түсінді, яғни тауардың нақты құны анық болды, ол баға тұрақты болып, оны тиімді өткізуге мүмкіндік болды. Стационарлы саудада ақшалай сауда үстем болды.

Тұрақты сауда далалық аудандарда XIX ғасырдың бірінші жартысында байқалған болатын. Бірақ, жоғарыда аталған сауда түрлерінің ішінен жетекші орынды тек, 1910 жылдан кейін иелене бастады, яғни жалпы Қазақстанның мал шаруышылығы күрт төмендеп, сырттан әкелінетін тауарларға деген сұраныстың артқан кезеңінен басталды. Тұрақты сауда түрінің дамуы, жәрмеңкелік сауданың төмендеп Қазақстандағы тауарлы қатынастардың дамуының әлсірегендігін емес, керісінше бұл процесстің интенсивті түрде жүргендігін көрсетті. Өлкенің экономикасы жалпы ресейлік экономикамен бұрынғыдан да тығыз байланысқа түсті. Енді өсімқорлық сауда капиталы Қазақстан даласына кеңінен еніп, қазақтардың шаруашылығын кеңінен қамтыды. Сауданың бейнесі де өзгерді. Натуралды тауар-айырбас ақшалай саудамен алмасты. Егер XIX ғасырдың ортасында ақшалай сауда негізінен Қазақстан мен Ресейдің арасында ғана жүргізілсе, Қазақстанның ішінде сауда айырбас түрінде болды, XX ғасырдың басында ақшалай сауда жетекші орынды иеленді. Бұл жағдай Қазақстанның ресейлік капиталистік нарығына интенсивті енуін тездетіп, қазақтардың рулық тұрмысы мен натуралды шаруашылығының ыдырауына алып келді. Малшы-қазақ біртіндеп көшпенді өмір салтынан қол үзе бастады.

Оңтүстік өңірдегі басты мәдени-экономикалық орталықтардағы тұрғылықты сауда мекемелерін қарастыратын болсақ, 1860 жылдың өзінде Перовск фортында барлығы 101 сауда сәкілері мен 44 сәкі үйлері тіркелген [76]. Мұрағат деректері бойынша, XIX ғ. 50-жылдары Әулиеата қамалының өзінде базардан басқа 250 сәкілі үйлер болған. 1864 ж. Шымкентте 500-ге тарта сауда орындары тіркелсе, Түркістан қаласында 1867 ж. 1600-ге тарта ірілі-ұсақты сауда сәкілері жұмыс жүргізген. 1910 ж. Қазалыда – 280, Перовск фортында – 237 сауда мекемесі қызмет етті. Сол сияқты Әулиеата қаласында – 214 мануфактура тауарлары, 247 бакалея заттары, 1 ұсақ-түйек және сән магазині және т.б. көптеген сауда орталықтары халыққа қызмет етті.

Уақыт талабына сай сауда прогрессивті жылжып, сауданы ұйымдастырудың жаңа түрлері қазақ даласына да жетті. XIX ғ. соңында Сырдария облысы территориясында ассоциациялық капитал негізінде құрылған, сауда бірлестіктері (сауда үйлері және акционерлік қоғамдар) пайда болды. Олардың туындауына себеп болған жағдай, жеке кәсіпкердің коммерциялық іс-әрекетіне кедергі жасаған, ішкіресейлік нарықтағы бәсекелестік күрестің күшеюі еді.

Аталған кәсіпкерліктің неғұрлым жоғары сипатта ұйымдасуына 1907 жылғы манифестте оған заңды-құқықтық статустың берілуі себеп болды. Онда «Көпестерге жаңа кіріс табуға мүмкіндік беретін сауда кәсіпкерлігін күшейту және кеңейтудің жаңа жолдары» ұсынылды. Сауда үйін ұйымдастыруда нотариус растаған «жолдастық келісім» басты құжат болып табылып, онда істі ашушы екі жақтың міндеттері анықталды. Оның тіркелу уақыты құрылған кезін білдірді. Ол жергілікті басқарма әкімшілігінің келісімімен белгіленді. Келісім уақыты шектеусіз, немесе 1 жылдан – 15 жыл аралығына, кейде одан да көп мезгілге берілді.

Сауда үйлерінің пайда болуы, сауданың біршама жоғары деңгейге көтерілгенін көрсетті. XIX ғасырдың 80-жылдарында Ресей мен Ортаазиялық хандықтар арасындағы сауда қарым-қатынасын дамытуда шекаралық аудандарда құрылған тұрақты сауда үйлері мен конторлар маңызды роль атқарды. Сырдария облысының Қазалы уезінде бұл кезеңдері Орынбордың құрметті азаматы 1-гильдия көпесі Н.А. Дюковтың конторасы, «М. Ваганов және К<sup>о</sup>» комиссиянерлік пен тауарларды тасымалдайтын мәскеулік сауда үйдің конторасы, Ағайынды Каменскийлердің сауда үйінің конторасы және т.б. жұмыс істеді. «Юсуф Давыдов және К<sup>о</sup>» еуропалық сауда фирмасының Түркістан қаласында өте үлкен бөлімшесі, қоймалары, мануфактуралары жұмыс істеді. 1908 ж. Ресейдің сауда фирмалары облыстың түпкір-түпкірінен, тіпті көшпелілер даласында да шикізат сатып алатын тұрғылықты сауда мекемелерін ашты.

Оңтүстік Қазақстанның қалалары сауда қатынастарында өзіндік өзгешелігімен ерекшеленді. Облыста жергілікті сауданың ең басты орталығы Ташкент қ. болды. Қазақтардың Ресей және Орта Азия хандықтарымен сауда қатынасын күшейтуде Ташкенттің маңызы ерекше болған. Орта Азия мен қазақ даласынан алыс жатқан Қытай, Индия, Иран сияқты елдердің сауда жолының түйіскен жерінде жатқан қала үлкен сауда орталығына айналған. Сол себепті бұл қалаға тек қазақ даласы мен аталған хандықтар ғана емес жоғарыдағы алыс елдерден де тауар келіп тұрған. Ташкент арқылы Орталық Ресейге, Сібірге, Қытайға керуен жолы өтетін болғандықтан, Ресейге қосылмай тұрып-ақ Ташкенттің базарында 4548 дүкен, 16 керуен-сарай, көптеген қонақ үйлері болған. Бұл қалаға көтерме саудамен айналысқан көпестер тауарларды молынан әкелген. Бөлшек саудамен айналысқан саудагерлер бұл тауарларды облыстың басқа уездеріне және көрші облыстарға апарып өткізген. Ташкент уезінің үлесіне Сырдария облысындағы барлық сауда айналымның 2/3 бөлігі тиді (XXIII Қосымша: №3 Диаграмма).

Перовскі мен Қазалы қалалары Ресей рыногын Бұхарамен, Хиуамен байланыстырды. Әсіресе, № 1 Қазалы фортының Ресей империясы мен Орта Азия хандықтары арасындағы сауда қарым-қатынасында алатын орны ерекше болды, себебі Орта Азия хандықтары мен Ресейді байланыстыратын басты керуен жолдары осы жерден өткен, осыған байланысты форттың саудада оның ішінде транзиттік саудадағы маңызы жоғары болды. Қазалы қаласы «Орыс Түркістаны» сауда-экономикалық өмірінің орталығына айналып, көрсеткіштері

жөнінен Перовскі мен Түркістаннан, Шымкенттен озып кетті. Ал, Шымкент пен Түркістан қалалары Ферғана мен Ташкент, сонымен қатар Қоқан базарына жақындасты. Әулиеата болса Семей мен Жетісу облысымен тығыз байланыста болды [77].

Өлкедегі сауда айналымының қарқындап дамуына байланысты Ресей мен Орта Азия елдері арасындағы сыртқы сауда сипаты да үлкен өзгерістерге ұшырады. А.Ф. Губаревич-Радобыльскийдің еңбегінде көрсетілгендей, 1850-жылдары Ресейден Орта Азияға жылына 675 000 р. соммаға тауар әкелінсе, Орта Азиядан Ресейге барлығы 900 000 р. соммаға тауар шығарылды (III Қосымша: №4 Кесте). 1872 ж. Н.Ф. Петровский басты керуен жолдары түйіскен Қазалы қаласындағы керуен саудасын тиянақты тіркеуден өткізді. Бұл қала арқылы келген тауардың құны 13,894 мың р., ал өлкеден шыққан тауардың құны 6,484 мың р., яғни сауда айналымы 20 млн. рубльден асып түсті. Петровскийдің мәліметі бойынша 1871 ж. бір ғана Ташкент қаласының сауда айналымы, кірісі 8,9 млн. р., шығысы 6,1 млн. рубльді құраған. 1872 ж. Ташкент қаласының сауда айналымы мөлшері алдыңғы 40-50-жылдармен салыстырғанда әлде қайда жоғары болды, Ташкентке әкелінген тауарлардың өзі 11 647 064 рубльге жеткен (IV Қосымша: №6 Кесте). Көріп отырғанымыздай, сауда айналымы, керуенмен тасымалдаудың үлкен қыйыншылықтарына қарамастан, ондаған миллион сомды құраған. Ал, 1910 жылдары Орта Азиядан Ресейге барлығы екі жүз миллион рубльдің тауары экспортталды, яғни 1850-жылмен салыстырғанда (900 000 р.) экспорт алпыс жылдың ішінде екі жүз есе артқан.

Сауда саласында, біріншіден, өлкені орыс әскерлері жаулап алғанға дейінгі кезеңде және әскери іс-қимылдар жүріп жатқан он жылдың ішінде сауда байланыстарының жылдам қарқынмен дамығандығын, екіншіден XIX ғ. 50-ші ж. сауда байланыстардың өте үлкен серпіліспен жоғары көтерілгендігін көруімізге болады. П.Г. Галузоның пайымдауынша бұл көсеткіштердің артуы Ресейдің 1853-55 жж. соғыстағы (Севастополь соғысы және Париж бейбіт келісімі) сәтсіздігімен тікелей байланысты, яғни Парсы елі мен Түркияға сонымен қатар Батыс Европаға тауарларды шығару мүмкіндіктері азайғаннан кейін, Орта Азияның сауда нарығы ретіндегі маңызы бірден артты.

Сырдария облысы сауда айналымы мөлшері туралы нақты мәліметтерді статистикалық мәліметтерден алуымызға болады. Мәселен, 1886 Сырдария облысының сауда айналымы 14 000 000 р. құраса, 1913 ж. бұл көрсеткіш 100 000 000 рубльге жеткен, яғни жиырма жеті жылдың ішінде облыстың сауда айналымы 7,2 есе артқан (V Қосымша: №7 Кесте).

Орта Азиядан Қазақстанға және Ресейге транзиттік жолмен тасымалданған басты *азиялық тауарлар*: шикі мақта, иірілген жіп, елтірі, түлкі терісі, жүннен тоқылған өнімдер, жібек өнімдері, кептірілген және жаңа піскен жемістер, мейіз, жүн, өңделмеген терілер, күріш, киіз бен кілем тауарлары болды. XIX ғ. 50-жылдары Орта Азиядан Ресейге жылына 400 000 р. соммаға мақтадан тоқылған мата тасымалданды (III Қосымша: №4 Кесте), яғни бұл тауар барлық экспорттың 45%-ын құраған. Себебі ол кездері (1850 жж.) Ресейлік фабрикалардан шыққан маталардың сапасы ортаазиялық матамен

салыстырғанда төмен, ал бағасы жоғары болды. Оның үстіне, ресейлік маталар американдық (АҚШ-тан әкелінген) және ортаазиялық мақталардан (жергілікті сорты) тоқылды. Таза американдық мақта сортынан тоқылған маталар өте қымбат тұрған, сол себепті Орта Азияға өте аз мөлшерде шығарылды. Жылдар өте жағдай өзгеріп (өлкедегі мақта саудасының даму тарихы төмендегі бөлімде нақты қарастырылған), Орта Азиядан Ресейге мануфактура өнімдері мүлдем шығарылмайтын болды, керісінше енді (1910 ж.) Ресейден Орта Азияға барлығы құны 70 млн. р. болатын мануфактура тауарлары импортталды.

XIX ғ. 50-жылдары Орта Азиядан, Ресейге барлығы 98 000 р. соммаға мақта шикізаты шығарылған болса (50 000 п.), 1868-1872 жылдары Бұхарадан 249 978 п. мөлшерінде құны 2 млн., Ташкенттен 133 000 п. мөлшерінде құны 768 847 р., ал барлығы 383 586 п. мақта шикізаты Ресейге тасымалданды, бұл көрсеткіш бұдан жиырма жыл бұрынғы көрсеткіштен 8 есе артқан [79], алпыс жыл өткеннен кейін бұл көрсеткіш түбегейлі өзгерді, мәселен, 1910 ж. Орта Азиядан Ресейге 138 млн. р. соммаға мақта шикізаты шығарылды яғни мақта экспорты барлық экспорттың 70%-ын құраған. Орта Азия елдері оның ішінде Қазақстанның оңтүстігі мақта шикізатының негізгі жабдықтаушысына айналды.

Орта Азиядан Қазақстанға және Ресейге шығарылған тауарлардың ішінде елтірі мен түлкі терісі тауары назар аударарлық тауар болды. Егер 1850 жылдары Ресейге бар болғаны 100 000 р. сомаға елтірі тауары шығарылса, алпыс жылдан кейін Ресейге құны 12 млн. рубльге екі миллион данадан аса қаракөл терісі шығарылды. Қаракөл терісі тек Нижегородтық жәрмеңкеде сатылған. Ресейге елуінші жылдары құны 20 000 рубльге 20 000 дана түлкі терілері шығарылды.

Ресейден Қазақстан мен Орта Азияға шығарылған басты *ресейлік тауарлар*: мануфактура, бакалеялық, галантереялық, москательді тауарлар, шай, құмшекер, нан астығы, метал және оның бұйымдары және т.б. тауарлар [80].

Ресейден Қазақстан мен Орта Азияға әкелінген тауарлардың ішінде мануфактура басты тауар болды. Бірақ 50-жылдары Ресейден Орта Азияға бар болғаны 150 000 р. соммаға мата тауары экспортталды, яғни Ресей бұл кездері Орта Азияға ол елдердің өзінен экспортталатын мата тауары мөлшерінің жартысын ғана шығарды (III Қосымша: №4 Кесте, бұл жылдары Орта Азиядан Ресейге 400 000 р. соммаға мата тауары шығарылды). Әсіресе шыт маталар көптеп шығарылды. Шыт маталар сапасына қарай, жоғары сапалы «посылиндік» және сапасы нашар «саксондық» маталар деп екіге бөлінген. Посылиндік маталарды шығарған негізгі фабрикалар: Баранов, Зубов, Дербенев, Гандурин және т.б. Уақыт өте келе, Ресей тоқыма фабрикаларының интенсивті түрде дамуына байланысты мәскеулік және басқа да орыс фабрикаларынан шыққан маталардың сапасы жоғарылап, бағасы жергілікті мата бағасынан сәл ғана қымбат болды. Сол себепті жергілікті халық енді, сапасы жоғары орыс фабрикалары маталарын алуға тырысқан [85]. Жергілікті қолөнерші-тоқымашылардың қолдарынан шыққан өнімдер, ресейлік тоқыма

тауарлармен бәсекеге түсе алмады. 1870 жылдары мануфактураның импорты күрт артты, мәселен, Қазалы арқылы Ресейден Бұхараға 1 100 000 рубльге, Ташкентке 3 831 631 рубльге мануфактура өнімдері әкелінді, ал жылына жалпы Ресейден әкелінген мануфактура өнімдерін қосып жуықтап алатын болсақ, 5 млн. рубльге жеткен, яғни бұдан жиырма жыл бұрынғы 150 000 р. көрсеткіштен 30 есе артқан (III Қосымша: №4 Кесте – IV Қосымша: №6 Кесте). Ал, 1910 жылдары Ресейден Орта Азияға барлығы 2 100 000 п. мөлшерінде құны 73,5 млн. р. мануфактура тауары импортталды, яғни 1850-жылдармен салыстырғанда мануфактураның импорты жуықтап алғанда 500 есе артты, бұл рекордты көрсеткіш, 1850-жж. мануфактура барлық импорт тауарларының 22%-ын құраса, 1910 ж. 65%-ды құраған, Ресейден импортталған ешбір тауар мұндай дәрежеде болған жоқ.

П.Г. Галузоның пайымдауынша, ресейлік тоқыма фабрика өнімдерінің осындай үлкен қарқынды ағымы жергілікті қолөнер өндірісіне кері әсерін тигізді. Бұған мысал ретінде бір ғана Ташкент қаласындағы мәліметтерді салыстыруға болады, 1885 ж. тоқыма өндірісінің жалпы өнімі 182 700 рубльді құраса, 1890 ж. бар болғаны бес жылдың ішінде бұл көрсеткіш 49 875 рубльге дейін азайған. Жергілікті өндірістің, ресейлік фабрика өнімдері әсерінен қаншалықты төмендегенін, осы мысал арқылы айқын көруімізге болады. Бұл процесстің, өлкеге әкелінген және өлкеден шығарылған тауарлардың құрамына қаншалықты әсер еткендігін де саралауға болады. Егер Түркістан өлкесінен XIX ғ. 40 ж. Ресейге шығарылған мақтадан тоқылған мата өнімдері барлық тауардың 45% құраса, ал 80-ші жылдардың ортасына таман Түркістан өлкесінен мақтадан тоқылған мата өнімдері Ресейге мүлдем шығарылмайтын болды, керісінше Ресей Түркістан өлкесіне бірыңғай фабрика өнімдерін әкелген, ал Түркістан өлкесінен Ресейге бірыңғай шикізат өнімдері шығарылды. Осы мәселеге қатысты көрсеткіштерді төмендегі кестеден көруімізге болады.

### Кесте 1 - 1885 ж. Қазалы арқылы Ресейден әкелінген тауарлар (р.)

№	Тауарлар	Бұхар иелікте ріне	Хиуа және Амудария бөлімше Сіне	Сырдария және Зеравшан округіне	Барлы Ғы
1	Шыт және т.б. мата өнімдері	2 010 000	26 000	1 045 300	3 081 300
2	Галентереялық өнімдер	18 000	1 800	175 000	195 600
3	Шай	-	-	11 800	11 800
4	Қант, құмшекер, мұз кәмпіттер	110 000	-	10 200	120 200
5	Былғары	-	-	5 400	5 400
6	Машиналар	700	-	23 000	23 700
7	Әр түрлі тауарлар	275 000	23 300	143 300	442 000
	Барлығы	2 415 200	51 100	1 413 700	3 880 000

Ескерту – Кесте: П.Г. Галузо. Туркестан-колония. - Т.: Гос. Изд. УзССР., 1935. – бойынша жасалды.



## Кесте 2 - 1885 ж. Қазалыдан Ресейге шығарылған тауарлар (рубль)

№	Тауарлар	Бұхар иеліктерінен	Хиуа мен Амудария бөлімшесінен	Сырдария, Ферғана обл. және Зеравшан округінен	Барлығы
1	Жібек	603 000	449 000	664 600	1 717 000
2	Мақта	478 000	274 600	231 400	984 000
3	Елтірі және бағалы аң терісі	540 000	-	9 100	519 100
4	Жүн және жылқы қылы	12 000	-	45 600	57 600
5	Балық	-	-	12 000	12 000
6	Қойдың ішектері	62 000	-	-	62 000
7	Әртүрлі тауарлар	112 700	11 000	23 000	146 700
	Барлығы:	1 808 000	735 000	1 018 000	3 561 300

Ескерту – Кесте: П.Г. Галузо. Туркестан-колония. - Т.: Гос. Изд. УзССР., 1935. – бойынша жасалды.

Жоғарыда келтірілген кестелерден байқағанымыздай, Ресей мен Түркістан өлкесінің тауарлы байланыстарының алғашқы сатысының өзінде Ресейден әкелінген тауарлар ашық отарлы сипатта болған: өлкеден мал шаруашылығы өнімдерін шығарған орыс көпестері, өлкеге орыс өнеркәсіп бұйымдарын әкелді. Импорттың мұндай сипаты, біз қарастырып отырған кезеңнің соңына дейін сақталды.

1850 жылдары Ресейден Қазақстан мен Орта Азияға импортталған тауарлардың ішінде металл және оның бұйымдарының мөлшері шыт және жібекпен салыстырғанда екі есе көп болды. Қазалы қаласы арқылы Ресейден Орта Азияға 1870-жж. 14 880 п. металл тауары әкелінсе, 1913 ж. Орынбор-Ташкент темір жолы арқылы Ресейден Сырдария облысына 1035429 п. металл тауары әкелінді, яғни аталған жылдары металл тауарының импорты 70 есе өсті (XVIII Қосымша: №13 Кесте).

Ресейден Қазақстан мен Орта Азияға шығарылған тауарлардың ішінде күдерінің алатын орны ерекше болды, күдері импорт мөлшері жағынан шұғадан кейінгі орында тұрды. Ресейден әкелінген тауарлардың ішінде нан астығы ерекше көзге түседі, егер 1908 ж. өлкеге 12 млн. п. нан астығы әкелінсе, 1911 ж. бұл көрсеткіш 18 млн. пұтқа артқан. А.Ф. Губаревич-Радобыльскийдің сөзімен айтқанда: «Түркістан өлкесінде мақта егуге егістікті алқаптардың көптеп тартып алудың салдарынан, күннен күнге қымбаттап келе жатқан нанның бағасы және Орынборда 1910 ж. астықтың жақсы шығуының нәтижесінде бұрыннан армандап келген, Ресейдің Түркістанды нанмен қамтамасыз ету ісі жүзеге асты».

Ресей мен Қазақстан арасындағы сауда байланыстарын талдай келе, П.Г. Галузо: «Бұл кездегі сауда айналымында орын алған құбылыстар, отарлаушы ел мен метрополия арасындағы қарым-қатынасқа тән құбылыстар» - деген қорытынды жасайды. Бір жағынан, үлкен жетістіктер өлкенің сыртқы

саудасының өсіміне ықпал етіп, «әлемдік шаруашылық айналымына» тарту процесі интенсивті түрде жүзеге асып жатты. Екінші жағынан, жергілікті қолөнер өндірісінің құлдырау процесі мен өлкенің өндірісін, Ресей өндірісіне қажетті, ауылшаруашылық шикізат өнімдерін шығаруға мамандандыру процесі жүріп жатты.

Бұл рынокты қолдау үшін бұл жерде арнайы тариф орнатылды. Бұл тариф бойынша орыс иеліктерінің оңтүстік шекаралары арқылы европалық, парсы, түрік тауарларын кіргізуге тиым салынған. Орта Азия мен Қазақстан шекарасынан шетелдік тауарлардың енуіне шектеу қоя отырып, Ресей үкіметі Орта Азия арқылы шет елдергі өз тауарларын көптеп шығаруға тырысты, нәтижесінде ХХ ғасырдың басында ортаазиялық шекара арқылы империяға фабрикалар мүлдем әкелінбейтін болды, керісінше тек сыртқа шығарылды. Сонымен қатар сыртқа (шет елдерге) ортаазиялық мақтаның бірде-бір килограммын сыртқа шығармайтындай етіп кедендік және басқа да шараларды жүзеге асырды [84].

XIX ғ. екінші жартысы Қазақстанның Ресей империясының капиталистік шаруашылығына ары қарай енуімен сипатталады. Аймақ басты тұтынушыға және ауылшаруашылық шикізатының көзіне айнала бастаған. Егер бастапқыда Оңтүстік Қазақстан өлкесі көбіне метрополияның мануфактуралық және басқа да тауарларын ірі тұтынушысы болса, оның ауыл шаруашылық шикізат көзі ретіндегі рөлі шамалы болған, кейіннен Ресейде интенсивті дамыған капиталистік өндіріс, әсіресе тері өңдейтін және аяқ-киім өнеркәсібінің дамуы мал шаруашылығы шикізатын қажет етуіне байланысты, шикізатқа деген сұраныс артып, оларды көптеп тасымалдауды қажет етті.

Қазақстан мен Орта Азияда құрылыс жұмыстардың серпінді дамуына байланысты орман құрылыс материалдарына деген сұраныс артты. Орман материалдары негізінен Ока, Каманың жоғарғы ағысы Еділ Каспий арқылы, Орынбордан әкелінген (XIX Қосымша: №35 Кесте). Құрылыс жұмыстардың жандануы цементтің көп мөлшерде әкелінуіне де әсер етті: 1910 ж. Орынбор-Ташкент темір жолы арқылы Ресейден Сырдария облысына 348 мың п., 1911 ж. 486 мың п. цемент әкелінген.

Азық-түлік тауарларының ішінде халық арасында шай мен қантқа деген сұраныс жоғары болды (VI Қосымша: №9 Кесте). Шымкент қаласында орталықтанған үш фирма шай сатумен айналысты. Губкина мен Кузнецованың, Вогау және Высоцкийдің шай сататын фирмалары жұмыс істеді. Ең соңғысының жылдық кірісі 850-900 мың рубльді құрады. Шаймен қоса фирмалар көп мөлшерде қант сатумен де айналысты. Тек қана бір Шымкент уезінде оның жылдық сатылымы 25 мыңнан 35 мың пұтқа жетті.

Мұрағат деректері бойынша, 1914-1917 жж. бірінші дүниежүзілік соғысқа байланысты өлкедегі сауда айналымы біраз баяулады, елге Европалық Ресейден әкелінетін мануфактуралық және басқа да фабрика өнімдері азайды, жергілікті ауыл шаруашылығы өнімдері біршама қымбаттады [90].

В.И. Масальскийдің еңбегінде көрсетілгендей, Сырдария облысы ішкі саудада және өлкенің өзге аудандарымен тауар айырбасы жағынан бірқатар

ерекшеліктерімен көзге түсті: Европалық Ресейге аулышаруашылық шикізатын (1908 ж. облыстан: 258 000 п. – жүн, 202 461 п. – тері, 68 582 п. – қой терісі мен бағалы аң терілері жіберілді), күріш (1908 ж. 584 000 п.), мақта (1908 ж. 887 007 п.) шикізатын жібере отырып, Сырдария облысы және ең алдымен Ташкент қаласы, Түркістан өлкесінің ең маңызды сауда-өнеркәсіптік орталығы ретінде Европалық Ресейден келетін әр түрлі тауарлардың және Ташкенттің өзінде өндірілетін тауарлардың қоймалық пункті және үлестірушісі болды [83]. Көріп отырғанымыздай Сырдария облысы Ресейдің ішкі нарығына негізінен егін шаруашылығы мен мал шаруашылығы шикізаты мен жартылай өңделген өнімдерін жіберген, олар: нан астығы, мақта, тері, жүн, күріш, балық, жеміс, мал және т.б.

1906-1911 жж. аралығында Ресейден Сырдария облысына: Ташкент уезіне 85 806 мың р., Шымкент уезіне – 41 017 мың р., Әулиеата уезіне – 19289 мың р., Перовск уезіне – 10473 мың р., Әмудария бөлімшесіне – 10530 мың р. тауар әкелінген. 1906-1911 ж. аралығында Сырдария облысы мен Ресейдің сауда айналымы 258 126 мың р. құраған. Ресейден Сырдария облысына 181 233 мың р. тауар әкелінсе, Сырдария облысынан Ресейге – 76 903 мың р. тауар жіберілген.

Ресейдің өлкедегі отарлы саясатына қарамастан, орыс капитализмінің кеңеюі өлкедегі сауданың дамуына оң ықпал еткен. Жыл сайын жергілікті шикізат пен өнімдердің экспорты өсіп, тек ортаазиялық, ресейлік нарықта ғана емес, Ресейден тысқары жерлерде де үлкен сұранысқа ие болған. Малдың терілері Берлин базарларында сатылған. Кептірілген жүзімді француздық шарап жасаушы мамандар сатып алған, ал қой ішектері барлық европалық базарларда сұранысқа ие болған. 1893 ж. ең алғаш рет сыртқа жоңышқа тұқымы мен ешкі терілерінің (Әулиеата уезінде 10 000-нан аса ешкі сойылған) ірі партиясы шығарылды. Осылайша Сырдария облысының шалғай жатқандығына, тасымалдаудың қолайсыздығына қарамастан, жыл сайын комиссиянерлік операциялар артып, бұл өз кезегінде сауда айналымдарының дамығандығының куәсі болған.

Оңтүстік өлкеде ауыл шаруашылығына көңіл бөліне бастаған соң, ауыл шаруашылығы құрал-жабдықтарын сататын қоймалар мен фирмалық дүкендер ашыла бастады. Сырдария облысының Шымкент қаласында – 4, Әулиетатада - 5 ауыл шаруашылық құрал-жабдықтарының қоймасы мен дүкендері жұмыс істеді.

Сырдария облысы арқылы басты темір жол тораптарының өтуі және бүкіл Түркістанның экономикалық саяси орталығы болған – Ташкент қаласының облыс орталығы болуы, Сырдария облысы экономикасына тауарлы қатынастардың енуін тездетті [89]. Сауда капиталы тіпті алшақ жатқан көшпенді аудандардың өзіне қарқынды түрде ене бастаған. Еуропалық Ресейдің көптеген сауда фирмалары тұрақты сауда орындарын облыстың тек қалалы жерлерінде ғана емес, ауылды жерлерінде де аша бастады. Бұл жерлердегі сауда айналымында бірінші орынды мануфактуралық және галантереялық

тауарлар алса, ал жергілікті тауарларды сататын сауда орындарында бірінші орында шарап және сыра сусындарын сататын орындар тұрған болатын.

Қазақстанның Ресеймен, Орта Азиямен арадағы ұлғая түскен сауда сондай-ақ ішкі рыноктың өсуі өлкеде сауда буржуазиясы әлеуметтік тобын қалыптастырды. К. Абиловтың мәлімдеуінше, «көпес» деген түсініктің өзі Ресей заңнамаларында XVIII ғасырда пайда болды және алғашқыда тек кәсіпкер-саудагер деген мағынаны білдірді. Ол кезде өнеркәсіптік-сауда іс-әрекетімен айналысу үшін әскери қызметтегілерден басқа, барлық таптың адамдары көпестікке жазылуға құқылары болды. Көпестік сословиенің түпкілікті заңдастырылуы 1785 ж. аяқталды, бұл жылы көпестердің статусы мен негізгі құқықтары белгіленген, Қалалық ереже жарық көрді [107]. Сауда буржуазиясының қалыптасу процесін зерттеу барысында 1897 жылғы «Первая всеобщая перепись населения...» дерегінің маңызы жоғары болды. 1897 ж. жалпыресейлік санақ бойынша Сырдария облысындағы халықтың саны 1 498 398 адам болса, оның 4,21 пайызы (62 240 адам) сауда-саттықпен айналысты. 1897 жылғы санақ мәліметтері бойынша сауда саттық ісімен айналысқан қазақтар облыстағы барлық саудагерлердің 9 пайызын ғана құраған, көпестердің 80 пайызы ортаазиялық көпестер үлесіне тиді. Қазақстанның ішкі саудасы XIX ғасырдың ортасына дейін негізінен ортаазиялық саудагерлердің қолында болды. А.Н. Тетеревников атап көрсеткендей, Ресейге қосылған алғашқы жылдарда, Сыр өңірінде орыс көпестерге қарағанда Хиуа және Бұқара хандықтарының саудагерлері көбірек кезетін. Өйткені бұл кезеңде Сыр өлкесінде орыс көпестерінің саны аз болғандықтан, сауданы кең көлемде жүргізе алмаған. Әрине, олардың ортаазиялық алыпсатарлармен бәсекелесуі де қиын еді. Орыс көпестері жергілікті халықтың тілін білмеді, дәстүрін жете түсінбеді, тіпті Ресейдің ішкі аудандарынан қазақ даласына келіп сауда жасауға көпестердің батылы да бара бермеген. Осының бәрі сауданы өрістетуге кедергі болған. Осыған байланысты, бастапқыда орыс көпестері өз тауарларын көбіне татар саудагерлері арқылы өткізді. Татар саудагерлері жергілікті халықтың тілі мен дәстүрерін жақсы білді, олардың ғасырлар бойы қалыптасқан сауда саласындағы тәжірибесінің мол болуы және діни ұстанымдарының бір болуы да, саудаға үлкен септігін тигізді. Мәселен, Ресей империясы Орта Азиялық хандықтарды толығымен бағындырғанға дейін, ол хандықтардың заңдары бойынша, діни бөлек (мұсылман емес) саудагерлерден, зекет салығы екі еселенген мөлшерде алынды. Орта Азия хандықтары Ресейге бағынғаннан кейін, өлкедегі бұл жағдай күрт өзгерді, отарлы үкіметтің қолдауымен орыс көпестері азиялық көпестерді ығыстырып, үстемдікке ие болды.

Уақыт өте келе профессионалды-көпестер ретінде қазақтар да саудаға қатыса бастады. Бастапқыда қазақтар ортаазиялық және ресейлік көпестердің приказшиктері ретінде саудаға тартылды. Кейіннен ресейлік және ортаазиялық көпестер мен қазақ даласы арасындағы делдал ретінде сауда жасай отырып приказшиктер өз капиталын жинап, жеке саудагерлерге айналды.

Профессионалды саудагерлердің көпшілік тобын делдалдар (маклерлер) құрды. Олар базарлардағы және сауда орталықтарындағы негізінен мал және оның өнімдерімен сауда жасаған операцияларда делдал болды. Делдалдықтың екі түрі болды: топтық және дара. Делдал арқылы келісімдер төмендегідей жасалды. Малды сатып алатын адам келген кезде, оның жанына бір топ делдалдар келіп, бағаны көтеру үшін сатушымен саудаласа бастайды. Егер мал жоғары бағамен өтсе, онда сатушы делдалдардың әрқайсысына 15-20 тиыннан төледі. Жеке делдалдар әдетте сатушы қазақ, ал сатып алушы орыс болып (немесе керісінше) бір-бірін түсінбеген жағдайда, сауданы өз қолдарына алды. Саудаласқан кезде, делдал екі жақтың тілді білмегендігін пайдаланып, тауарды қымбатқа сатып, әр келісімнен 50 т. пайда көрген. Енді шығып жатқан қазақ сауда буржуазиясының ең саны көп тобы *алыпсатарлар* – мал мен мал шаруашылығы шикізатын алып сатушылар болды.

XIX ғасырдың ортасына таман ірі қазақ саудагерлері пайда бола бастады. Олардың сауда айналымы бірнеше мың рубльге жетті. Ауқатты қазақтардың арасынан өз көпестері шығып, олар шептерде, форттарда, әсіресе ауылдарда сауда-саттықты өрістетті. 60-жылдардың орта шенінде Перовск фортында сауда-саттықты Тройцк, Ташкент, Бұхара, Хиуа қалаларымен сауда байланысы жергілікті қазақ көпестері жүргізді; олар тауар алу үшін Ірбіт жәрменкесіне, Қытайдың Чугучак қаласына дейін баратын. Кейбір қазақ көпестерінің меншігінде аса мол айналым капиталы болды. Мәселен, ағайынды Қонақбаевтардың 150 мың р., Медеубаевтардың - 300 мың р., Жүнісбайдың – 500 мың р. қаржысы болды. Ішіндегі ең ірілері банктерден несие алып сауда жасады [109].

Қазақ көпестерінің арасында егін шаруашылығы мен мал шаруашылығымен қоса саудамен айналысқан ірі байлар да болды. Мысалы, Жарасбаев (Перовск уезі) мыңғыртып мал айдаған, дәулетті адам еді. Оның ұлдары Қызылорда және Қостанай болыстарын басқарды. Олардың әрқайсысы 500-1000 түйе, 1500-2000 бас қойға ие болды. Жалданбалы жұмысшылардан өзге, олармен бірге тұрақты түрде 15-20-дан астам тәуелді кедей шаруалар көшіп-қонып жүрді. Жарасбаевтар бір мезгілде ірі саудамен және өсімқорлықпен айналысты. Олар малмен сауда жасаушы бай кәсіпкерлер болып саналды [110].

Қазақ ұлттық сауда буржуазиясының кейбір бөлігі кешегі феодалды-рулық ақсүйектерден де қалыптасты. Капиталистік қатынастардың енуі және соған байланысты натуралды шаруашылықтың ыдырауы қазақ ақсүйектерінің бір бөлігін жаңа экономикалық жағдайларға бейімделуге мәжбүр етті, олар енді өз шаруашылығын нарықпен байланыстыруы қажет еді. Бірақ бұл жағдайларға ақсүйектердің аздаған бөлігі ғана бейімделді.

Ресейлік-азиялық сауданың бірінші пионері Михаил Александрович Хлудов болды, ол 1863-1865 жылдары орыс көпестерінің ішінде бірінші болып Бұхарға барып, сауда байланыстарды орнатты, екі жылдан кейін бірінші болып Қоқанға барып ол жерден орыс контораларын ұйымдастырып, Хожентте европалық жібек матасын дайындайтын фабрика ашты. Көптеген кедергілерді

жеңе отырып, М.А. Хлудов өз керуенімен Қашғарға еніп, Якуб-Бекпен тікелей байланыстар орнатты. М.А. Хлудов Орта Азияның барлық тілдерінде сөйледі, және бұл жерлердің барлық жолдарын да жақсы білді, осы қабілетімен ол М.Г. Черняевтің жорықтарына көп септігін тигізіп, Ура-Төбе мен Жизақтың штурмына қатысты [91]. Орта Азияда Хлудовтар үйінің ірі саудагер және ірі капитал иелері ретіндегі беделінің жоғары болғаны соншалық, оларға тіпті бұхар әмірінің өзі ақша ссудасы өтінішімен келген болатын [92].

Қазақстанның оңтүстігінде сауда ісімен айналысқан әйгілі көпестердің бірі Н.И. Иванов болды. Н.И. Иванов Түркістан аймағында «Орыс сауда және өнеркәсібінің алғашқы пионері» деген атқа ие болды. А.И. Добросмысловтың мәліметінше, Н.И. Иванов Қазалыға 1865 ж. небары 3-4 мың теңгемен келген. Ол мұнда астық, арақ сатып, шенеуніктер мен орыс қоныстанушыларын қамтамасыз етті және жергілікті әскери бөлімге қажетті тауарларды тасымалдады. 1879 ж. Жетісуға қоныс аударып, сауда-саттығын жалғасытырып, нәтижесінде үлкен байлыққа ие болды.

Н.И. Иванов Қазақстанның оңтүстік аймағының қалаларында және Түркістанда өзінің кәсіпкерлігін кеңейтті. Ол өзінің мұрагерлеріне миллиондаған капитал қалдырды. Өлгеннен кейін оның құрған фирмасы «Кеңесші Н.И. Ивановтың коммерциясының мұрагерлері» деп атала бастады (сол кезеңде ірі кәсіпкерлерге патша үкіметі «кеңесші» атағын беретін болған). 1913 ж. жылдары фирманың төмендегідей кәсіпорындары болған: Самарқанда ірі жүзімдік плантациясы бар жүзім шарабы зауыттары, Верный уезі Түргень селосында үлкен спирт зауыты (завод 3 ½ млн. градус спирт өндірген), сонымен бірге, көптеген қалаларда сыра зауыттары жұмыс істеді. Ташкентте 200 мың шелек сыра өңдейтін, бу машинасымен жұмыс істейтін, электрлі құрылғысы бар сыра заводы, жасанды мұз жасайтын завод, Қазалы қ.-да – 15 мың шелек сыра қайнататын сыра завод, Перовскіде – 25 мың шелек сыра қайнататын сыра завод, Әулиеатада – 25 мың шелек сыра қайнататын сыра завод, Пішпекте – 50 мың, Верныйда- 70 мың, Түргеньде – 10 мың шелек сыра қайнататын сыра заводтар; одан басқа фирманың Ташкентте темекі фабрикасы мен папирос шеберханасы болды. Аталған кәсіпорындарды отынмен қамтамасыз ету мақсатында фирма Хожент қаласында жылына 100 000 п. көмір өндіретін көмір кенін ашты. Бұл көмірдің барлығын фирма тек өз заводтарының қажеттіліктеріне жұмсады.

Барлық аталған кәсіпорындар фирманың сатып алған ауыл шаруашылық шикізаттары: астық, жүзім, темекі т.б. өнімдерді өңдеумен айналысты. Олар шикізатты өте арзан бағаға сатып алып, өнімді қымбат бағаға өткізіп қор жинады. Мысалы, 1889 ж. Сырдария облысының статистикалық комитетінің мәліметінше, Иванов жүзімнен спирт (арақ) қайнату үшін, жүзімнің бір пұтын 40 тиынға сатып алған, ал шарап жасау үшін бір пұтын 59 тиыннан сатып алған. Ал дайындалған шараптың бөтелкесін 40 тиын мен 1 рубль көлемінде сатты. Бұл оның көп пайда табуына мүмкіндік берді. Фирма өндірістік мақсатта ауыл шаруашылық өнімдерін өндірумен де айналысты. Фирманың Ташкент маңында 50 десятиналық жерінде орналасқан жеміс бағы; Ташкент уезінде астық егетін

жері; Әулиеатада ірі жылқы зауыты (кейіннен Тургеньге көшірілді); Ташкентте ірімшік қайнататын сүт фермасы және құлмақ (хмель) плантациясы болды.

Оның миллиондаған капитал айналдырғанын, мемлекетке төлеген салық мөлшерінен-ақ білуге болады. Басқа саудасын есептемегенде фирманың тек қана арақ-шарап, темекіге төлейтін қазыналық акцизі 200 мың рубльді құрады. Ондай ақшаны тек ірі капиталы бар фирма ғана төлей алатын. Фирманың тұрғылықты жылдық табысы 99 000 рубльді құрап, 450 жұмысшы және жылдық табысы 127 000 рубльді құрайтын 110 әкімшілік қызметкерлері болды. Иванов фирмасының өлкенің барлық қалаларында бірінші дәрежелі дүкендері жұмыс істеді.

Өлкедегі келесі бір атақты саудагерлердің бірі – ағайынды Хусайыновтар болды. Олар 1862 ж. № 1 фортта 15 мың рубль капиталмен сауда жасаған болса, 1912 ж. фирманың капиталы 8 млн. рубльге жетіп, тауар айналымы бірнеше ондаған миллионды құрады. Ағайынды Хусайыновтардың кірісінің басты көзі – ауыл шаруашылық тауарларын сыртқа шығару және орыс өндіріс тауарларымен сауда жасаудан түсті. XIX ғ. 80 жылдары олар Ресейге 1 млн. рубльге тері мен жүн өнімдерін шығарды. Жергілікті қазақтармен айырбас саудасын жүргізіп, жылына 100%-дан 300%-ға дейін пайда көрді. Олардың жетекшісі, үлкен ағасы, Ахмет Галиевич Хусаинов болған. Олар, сауда ісін жоғары деңгейде меңгерген, іскер болған, аз ғана уақыттың ішінде ірі капиталға қол жеткізіп қана қоймай, 1870-1880 жылдары бұл жерлерден орынборлық орыс көпестерді мүлдем ығыстырып, Қазалы, Перовск, ішінара Торғай облысы Ырғыз уезінің қазақтарымен жасалатын айырбас саудасын толығымен өз қолдарына алған.

Қазалы қаласындағы соттың көмекшісі болған, И.В. Анничков, қаладағы ірі көпестердің саудасын былайша сипаттады: «Қазалыда татар мен сарттардың бір тобы мәскеулік фабриканттар мен қазақтардың арасында делдал болып, бүкіл нарықты жаулап алды, олар айырбас саудасын несиеге жүргізіп, өлкеге төменгі сортты әртүрлі тауарларды әкеліп, оларды шикізатқа айырбастады. Қазақтарға ақшаны несиеге беру арқылы олар үлкен табысқа кенелген, әдетте 50 сом қарыз алған қазақ, оны соңында 200 сом қылып қайтаратын болған, әйтпесе одан да үлкен мөлшерде қайтарған. Осы аталған сауда операциялардың барлығы заңдастырылып, вексельдердің, үкім қағаздардың, келісім шарттардың негізінде қазақтардың аяқ қолын байлап, қарызға кіргізген» [93].

Кейбір ірі көпестердің сауда операциялары өздерінің көлемділігімен ерекшеленді. Мысалы, XIX ғ. соңында – XX ғ. басында көпес Пугасовтың сауда операциялары бүкіл Түркістан өлкесін қамтыды. Жетісу және Сырдария облысының барлық қалаларында шарап, сыра, аяқ-киім және мата және басқа да өнеркәсіптік тауарлармен сауда жасайтын дүкендері болды.

Аталған ірі миллионер-көпестерден басқа да ұсақ көпестер де болған. Олар: ағайынды Деев, Лебедев, Кириллов, ағайынды Панфилов, Баныкин, ағайынды Путаловтар және т.б. [94]. А.И. Добросмысловтың мәлімдеуінше, ең алғашқы орыс көпестері, №1 Қазалы форты құрылған кезден бастап, осында келіп, саудамен айналысқан. Бұл кезеңде орыс көпестерімен қатар бұхар

көпестері де фортқа келіп саудамен айналысса, олардан кейін еврейлер, ал 1858 ж. бастап хиуалық көпестер де осында келген. Қазалыға келген ең алғашқы орыс көпестері: орынборлық көпестер Деевтер, ағайынды Путаловтар, Оглотков және Хрулин. Форт құрылған алғашқы жылдары орыс көпестері әкелетін тауарлар мөлшері көп болған жоқ, тіпті 1858 ж. дейін ол тауарлар еш жерге тіркеліп бақыланбаған. 1858 ж. кедендік тіркеуден кейін ғана №1 Қазалы фортына Орынбордан келген тауардың құны 70 000 сом болғаны белгілі. Қазалыдағы орыс көпестері форт құрылған кезден бастап өз үйлерінен сауда орындарын ашқан болатын, ондай үйлер 5-у болды. Бұхарлық және бұхарлық еврей көпестер алғашқыда сауданы фортштаттың жанындағы киіз үйлерде жүргізсе, 1862 ж. орынборлық генерал-губернатор сәкілерді соғуға рұқсат берген болатын. Рұқсатты алған көпестер, осы жылы «бұхарлық кейіптегі» 106 сауда сәкілерін салған [95]. Бұл кездері Ресейден әкелінген тауарлардың сапасы өте төмен, өтпей тұрып қалған тауарлар болды, олардың бір бөлігі жергілікті қазақтармен айырбастау үшін және біршама бөлігі форттағы орыс қоныстанушылары мен гарнизонның қажеттіліктеріне әкелінді, ол тауарлардың да сапасы нашар болды.

Орыс көпестерінің приказшыкері №1 Қазалы форты маңындағы ауылдарды аралап, өз тауарларын қой, тері, жүн киіз, тоң май және т.б. өнімдерге айырбастаған. Деевтер мен Путаловтар бір жылда Орынбор базарына 20 000 мың бас қой, 100 000 п. тері мен жүн өнімдерін жіберіп отырған. А.И. Добросмысловтың мәлімдеуінше, XIX ғ. 60-шы жылдарының басында №1 Қазалы фортындағы орыс көпестерінің сауда айналымы бір жылда жарты миллион сомға жеткен [96].

Перовск фортында орыс көпестері өз саудасын форт алынған кезден бастап жүргізе бастаған (Қоқан кезеңінде Ақ мешіт бекінісінде сауданы көбіне бұхарлық және ташкенттік көпестер жасаған). Перовск уезіндегі ең бірінші орыс көпестері: ағайынды Деевтер, Лебедев, Кириллов, ағайынды Панфиловтар, Баныкин, ағайынды Путаловтар болды. Содан соң мұнда бұхарлық және бұхарлық еврей көпестері қайта оралды (1856 ж. Перовск базарында 100 бұхар көпестері келіп сауда жасады), 1858 ж. бастап орынборлық және қазан татар көпестері пайда болды. 1868 жылға дейін татар көпестері бұл өлкеде уақытша «қонақ» ретінде болса, аталған жылдан кейін ағайынды Хұсайыновтардың арқасында татар көпестері саудадағы монополистерге айналды. 1861 ж. 1-тамыз бен 1862 ж. 1-қазан аралығында Перовск базарына Бұхара мен Қоқаннан келген көпестер барлығы 101 220 рубльге тауар әкелді. Бұнда келетін азиялық көпестер осындағы 112 сәкіге орналасты, қалған 21 сәкі қазақтардікі болды [97]. 1863 ж. Перовск фортында 213 өзбек саудагерлері 123 сауда сәкілерінде сауда жасады. Перовск фортындағы сауданы жан-жақты сипаттаған Сырдария әскери шебінің майоры А.Л. Данзас форттағы көпестерге төмендегідей талдау жасады:

«1) Орыс көпестері приказшыкерінің сәкілері азиялық көпестердікіне қарағанда жақсы, олар сауданы ұзақ уақыт жасайды, тауарларының көпшілігі ең алдымен қазақтардың тұрмысына қажетті орыс тауарларынан тұрады,



қазақтармен сауда көбіне айырбас түрінде жүргізіледі, олар ауылдарға көптеген маталарды және әртүрлі әйелдерге арналған арзан әшекей бұйымдарын жіберіп, оларды қойға, теріге, қойдың майына, елтіріге, арпа, тарыға айырбастап келеді [98].

2) 1858 ж. фортқа алғаш рет орыс тауарлары бар екі татар көпестері келді, бұның алдында олар Тройцкіде сауда жасаған, осында келгеннен кейін татарлар саудада кіші-гірім төңкеріс жасады. Осы уақытқа дейін орыс көпестері өзара келісіп, тауарлаға бірдей бағаларды орнатып келген, ал жаңадан келген татарлар ол көпестерге еш қатысы болмағандықтан өз тауарларын әлде қайда арзан бағаға сатты (қант, мата өнімдері), нәтижесінде осы жылы форттағы қолма-қол ақшамен жүретін орыс сәкілерінің саудасы толығымен-дерлік тоқтап қалды.

3) Ресейлік мата тауарларын сататын қазақ көпесінің жағдайы басқалармен салыстырғанда төмен, өйткені оның сауда айналымы шамалы болды.

4) Бұхарлықтардың саудасы біржақты және оларда ең алдымен қазақтардың тұрмысына қажетті тауарларды сатты, ең басты тауарлары: мата, халаттар, көрпелер, кимешектер; бұхарлықтар да ауылдарға тауарларды айырбасқа жіберіп, айырбысталған тауарларды қайтып сатты. Бұхарлықтар саудасының капиталы аз болса да, ол капиталдарының айналымы тез жүреді, сол себепті оларға кіші-гірім керуендер жиі келіп тұрады, 3,5 жылдың ішінде оларға 409 түйеге артылған тауарлар келді, сонымен қоса жуырда 40 түйеге артылған керуенді күтуде.

Ең табысты сауда дәрі-дәрмек саудасы, ондай саудамен айналысатын бұхарлық саудагерлер 2-у. Олардың дәрі-дәрмектері көбіне дәрілік шөптер мен тамырлардан тұрады, ол дәрілерді ауырған адамға, бұның алдында сатып алып жүрген адамдардың сөздеріне сүйеніп өздері ұсынып сатқан. Кейде сатып алушы дәрінің рецептін ауызша айтқан [99].

Фортта тікелей сатушылықпен айналыспайтын бұхарлықтар 4, олар тауарлардың егелері. Олар өз орындарына приказшиктерді қойды, оның өзінде олардың тауар айналымы аз сомманы құрайды. Тауардың егелері көбіне приказшиктерге сенім артпаған, себебі приказшиктер көбіне егелерін алдаудың түрлі тәсілдерін қолданады, мысалы, олар сәкіні тесіп, сандықтың құлпын бұзып, ұрлықтың белгілерін жасағаннан кейін, жан дауысымен өзінің тоналғандығын айтып айқайлай бастайды, содан соң егесіне хабарлайды. Егесі өз кезегінде жанындағы саудагерлерден оқиғаның болған мән-жайын сұрастыра келіп, расында ұрлықтың орын алғандығына сеніп, приказшикке қатысты іс қозғамайды, приказшик біраз уақыт өткеннен кейін өзі жасырып қалған ақшаға өз пайдасына саудасын жасай береді. Бұндай мысалдар жиі кездеседі.

5) Жаңадан келген қокандық көпестер 4-у, олар өте кедей және саудалары болмашы ғана. Саудаларына кедергі келтіретін ең басты нәрсе айналымда ұсақ тиындардың тапшылығы.

6) базарда сауда жасайтын қазақтар көбіне бұхарлық және жергілікті өнімдерді сатумен айналысады, олар: пияз, бидай, темекі, ет, олардың саудасы бұхарлық көпестердің саудасына өте ұқсас.

7) Қазақтар қой мен ешкілерді сойып, бұхар ұнынан нан пісіріп, еттерді асып, тәтті бәліш пісіріп сатады. Ет сатумен айналысатын адамдардың саны бұхарлықтарды қоса есептегенде 11. Етке жасалған арнайы тапсырыстарды есептемегеннің өзінде олар күніне шамамен 25-30 қой мен ешкілерді сойып сатады» [100].

Қазақстан өзінің бай шикізат ресурстарымен тек ресейлік капиталдың ғана емес, шетелдік капиталдың қызығушылығын тудырды. Осыған байланысты зерттелініп отырған кезеңде, Сырдария облысында, ресейлік, ортаазиялық көпестермен қатар шетелдік көпестер мен кәсіпкерлер әрекет етіп, шетелдік капиталдың енуіне ықпал жасады. Патша үкіметі бір жағынан, Орта Азияға шетел капиталының енуіне кедергі жасай отырып, осы өлкедегі орыс буржуазиясын да, өзінің саяси мақсаттарын да бәсекеден қорғағысы келді. Екінші жағынан, Ресей империализмі Орта Азияны экономикалық жағынан игеруді көздеді, ол үшін шетел капиталын тартуды артық санаған жоқ. Патшалық үкімет пен капиталистік империализм арасындағы осындай қайшылықты, сарайдағы байланыстарды, дипломатиялық және басқа жолдарды пайдаланған шетелдік капиталистер Орта Азияға енудің бар амалын жасады.

XIX ғасырдың 60-жылдардың соңында неміс кәсіпкері Г.Ф. Шот 1868 ж. Ташкент қаласында шұжық өндірісін ашып, кейіннен тау-кен кәсібіне көшті. 1873 ж. француз П.В. Гурдэ бастапқыда Ташкенттегі жібек орайтын фабриканы басқарды, кейіннен механикалық ара аралайтын кәсіпорынды басқарып, Ташкентте тоқыма фабрикасын ашты. П.В. Гурдэ фабрикасында 85 ағаштан жасалған станоктарда 65 адам жұмыс істеп, күніне 5250 аршын мата шығарды. Өлкедегі осы жалғыз тоқыма фабрика 1874 жылдың соңына дейін жұмыс істеп, жергілікті жоғары сапалы шикізаттың жетіспеушілігіне байланысты жабылды. XIX ғасырдың 60-жылдары неміс көпесі Н.А. Гринберг Ташкентте минералды су шығаратын кәсіпорынды ұйымдастырды. XIX ғасырдың 70-жылдары И.И. Краузе май шығаратын заводты ашты. 1901 ж. Қарасуда Р.Ф. Шумберт май шығаратын заводты ашты. 1906 ж. бұл завод күріш тазалайтын завод болып қайта құрылды. XX ғасырдың басында шай және құмшекер сататын әйгілі 9 дүкеннің бірі «Караван» деп аталатын неміс фирмасының бірі болды. Ташкенттегі шұжық сататын ірі 5 дүкеннің бірі неміс кәсіпкері И.П. Шнайдердікі етін. Әулиеата уезінде XX ғ. басында неміс кәсіпкері Вольтер Әулиеата қаласындағы сыра қайнататын завод пен ірі диірменнің егесі болды. Неміс кәсіпкерлерінің ішіндегі ең ірісі 1883 ж. Ташкент қаласына келген Генрих Вильгельмович Дюршмидт болды. XX ғасырдың басында Дюршмидт өзінің өкілдері арқылы Орта Азиядан жыл сайын құны екі миллион тұратын 6 млн. ішек сатып алып отырды. 25 жылдың ішінде Дюршмидт ішекті алып сатумен айналысқан ұсақ кәсіпкерден ірі миллионерге айналды. 1890 ж. Л. Зальм «Луи Зальм» деген акционерлік қоғамның басшысы болды, олардың Ташкент қаласында аяқ киім шығаратын фабрикалары және әскерге әскери киім тігетін шеберханалары болды [106].

Көпестер қоғамдық өмірге де өз үлестерін қосты, әсіресе, қайырымдылық іс-шараларын жасау ісінде көзге түсті. Көпестер өз капиталдарының бір бөлігін

білім беру, мәдениет, денсаулық сақтау мекемелеріне және мешіт басқа да ғимараттарды тұрғызуға көмек ретінде жұмсады [103]. Мәселен, 1874 ж. Н.И. Ивановтың қаржылық қолдауымен Қазалы қаласында православ шіркеуі салынды [104]. Сырдария облысында 1891-1892 жж. үлкен жұт болып, халқы аштыққа ұшыраған кезде көпес Г. Хусайынов 300 адамға өз қаражаты есебінен қаржы берді [105].

Ұлттық сауда буржуазиясының қалыптасу процесі өте баяу жүрді. Оған натуралды шаруашылықтың үстем болуы, ресейлік және ортаазиялық көпестердің бәсекесі әсер етті. Ұлттық сауда капиталының қалыптасуына Қазақстанның отар болуы да кедергі жасады: Ресей буржуазиясы қазақ көпестерінің негізгі тауары – мал және оның өнімдеріне өте төмен баға берді. Қазақстан саудасында қазақ көпестерінің үлес салмағы төмен болды. Байлардың саны да көп болған жоқ. Кейбір санақтар бойынша, байлар барлық қазақ халқының 8-12 пайызын құраған. Бірақ, санының аз болуына қарамастан, ұлттық буржуазия мен алыпсатар-байлардың қолында капиталдың көп бөлігі шоғырланды, сонымен қатар жер мен малдың үлкен негізгі бөлігі де байлардың қолында шоғырланды. Саудагер қазақтар жалпы капиталдың ішінде аз мөлшердегі капиталды иеленді, соған сәйкес профессионалды саудагерлер тобының төменгі қабатында тұрды. Қазақ буржуазиясының өнеркәсіптік іс-әрекеті де баяу дамыды, себебі ақша капиталының шектеулі болуы, техникалық білімнің жоқтығы, отарлы үкіметтің саясаты кедергі жасады. Сол себепті, қазақ көпестері өз капиталдарын, негізінен, өңдеуші кәсіпорындарға салып (тері илейтін, жүн жуатын заводтар, диірмендер және т.б.), Ресей капиталы мен жергілікті рынок арасындағы делдал ролін атқарды.

Сауда капиталының енуі, ақша қатынастарының дамуы Қазақстанда жергілікті рыноктардың құрылуына алып келді. XX ғасырдың басында бүкіл өлке осындай жалпыресейлік нарықпен байланысты аймақтық рыноктар жүйесімен қамтылды. Қазан төңкерісіне дейінгі Қазақстанда жергілікті рыноктардың дамуы мен бірігу процесі жүргенімен, ол процесс аяқталған жоқ, ортақ ұлттық нарық әлі қалыптаспады. Патриархалды-феодалдық қатынастардың үстемдігі, қанаудың феодалды формаларының орын алуы және т.б. жекелеген жергілікті рыноктардың ортақ бір ұлттық нарыққа бірігу процесін тежеді. Қазақстанның кейбір аудандарының арасында экономикалық байланыстар әлсіз болды, сол себепті Қазақстанның халық шаруашылығы ортақ бір халықшаруашылық жүйеге біріккен жоқ. Қазақстанға капиталистік қатынастардың енуі өлкенің натуралды шаруашылығының оқшауланған сипатын жойып, қазақ экономикасына шаруашылықтың неғұрлым прогрессивті формаларының енуіне алып келді. Дегенмен, қазақ қоғамын капитализациялау процессінің негативті жақтары да болды, себебі Қазақстанды отар елге айналдырып, қалыптасқан дәстүрлі қазақ қоғамының құрылымына түбірлі өзгеріс әкелді [111].

Өлкенің жалпы экономикалық жағынан артта қалуы, орыс, татар, өзбек көпестері тарапынан болған үлкен бәсеке, қазақ халқында саяси биліктің болмауы, рыноктарда мал және мал шаруашылығы өнімдерінің төмен

бағалануы, осы аталған жағдайлардың барлығы, ірі ұлттық сауда капиталының қалыптасуына кедергі жасады [112]. Қазақстанда ұлттық капитал тек «капиталдың бастапқы түрінде» сауда және өсімқор капитал түрінде ғана қалыптасты, капиталдың жоғарғы формасы өнеркәсіптік капиталға дейін көтеріліп үлгерген жоқ [113].

Сонымен, жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келе төмендегідей қорытынды жасауымызға болады: Қазақстанда үстем болған сауда капиталында, айырбас сауданың сақталуы, сауданы қарызға жасаудың кеңінен қолданылуы, қазақ халқын аяусыз қанаудың қаруы болды, сонымен қатар бастапқы капиталдың қорлануының негізгі көздерінің бірі болды.

Қазақстан экономикасына тауар-ақша қатынастарының белсенді түрде енуіне қарамастан, XIX ғасырдың соңында да ақшалай сауда, айырбас сауданы, түпкілікті ығыстырған жоқ. XIX ғ. екінші жартысында далалық аудандарда, натуралды айырбас, тасымалдаушы сауда да үстем болды. Қазақ даласында ұсақ көпестер мен алыпсатарлар қазақ халқымен негізінен тікелей айырбас арқылы сауда жасады.

Қазақстанның оңтүстігі мен Ресейдің арасындағы тауар айналымы жүйесінің дамуы нәтижесінде, қалыптасқан еңбектің географиялық бөлінісі тең болған жоқ: Ресей үшін, ең алдымен өнеркәсіпке жұмсалатын, қордың жиналуы болса, Орта Азия мен Қазақстан үшін - өлкенің ауыл шаруашылығы шикізатының мол байлығын сору, қаладағы өнеркәсіптің және ауыл шаруашылығындағы капитализмнің дамуын тежеу болды.

XX ғасырдың басында Қазақстанға сауда капиталының енуі өлкенің экономикасына айтарлықтай өзгерістер әкелді. Қазақтардың натуралды шаруашылығы біртіндеп ақшалы, тауарлыға айналды, жергілікті рыноктар қалыптасты, Қазақстанның ішкі аудандары арасындағы байланыстар күшейді, қазақ халқының буржуазиялы ұлтқа өту процесі жүріп жатты. Дегенмен, тауарлы өндіріс пен жергілікті сауданың дамуы өндірістің ескі феодалдық әдістерін жойған жоқ. Ауылдарға енген өсімқор сауда капиталы өндіріс әдістерін өзгерте алмады, себебі оған қажетті жағдайлары болған жоқ. Қазақстандағы капитализм, отарлы сипатта болуына байланысты, бастапқы қор жиналу кезеңіндегі өсімқор сауда капиталы сатысында қала берді.

## **2.2 Мал шаруашылығы өнімдері саудасы**

Мал, көшпенділердің ең басты байлығы болды, бұл туралы А.К. Гейнс былай деп жазды: «Бұл халықтың материалдық жағдайы ең алдымен малдың санына тәуелді: оның санына қарай қазақтарды үшке бөлуге болады: бай, орташа және кедей». И.Ф. Барламбергтің айтуынша «мал шаруашылығы – қазақтардың байлығының қайнар көзі, сол себепті мал шаруашылығы олардың ауқаттылығының сенімді өлшемі бола алады» [116].

Зерттелініп отырған кезеңде, мал шаруашылығымен облыстың барлық көшпелі қазақтары айналысты мал шаруашылығы қазақтардың негізгі кәсібі болған, жартылай көшпелі қазақтар мал шаруашылығымен және егін шаруашылығымен қоса айналысты, ал отырықшы тұрғындар малды тек егін

шаруашылығы қажеттіліктеріне ұстаған. Тек 1890 жылдардан бастап Сырдария облысында бұл саламен орыс қоныстанушылары да айналыса бастаған. Мысалы, статистикалық деректердегі мәліметтер бойынша, Әулиеата-қарабалта пошта жолын қараушы орыстардың қолында табын-табын жылқылар болған, сонымен қатар орыс қоныстанушылары ірі қара мал түрлерін өсіріп, Меркі базарларына және Әулиеата жәрмеңкесіне шығарып сатқан.

XIX ғ. екінші жартысында өлкеде тауарлы мал шаруашылығы дамыды. Жаңа байлар малды тек өз қажеттіліктері үшін ғана емес, рынок үшін де өсіре бастады. Бай саудагерлер жәрмеңкелермен байланысты болып, өз шаруашылығын рынок қажеттіліктеріне бейімдей бастады [117].

Қазақстанның оңтүстігін отарлаудың алғашқы жылдарының өзінде мал саудасы жылдам қарқынмен дамыды, мәселен, 1860 ж. Перовск фортында барлығы 16 213 рубльге [118], 1862 ж. 31 608 рубльге мал сатылды [119]. 1856 ж. генерал Осмоловскийдің айтуы бойынша, Сырдария өңірінің қазақтары Бұхарға қой, тері, киіз, шекпен т.б. өнімдерді әкеліп сатқан. Олардың сауда операцияларының басты тауары мал болған. Жыл сайын олар бұл жерге 50 мың – 100 мың мөлшерінде мал әкеліп сатқан [120].

П.Г. Галузоның мәлімдеуінше, малмен және мал өнімдерімен сауда жасаушы көпестер, ресейлік және ортаазиялық саудада ешқандай бәсекелестікті кездестірмеді [121]. Мал шаруашылығы өнімдерінің ең ірі жабдықтаушысы болған, Оңтүстік Қазақстан тұрғындары, сауданың нәтижесінде өздеріне қажетті жер шаруашылығы өнімдерін, өндірістік бұйымдарды және қолөнер бұйымдарын иеленген [123].

С.И. Гулишамбаров өз еңбегінде өлкедегі мал шаруашылығына төмендегідей баға берді: «... көшпенділердің ең басты және жалғыз табыс көзі мал шаруашылығы, бірақ, бұл саланың өнімділігі отырықшы халықтың өнімділігімен салыстырғанда төмен. Мал саны көп болғанымен, Түркістан өлкесінде сүт шаруашылығы, май шайқайтын, сыр қайнататын, тері мен жүнді өңдейтін кәсіптердің үлкен өнеркәсіптік маңызы жоқ, олардың өнімдерін тек жергілікті халық тұтынды. Көшпенді шаруашылықтың сыртқа шығаратын – тері, жүн, киіз, кілем т.б. тауарларының мөлшері мал шаруашылығы потенциалы мөлшеріне сәйкес келмейді. Өлкеде өнеркәсіптік мал шаруашылығын дамыту тенденциялары немесе мал шаруашылығы өнімдерін кеңінен пайдаға асыру шаралары байқалмайды. Мал шаруашылығы қарапайым сипатта жүргізіледі, сол себепті қыс қалың түсіп, жұт болған кезде көшпенділер бар малынан айырылып, жүдеген... » [122].

С.Н. Наумов өз диссертациясында, Оңтүстік Қазақстандағы тасымалдаушы айырбас сауданың маусымдық белсенділігін көшпелі мал шаруашылығының спецификасымен және табиғи географиялық факторлармен байланыстырады. Осы мәселеге байланысты ол: Сырдария облысында көпшілік малшылардың қыстақ орны «...Қуан-Дария, Жаңа-Дария өзендерінің құрғақ сілемдері арасындағы кең жазықтар мен Қызылқұм шөлінің кең-байтақ құмды кеңістіктерінде болды. Олардың өсімдік дүниесі өте бай, түйелерді қойлар мен қозыларды қыста жайыуға жеткілікті өсімдігі бар. Бұл құмдардың

айырмашылығы, олардың 60-90 пайызы шөптер мен бұталы өсімдіктермен жамылған. Құмдардың тағы бір ерекшелігі, біркелкі төбелі қатарлары және олардың арасында терең ойпатты жерлердің болуы. Сол себепті қыстың ең суық айларында қатты желдер, борандар болмаған... Қызылқұмда қыстауда болған малшылар жұтқа ұрынбаған... Наурыз айының басында көшпенділер солтүстікке қайта оралуға жинала бастаған» [125]. Нәтижесінде, айырбас сауданың қыстағы уақытта белсенді болуы, көшпенді халықтың Қазақстанның оңтүстігінде жоғары дәрежеде шоғырлануымен байланысты болды» - деп, түсіндірді.

А.Н. Тетеревниковтың мәлімдеуінше, Сырдарияда тұратын қазақтар қой, түйе өсіріп, жүн, арқан және киіздерді Бағаналы руының қазақтарына жылқы мен ірі қара малға айырбастаған. Шілде айында, Торғай және Тобыл өзендерінің бойында Орынбор казак шебінде тұратын қазақтармен кездесіп, өз өнімдерін ағаштан жасалған бұйымдарға айырбастады. Көшпенділер қайтадан Сыр өңіріне қайтқан кезде, мал мен мал шаруашылығы өнімдерінің бір бөлігін егіншілерге нанға айырбастаған [126].

Өлкедегі мал саудасы жылданжылға артып, қарқынды дамыды. 1886 ж. Сырдария облысы бойынша барлығы 206 810 мал басы 1 407 390 рубльге, 1892 ж. 1 148 895 мал басы 4 314 200 р. сатылып, 1886 жылмен салыстырғанда саудаға түскен мал басы 5 есе артты (ХІ Қосымша: №16 Кесте). Мал саудасы нарығында бұл көрсеткіштер 16-17 жыл ішінде бірте-бірте жоғарылап, 1909 ж. облыс уездері базарларында 976 130 мал басы 14 256 700 р. сатылды, яғни 1892 жылмен салыстырғанда 17 жылдың ішінде малға деген сұраныстың артып, соның нәтижесінде мал бағасының 4 есе қымбаттағанын көруімізге болады. Сырдария облысының мал саудасы нарығындағы ең жоғарғы көрсеткіш 1911 ж. орын алды. Бұл жылы облыс уездері базарларында (Ташкент уезі, Өмудария бөлімшесін қоспағанда) 1 310 718 мал басы сатылып 16 206 265 рубльді құрады.

1886 ж. облыстағы мал саудасы айналымы бойынша бірінші орында Шымкент уезі тұрды, одан кейін Әулиеата, Перовск, Қазалы уездері тұрды. Одан кейінгі жылдары мал саудасы бойынша біріншілікті Әулиеата уезі иеленді. 1892 ж. Әулиеата уезіндегі мал саудасы, облыстағы барлық мал саудасының 80% құраған, бұған себеп уездегі малға деген сұраныстың жоғары болуы және облыстағы жалғыз ірі жәрмеңке Әулиеата жәрмеңкесінің, осы жерден ашылуы еді.

С. Мәдуановтың еңбегінде көрсетілгендей, өлкедегі қазақ малшылары, ғасырдан-ғасырға Орталық Азияның өзбек, түркімен, қарақалпақ және қырғыз халықтарымен көрші отырып, ет сүт өнімдерінің, мал шаруашылығы өнімдерінің және өлкенің қала тұрғындары мен егін шаруашылығына қажетті малдың ең негізгі жабдықтаушысы болған [127].

Ресми тіркелген мал базарларының ішінде ең ірілері Меркі және Әулие ата базарлары болған, одан кейінгі орындарда Түркістан және Ташкент мал базарлары тұрды, аталған базарларда сонымен қатар әр түрлі мал шаруашылығы өнімдері сатылды. Шымкент уезінде ең ірі мал базарлары:

Шымкент, Түркістан, Сайрам және Қарабұлақ базарлары, Әулиеата уезінде ең ірі мал базарлары Әулиеата, Меркі, Шақпақ және Дмитриевка ауылдарында болды. Қазалы, Перовск және Түркістан уездерінің қазақтары қойлар мен жылқыларды Қызылқұм шөлі арқылы Бұхар мен Зеравшан округіне, Орынбор мен Тройцкіге және Хиуа хандығына жіберген.

Капиталистік қатынастардың енуіне байланысты мал шаруашылығы әсіресе қой шаруашылығы тауарлы сипат ала бастады. Қой түлігін қазақ негізгі байлықтың көзі санаған: «Қой – байлық, жылқы сәндік», «қойлы бай, қорлы бай» деген. С. Мәдуановтың мәлімдеуінше ХІХ ғ. 40-50 жылдарынан бастап қой шаруашылығы өзінің саны және маңыздылығы жөнінен бірінші орынға шықты. Оның дамуы ет және сүт өнімдерін өндіру қажеттілігімен, сонымен қатар жүн, тері секілді шикізаттарды өндірумен байланысты болды [128]. Осы мәселеге байланысты А.Н. Тетеревников былай деп жазады: «Қазақтардың экономикалық өмірінде, қой малы маңызды роль атқарды. Бұл малды ортаазиялық көпестер сияқты орыстар да ерекше бағалайды». Ресейлік және Ортаазиялық сауда орталықтары жылдан-жылға мал шаруашылығы, әсіресе, қой шаруашылығы өнімдерін пайдалануды ұлғайтты. Бір ғана Ташкент қаласының өзінде (1909 ж. 140 000 қой), негізінен Шымкент және Әулиеата уездерінен әкелінген қойларды көп мөлшерде тұтынған.

1906 ж. жүргізілген санақ бойынша Сырдария облысында қой малын өсіруде бірінші орында Әулиеата (30,2%) және Шымкент уезі (28,8%) тұрды. Одан кейінгі орындарда Қазалы (15,7 %), және Перовск (11,5%) уездері тұрды [130]. Осыған байланысты С. Мұқанов өз еңбегінде – «қойдың басым өсетін жері қазіргі Талдықорған, Алматы, Жамбыл, Шымкент, Қызылорда облыстары. Бұл жерлерде қазан төңкерісінен бұрын жеке шаруа үстемдік құрған кезде 20-25 мың қойы бар байлар жиі кездескен» - дейді [129].

Осылайша, ішкі нарықта, Ресей мен Орта Азия нарығындағы етке, қой мен ешкі терісі мен жүніне деген сұранысқа байланысты ұсақ малдың тауарлығы малдың басқа түрінің тауарлығынан жоғары болған [131].

Ұсақ мал саудасының облыста ең басты үш нүктесі: Түркістан қ., Әулиеата қ. және Меркі ауылында болды. Бұл базарларға Жетісу және Семей облыстарындағы, Қытайдағы жәрмеңкелерден сатып алынған ұсақ мал Балхаш көлі арқылы айдап әкелінді. Меркі, Әулиеатадан қойларды үйір-үйірімен Ферғанаға жіберген [132]. Кейбір мәліметтер бойынша бір ғана Ферғана облысына жыл сайын 1,5 млн. ұсақ мал айдап әкелінді [133]. Қойдың қалған бөлігін Ташкент қ. жіберген. Ондағы алыпсатарлар қойдың 100-200-500 бастан тұратын ұсақ партияларын сатып алып, баптап семіртіп, қыс айларында қасапшыларға бір-бірлеп өте жоғары бағамен сатқан. Өлке қазақтары Ташкентте жыл сайын 200 мыңдай қой айырбастаған, немесе сатқан, сондай-ақ Қоқанға келетін барлық қой малының 100 мың басқа жуығы да қазақтардікі болған. Саудагерлердің пікірінше, қойдың ең жақсы тұқымын Ұлы жүздегі Жалайыр руының қазақтары өсірген. Орта жүз қазақтарының ішінде Сырдария бойындағы Қоңырат руында сондай-ақ Ұлы жүздің Дулат руында да жақсы қойлар болған. Ташкентке айдалатын малдар көбінесе осы рулардан сатып

алынған. Ташкент саудагерлері үшін қолайлы тағы бір жағдай малды қазақтар өздері Ташкентке дейін айдап апарып берген. Ташкентке жеткізілген мал қаланың төңірегінде саудаға түскен. Кейде тіпті, 300 мың басқа дейін мал келетін уақыттар да болған. Мал айдаушыларға арнап Ташкенттің маңынан керуен-сарайлар салынған. Мал айдап келген қазақтар негізінен молда Абдул-Муталиф ұстайтын керуен-сарайда қонған [134].

Статистикалық мәліметтерден қой малының тауарлығы басқа малдан әлде қайда жоғары болғанын айқын көруімізге болады. Мәселен, 1886 ж. қой малы барлық сатылған малдың 70% құраған, одан кейінгі орында жылқы, ірі қара мал, ешкі, түйе тұрды (XXIII Қосымша: №4 Диаграмма). 1892 жылы қой малы өте үлкен сұраныста болып, барлық сатылған мал басының 91% құраған. Облыс базарларында сатылған қой малы жылдан жылға артып, 1886 ж. 145 300, 1895 ж. 686 720, ал 1911 ж. 923 143 қой сатылды, яғни 25 жыл ішінде саудаға шығарылған қойдың мөлшері шамамен 8 есе артқан.

Оңтүстік өлкеде қой тұқымының үш түрін өсірген: *құйрықты қазақы қойлар, қаракөл және биязы жүнді орыс қой тұқымдары.*

*Құйрықты қазақы қой.* Қазақы қойлардың аталған географиялық ортадағы ең басты артықшылығы және отырықшы, жартылай отырықшы тұрғындардың арасында кең таралуының себептері: «олар өте тез көбейеді, ауа-райының қолайсыз жағдайына, аптап ыстыққа, аштыққа, су тапшылығына өте төзімді келеді, қыс мезгілінде жем-шөптің жетіспеушілігінен арықтаған қойлар көктемде өте жылдам ет алады» және көп күтімді қажет етпейді «өте мардымсыз шөппен қанағаттанып жүре береді». Сырдария облысында құйрықты қойлардың екі түрі өсірілді, олар: жетісулық жүні тығыз, кіші қойлар мен түркістандық жүні салыстырмалы түрде жұмсақ және ұзын, ірі қойлар. Бұл тұқымдардың тұлғалық құрылымы жағынан еш айырмашылығы жоқ, тек бойы мен жүнінің сапасында айырмашылықтар болған. Түркістандық құйрықты қойдың жүні 2-2 ½ вершок, жетісулық қазақ қоймен салыстырғанда жүні жұмсақ болған. Жетісулық қазақ қойдың жүні қатты, ұзындығы 1-1 ½ вершокқа жеткен. Түркістан қойы көктемде 2-2 ½ фунт, күзде -1 ¼ - 1 ½ фунт жүн берген. Жетісулық қой көктемде 1 ½ фунт, күзде – 1 фунт жүн берген. Түркістандық қазақы қойлардың еті өте дәмді болған және көп күтімді қажет етпеген. Екі қой тұқымының арасындағы айырмашылықты олардың бағасы арқылы көруге болады: түркістандық қазақы қой барлық кезде жетісулық қазақы қойдан 35-40 %-ға, ал семізі - 50%-ға қымбат болған [135].

С. Мәдуановтың пікірінше, халықтың арасында, қазақы қойлардың еті өте жоғары бағаланған. Себебі далалы шөптердің хош иісінен одан «бальзам дәмі берілді» және өзіндік дәмімен, шырындылығымен, жұмсақтығымен ерекшеленді. Сол себепті Түркістан өлкесінде қой еті сиырдыкімен салыстырғанда айтарлықтай (20-25%) қымбат болған. Еттен бөлек қазақы қой екі пұт және одан да артық мөлшерде тоң майын берсе, оның ішінде қой құйрығының өзінен 20-30 фунт тоң майын тұштып алған. Құйрықты қазақы қойлардың еті мен тоң майы жоғары бағаланды.



*Қаракөл қойы.* Қаракөл қойын ең алғаш Бұхар хандығының Қара-көл деп аталатын жерінде өсірген (бұл жерге аталған қой тұқымын ертеректе Аравия жерінен әкелген). Қара көл қойының еті мен жүнінің салмағы құйрықты қазақы қойдан аз болғанымен, жаңадан туылған қозының, әсіресе еркек малдың терісі өте мамық әрі жұмсақ болды. Сол себепті қаракөл терісі өте жоғары бағаланды [136].

1892 ж. Сырдария облысына Бұхардан қаракөл тұқымының 4 ұрғашы қойы мен 1 қошқар тәжірибе мақсатында әкелінді. Тәжірибе оң нәтиже беріп, Сырдария облысы жайылымдары қаракөл қой тұқымының таралуына қолайлы екендігі анықталды. Қызылқұм қазақтары «Бұхардан қаракөл тұқымдық малын» алып, жергілікті тұқыммен будандастыру арқылы «қоспақ» және «дриок» деп аталатын қойдың жаңа тұқымын шығарды. Олардың жүні қаракөлдікіне қарағанда қатты болды. Дриокты қаракөл тұқымдық малымен будандастырудың нәтижесінде, оның үшінші ұрпағы таза қаракөл қой тұқымын берген. Қаракөл шаруашылығының ең бағалы өнімі оның терісі мен елтірісі еді, олардан бас киімдер, тоңдар және шалбарлар тігілген. Бірақ қаракөл терісінің көпшілігі келімсек алып-сатарларға сатылды [137].

Орыстардың келуімен, қаракөл елтірісіне деген сұраныс артып, қаракөл шаруашылығы қарқынды түрде дамыды. Қазақы қойлармен салыстырғанда, қаракөл қойлары суыққа төзімсіз келді. Облыста қаракөл қойларын Қызылқұм құмдарында, Шымкент уезінде және Әмудария бөлімшесінде өсірді.

*Биязы жүнді орыс қойы.* XIX ғасырдың ортасында биязы жүнге деген үлкен сұранысты байқаған жергілікті отырықшы тұрғындар, меринос қойларын көптеп сатып ала бастады, нәтижесінде Шымкент уезінің көпшілік тұрғындарында биязы жүнді қой тұқымы кеңінен таралды. Әсіресе Шымкент уезіндегі Арыс өзенінің бойында орналасқан Обручев селосында биязы жүнді қойлар мен астрахандық ірі қара мал көптеп өсірілді. Биязы жүнді қойларды бұл жерге Ресейдің Ставрополь губерниясынан келген орыс қоныстанушылары өздерімен бірге әкелген. Шымкент уезінің Ванновка селосында 1894 жылдан бастап волош қой тұқымы өсіріле бастады. Аталған қойдың жүні меринос қойларымен салыстырғанда сапасы төмен болғанымен, орыс қоныстанушылардың арасында кеңінен таралған. Орыс тұқымды қойлардың жүні бағалы болғанымен, қазақы қойлардың еті жоғары бағаланған. Құйрықты қазақ қойлары орыс тұқымды қойлардың 20-35%-ға қымбат болған [138].

Оңтүстік және Оңтүстік Шығыс Ресейдің мал шаруашылығының мамандары қазақы қойды биязы жүнді қоймен будандастырудың нәтижесінде, олардың үшінші ұрпағы жоғары сапалы биязы жүнді асыл қой тұқымын беретіндігін анықтаған. Себебі құйрықты қойдың жүні онсыз да мамық жүндерден тұрған, биязы жүнді қой тұқымымен будандасудың нәтижесінде жүннің қатты қылшықтары жойылып, орнына мамық жүндер шыққан.

Сырдария облысында биязы жүнді қой шаруашылығын дамыту үшін ең қолайлы аудандар: Шымкент және Әулиеата уездері болып есептелген. Себебі аталған екі уездің жерлерінде таулы жазықтар мен климаты жайлы далалы жайылымдар көп болды.

Мал және оның өнімдері саудасы қызу жүретін сауда орындары, әрине жәрмеңкелер болды. Сырдария облысында мал және мал шаруашылығы өнімдерін саудаға шығарған ең ірі жәрмеңке – Әулиеата жәрмеңкесі болды. Тек 1889 ж. өзінде, жәрмеңкеде сатылған малдың құны 1 млн. р. асып түскен. Ал 1911 ж. Әулиеата жәрмеңкесінің сауда айналымы 6 813 500 р. құраған. Әулиеата жәрмеңкесінен сатып алынған малдың үлкен үйірлері Талас Алатауындағы Қарабура өткелі арқылы Ташкент пен Ферғанаға жөнелтілді [139]. Әулиеата жәрмеңкесінде саудаға түскен ең басты өнімдер: мал, мал терісі және мал жүні болды. Жәрмеңкеге малды Әулиеата, Ташкент және Ақмола облыстарынан, Шымкент уезінің Түркістан бөлімшесінен, ал жылқыларды тек Әулиеата және Пржевальск уездерінен әкелген (XXIV Қосымша: №1 Схема). Қай жылы Әулиеата жәрмеңкесінде сатылған малдың ішінде ең өтімдісі қой малы (806 274 бас – 6 450, 4 мың р.) одан кейінгі орындары жылқы (2223 бас – 84,5 мың р.), түйе (571 бас – 29,8 мың р.), ірі қара мал (747 бас – 19,6 мың р.) және ешкі (25 964 бас – 155,5 мың р.) тұрды.

Жәрмеңкедегі сауда айналымы малдың жай-күйіне, сұраныс мөлшеріне байланысты болған. Жәрмеңкенің жандануына ықпал еткен жергілікті себептерге малдың қыстан жақсы шығуы мен мал ауруларының таралмауын жатқызуға болады. Мал және оның өнімдерінің саудасына кері әсер еткен себептері: тікелей Верный қ. баратын темір жолдың жоқтығы және малды айдайтын жолдардың бойында жайылымды жерлердің шектелуі еді.

Малдың базарларда көп мөлшерде арзан бағаға сатылуына өлкедегі ауа райының қолайсыз құбылыстары да, яғни жұттар әсер еткен. Көшпенділердің шаруашылық өміріндегі ең қауіпті құбылыс, жұт, яғни қыста малдың аштықтан жаппай қырылуы еді. Ең жойқын жұттардың бірі 1879-80 жж. жұт болды. Қазақтар оны «үлкен жұт» деп атаған. Бұл жылдары Сырдария облысының 4 уезінде Перовск, Түркістан, Шымкент және Әулиеатада малдың 56% қырылды. 1891-92 жж. жұтты қазақтар «кіші жұт» деп атаған. Бұл жылғы қыста Қазалы уезінің көшпенді қазақтары жылқының 90%, қойдың 80% және түйенің 60% айырылды. 1902-1903 жылдары жұт болып, қазақтар малды жем-шөппен қамтамасыз ете алмай, олардың көп бөлігін арзан бағаға сатуға мәжбүр болған.

Осылайша, XX ғ. басында бір ғана Сырдария облысының халқы жыл сайын 20-22 млн. р. көлемінде мал және мал өнімдерін сатқан [140].

*Жылқы саудасы.* Шаруашылықтағы маңызы және сауда айналымы мөлшері жағынан Сырдария облысында қой малынан кейінгі орында, жылқы малы тұрды. Қазақ халқы жылқы түлігін өсіруге ерекше көңіл бөліп, оны ықыласпен күте білгендігін В.В. Радловтың жазғанынан аңғарсақ жеткілікті – «... қазақтар ол малдың асыл тастай көркі, барлық сұлулық атаулының жиынтығы. Қазақ атын әйелінен де артық көреді...».

Оңтүстік Қазақстан жерлерінде кең тараған жылқы тұқымы *қазақ жылқысы*. Бойы аласа (шамамен екі аршын және сирек жағдайда ғана екі аршын екі вершоктан асқан), басы жуан, жалыны ұзын, аяқтары жуан, кеудесі кең, сүйкімсіз болған. Қазақ жылқысының шабыты баяу болғанымен, өте төзімді болған және көп күтімді қажет етпеді. Ұзақ арақашықтарға жем-шөпсіз,

сусыз, демалмастан шапқан. Тіпті кейбір қазақ жылқылары осылайша 100 верст ара қашықтыққа шыдаған оқиғалары да тіркелген. Қазақ жылқысының бағасы 10-30 р. шамасында болды. Қазақ жылқыларының ең мықты тұқымдары Әулиеата уезінде, қырғыздарда, ұлы жүздің бірнеше руларында кездескен.

Отырықшы халық оны жұмыс күші ретінде, таулы аудандарда жүк таситын күш көлігі ретінде пайдаланды және көшпенділердің көпшілік табындары қазақ жылқылардан тұрды. Қазақы жылқы жегілген арба 20-50 пұтқа дейінгі салмақты көтерді.

Жылқының келесі тұқымы *өзбек жылқысы* д.а. Бұл жылқының бойы арғымаққа қарағанда аласа, сымбаттылығы жағына кем түскенімен, төзімділігі жағынан басым болған. Өзбек жылқылары мен қарабайырлардың арасында үлкен айырмашылық болмаған, сол себепті оларды (жылқышылардан басқа) көбіне шатастырған.

Облыстағы түркімендік жылқыларды басқаша, *арғымақтар* деп атаған. Арғымақ кезінде «ханның інжу-маржан қазынасы» есебінде бақтырылған. Абылай ханның заманынан Кенесарыға дейін жеткен «хан қазынасы». Кейбір деректерде, арғымақтар - Әмір Темір мен Нәдір Шах түрікмендерге сыйға тартқан араб жылқыларынан пайда болған, делінген. Түркімендер бұл жылқыларды ерекше баптап күткен. Олар жылқыларына жем-шөптен бөлек нан, тіпті сүт беріп, үстеріне қалың жылы көрпе жапқан, нәтижесінде жылқы терісі жылтырап, жұмсақ болған. Бірақ жылқылары өз егелеріне бауыр басып, ит секілді, бөтен адамдарды қастарына жолатпай, тістеген. Арғымақтар сымбаттылығы, әсемдігімен ерекшеленді, бойлары биік, бастары кішілеу болғанымен көздері үлкен, аяқтары өте сымбатты, құлақтары үлкен және кеуде қуысы тарлау келген. Олардың шабыты өте жылдам болды, ол жағынан тіпті ағылшындық шабандоз аттармен бәсекеге түскен. Арғымақтың адымы өте біркелкі болып, сүріну дегенді білмеген. Бірақ ұзақ қашықтықтарға төзбеген. Арғымақтардың құны 240-300 р. көлемінде болды (қазақ жылқысы 10-30 р. тұрды). Бір қызығы түркімендер өз жылқыларын кісінемеуге үйреткен. Кісінейтін жылқының құны болмаған. Себебі, ол жылқы ұрлыққа немесе тонауға шыққан егесіне кедергі жасап, (кісінеп) ұстап берген. Ерекше күтімді қажет етуіне байланысты (Түркімениядан басқа) барлық азиялық елдерде арғымақтарды тек өте ауқатты отбасылар асыраған.

Облыста аталған жеке жылқы тұқымдарынан басқа, көптеген аралас тұқымдар да болған. Олардың ішінде ең мықты жылқылар:

1) *Қоқандық жылқы* – қазақ және өзбек жылқы тұқымдарының будандасуынан пайда болды. Бұл ортаазиялық жылқылардың ішіндегі ең күшті жылқы болған. Орта Азиялық қалаларда оны ауыр жүктерді тасымалдауға пайдаланған. Қоқандық жылқы жегілген арбаның орташа салмағы 40 п., кейде тіпті 60 пұтқа дейінгі салмақты көтерген. Жылқыға 13-14 п. салмақ мөлшерінде жүк тиеген.

2) *Қарабайыр* – қазақ жылқысы мен арғымақтың будандасуынан пайда болған. Қарабайырлар өте мықты және сымбатты, әсем, жалыны сұйық, аяқтары қысқа, кеуде тұсы кең болған. Қарабайыр шабыты жылдам жылқы

болғанымен, ауыл шаруашылығы жұмыстарына қолданғанда төзімділігі мен күші жағынан қазақ жылқыларынан кем түскен, оларды көбіне отырықшы халық өсірді. Қарабайыр Оңтүстік Қазақстан аймағында көптеп өсірілді, Қазақстанның өзге аймақтарында олар табиғи жағдайға байланысты мүлдем кездеспейді. Оңтүстікте қарабайырды салт мінуге тек байлар ғана ұстаған.

3) *Әулиеата жылқысы*, қазақ жылқы тұқымымен сібірлік және орыс жылқыларының будандасуынан пайда болды. Бойы қазақ жылқыдан биік, сырт-пішіндері дөңгеленген, түсі көбіне қара және ашық тор түсті, басы үлкен, мойны қалың қысқа, жалыны ұзын, кеудесі кең болған. Бұл жылқы төзімділігімен және жем-шөп талғамайтындығымен ерекшеленді, оны көбіне арбаға жегу үшін пайдаланды. Жылқының бұл тұқымын Н.И. Иванов 1879-1880 жж. Әулиеата қ. маңындағы жылқы заводында шығарды.

4) *Сайрам жылқысы* қарабайыр мен қазақы жылқының шағылысуынан пайда болды [141].

В.П. Колосовскийдің еңбегінде көрсетілгендей, жылқы саудасы көктем басталған мезгілде қыза түскен, себебі бұл кезде ауыл-шаруашылық қажеттіліктерге байланысты жылқыға деген сұраныс артып, бағасы көтерілген. Жергілікті қазақтар жылқыларды негізінен күзде, қыста көптеп сатып алған, себебі бұл кезде жем-шөптің қымбаттауына байланысты жылқының бағасы арзандаған.

Қыс мезгілінде базарларда жылқыларды көбіне қазақтардың өздері сатқан. Қазақ жылқысының орташа бағасы алғашқыда (күзде) 30-40 р. болса, кейіннен (көктемде) 110-120 р. дейін көтерілген. Өлкеде жылқының бағасы 1890-1906 жж. аралығындағы 16-17 ж. ішінде 25-40 пайызға қымбаттаған [143]. Бір ерекшелігі: қазақтар жас малды сатпаған, базарға тек кәрі жылқыларды өткізуге тырысқан, сатар алдында оларды үркітіп (сатып алушыға тістерін көрсетпеу үшін) сыртқы зақымдалған жерлерге, жараларға балшық жағып қоятын болған. Жылқы базарында жылқылардан бөлек, жылқы терілері, жылқы қылы (жалыны) сатылды.

Жылқымен сауда жасаған адамдар әр-түрлі қулық әдістерді қолданған. Олардың кейбіреулеріне тоқталатын болсақ: жылқыларды бір апта тазалап, тамақтандырғаннан кейін сәті түскен кезде саудагерлер оны бірден сатуға тырысқан. Саудагердің ептілігіне, сатып алушыға байланысты, сонымен қатар жыл мезгіліне, жылқыға байланысты баға да бірнеше есе артқан. Саудагердің ең басты айласы, аз ғана уақыттың ішінде арзанға алған жылқыны орнынан қозғалтпай семіртіп (кейде әр-түрлі дәрілерді беру арқылы семірткен), терісін жылтыратып жақсылап тазалап сатқан. Жылқы саудасын осылайша суреттеген В.П. Колосовский, саудагерлердің базарға шығаратын күні жылқыға көбіне «анаша» қосылған жем беретінін жазған. Сол кезде аздап мас болған жылқы өте шапшаң қимылдап, көздің жауын алып тұратын болған [142].

Сырдария облысында жылқыны Әулиеата, Ташкент, Қапал, Верный, Пржевальск уездерінен және Самарқан облысынан әкеліп сатты. Перовск форты базарына бұхарлық көпестер кейде асыл тұқымды ахалтеке жылқыларын әкеліп сатқан. Қазақы жылқылардың бағасы жоғары болмаған, қарабайырлар

мен түркімен жылқылары, әдетте қымбатқа сатылған. Мәселен, асыл тұқымды ахалтеке аттары бұл кездері 400-600 р. тұрды (жоғарыда айтып кеткеніміздей, қазақ жылқылары 30-40, кейде 100 р. тұрған). Жылқы базары, саудагерлердің қызу алаңына айналған, олар жақсы жылқылардың көпшілігін, базарға келер жолда, алдын ала сатып алып отырған. Сауда болатын күндері көпестер, базарға келетін барлық жолдарды аңдып, тәжірибесіз, жылқы егелерінен жылқыны арзан бағаға сатып алған. Ең үлкен қалаларда жылқы саудасымен айналысатын 3-4 ірі саудагерлер болды. Олардың қолында өлкедегі барлық жылқы саудасы шоғырланған, себебі олардың көпшілігі үнемі бір облыстан екінші облысқа барып, жылқы малын шығарып, басқа жерлерге сатып отырған. Жылқыларды алып-сатумен айналысқан көпестердің көпшілігі сарттар болған, арасында армяндар, түркімендер және парсылар болды. Кейіннен қоныстанушы орыстар да алыпсатарлықпен айналыса бастады.

XIX ғасырдың 70-жылдары генерал-адъютант К.П. Кауфманның қолдауымен «Константиновский» жылқы заводын ұйымдастыру мақсатында, 80 000 р. ақша бөлініп, Ташкент қаласының жанындағы Капланбек мекенінде үлкен қазыналық жерлер сыйға тартылды. Онда таза қанды түркімен жылқылары мен жергілікті қарабайыр биелері будандастырылды. Өкінішке қарай заводтың жұмысы ұзаққа барған жоқ.

Жылқы тұқымдарының асылдануына көп әсерін тигізген Түркістанның мемлекеттік жылқы шаруашылығы болды. Бұл туралы А.И. Добросмыслов былай деп жазды: «1878 ж. белгілі түркістандық коммерсант Н.И. Иванов жабылған Константиновский зауытынан қарабайыр және қазақы биелерін сатып алды және жекелеген адамдардан желісті айғырлар мен бірнеше бас түркістандық қарабайыр және башқұрт жылқы тұқымдарын сатып алып, Әулиеата жылқы зауытының негізін салды.

Н.И. Иванов Кардон шатқалында жеңілдік шартпен қазынадан 326 дес. шабындық жерді алғаннан кейін 1880 ж. зауыт дұрыс жолға қойылды. Мемлекеттік қазыналықта оған 11 салттық шала буданды ақысыз береді, оған сонымен бірге зауыт маңынан жергілікті халықтардың қажеттілігі үшін тегін атқоралар ашу жүктелді. Сол кезеңдері Н.И. Иванов 70-ке жуық қазақ және хиуалық биелерді сатып алған». 1886 ж. заводта барлығы 45 тұқымдық айғырлар, 205 құлынды биелер, 138 төл және 123 бие, барлығы 511 жылқы болған. Сонымен қатар Н.И. Иванов Әулиеата, Шымкент, Түркістан, Перовск, Қазалы қалаларында жылқыларды шағылыстыру пункттерін ұйымдастырып ол жерлерге Әулиеата жылқы зауытынан тұқымдық айғырларды ақысыз пайдалануға жіберген. Көпес Н.И. Иванов, өз зауытында жергілікті биелер мен (Әулиеатадағы қазақ жылқысы) орыс тұқымды жылқыларды, сонымен қатар түркімен тұқымдық жылқыларды будандастыру арқылы, өте төзімді, күшті жылқы тұқымын шығаруға тырысқан. Аталған жылқы завод 30 жыл бойы үзбей жұмыс жасады.

Әулиеата қаласында сонымен қатар В.Д. Масловтың Түркістан әскери округі артиллериясының қазыналық жөндеу депосы қарамағында жылқы зауыты болды. Ондағы жылқылардың саны екі жүзге жеткен. Завод қазына

есебінен қаржыландырылғанымен полковник В.Д. Масловтың жеке меншігі болып есептелді [144]. 1905 ж. Әскери Губернатор ген. лейт. Корольковтың қолдауымен Мемлекеттік Жылқы заводының, Орынборлық ат қорасынан асыл тұқымды жылқы құлыны, Әуилеата уезіндегі ауқатты қазақтың біріне сыйға берілді [145].

Жылқының еті мен қымызын қазақтар өте жоғары бағалады. Қымыз, сондай-ақ, Орта Азияның қалаларының базарларында сататын өнім еді. Көкірек аурулардың (өкпе туберкулезі) көбі қымыз ішіп сауығып кеткен. Жылқы етін қазақтар ірі қара малдан әлде қайда артық санаған. С. Здзеницкийдің еңбегінде көрсетілгендей, жылқы малын қазақтар өнеркәсіптік мақсатта, ет өнімі үшін пайдаланды, байланған жылқы өте қымбат бағаланды.

*Түйе саудасы.* Қос өркешті түйе Қазақстанның барлық территорияларында, әсіресе Солтүстік Қазақстанда көбірек кездеседі. Ал айыр өркешті түйемен қоса жалғыз өркешті нар тұқымы Оңтүстікте басым. Маңғыстау мен Жем, Сырдария мандарында нар мен айыр өркешті түйе арасынан шыққан будандар көбірек. Нардың жүні сұйық, тықыр, шудасыз болғандықтан суыққа шыдамсыз. Бұл түрі Орта Азия елдерімен қоса Қазақстанның Оңтүстік аймағында көп кездеседі. Қазақстанның территориясында аруана – бір өркешті түйенің пайда болуы уақыты туралы айту мүмкін емес. Отаны Египет және Қосөзен елдері болып табылатын бұл жылу сүйгіш тұқымның жазба деректерде Еуроазияның солтүстік аудандарында кездесуі тек түрік заманында айтылған.

Түйелер 15-20 п. салмақ жүкті көтерген (орташа есеппен 16 п. салмақты көтерген) алайда алыс жолға шыққанда күзде жүкті 12 п., көктемде 10 п. салмақтан асырмаған (Хиуалық түйе 18 пұт). Ауыр жүк артылған түйе сағатына 3 ½ верст жылдамдықпен қозғалған, бірақ жүгі жеңілдеген сайын жылдамдығы артып, сағатына 4 ½ тіпті 5 верст қашықтықпен қозғалған. Шапқан кезде сағатына 10 верст қашықтықпен шапты. Тіпті кейбір түйелер, шабыт жылдамдығы жағынан жылқылардан кем түспеген. Екі өркешті түйенің бағасы 20-25 р. бір өркешті түйенің бағасы 30-50 р. болды.

Түйені қазақтар көшіп-қонған кезде жүктерді тасымалдауға және тауарларды тасымалдауға пайдаланған. Бюффон өз заманында түйені «шөлдің кемесі» деп, дәл тауып айтқандай, басқа малға қарағанда түйе сусыз, шөлді, құмды аймақтарға өте төзімді келген. Орта Азиядан Ресейдің ішкі шығыс шекараларын және оңтүстік Сібірді байланыстырған басты керуен жолдардың бірі Сырдария облысы арқылы өтуі және құмды жазықтардың мол болуы, облыс көшпелі халқының көпшілік бөлігінің түйемен жүк тасымалдау кәсібімен айналысуына түрткі болды. Бұл шаруашылық, қыстақтары басты керуен жолдардың, яғни Орынбор мен Сібір жолдарының бойында орналасқан, ұлы жүз қазақтарының арасында керікеш (тасымалдау) кәсібінің дамуына ықпал етті. Орта-Азиялық теміржолдар салынғанға дейін керікеш кәсібі облыс қазақтарына үлкен пайда әкелген, бірақ Бұхара арқылы Самарқанға дейін, созылған темір жол құрылысы аяқталғаннан кейін керікеш кәсібінің табысы күрт төмендеді. Мәселен, Бұхара мен Орынбор қ. арасын жалғастырушы пункт Қазалы қ. арқылы 1885 ж. 39 000 түйе ал, 1886 ж. 36 660 түйе өткен, яғни 2340

түйеге кеміген. Бірақ Бұхар мен Ташкенттен шығатын тауарларды Тройцк пен Петропавлға қарай және кері тасымалдайтын ұлы жүз қазақтарының (Кураминск, Шымкент, Әулиеата уездерінің) керікеш кәсібі өз маңызын жоғалтпаған. Ташкенттен Семейге баратын жолда керікеш кәсібінде қазақтармен Әулиеата уезіндегі орыс қоныстанушылары мен дүнгендер бәсекеге түскен.

Түйе малын саудаға өте сирек шығарған. Түйе басқа малдарға қарағанда өте қымбат бағаланған, 1860-1870 жж. түйенің орташа бағасы 100 р. болды. Деректер бойынша, Қазақстанда түйелерді тек ауқатты отбасылар өсірді. Бай отбасыларда 400-500-ден астам түйе өсірді [146]. Түркістан қаласына келген мал саудасымен айналысатын көпестерге жергілікті қой тұқымымен қатар бір өркешті түйелерді ұсынған. 1911 ж. ол түйелерді Закавказье, Парсы, Ауғанстан және Бұхарадан келген алып-сатарлар сатып алды.

Түйеден жүн және аз мөлшерде сүт өнімдері алынды. Бір өркешті түйелер екі өркешті түйеге қарағанда сүтті екі есе мол берді. Ұйытылған түйе сүтін (шұбат) өзінің құнарлығы және пайдалы қасиеттеріне қарай қымыздан кейінгі екінші орынға қойды. Көшпенділер түйе етін асқа өте сирек қолданды.

Сырдария облысында түйе малы негізінен Қазалы, Перовск, Түркістан қ. жерлерінде өсірілді, себебі бұл уездердің жерлерінің көпшілік бөлігін Қарақұм және Қызылқұм шөлдері алып жатты. Бұл шөлдердегі өсімдіктер дүниесі мен тұзды судың қайнарларының болуы, түйе «патшалығына» қажетті барлық жағдайларды жасады.

Облыста түйе малын көбіне қазақтар өсірген, сонымен қатар кейбір орыс шаруалары да нан астығын тасымалдау мақсатында түйе өсірді. Қарастырып отырған кезеңде, түйе саны жыл сайын азайып жатты. Оған себеп, жоғарыда айтып кеткеніміздей, темір жолдардың салынуының нәтижесінде, қатынас жолдарда түйенің сирек қолданылуы еді.

*Мүйізді ірі қара мал саудасы.* Сырдария облысының көшпенді және отырықшы тұрғындары ірі қара малдың екі түрін өсірді: Әулиеата және Шымкент уездерінде негізінен қызыл сиыр, қалған уездерде түсі қармүйізді ірі мал өсіріліді. Қызыл сиырлар астрахандық сиыр тұқымдарына жақын болды, бұл тұқымды орыс қоныстанушылары өздерімен бірге Жетісу жерінен әкелген болатын, ол жерден біртіндеп Сырдария облысына таралған деген мәліметтер бар. Қызыл түсті ірі мүйізді малды көбіне ауыл шаруашылығында жұмыс күші ретінде пайдаланды, басқа ірі мүйізді мал тұқымына қарағанда сүтті аз берген.

Мүйізді ірі қара мал жергілікті тұқым болып есептелді. Оның түсіне қарай қазақтар сиыр малын «ірі қара мал» деп атаған. Олар Түркістан, Хиуа, Бұхар иеліктерінде кең таралды. Мүйізді ірі қара мал тұқымы етті-сүтті сиыр тұқымы болып есептелді.

Көшпелілер мүйізді ірі қара малды, басқа мал түрлерімен салыстырғанда аз өсірді. Мүйізді ірі қара мал құрғақ, құмды шөлді жазықтардың ыстығына төзімсіз келді, көшіп-қонған кезде ұзақ жолға шыдамады, оның үстіне көшпелілерге ірі қара малдан келетін пайда аз болды. Себебі, ірі қара мал беретін ет және сүт өнімдерін басқа малдың өнімдерімен алмастырды. Ал таулы

аудандарда керісінше мүйізді ірі қара малды көптеп өсірді. Себебі таулы аудандарда ірі қара малдың жайылымына қолайлы жағдайлар болды, оның үстіне мүйізді ірі қара мал жүк таситын көлік-күші ретінде, таудың суық, ылғалды климатына үйренбеген, тастақ жолдарға шыдамайтын түйенің орнын алмастырды.

Сырдария облысында мүйізді ірі қара мал көбіне Әулиеата, Шымкент уездерінен және Жетісудан әкелінді, бұл малдың үлкен бөлігі Ташкент базарына жіберіліп, ары қарай Түркістан өлкесінің ірілі-ұсақ орталықтарына жөнелтілген. Қазалы және Перовск уездерінде ірі қара мал саудасы шамалы дәрежеде болды. Себебі, аталған уездерде шөлді жерлердің басым болуы мүйізді ірі қара малды өсіруге өте қолайсыз еді. Қазалы және Перовск уездерінің тұрғындары ірі қара малды Әулиеатадағы мал базардан шектеулі мөлшерде, тек шаруашылық қажеттіліктерге және қала тұрғындарының қажеттіліктері үшін сатып алған.

Жергілікті мүйізді ірі қара мал тұқымын жақсарту мақсатында 1882 ж. генерал-губернатордың жарлығымен Ташкентке мүйізді ірі қара малдың голланд тұқымдары әкелінді, олардың бір бөлігі Әулиеата уезіндегі менонит колонияларына берілді. Ол малдан Әулиеата менониттері таза тұқымды және жартылай таза бұзау тұқымын шығарды. Осы кезден бастап Әулиеата уезінде голландық сиыр тұқымдары кеңінен тарала бастады. Көшпелілерге қарағанда отырықшы орыс қоныстанушыларының арасында мүйізді ірі қара мал шаруашылығының маңызы жоғары болды [147]. Өгіздерді көбіне Әулиеата, Шымкент уездерінде өсірді, ірі қара малдың (оның ішінде бұқаның, егістік алқаптары жерлерін жыртатын жұмыс күші ретінде) таралуы, уездердегі егістік жерлеріне тәуелді болды. Ірі қара малдың етін қазақтар асқа сирек қолданды (оны көбіне орыс қоныстанушылары қолданған).

Сырдария облысында 1911 ж. ірі қара малдың Европалық Ресейдің ірі орталықтары мен ірі базарларына тірілей шығарып сату науқаны біртіндеп баяулады. Себебі: темір жол станцияларына ірі қара малды жеткізудегі қиыншылықтар, жем-шөптің қымбаттауы, қымбат тарифтің орнауы (Петербург пен Мәскеуге дейін әр мал басынан 38-40 р. алды) мүйізді ірі қара мал (тірілей) экспортына кедергі жасады. Бұл жағдай малдың басқа түрлеріне де қатысты болды. Мәселен, Сырдария облысынан Орынбор-Ташкент темір жолы арқылы Европалық Ресей мен Сібірге: 1908 ж. – 19762, 1909 ж. – 4418, 1910 ж. – 1179, 1911 ж. – 878, 1912 ж. – 2087, 1913 ж. – 1337 дана мал шығарылды, яғни бес жылдың ішінде тірілей сатылған мал экспорты он бес есе кеміген (IX Қосымша: №14 Кесте).

Өнеркәсіптік мәні жағынан мүйізді ірі қара мал етінің маңызы төмен болды, себебі темір жолдағы тарифтің жоғары болуы (Петербургке дейін бір пұт ірі қара мал етінен 37-40 р.) және туша салмағының аз болуына байланысты Ресейге экспорттау тиімсіз болды, сол себепті ет ретінде тек жергілікті тұтынышулардың сұранысын қамтамасыз етті. Әулиеата және Шымкент уезі тұрғындары мүйізді ірі қара малды Ташкент қаласына, артылғандарын Ферғана, Самарқан және Каспий сырты облыстарындағы ірі рыноктарға шығарды.



Меркі, Әулиеата, Сайрам және Қарабұлақ ауылдарына жиналған мүйізді ірі кара малды, Верный-Ташкент пошта жолы арқылы сыртқа шығарды.

Облыс тұрғындары ешкі малын да аз өсірген. Ортаазиялық ешкілер тибеттік ешкілерге өте ұқсас, бірақ бойлары биік және төзімді болды [148]. Ешкі бойы 1 аршын, түсі қара, қызғылт, сұр және ақ болды, сүтті мол берген, жүні өте жұмсақ (одан түбіт орамалдар тоқыды), етінің спецификалық иісінің болуына байланысты қазақтар оны асқа көп қолданбады. Ешкі терісі қой терісінен екі есе қымбат бағаланды (қой терісі 50-70 т., ешкі терісі 1 р. – 1 р. 30 т. ).

Үй құстарын облыста тек қалалық жерлерде өсірді. Тауық жұмыртқасы базарларда көптеп кездескен, бағасы арзан болды, мысалы, Ташкентте жүз тауық жұмыртқасының бағасы 80 т. – 1 р. болды. Үйрек пен қазыларды көп өсірмеген, себебі олардың арасында жабайы түрлері көптеп кездесті.

*Мал шаруашылығы өнімдері саудасы.* Мал өнімдері сыртқа, оның ішінде Ресей мен Еуропаға экспортталған басты тауар болды. Зерттелініп отырған кезеңде, мал шаруашылығы өнімдерінің сыртқы саудасы, облыстан шығарылатын өнімдердің жартысына көп бөлігін құрады.

Тарихи деректерде келтірілген мәліметтер бойынша XIX ғ. аяғында өлкедегі шикізат өнімдеріне деген сұраныс жылдан-жылға артып, бұл өнімдерді ресейлік-ортаазиялық иеліктерден тысқары жерлерге ғана емес, тіпті Ресей империясынан тысқары жерлерге шығарған. Мысалы малдың өңделмеген терілері Берлин базарларына, ал қой ішектерін барлық Батыс Еуропа базарларына дерлік шығарған. Қазақстаннан шығарылған, оңтүстік қазақстандық мал шаруашылығы шикізатының үлес салмағы өте жоғары болды. Бастапқы өңдеуден өткен (жуылған) жүннің көп бөлігі Ресейге шығарылды, қалған болмашы бөлігі жергілікті тұтынушылардың қажеттіліктеріне қалды [149].

Темір жолдар іске қосылғаннан кейін, мал және мал өнімдерінің экспорты жылдам қарқынмен дамыды. Малды және ет өнімдерін Мәскеу мен Петербург қ. шығарса, тоң майды – Казань және Мәскеудің сабын қайнататын, балауыз шамдарын жасайтын заводтарға, терілерді – Либав, Ревель және Владимирск губерниясына, ішектерді – Берлин, Вена және т.б. қалаларға шығарған.

Қазақстандық зерттеушілер В. Басин мен Т.К. Литвинованың мәліметтері бойынша, теміржол вагондарына мұздатқыштарды орнату ет өнімдерін үлкен мөлшерде тасымалдауға мүмкіндік берді. Сібір және Орынбор-Ташкент темір жолының барлық станцияларында мал саудасымен айналысатын көпестер, қасапханалар мен қасапхана алаңдарын көптеп ашты, ол жерге әкелінген малдарды сойып, тасымалдауға неғұрлым ыңғайлы күйінде (ет, май, тері) Орталық Ресейлік және шетелдік базарларға жіберген. Ташкент темір жолы арқылы Қазақстаннан 1907-1910 жж. - 466 мың п., 1911ж. – 1 119 мың п. ет өнімдері шығарылды. Аталған жолмен тірілей шығарылған малдың мөлшері аз болғанымен, мал шаруашылығы өнімдері Ресейдің орталық облыстарының азық-түлік балансында маңызды роль атқарды. Қазақстан мен Сібірден шығарылған ет өнімдерінің мөлшері төмендегідей болды: 1911 ж. Петербург қ.

1 143 мың п. ет өнімі (39%), Мәскеу қ. – 789 мың п. (31%), порттық қалаларға – 4%, басқа да губернияларға – 2,6% жіберілді. Орынбор-Ташкент темір жол арқылы жыл сайын орташа есеппен алғанда 1907-1910 жж. 466 мың п., ал 1911 ж. 1,1 млн. п. ет шығарылды.

Орынбор-Ташкент темір жолы арқылы Сырдария облысынан сыртқа 1908 ж. – 528 624 п., 1909 ж. – 592 951 п., 1910 ж. – 753 907 п., 1911 ж. – 740 609 п., 1912 ж. – 810 386 п., 1913 ж. – 880 906 п. мал шаруашылығы өнімдері шығарылды, яғни бес жылдың ішінде экспорт 67%-ға артқан. Орынбор – Ташкент темір жолы арқылы 1906-1910 жж. аралығында орташа есеппен 540 мың п. тері, 816 мың п. жүн шығарылған.

Облыстағы барлық қалалардың ішінде Түркістан қ. мал шаруашылығы өнімдері, тері мен жүн саудасының ең ірі орталығы болып есептелген. Аталған өнімдер Ташкент темір жолы арқылы Европалық Ресейге шығарылған. Түркістан қаласына шикізат Шымкент уезінен, Әулиеата, Меркі, Пішкек, және Жетісу облыстарынан, Үлкен Тоқмақ жерлерінен әкелінген.

Әулиеата жәрмеңкесінде, малдан басқа, мал шаруашылығы өнімдерін де сатқан. Тек, 1894 ж. ғана орыс саудагерлері бұл жәрмеңкеден 6 100 п. қой жүнін, 150 п. ешкі жүнін, 500 пұтқа жуық түйе жүнін және 100 п. арқан сатып алған. Жәрмеңкеде, мал шаруашылығы өнімдерінің ішінде бірінші орында қой жүні, елтірі, қой терісі, ешкі терісі тұрды. Жалпы алғанда 1890-1901 жж. Әулиеата жәрмеңкесінде сатылған мал шаруашылығы өнімдері -1 931 265 р. 83 т., мал – 7 893 816 р. құраған. 1890-1901 жж. жәрмеңкенің жалпы сауда айналымы 9 825 066 р. 83 т. құраған. Бұл жылдары сатылған барлық өнімдер Ташкент уезіне, Ферғана облысына, Орынбор және Мәскеу қалаларына жіберілген (XXV Қосымша: №3 Схема).

Қазақ халқының шаруашылығында қой жүні зор роль атқарды және сыртқа экспортталатын мал шаруашылығы өнімдерінің ішінде бірінші орында тұрды. Қазақ қой тұқымының жүндері сапасы жағынан қатты және «қылшықты» болуына қарамастан, кеңінен қолданылды. Түркістандық қазақы қой жүнінің сапасы жетісудікімен салыстырғанда жоғары болды: оның жүні ұзын әрі жұмсақ, күздік және көктемдегі қыркудан бір пұты 12 р. тұратын төрт фунт жүн алынды [150]. Қой жүндері Шымкент, Әулиеата, Түркістан қалалары базарларында көп мөлшерде сатылды. Өлкеде темір жолдар жүргізілгенге дейін бұл қалалардан жүннің бір бөлігін түйе керуенімен Самарқанға жіберген. Орыс көпестері Әулиеата уезінде сатып алған жүндерді Талас өзеніне қойылған арнайы салдарда (плот) жуып, жақсылап кептіргеннен кейін, түйе керуендерімен Орынборға жіберген, 1886 ж. аталған әдіспен 15 000 п. жүн жуылып, 50 600 рубльге сатылды [151]. Әулиеата уезінде жүн өнімдерін сатып алумен Орынборлық фирма айналысты, олар жүнді Симбирскідегі Селиверстовтың шұға фабрикасына, сонымен қатар Пенза, Сызрань қалаларына шығарды.

1888 ж. Сырдария облысының уездерінен Ресейге молынан жүн шикізаты шығарылды. Бір ғана Меркі ауданынан Ресейге 1000 п. ешкі жүні мен 40 000 дана елтірі шығарылды. 1902 ж. Сырдария облысынан Ресейге 297 917 п. қой,

түйе жүні мен ешкі түбіті, Сібірге 18 596 п. жүн шығарылды. С.И. Гулишамбаровтың мәліметтері бойынша Түркістан өлкесінен: 1907 ж. – 528 мың п., 1908 ж. – 411 мың п., 1909 ж. – 595 мың п., 1910 ж. – 563 мың п. жүн шығарылды. Келтірілген мәліметер бойынша экспортталатын жүн мөлшері жылдан жылға артқандығын көруімізге болады.

Жылдан-жылға ресейлік тоқыма өнеркәсібінің интенсивті түрде дамуына байланысты биязы қой жүніне, ешкі түбітіне (одан жоғары сортты орынборлық түбіт орамалын тоқыды) деген сұраныс артты. Түйе жүні де өте жоғары бағаланды, ол Европалық Ресейге экспортталатын негізгі тауарлардың бірі болды. Мысалы, 1909 ж. Сырдария орблысынан Европалық Ресейге 113,7 мың п. түйе жүні шығарылды.

Осылайша, XIX ғ. соңы – XX ғ. басында метрополияға өте үлкен мөлшерде жүн шикізаты шығарылды. Алайда, Қазақстан территориясынан Ресейге жүн тауарын тек шикізат күйінде шығару процесі, өлкенің өзінде аталған шикізаттан өнеркәсіптік деңгейдегі тауар дайындау өнідірісін дамытуға ұзақ уақыт бойы кедергі жасады.

Жүн иіру кәсібімен көбіне көшпелі қазақтар айналысқан. Тұрмыста жүннен жасалған бұйымдар көптеп қоланылды. Киіз үй, кілем, алаша, киім (шекпеннен тігілген халаттар, жаздық киіз қалпақтар), қап, арқан және т.б. бұйымдардың барлығы жүннен жасалды. Отырықшы тұрғындар жүннен жасалған бұйымдардың көпшілігін көшпелілерден алған, бірақ кейбір заттарды өздері де тоқыған: шұға, ешкі жүнінен тоқылған түбіт орамал және т.б. Түйенің жүнінен тоқылған жергілікті шұғаның сапасы ресейлік шұғамен салыстырғанда, төмен болды. Неғұрлым қатты сорттарынан – дәнді, ұнды және тауарларды сақтауға және тасымалдауға арналған қаптар тіккен [153].

Мал жүнінен жасалған өнімдердің ішінде ең кең тарағаны қой жүнінен жасалған *киіздер* болды. Сырдария облысында киіз, текеметтер көп мөлшерде Әулиеата уезінде әзірленіп, бұл жерден Ташкентке және басқа да оңтүстік-шығыс қалаларға тасымалданды. Киіздің қарапайым (сұр) және түрлі-түсті түрлері болды. Ең жақсы киіздер – ақ киіздер, Қашғарда жасалды. Ақ түсті киіз басқа түстерге қарағанда жоғары бағаланды, ал қара түсті киізді, киіз үйге мүлдем қолданбаған. Ең үлкен киіздің ұзындығы екі сажень, ені 2,5 аршын, бағасы 4 р. аспаған (Ташкентте). Ұзындығы 1 сажень, ені ½ сажень киіздер 60 т. тұрды. Киіздерді Орталық Азияға, Ресейге, Орынборға шығарып сатты. Тығыздығы жағынан ең мықты киіздерді, киіз үйге қолданды. Киіз үйдің көлеміне қарай, оған кететін киіздің құны 50 р.-ге дейін барған. Оюы жоқ кіші-гірім киіздерді жылқыға жабатын «жамылғы» ретінде пайдаланды. Оның негізгі тұтынушысы патша әскерлері болды.

Ішкі айырбас саудаға арнайы орнамент-суреттері бар киіздер тоқылды. Қазақ тұрмысын зерттеген М.Ч. Чермановтың айтуынша, 25 қойдың жүнінен ұзындығы 8 аршын, ені 2,5–3 аршын киіз басылды. Оның пікірінше қазақ киізі тек қазақтардың ғана емес, сонымен қатар өзге ұлттардың арасында да суықтан қорғайтын қасиетіне байланысты жоғары бағаланды. Ақ киізбен ең ауқатты адамдардың киіз үйлерін жапты. Киіз бен текеметті әйелдер басты, әдетте үлкен

бір киізді басуға 4-5 әйел қатысқан. П.И. Пашиноның мәлімдеуінше, жақсы киіз үй 45-55 р., ұзындығы екі сажень, ені 2 ½ аршын киіз 4 р. тұрды.

*Шекпен* (армячина) түйе жүнінен жасалған қалың мата. Шекпенді еш уақытта боямаған, шекпеннің арзандығы және ашық түсті нәзік қоңыр түстердің үйлесіміне байланысты орыстардың арасында үлкен сұранысқа ие болды. Ақ шекпеннен офицерлер мен кеңсе хатшылары пальто тіктірді, ашық-қоңыр түсті шекпендерден үй жиһазын жасады. *Киізден жасалған қалпақтарды* - қойдың жүнінен немесе ешкі түбітінен дайындаған. Киізден қалпақ тігу кәсібі кең түрде дамыды, себебі бұл қалпақтар тек ортаазиялық қалаларда ғана емес, сонымен қатар Ауғанстанның, Парсы провинцияларында да үлкен сұранысқа ие болды. *Қоржындар* – жүн матадан тоқылған жуан қоржындар. Бұл қаптарға, сынбайтын, әртүрлі тауарларды салды. Олар көбіне қой жүнінен жасалды. *Арқандар* жылқы қылы мен аралас жүндерден (қой, ешкі және түйе жүні) иірілген, оларды негізінен кесінділермен сатты. Арқан мен қап, көрші елдерге экспортталатын тауарлардың бірі болды.

Зерттелініп отырған кезеңдері өлкеде *елтірі* саудасы жандана бастады, себебі елтірі Ресей нарығындағы ең өтімді тауарлардың бірі болды. Қарапайым қазақ елтірісі, бұхарлық елтірімен салыстырғанда сапасы төмен болған, сол себепті онымен бәсекеге түсе алмады. Қазалы елтірісі бүкіл Азияда ғана емес, Европада да әйгілі болған. *Жылқы терісі* де сыртқа шығарылатын басты тауардың бірі болды.

Теріден төмендегідей бұйымдар жасалды: Күдері (былғарының ерекше жұмсақ түрі), гузьяр, сауыр және т.б. *Күдері* аз мөлшерде жасалды, себебі ауқатты адамдар Ресейден әкелінген дайын күдеріні (көбіне қызыл түске боялған) сатып алған. Жергілікті күдеріден көбіне қайыс бұйымдары жасалды. *Қой және ешкі терілері* өте кең таралған терілер. Олар замшы түрінде, күнгірт қызыл немесе сары түске боялды, одан шалбар, етік жасады (қара түсті теріден). *Гузьяр* – деп, Орта Азияда түйе, бұқа және кутас (кутас және як – жабайы қашғар сиыры) терілерін атаған. Олардан былғары бұйымдары, белбеулер жасады, ең бағалысы кутас терісі саналды. Түйе және мүйізді ірі қара мал терісінен көбіне етіктің ұлтанын жасады. *Сауыр* – жылқы немесе есек терісі. Сауырлардан көбіне калош, етік табандарына, ертоқым безендіруде, қылыш қынабына және үлкен беріктікті қажет ететін былғары бұйымдарына қолданған. Себебі сауыр терісі қалың, өте берік және ауыр болған. Қой терісінен, сонымен қатар су мен қымызды сақтауға арналған торсықтар жасалды. Қой және ешкі терісінен жасалған шалбарлар, Түркістан өлкесінде кеңінен таралды. 1868 ж. Ресей үкіметі ресми түрде әскерде осы шалбарларды киюге бұйрық берген. Былғары шалбардың (қой терісінен тігілген) бағасы 3-4 р., тұрды және өте берік болды (3 ж. дейін тозбаған) [154].

Жергілікті етікшілер тапсырыс бойынша ешкі терісінен әйелдердің жұмсақ етігін (ішік), боялған жасыл теріден әйелдерге арналған туфли (көк-сауыр) және әртүрлі ерлер аяқ киімін: салт аттыларға арналған жеңіл етіктер (бір-тақа) және тығыз теріден калош (кебіс) тікті. Бірақ қазақтардың аяқ-киімдерінің көпшілігі, орыс былғары зауыттарында өңделген терілерден, әсіресе қызыл күдеріден

тігілді [155]. Оңтүстік Қазақстан өлкесінің қазақтары күдері, сафиян (ешкі я қой терісінен иленген жұмсақ, жұқа былғары) және бұлан терісін Ресейден, сауыр мен чарманы Бұхар мен Парсы елдерінен әкелді [156].

Түркістан өлкесінде малды тек арнайы ветеринарлық тексерістен кейін, сәйкесінше куәліктерін реттегеннен кейін тасымалдады, ал темір жол арқылы сыртқа шығарылатын мал Ішкі Істер Министрлігі тарапынан бақыланды [157]. Мәселен Перовск қаласы базарына айдап әкелінетін малдарды 1901 ж. бастап арнайы мал дәрігері бақылап отырған. Мал дәрігері бір жылда 4000 ірі қара мал басын, 50 000-60 000 қой басын бақылаудан өткізген. Базарға айдалып келген ірі қара малдар, бірден осы жерде сойылған, ал қойлар 10 000-дап Орынбор губерниясы ет заводтары мен Ташкент және Ферғана өлкелеріне айдалған [158].

Оңтүстік Қазақстан өлкесі жануарлар дүниесіне өте бай болды. Мәселен, Алатауда тау ешкі, Сырдария және Шу өзендері жағалауларында жабайы шошқа, Шыршық бойында және Шымкент уезі төңірегінде жолбарыс, қабан, марал, арқар, барыс, шиі бөрі, қасқыр, аю және т.б. аңдар мекендеді (қазіргі таңда олар тек Ақсу-Жабағлы қорығында ғана бар). Сол сияқты, өзен-көлдер мен орман-тоғайларда үйрек, аққу, тырна, қырғауыл және т.б. құстар кездесті. Ол кезеңде аңшылық күн көріс кәсібінің бірі болды. Жабайы аңдардың терісі аңшылардың табысының елеулі мөлшерін құрады. Осы мәселеге байланысты Орта Азияның көрнекті зерттеушісі П.И. Пашиноның еңбегінде былайша жазылды: «Судя по наплыву на Ташкентский рынок массы пушного товара, продающегося в разноску и большими порциями, нужно полагать, что звероловство там составляет один из значительных промыслов кочевого населения».

Қазақ аңшылары илеп дайындаған аң терілерін қазақ даласынан өтетін сауда керуендері сатып алды, оларды Орынбор базарына, кейде Орта Азияға, Қытай мен Орталық Ресейге шығарды. Аңшылардан тері сатып алумен негізінен татар саудагерлері айналысты. Мәселен, 1852-1853 жж. татар саудагерлері Ірбіттегі айырбас сауда базарына бағасы 3 сомнан 6 сомға дейінгі 25-30 мың түлкі терісін, 100 данасы 12-15 р. тұратын 50 мыңға жуық қоян терісін өткізді. 1853 ж. саудагерлер Орынборға 61 481 р.-ге жүн-жұрқа, тері-терсегін, ақбөкеннің 36 204 р. тұратын мүйіз сүйегін әкелді. Жалпы алғанда, жылына орта есеппен 20 мың рубльдің аң терілері сатылды. Кейбір жануарлардың сүйегінен пышақ, қылышқа сап жасады. Әсіресе, маралдың мүйізі қымбат бағаланды. Ем-дәрілік қасиетіне бола, маралдың қос мүйізі 150 р. тұрды [159].

Аң аулау үшін ерекше тазы иттің (Европада белгісіз) түркімендік итті қолданды, оны таз ит д.а. Сонымен қатар қолға үйретілген жыртқыш құстармен: бүркіт, лашын, қаршыға және т.б. аң аулады [160]. Аңшылар тазы иттермен түлкі, қасқыр, ақ бөкенді аулады, ал ірі жабайы құстарды (ұлар, қырғауыл, үйрек) сұңқарлармен аулады, оның ішінде бөденені ұстау үшін тек қаршыға құсын салған.

*Жолбарыс* облыстың таулы аймақтарында, көлдердің қамысты жерлерінде және төменгі Сырдың тоғайлы ормандарын мекендеген. Аңшылар

жолбарысты арнайы кәсіптік мақсатта ауламаған. Себебі бұл ауыр әрі өте қауіпті іс болды. Аңды тек кездейсоқ жағдайларда аңшылардың өз қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін өлтірген. Жолбарыс терісінен аңшы 10-25 р. пайда көрген. Сонымен қатар, жолбарыс майы мен өтін жергілікті тәуіп емшілер әртүрлі ауруларға қарсы ем ретінде қолданды, тырнақтарынан тұмар жасаған. Сыр бойында жолбарыс аулайтын әйгілі аңшылардың бірі Масақбай Меңлітаев болды [161]. *Барыс* биік тау сілемдерін, ал *қабылан* Арал теңізіне жақын маңайларды мекен еткен. Екеуін де аңшылар тек өте сирек жағдайларда аулаған. Сонымен қатар, *сілеусін*, *жабайы мысық* пен *қояндарды* да аңшылар сирек аулаған. Жергілікті *қасқыр* тұқымы майда болғанымен, олардың саны өте көп болды, сол себепті көшпенділердің мал шаруашылығына үлкен шығындар келтірді. Жергілікті қасқырдың терісінің сапасы төмен болды, сол себепті оның ешқандай кәсіптік маңызы болмаған.

Бағалы аң терісі кәсібі ретінде *түлкі* мен *сусар терілерінің* маңызы жоғары болды. Түлкі терілерін жергілікті ауқатты тұрғындар бешмет, тоң және халаттарға пайдаланған, көшпенділер малахай мен бас киім тігуге қолданған. Сусар терісі облыстан сыртқа экспортталатын бағалы аң терісі болды. Жергілікті жерде оның бағасы 3-5 р. тұрды. Далалы жазықтың көшпенділері едәуір мөлшерде *құлан*, *ақ бөкен*, *киіктерді* аулады. Олардың етін асқа пайдаланып, терісінен киім тікті. *Маралдар* тек биік таулы сілемдерде ғана мекендеген. Олар: Сусамыр, Талас Алатауы және Шатқал тауларын, Сырдың төменгі ағысының тоғайлы ормандары мен қамысты жерлерін мекендеген (Перовск уезді). Маралды аулау кәсібі оның қиындығына байланысты сирек таралған.

*Қабан* аулау кәсібі Әулиеата уезіндегі оралдықтар мен қоныстанушы шаруалар арасында дамыған. 1886 ж. қыста Әулиеата уезінің таулы сілемдері, Билікөл көлінің қамыстарынан, Шымкент уезінің Арыс өзенінің жоғарғы ағысынан оралдықтар 200 қабан ұстады. Қабан етін көбіне Ташкент қ. шұжық жасайтын кәсіпорындарға өткізді. 1886 ж. қыста қабан аулау кәсібінен 2500-3000 р. көлемінде табыс түсті.

Перовск және Қазалы уездерінде қырғауыл құсын аулаудың таза кәсіптік маңызы болды. 1884 ж. бастап Перовск уезінде Ресейден келген алып-сатарлар қырғауыл құстарын көптеп сатып алды. Осы уақыттан бастап қырғауылдарды жаппай аулау науқаны басталды. Бірақ олардан түскен пайда шамалы болды. Себебі, біріншіден тәжірибесі жоқ аңшылар әкелген құстардың көпшілігі қабылданбады (қауырсындардың мыжылуына байланысты), екіншіден күннің ысып кетуіне байланысты Орынборға және Мәскеуге тасымалданған құстардың біраз бөлігі жолда бұзылып кетті. Осыған байланысты 1885 ж. жергілікті әкімшілік тарапынан қырғауыл секілді сирек кездесетін, әрі бағалы құсты жаппай аулауға қарсы бірқатар шаралар қолға алынды. 1886 ж. әкімшілік тарапынан төмендегідей уақытша шаралар белгіленді: «а) аңшылар уезд басшыларынан қырғауыл құсын аулауға рұқсат беретін арнайы куәліктерді алуы тиіс; б) Сырдария өзені бойында бұл уақытқа дейін болмаған су тапшылығына байланысты қырғауылдың балапандары жаппай қырылды. Сол себепті Перовск

және Қазалы уездерінде бір жылға дейін қырғауыл құсын аулауға бір жыл мерзімге дейін тыйым салынады; в) Т. XII, II бөлім, 538 баптың негізінде уезд әкімшілігі халыққа қырғауыл жұмыртқаларын жинауға тиым салады».

XIX ғ.-дың екіншісі жартысы – XX ғ.-дың басында Сырдария облысындағы мал шаруашылығы өнімдері саудасы тарихын талдай келе, төмендегідей қорытынды жасауымызға болады: Мал шикізаты мен жартылай өңделген өнімдері Сырдария облысынан экспортталатын барлық тауарлардың жартысынан көп бөлігін құрады. Қазақстанның оңтүстігі Ресей империясын арзан мал шикізатымен қамтамасыз етті. Темір жолдар салынғаннан кейін, мал шаруашылығы өнімдері тек Ресейдің Орталық аудандарына ғана емес, Европаға оның ішінде Берлин, Вена қалаларына да экспортталды. Зерттелініп отырған кезеңде мал тұқымын асылдандыруға бағытталған шаралар жүзеге асырылып, нәтижесінде малдың жаңа тұқымдары шығарылды, (Әулиеата, Сайрам жылқы тұқымдары және т.б.) әсіресе табиғат жағдайына байланысты Қазақстанның басқа жерлерінде кездеспейтін бағалы қаракөл қойының Сырдария облысы табиғатына бейімделіп өмір сүретіндігі анықталды, аталған қой тұқымы кеңінен өсіріле бастады. Келтірілген мәліметтерге сүйене отырып, қазақ мал шаруашылығы тауарлы қатынасқа жылдам қарқынмен тартылды деген қорытынды жасауымызға болады.

### **2.3 Егін шаруашылығы өнімдері саудасы**

XIX ғ. соңы мен XX ғ. басында қазақ ауылында мүліктік теңсіздіктің күшеюі, самодержавиенің жаппай жерлерді тартып алуы, жартылай көшпелі және көшпелі малшыларды отырықшылыққа көшіп, егін шаруашылығымен айналысуға мәжбүр етті. Ауылдарда тауарлы-ақша қатынастарының дамуы, рынокпен байланыстар егін шаруашылығына тауарлы сипат беріп, егін шаруашылығына тек кедейлердің ғана емес бай малшылардың да тартылуына түрткі болды. Егін шаруашылығының кеңінен дамуында қоныстанушы орыс-украин шаруаларының да ролі маңызды болды.

XX ғасырдың басында тауарлы сипатта болған және ауданның шаруашылығында маңызды орын ала бастаған, егін шаруашылығы дамыған аудандар анықтала бастады. Онда егін шаруашылығы мен мал шаруашылығының шамамен үлесі бірдей болды. Ондай аудандарға Сырдария облысындағы Шымкент және Әулиеата уездері жатты. Шымкент уезінде, 1890 жылдан 1906-1908 жж. аралығында қазақтардың егіншілік ауданы 2,5 есе артып 216 000 десятинаға жетті, көрші Әулиеата уезінде – 158 733 десятинаға жетті [162]. «Материалы по киргизскому землепользованию» еңбегінде, Шымкент уезі (1908 ж.) халқының көпшілігі көшпенді мал шаруашылығынан отырықшы егін шаруашылығына көшкендігі туралы айтылды, көшпенділер барлық халықтың 16,62%-ын, отырықшы халық 83,38%-ды құрады [163]. Тек мал шаруашылығымен айналысатын аудандар деп есептеліп келген Қазалы және Перовск уездеріне келетін болсақ, 1890 ж. 12 692 дес. жерді суармалы егіншілік алып жатты, ал 1910 ж. егіншілік аудан 31 217 дес. жетті, яғни 20 жылдың ішінде 2,5 есе көбейді. Қазалы уезінде 1910 ж. 23 523 дес. жерге егін егілді. Бұл

мәліметтерден Сырдария облысындағы аталған екі уезд тек мал шаруашылығымен ғана айналысады деген пікірді теріске шығарды.

Егін шаруашылығы өнімдерін өндіру жағынан Сырдария облысында бірінші орында, тек облыс орталығы ғана емес бүкіл Түркістан өлкесінің орталығы болған, Ташкент уезді тұрды, одан кейінгі орындарда Шымкент, Әулиеата, Перовск, Қазалы уездері, Әмудария бөлімшесі тұрды [164].

Сырдария облысында егілген негізгі *нан астықтары*: күздік - карабидай, бидай, арпа; жаздық – карабидай, бидай, арпа, күріш, қара құмық, тары, жүгері, бұршақ, жасымық, атбас бұршақ; *майлы астықтар* – зығыр, қарасора, кунжіт, көкнәр, күнбағыс, қыша; *техникалық дақылдар* – картоп, кендір, сұлы, мақта, темекі, қант қызылшасы; *жем-шөп өсімдіктері* – жоңышқа, сабан; *жеміс ағаштары* - алма, алмұрт, өрік, шабдалы, алхоры, шие, қызыл шие, бадам, грек жаңғағы, жиде, шарап жемістері, анар, бете, пісте, тұт ағашы және т.б.; *бақша дақылдары* - қауын, қарбыз, сәбіз, пияз, қызыл бұрыш, аскөк, қияр, асқабақ, үрме бұршақ, шалқан және т.б. көкөністер өсірілді.

Жабайы өсімдіктердің ішінен *мия* (солодковый корень), *дермене* өсімдіктерін ерекше атап кеткен жөн. Мия тамырынан лакриц дайындаған, мия тамыры, сыртқа батыс елдеріне экспортталған жабайы өсімдік түрі. Дермене тұқымы саудасы Сырдария облысындағы басты сауданың бірі болды. Қазақтар жыл сайын шамамен 100 000 п. дермене жинап, жергілікті алып-сатар татарларға 1 пұтын 15 т. сатты [165].

Сыртқа *экспортталатын тауарлы дақылдар*: бидай, мақта, жоңышқа, күріш, сабан, қауын, жемістер (алма, алмұрт), жүзім секілді өсімдік дақылдары өнімділігі және маңыздығы жағынан бірінші орында тұрды. Осы аталған бау-бақша және егін шаруашылығы тауарлы дақылдарының саудасына жеке-жеке тоқталайық.

*Нан астықтары саудасы.* Қазақстанның оңтүстігінде ауылшаруашылық дақылдарының ішінде нан астығы бірінші орында тұрды, олар халықтың негізгі қорегі болды. Орыстар жаулағанға дейін Қазақстанның оңтүстігінде, тары астығының өнімділігі бидайға қарағанда төрт есе жоғары болған. Күрішті тек ауқатты адамдар ғана асқа пайдаланды [166]. Өлкені орыстар жаулағаннан кейін бұл жағдай күрт өзгерді, нан астықтары ішінде бидай бірінші орынға шықты. Мәселен 1908 ж. Орынбор-Ташкент темір жолы арқылы Европалық Ресейге 14 487 746 п. (20 400 000 рубльге) әр-түрлі тауар шығарылса, оның ішінде нан астығы үлесіне 4,5 млн п. тиді, одан кейінгі орында мақта дақылы тұрды - 584 004 п.

*Бидай* астығы өнім мөлшері жағынан басқа дақылдардан әлде қайда жоғары болды [167]. Сырдария облысында «Қызыл бидайдың» күздік және жаздық түрін екті, «ақ бидайдың» тек жаздық түрі егілді. «Қызыл бидай» өнімді өте мол беретін бидай сорты, бірақ «ақ бидаймен» салыстырғанда ұнының сапасы нашар болды. Оның үстіне «ақ бидай» құрғақшылыққа өте төзімді болды, сондықтан көбіне тәлімі егістіктерге егілді. Орыс қоныстанушылары Сырдария облысына өздерімен бірге нан астығының жоғары сортты «кубанка» бидайын әкеліп екті, нәтижесінде жергілікті егіншілер де бұл бидайды егіп, осы



сортқа деген сұраныс артты [168]. Сырдария облысының Шымкент уезі Турбат аулында өсірілген *турбат бидайы* Ташкенттік базарларда өте жоғары бағаланған [169].

Өлкедегі нан астығы саудасының, мал саудасымен салыстырғанда өзіндік ерекшеліктері болды. Мал саудамен айналысқан көпестердің тауары (мал және оның өнімдері) рынокта Ресейден әкелінген тауарлармен ешқандай бәсекеге түспеген, екіншіден мал шаруашылығы өнімдеріне деген сұраныс Ресей және одан тыс жерлерде жоғары болған кезде, сырдариялық нанға деген сұраныс төмен болды және бұл тауар Ресейден және Жетісу облысынан әкелінген нан өнімдерімен үлкен бәсекеге түсті (Ресей - нан астығының негізгі импортері болды). Мәселен, Орынбор-Ташкент темір жолы арқылы Сырдария облысына Ресейден 1910 ж. - 169,5 мың п., 1913 ж. – 433,9 мың п. нан астығы әкелінген. Бұл нанның бір бөлігі Түркістан арқылы Ортаазиялық темір жолмен әкелінген, Төменгі Поволжье, Кубань нандары. Екінші бөлігі Ташкент темір жолы арқылы Орынбордан келді. Дәл осы секілді Европалық Ресейге 1910 ж. Сырдария облысынан 66,4 мың п., 1913 ж. 41 п. нан астығы шығарылды, яғни бұл тауар Ресейге мүлдем экспортталмады деп айтуымызға болады. Сырдария облысы нан астығының негізгі тұтынушысы жергілікті халық және Ташкент уезі мен көрші Ферғана, Самарқан облыстары болды (мақталы аудандар). Мысалы, 1910 ж. Сырдария облысы территориясында орналасқан станциялардан Ферғана мен Ташкентке 1910 ж. 597,7 мың п., 1913 ж. 937 мың п. нан астығы шығарылды (жоғарыда айтып кеткеніміздей, соған сәйкес жылдары облыстан Европалық Ресейге 66,4 мың п., және 41 п. нан астығы шығарылды), яғни 1913 ж. барлық нан астығы Ферғана мен Ташкентке ғана шығарылды деуге болады. Бұл жағдай, Түркістан өлкесінде мақта егістіктерінің көбеюіне байланысты, нан астығы егістіктерінің қысқаруымен түсіндіріледі, сол себепті аталған аудандарға нан сырттан әкелінді (яғни Қазақстанның оңтүстігінен әкелінген) [170].

Оның үстіне 1901 ж. Ферғана облысында бір пұт бидай 1 р. 35 т. тұрса, Қазақстанның оңтүстігінде бір пұт бидай 43-71 т. тұрды, сондықтан Орта Азия елдеріне нан астығын шығару ісі өте табысты болды.

XIX ғасырдың соңында Әулиеата уезі, Сырдария облысында нан астығы өнімі бойынша бірінші орында тұрды. Мәселен, 1895 ж. Әулиеата уезінде, жиналған нан астығы өнімі 4 559 мың п. құрады. Әулиеата уезіндегі нан астығының негізгі тұтынушысы Ташкент қаласы болды. Ташкент қаласы халқының саны артқан сайын нанға деген сұраныс та артты. 1886 ж. Әулиеата уезінен Ташкент, Қазалы, Перовск уездеріне 400 мың п., ал 1891 ж. Ташкент уезінің өзіне 596 мың п. бидай шығарылды (149 мың р. соммаға). Әулиеатадан Ташкентке шығарылған тауарлардың ішінде бидай астығы мал және оның өнімінен кейінгі екінші орында тұрды.

Сыр өңірі халқы, бидай астығынан бөлек, арпа, сұлы тары дақылдарын екті. *Арпаны* көбіне малға беретін жем ретінде пайдаланды. Одан басқа бұршақ тұқымды астықтарды екті, бірақ оларды сатуға емес, тек өздерінің қажеттіліктері үшін өсірді. *Тарының* үш түрін өсірді: ақ, қызыл және қара.

Тарының қара сортын көбіне Әулиеата уезінің жоғарғы таулы аудандарында өсірді. Тарының қызыл сортын көбіне Пішпек уезі мен Әулиеата уезінде өсірді. Астық нарығында салыстырмалы түрде ең төменгі орынды иеленген дақыл *кунак* болды. Кунак құрғақ климатқа өте төзімді келді. Қазақтар одан жарма іспеттес сусын даярлаған.

Егін шаруашылығы өнімдерінің өнімділігін арттыру мақсатында, ауыл шаруашылық құрал-жабдықтар мен машиналарды сатып, кеңінен қолданысқа енгізу үшін, Түркістан өлкесі қалалары – Ташкент, Верный, Пішпек қалаларында қазыналық қоймалар ашылды. Қоймаларда тек ауылшаруашылығына қажетті құрал-жабдықтар ғана емес, сонымен қатар жоғары сортты тұқымдар, минералды тыңайтқыштарды жеңілдік шартпен, төлеу мерзімін бес жылға дейін ұзартып сатты. Жергілікті тұрғындар арасында жетілдірілген егін шаруашылығы құрал-жабдықтарын негізінен ауқатты тұрғындар алды.

XIX ғ. соңы – XX ғ. басында ұн мен ұннан жасалған тағамдарға деген сұраныстың артуына байланысты өлкенің көпұлтты халқы астықты дақылдар егістерін үлкейтті, бұл өз кезегінде ұн шығаратын кәсіпорындардың артуына ықпал етті. 1912 ж. Сырдария облысында 16 диірмен тіркелген, олар құны 6 400 000 р. тұратын 3 200 000 п. ұн өндірген. Бұл жерде ескеретін бір ерекшелік, диірмен өндірісінің артуы, тауарлы егін шаруашылығының дамығандығының куәсі.

Нан астығы өнімдері сонымен қатар шарап жасау өндірісінде де қолданылды. Мәселен, 1910 ж. Қазақстанның оңтүстік өңірінде шарап дайындау мақсатында 123 169 п. бидай пайдаланылды. Сырдария облысында шарап жасайтын кәсіпкерлер бидайдан бөлек, жүгері дақылын да пайдаланды. Сыра қайнататын заводтардың барлығы тек жергілікті арпа сорттарын, оның ішінде маньчжуриялық арпа сорттарын пайдаланды. 1909 ж. Сырдария облысында сыра қайнатуға 62 185 п. арпа пайдаланылды [171].

*Мақта саудасы.* XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың соңында Ресей Орта Азия мен Қазақстанға негізінен дайын фабрикалық тоқыма бұйымдарын импорттады. Басқа импортталған тауарлармен салыстырғанда, фабрика маталарының үлес салмағы өте жоғары болды. Ресейлік тоқыма өнеркәсібі жылдан-жылға артып, өндіріске көп мөлшерде мақта шикізаты қажет болды. XIX ғасырдың бірінші жартысына дейін Ресей империясы мақта шикізатын негізінен Америка Штаттарынан сатып алды, әрине бұл сауда, империя үшін өте тиімсіз болды, себебі бұл кезеңде Ресей батыс елдеріне негізінен ауыл шаруашылық шикізатын шығарып, ол елдерден керісінше дайын фабрика өнімдерін сатып алды (ресейлік өнеркәсіп бұйымдары батыс елдерінде, бәсекенің жоғары болуына байланысты өтпеген), сондықтан мақта шикізаты үшін ақшалай есеп айырысуға мәжбүр болды, нәтижесінде елдің миллиондаған алтын қоры батыс елдеріне кетіп жатты. Сонымен қатар, Америка мақтасы Европалық елдердің жерлері арқылы келгендіктен бұл жағдай Ресейді батыс елдеріне саяси және экономикалық жағынан тәуелді етті. XIX ғасырдың екінші жартысында американдық тұқымды мақтаның тәжірибелері Түркістанда оң

нәтиже бергеннен кейін бұл өлкенің, мақта шикізаты көзі ретіндегі маңызы күрт артты. Патша үкіметі өз тарапынан Түркістан өлкесінде мақта шаруашылығының дамуына қажетті барлық жағдайды жасады. Кедендік саясат, темір жолдар желісін жүргізу, арнайы аграрлық саясатты қолдану секілді шараларды жүзеге асырды. Түркістан мақтасы Мәскеу және басқа да Ресей рыноктарын қамтамасыз етіп, басты орынды иеленді.

XIX ғ.-дың соңы мен XX ғ. басында капиталистік қатынастардың енуіне байланысты Оңтүстік Қазақстан халқында мақта дақылы тауарлы сипат алды. Мақта шаруашылығы өлкедегі ауыл шаруашылығы өнеркәсібінің ең табысты саласы болды. Мақта шикізаты сыртта қымбат болғандықтан, көбіне 90-100 пайызға дейін таза табыс әкелген.

Орта Азияда мақта дақылы (жергілікті сорты) бұрыннан өсірілді, олардың арасында әсіресе Бұхар хандығы мақтасының үлесі басым болды. Мұрағат деректерінде көрсетілгендей, 1862 ж. көктемінде қазақтар Жаңа-дария сағасында алғаш рет мақта (жергілікті «гуза» сорты) дақылын егіп, жақсы өнім алды. Сырдария шебінің басшысы бұл мақтаның үлгілерін Орынбор генерал-губернаторлығы кеңсесіне жіберді. Бұл жерде, мақтаны бұхар мақтасымен сауда жасайтын көпестер, сараптаудан өткізіп, мақтаның сапасына оң баға берді. Келесі жылы көктемде (1863 ж.) Сырдария жағасында губерниялық хатшы Карлович өз бетімен бұхар және хиуа мақта дақылдарын егіп, олардың үлгілерін арнайы мекемелерге зерттеуге жіберді. П.Г. Галузоның мәлімдеуінше, Сыр өңірінде американдық мақтаны егудің ең алғашқы қадамдары 1866 ж. жасалды. Өлкенің генерал-губернаторы, Раевский деген дворяннан (ол Қырымның оңтүстік жағалауында тәжірибе жүзінде американдық мақта дақылын өсірумен айналысты) 1862 жылдың өзінде 36 ф. американдық мақтаның тұқымдық дәндерін алдыртып, Перовск және Ташкентке уездерінде тәжірибе жүзінде егуді ұсынды. Бірақ бұл дәндер кешігіп жеткізгендіктен аталған жылдары егілген жоқ, дегенмен, жасалған алғашқы қадамдар – тарихи факт болып қала береді [172].

Түркістан өлкесінде бұрыннан өсіріліп келе жатқан мақтаның жергілікті сортының өнімділігі төмен болатын. Сондықтан, мақта шикізатына сұранысы күшейген ресейлік өнеркәсіпшілер өлкеге американдық мақта сорттарын әкеліп тәжірибеден өткізді. Жергілікті әкімшілік ауыл тұрғындарына кіріс әкелетін мақта өндірісінің дамуына ерекше мән берді. Ол үшін мақта мәдениетін өсірудің дұрыстығын бақылайтын Басқарма құрылып, Америкадан мақтаның ең жақсы сорты «Sea Island» алынды. Бірақ, Түркістан климаты, мақтаның бұл сортының өсуіне қажетті талаптарына сай келмеді. Американдық мақтасын климатқа сәйкестендіру мәселесіне орыс фабриканттары араласқан соң, жұмыс алға басты. Мақтаның басқа сорты «Upland» әкелініп, ол Орта Азия жерінде жақсы өсті. Бұл іспен ең алғаш тәжірибе жүзінде айналысқан А. Вилькинс болды. Мақтаның бұл сорты қазірге дейін Түркістанда егіледі. Осы аталған фирмалар мақташыларға арнап керекті несиелер беріп және ең бастысы қолмен мақта тазалау еңбегін жаңа техника түріндегі мақта тазалайтын құралдармен алмастырды.

Мақтаны тұтынушы және оны өсіруші кәсіпкерлер арасын орыс несие банктері тығыз байланыстырды. Нәтижесінде мақта өндірісі жанданып, капитал көзімен қамтамасыз етілген кәсіпкерлер жақсы пайда тапты. Барлық дәнді дақылдар мен жұмыс күшінің арзандығы, Мәскеуде мақта сортының әр пұтының 7-8 р. емес, 10 р. тұратындығы, тез арада баюды көздеген барлық кәсіпкерлердің қызуғышылығын тудырды. 1884 ж. алғаш рет Мәскеуде өткен өлкелік көрмеге Кудрин фирмасы американ сортты мақтасының 100 пұтын алып келді. Жергілікті халық мақтаның далалық сортына қарағанда, жаңа сортты мақтаның пайдалылығын көріп, өздерінің жерінде американ сортты мақтаны өндіруге қызуғышылық білдірді, 5 жыл өткеннен кейін, 1889 ж. Түркістан өлкесіндегі американдық мақта егілген егістік көлемі барлық мақта егістігінің 56%-зын алса (44% -ына жергілікті мақта тұқымым егілді), 20 жыл өткеннен кейін, 1909 ж. барлық мақта егістігінің 90%-ын құрады (жергілікті мақта тұқымы 10%) [173].

Сырдария облысында 1884 ж. ең алғаш рет үлкен көлемде американдық мақта дақылын егу жұмыстары Ташкент маңында жүргізілді. Бұл жылы бірден 300 дес. жерге американдық мақта дақылы егілді, нәтижесінде 10 000 п. шикі мақта өнімі жинап алынды. 1892 жылға дейін Ташкент мақташылары Сырдария облысының мақта егуге болатын солтүстік шекарасы Ташкент уезімен аяқталады деп есептеді. Бірақ сол жылғы тәжірибе көрсеткендей, мақта аймағы тұтас Шымкент уезін қамтып, тіпті Түркістан қаласына жақындады. 1914 ж. мақта егістігі ауданы рекордты 84 мың дес. жетті, одан 5 млн. шикі мақта жинап алынды, (бұл жағдай мақта бағасының күрт өсуіне байланысты болды) яғни 30 жылдың (1884-1914 жж. аралығында, 1884 жылғы жергілікті мақта сорттарын өнімін қоса есептегенде) ішінде жиналған мақта мөлшері шамамен 480 есе артты, бұл өте жоғары көрсеткіш, ауыл шаруышылық дақылдарының ешбір түрі мұндай рекордты көрсеткіш берген емес, бұл көрсеткіштер мақта шаруашылығының қаншалықты маңызды әрі табысты болғанын дәлелдейді.

Сырдария облысында мақта егістігі ауданы ең алдымен Ташкент уезінің арқасында көбейіп отырды, одан кейінгі орында Шымкент уезі тұрды (VII Қосымша: №12 Кесте) [174]. Статистикалық мәліметтер бойынша Сырдария облысынан Орынбор-Ташкент темір жолы арқылы Европалық Ресей мен Сібірге 1908 ж. 584 004 п., 1909 ж. - 497 009 п., 1910 ж. - 176 180 п., 1911 ж. - 618 010 п., 1912 ж. - 1 032 069 п., 1913 ж. – 1 133 272 п. мақта шығарылды, яғни облыстан Ташкент темір жолы арқылы шығарылған мақта экспорты бес жылдың ішінде 584 004 пұттан 1 133 272 пұтқа артып, 2 есе өсті. Орта Азиялық темір жол арқылы Орта Азияға - 1910 ж. 87 000 п. (Европалық Ресейге 65 028 п.), 1913 ж. 114 060 п. (Европалық Ресейге 204 096 п.) тазаланған мақта талшығы, 1910 ж. 20 318 п., 1913 ж., 450 484 п. (Европалық Ресейге 21 981 п.) шикі мақта шығарылды. Келтірілген мәліметтерді талдай келе, Сырдария облысынан сыртқа экспортталған таза мақты талшығы 21 жылдың ішінде (1892-1913 жж.) 388 659 п.-тан 1 451 427 пұтқа, яғни шамамен төрт есе артқанын көруімізге болады. Сырдария облысында мақта алқаптары үздіксіз

өсіп, 1900 ж. Ресейге 82 мың тоннаға жуық мақта шығарылып, орыс өнеркәсіптері мақта сұранысының 33%-ын қамтамасыз етті.

*Күріш саудасы.* XIX ғ. ортасы – XX ғ. басында Сыр бойындағы қазақтар үлкен еңбекті қажет ететін, күріш дақылын еге бастады, оны негізінен Перовск уезінің Байұзақ болыстығында екті. 1902 ж. уезде барлығы 877 дес. жерге күріш дақылы егілсе, 1915 ж. күріш дақылы 6 298 дес. жерге егілді, яғни егістік көлемі 13 жылдың ішінде шамамен сегіз есе ұлғайған [175]. Сырдария қазақтары күріштің үш сортын: ақ (ақ шалы), қызыл (қызыл шалы) және арпа шалы деп аталатын сорттарын өсірді.

Сырдария облысында (Әмудария бөлімшесін қоспағанда) 1912 ж. 60 161 дес. жерге күріш дақылы егілді, оның ішінде Ташкент уезінің үлесіне 50 885 дес., Қазалыға 50 дес., Шымкент уезіне 2 807 дес., Перовск уезіне 6 419 дес. жерге күріш егілді. 1912 ж. Сырдария облысында барлығы 4,3 млн. п. күріш жиналды, оның ішінде 3,5 млн. п. күріш Ташкент уезінің үлесіне тиді, бұл күріштің басым бөлігі сыртқа шығарылды. Күріш дақылының табысты болуы оның өнімінің мол және қымбат болуына, сонымен қатар Европалық Ресейде күрішке деген сұраныстың жоғары болуына байланысты болды.

Сырдария облысынан Орынбор-Ташкент темір жолы арқылы 1909 ж. 98 584 п., 1910 ж. 110 293 п. (оның ішінде Сібірге 6069 п.), 1911 ж. 89 352 п. (оның ішінде Сібірге 247 п.), 1912 ж. 968 287 п., 1913 ж. 963 956 п. күріш дақылы шығарылды, яғни төрт жылдың ішінде Орынбор-Ташкент темір жолы арқылы облыстан шығарылған күріш тауарының экспорты он есе артты. Орта Азиялық темір жол арқылы Сырдария облысынан Орта Азияға: 1910 ж. 1 128 002 п., 1913 ж. 1 027 724 п. күріш дақылы шығарылды.

*Жоңышқа саудасы.* Жоңышқа, Қазақстанның оңтүстігінде кеңінен таралған өсімдік түрі. Бұл көпжылдық өсімдікті 8-9 жылда бір рет егіп, жылына 4 реттен орды, бір десятинадан 400 п. сабан алынды. Түркістанның астық нарығында жоңышқаның алатын орны ерекше болды. Оған деген сұраныс пен баға жоңышқа нарығымен, оның ішінде Гамбург қаласындағы астық базарымен анықталды.

Ең алғаш түркістандық жоңышқаны сыртқа шығарған американдықтардың арқасында, шет елдерде жоңышқаға деген сұраныс күрт артып, жыл сайын жүз мың пұттан астам жоңышқа Ташкенттегі Дюршмидт фирмасы арқылы сыртқа экспортталды. Ресейге түркістандық жоңышқаны 25-30 мың п. мөлшерінде ғана шығарды, қалған үлкен бөлігін Гамбург арқылы Аргентина мен Құрама Штаттарға шығарылды.

1909 ж. Сырдария облысында жоңышқа егістігі 61 100 дес. жерді қамтып, одан 16 724 400 п. жоңышқа алынды, ал 1913 ж. Сырдария облысында жоңышқа егістіктерінің ауданы 86 085 дес. жерді алып жатты, одан 19 683 000 п. жоңышқа алынды [176].

*Бау-бақша өнімдері саудасы.* Орта Азия мен Оңтүстік Қазақстаннан Ресейге шығарылған келесі бір тауар – жеміс-жидектер болған. Зерттеуші С.И. Гулишамбаровтың еңбегінде: «Түркістан өлкесін көбіне өрік, шабдалы, қауын мен жүзімдердің елі деп атайды, бұл дәл тауып атйтылған теңеу, расында да

бау-бақша кәсібі жергілікті халықтың ертеден келе жатқан кәсіптерінің бірі» - деп жазылған.

Тауарлы бау-бақша кәсібінің артуына байланысты 1907-1912 ж. аралығында жеміс-жидектердің экспорты артқан [177]. Жергілікті жемістер әр түрлі мерзімде піскен, өте ерте пісетін жеміс сорттарынан бастап, кеш пісетін сорттарға дейін болды. Кейбір сортты жемістер қыс бойы жақсы сақталды. Бұл ерекшелік жемістерді Европалық Ресейге тасымалдауды әлде қайда жеңілдетті.

1906 ж. Сырдария облысынан алғаш рет Мәскеу және Петербург қалаларына Ташкент темір жолы арқылы 35 вагон алмұрт, алма және жүзім шығарылды. Қатынас Жолдар Министрлігі аталған жылы жеміс-жидектерді тасымалдауға арналған вагондарды жабдықтап, салыстырмалы түрде арзан тариф орнатты. Мәселен, Ташкент-Петербург вагондарымен, пассажирлік жылдамдықпен (7 күн) бір пұт жемісті тасымалдау үшін 1 р. 27 т. төлем алынды, ал үлкен жылдамдықты вагондардан (9 күн) 98 т. алынды. Петербургке жергілікті жемістерді экспорттаудың нәтижесінде ондағы базарлардағы шетелдік жемістердің бағасы күрт төмендеді.

Сырдария облысынан Орынбор-Ташкент темір жолы арқылы Европалық Ресей мен Сібірге 1908 ж. - 16 581 п., 1909 ж. - 161 162 п., 1910 ж. - 129 961 п., 1911 ж. - 133 227 п., 1912 ж. - 428 953 п., 1913 ж. - 592 562 п. жеміс тауары шағыралды, яғни Ташкент темір жолы арқылы облыстан шығарылған жеміс экспорты бес жылдың ішінде 36 есе өсті, бұл өте жоғары көрсеткіш. Қазақстанның оңтүстігінде жеміс ағаштарының орталықтары Арыс пен Бадам өзендерінің аралығында болды. Мұнда шабдалы, өрік, жиде, грек жаңғағы, інжір, алма өсірілді. Манкент, Сайрам, Шолаққорған ауылдары өзінің тәтті алмаларымен әйгілі болды, ал Манкент және Қарабұлақ ауылдарында жүзімнің жоғары сорттары өсірілді [178].

Бақша өсіру кәсібінің айтарлықтай кең өндірістік сипаты болған жоқ. Оңтүстік Қазақстан өлкесінде өсірілген көкөністерді тек, жергілікті халық тұтынды. Көкөністердің ішінде тек *қауын*, оның ішінде қыстық қауын (жаңадан піскен күйінде немесе кептірілген күйінде) сыртқа экспортталған тауардың бірі болды [179]. Оңтүстікте қауынның «торлама», «аққұйрық», «көкше» деп аталатын сорттары басым болды.

Сырдария облысында ең мықты қауын мен қарбызды Түркістанда өсірді. Шымкент және Түркістан қаласының аумағы бақша өсірудің ірі орталығы болды. Жақын маңдағы өзбек қышлақтары диқаншылардың бау-бақшалары қазақ халқы үшін өзіндік мектеп болды. Әсіресе, бұл дақылдар үлкен көлемде Сайрамсу, Арыс, Машат, Бадам, Ақсу, Шаян, Бөген, Боралдай өзендерінің жағалауларында өсірілді [180].

Көкөністердің ішінен (қауын мен қарбыздан кейін) жергілікті халық пияз бен сәбізді көптеп өсірді, одан кейінгі орындарда қызылша, картоп және т.б. өсірді. Картоп пен орам жапырақ кейіннен егілді (бұл дақылдарды орыс қоныстанушылары өздерімен бірге әкелді), оларды әсіресе, Әулиеата уезінің орыс селенияларында көптеп өсірді. 1911 ж. картоп дақылы 1917 дес. жерге егілді, одан 449, 4 мың пұт картоп өнімі жиналды.

Бақша көкөністерінің қыс және көктем мезгілдерінде 2-3 есе қымбаттауына әсер ететін ең басты фактор, қала тұрғындарының көпшілігінде көкөніс сақтайтын арнайы қоймалардың (погреб) болмауы еді. Бұны пайдаланған саудагерлер көкөніс бағасын 2-3 есе қымбаттатқан. Бұл құбылыс, қазіргі күндері де орын алуда.

Сыртқа шығарылған жемістердің ішінде Ташкент ауданы жемістерінің үлесі өте жоғары болды. Себебі Ташкент уезінен басқа уездерде бау-бақша және жүзім өсіру кәсібі шамалы орын алды, қалған уездердегі климаттық жағдайлар Ташкент уезіндегідей жайлы болған жоқ (жеміс өсіру үшін). Оның үстіне салыстырмалы түрде, климаты жеміс пен көкөністердің өсуіне қолайлы саналатын Шымкент және Әулиеата уездерінде темір жолдардың болмауы да, аталған кәсіптерге кері әсерін тигізді (бұл уездерде темір жол торабы Қазан төңкерісі қарсаңында жүргізілді). Мәселен, Шымкент уезінде бау-бақша дақылдарын орыс шаруалары аз мөлшерде жергілікті тұтынушыларға арнап өсірген. Әулиеата уезінде сыртқа шығару мүмкіндігі болмағандықтан аталған кәсіп, табысы аз, екінші дәрежелі кәсіп болды, онда негізінен верный алмаларының сорттары өсірілді.

*Жүзім саудасы.* Жүзім өсіру кәсібі Түркістан өлкесінде ертеден келе жатқан кәсіптің бірі болғанымен, кең өндірістік сипатта болған жоқ, себебі бұл кезеңде оны шарап қайнату және дайындау кәсібінде қолданбаған (құран бойынша мұсылмандарға шарап ішімдігін ішуге тиым салынған). Орыстар келгенге дейін жүзімді тек жаңадан піскен күйінде немесе кептірілген күйінде қолданды. Ресейге жүзімді кептірілген күйінде (мейіз) экспорттады. Өлкеге орыстар келгеннен кейін, жүзімді шарап жасау және қайнату кәсіптерінде кеңінен қолданды, нәтижесінде өлкедегі жүзім егістіктері көбейіп, аталған шаруашылық кең етек жайды.

Қазақстанның оңтүстігі мен Орта Азияда жүзімнің 30-дан астам сорттары өсірілген, олардың арасында шараптың арнайы сорттарын дайындайтын европалық сорттар да кездесті. Жүзім дақылын Сырдария облысында негізінен Шымкент, Ташкент уездерінде өсірді. 1906 ж. жүзім дақылы 1793 дес. жерге егіліп, одан 500 000 п., 1911 ж. 2 345 десятинадан 909 мың п. жүзім жиналды.

1906 ж. жергілікті жүзім дақылы алғаш рет Европалық Ресейдің базарларына шығарылды (Орынбор-Ташкент темір жолының іске қосылған жылы). Ол жерде жүзім үлкен сұранысқа ие болып, жергілікті бағадан 10-20 есе қымбат бағаға сатылды (жергілікті жерде 1 пұт жүзім 1 р. – 1 р. 50 т. тұрды.). Жүзім шаруашылығының дамуына ықпал еткен негізгі факторлар: 1-ден жергілікті жүзім сорттары Батыс Европалық жүзімдерге қарағанда 1,5 айға ерте пісті, 2-ден оның бағасы арзан және тасымалдауға ыңғайлы болды. Жиналған жүзім өнімінің 80 пайызын кептіріп, қалған 10 пайызын жаңадан піскен күйінде тұтынды, 10 пайызынан шарап дайындады [181]. Жүзімнің экспорты жыл сайын артып, ташкенттік жүзім Мәскеу және Петербург базарларында тіпті қырым жүзімін ығыстырды [182].

*Темекі және қант қызылшасы дақылдары саудасы.* Қазақстанның оңтүстік аймағындағы қызығушылық танытқан ауыл шаруашылығының келесі салалары –

темекі және қант қызылшасы шаруашылығы. XIX ғасырдың 60-жылдардың басында Перовск фортында темекі дақылын өсірудің алғашқы қадамдары жасалды. Форт шенеуліктеріне темекі ол кезеңдері Орынбор арқылы қымбат бағамен әкелінді. Форт әкімшілігі сырттан қымбат бағаға темекі алып келгеннен гөрі, климаты темекі дақылына қолайлы ауданда темекі дақылын өсіруді ұсынды. Осы мақсатта, темекі өсіру кәсібімен айналысқан, Орынбор Шебінің №4 батальонының екі солдатын (Алексей Яганов, Захар Серов) Перовск фортына шақыртты. Тәжірибе жүзінде форт бақшаларына егілген темекі дақылы жақсы өнім берді. Темекінің үш сорты егілді: махорка, саксондық темекі және қарапайым темекі. 1861 ж. фортта егілген темекі дақылынан 5 пұт өнім жинап алынды (махорка-20 фунт, қарапайым темекі-4 пұт, саксондық темекі-20 фунт) [183].

Түркістан өлкесіндегі өсірілген темекі сортын екіге бөлуге болады. 1-ші далалық өлкеде өсірілетін жергілікті темекі сорты, 2-ші темекінің шет жерлік, яғни түрік сорты. 1-ші категорияға жататын далалық темекі сары және жасыл темекі сорттары болып бөлінді. Сырдария облысында ең бірінші темекі фабрикасын орыс көпесі Первушин ашты. 1877 ж. Ташкент қаласындағы көпес Первушин плантациясынан Мәскеуге 8000 п. жапырақты темекі шикізаты шығарылды. Осы жылы темекі кәсібімен айналысушылар, Нижегород жәрмеңкесі мен Мәскеуге бірнеше жыл жинақталған 2983 п. 32 ф. темекі шикізатын жіберді. Топырақтың, климат жағдайларының жайлы болуы, суармалы егістік жерлердің болуы өндірістік темекі шаруашылығына тиімді жағдайлар туғызды. Өлкеде темекі сататын арнайы көтерме қойма болған жоқ. Бірақ, темекі түрлерін сататын Ташкент қаласында 1 темекі дүкені, 2 темекі сәкісі және 34 темекіні өзге де отарлық бұйымдармен қосып сататын сауда сәкілері жұмыс істеді. Түркістан өлкесінің өзге қалаларында темекі өнімдерін ғана сататын, арнайы сауда орындары болған жоқ.

Өлкеде алғаш рет қант қызылшасы өндірісімен айналысуды 1880 ж. кәсіпкер Громов, кейіннен 1887-1890 жылдары кәсіпкер Савинков қолға алды. Бірақ, олардың бастамасы нәтижесіз аяқталды. 1889 ж. бұл істі инженер-полковник Иванов «Түркістан ауыл шаруашылығы және өнеркәсіптік серіктестігін» құру арқылы қолға алды. Бірнеше тәжірибелерден соң, 1904 ж. Ортаазиялық теміржол маңындағы Кауфман бекетіне жақын жерде қант зауытын салып, аймаққа қант қызылшасын егуді бастады (Қауыншы қант заводы). Далалықтар жаңа егін мәдениетін тез меңгерді. Бұл жерде қант қызылшасы жақсы өсті және қант жасауға әр дес.-да 60-100, кейбір жылдары 160 берковец өнім берді. Оның құрамында 18,5 % қант болды. 1907 ж. далалық плантацияларда 3 400 дес. жерге қант қызылшасы себілді. Одан 200 000 берковец өнім жиналып, өндірілген қант шекері 193 000 пұтқа жетіп, 877 мың р. құрады. 1910 ж. – 786 мың р. өнімі жиналды. 1910 ж. 1253 мың п. қант қызылшасы өңделіп, одан 157 мың пұт құмшекер алынды. 1911 ж. 1253 мың пұт қызылша өңделіп 71 439 п. құмшекер алынды. 1911 ж. қант қызылшасы өсетін жер көлемі 2 064 дес. жерді алып жатты [184].



Сонымен, XIX ғ. екінші жартысы XX ғ. басындағы Сырдария облысындағы егін шаруашылығы өнімдері саудасын талдай отырып төмендегідей қорытынды жасауға болады:

Облыстағы нан астығы тауары, рынокта Ресейден әкелінген нан астығы тауарымен үлкен бәсекеге түсті, соған байланысты сырдариялық нан негізінен Ресейге емес, мақталы аудандар – Ташкент уезі мен Ферғана облысына экспортталды.

Түркістан өлкесі Ресей империясының негізгі мақта шикізат көзі болғандықтан, Қазақстанның оңтүстігіндегі мақта шаруашылығы жылдан-жылға артты. Бұл шаруашылық өте табысты, тауарлы сипатта болды. Дегенмен, мақтаны тек шикізат немесе алғашқы өңдеуден өткізілген күйінде ғана шығарды. Бұл жағдай, өлкенің өзінде тоқыма өндірісінің дамуын тежеді, яғни патша өкіметінің сол кезеңдегі отарлы саясатының бір көрінісі осында еді.

Ресей империясының климаттық және т.б. жағдайларына байланысты, өзінде өспейтін (немесе кеш пісетін) бау-бақша және егін шаруашылығы өнімдеріне деген сұраныс жоғары болды, нәтижесінде өлкенің мақта, күріш, қауын, жүзім, жеміс-жидектер тауарлы сипат алып, бұл өнімдердің экспорты жоғарылады. Керісінше, Ресейден әкелінетін қант пен темекі өнімдері сапасының жоғары, әрі бағасының арзан болуы өлкедегі темекі және қант қызылшасы шаруашылығына кері әсерін тигізді. Мақта тауары Қазақстан өлкесінде тек Сырдария облысынан экспортталатын тауар түрі болды. Сонымен қатар жүзім мен жемістердің ерте пісетін сорттары да тек Сырдария облысынан (Қазақстанда) Европалық Ресейге тасымалданатын тауар түріне жатты, бірақ Шымкент пен Әулиеата уезінде темір жолдардың кеш тартылуы (1915-1917 жж.) аталған жемістердің экспортқа шығарылуын тежеді, сондықтан ол тауарлар көбіне Ташкент уезінен шығарылды.

XIX ғасырдың екінші жартысы XX ғасырдың басында Оңтүстік Қазақстанға тауарлы-ақша қатынастары тереңдей еніп, өлке ресейлік және әлемдік нарықтық қатынастарға кеңінен тартылды, нәтижесінде ауыл шаруашылық салалары, оның ішінде егін шаруашылығы өнімдері тауарлы сипат алды.

#### **2.4 Қазақстанның оңтүстігіндегі кәсіптер мен өңдеуші кәсіпорындардың сауда жүйесінің дамуына әсері**

Патшалық Ресейдің отарлауы қарсаңында Қазақстанның оңтүстік өлкесінің көп ғасырлар бойы оқшауланып өмір сүруі, сонымен қатар онда фабрика–заводтардың өте аз болуына байланысты, жергілікті тұрғындар тұрмысқа қажетті заттарды, қолда бар материалдармен өз қолдарымен жасаған. Осыған байланысты облыста өндірістік кәсіпорындарға қарағанда, қолөнер кәсібі басым боды. Өңдеуші өндіріс кәсібінің дәл осы сипатта дамуына тарихи жағдайлар ықпал етті: облыс халқы осы уақытқа дейін ұзақ жылдар бойы өзбек хандарының қол астында тұрып, ұзақ жылдар бойы саяси тұрақсыз өмір кешті, көшпенділердің тонаушылық әрекеттері, облыс басшылары-бектердің жиі бас көтеруі және ірілі-ұсақ әкімшіліктің өз қызметін асыра пайдалануы, осы аталған

жағдайдың барлығы, яғни саяси, әкімшілік және экономикалық тұрақсыздық жергілікті өнеркәсіптің дамуын ғасырлар бойы тежеген. Түркістанды орыстар жаулаған кезеңде, табиғи байлықтың молдығына қарамастан халқы өте кедей тұрды. Фабрика мен заводтардың орнына өңдеуші өнеркәсіп көптеген ұсақ қолөнер орындарына бөлшектеніп кеткен, нәтижесінде техника өте төмен дәрежеге түсті. Фабрикаларды тұрғызып, өнеркәсіптің бір саласын кеңейтіп жүргізу үшін капитал болмады, осыған байланысты табиғаттың механикалық күштерін тұрпайы сипатта пайдаланған. Жергілікті өңдеу өнеркәсіптерінің осындай кемшіліктері өнімнің сапасына тікелей әсер еткен, нәтижесінде өнім бағасы да арзан болды. Бұл өнімдердің барлығын жергілікті халық тұтынған, тек сирек өнімдер ғана сыртқа шығарылды. Ер тоқым, сандық, арба, халат, былғары, етік, қыш-құмыра бұйымдары ағаш пен металдан жасалған әр түрлі бұйымдар, мал жүні мен терісінен жасалған бұйымдар, кілемдер, мақтадан, жібектен және жүннен тоқылған маталар т.б. заттар – осы аталған заттардың барлығы қолөнершілердің шеберханаларынан шыққан тауарлар болды.

Ресейдің ірі өндірістік орталықтарының фабрикалық мақта және жібек маталар мен киімдері сапасы мен арзандығы жағынан жергілікті қолөнер бұйымдарын ығыстырды. Осыған байланысты кейбір қолөнер кәсіптері дамымай, шығындарға батты [185].

Жергілікті капиталдың жетіспеушілігі, несиенің қымбат болуы, шикізат пен кенге бай аймақтар арасында қатынас жолдардың нашар болуы себеп болды. Зерттеуші Л. Костенконың мәлімдеуінше, Орта Азияда фабрика-заводтардың дамуына кері әсерін тигізген жағдайлар төмендегідей болды: «техникалық білімнің жетіспеушілігі, капиталдың аздығы, көшпенді шаруашылықтың басым болуы және т.б.» [186].

### **Кесте 3 - Сырдария облысындағы 1894-1913 жж. кәсіпорындар мен жұмысшылар саны**

Облыс	1894 ж.		1913 ж.		1 кәсіпорынға шаққандағы жұмысшылар саны	
	Кәсіпорындар саны	Жұмысшылар саны	Кәсіпорындар саны	Жұмысшылар саны	1894 ж.	1913 ж.
Сырдария	80	898	258	1800	11,2	7,0

Кесте нәтижелерінен Сырдария облысында заводтардың «ұсақталу» процесі интенсивті жүргенін көруімізге болады, яғни Сырдария облысында ХХ ғасырдың басында алыпсатар көпестер ауылдарға интенсивті түрде еніп, уездерде ұсақ кәсіпорындарды көптеп салды. Олар шикізатты сатып ала отырып, шаруаларды тауарлы қатынастарға интенсивті түрде тарта отырып, заводтардың көп бөлігін сол ауылдардың өзінде, яғни шикізатты сатып алатын

жерлердің жанында орналастырды. Орыс әскери тарихшы және статист Л.Ф. Костенконың айтуы бойынша «...Түркістандағы кәсіпкерлер көбіне бір мезетте бірнеше кәсіптермен айналысты, сол арқылы олар бір кәсіпке кеткен шығындарды екіншісімен жауып отырған».

1887 ж. Сырдария облысында барлығы 45 кәсіпорын, тіркелді, онда 604 адам еңбек етті. Жыл өткен сайын бұндай кәсіпорындардың өсу тенденциясы байқалды. 1912 ж. облыста 265 кәсіпорын тіркелді, онда 5 202 адам еңбек етті. 1898 ж. Сырдария облысындағы кәсіпорындардың айналымы 5 236 000 р. құраса, 1913 ж. бұл көрсеткіш 27 524 526 р. құраған, яғни өндіріс айналымы 5 есе артқан.

В.В. Заорская мен К.А. Александрдың еңбегінде көрсетілгендей, 1914 ж. Сырдария облысында барлығы 243 фабрика завод тіркелді (I Қосымша: №1 Кесте), 1913 ж. облыста барлығы 224 фабрика-завод тіркелгенімен оның 41-і жұмыс істеген жоқ. Сырдария облысының өнеркәсіп орындарының өндіріс айналымы жыл сайын артып отырды. Егер, 1908 ж. барлық өнеркәсіп орындарының өндіріс айналымы 7 169 мың рубльге тең болса, 1913 ж. бұл көрсеткіш 15 165 мың рубльге тең болды. Өндіріс айналымының осындай жылдам қарқынмен дамуын ең алдымен 1906 ж. салынған Ташкент-Орынбор темір жолымен байланыстыруға болады. Түркістан генерал-губернаторлығы құрамына кірген әр облыс өнеркәсіп өндірісі жағынан арнайы салалар бойынша ерекшеленді. Мысалы, Ферғана облысы өзінің климаттық жағдайларының ерекшеліктеріне байланысты мақта тазалайтын және мақта майын шығаратын өндіріс орындарының көптігімен ерекшеленді. Ал, Самарқан облысы жүзім шаруашылығы бойынша бірінші орында тұрғандықтан, соған сәйкес шарап дайындайтын кәсіпорындары жағынан бірінші орында тұрды. Сырдария облысы, барлығына қарағанда (Түркістан өлкесінде) Европалық Ресейге жақын орналасқан, ең басты екі темір жолмен - Орынбор-Ташкент және Ортаазиялық темір жолмен тікелей байланысқанымен өнеркәсіптік өндірісі жағынан арнайы бір саламен ерекшеленген жоқ. Дегенмен, Сырдария облысы, өнеркәсіптің әртүрлі салаларының саны (эмбебап) жағынан бірінші орында тұрды: онда дербес 34 өндірістік сала тіркелді. Облыс өнеркәсібі қала және ауыл тұрғындарының әр түрлі қажеттіліктерін қанағаттандыру (эмбебап) бағытында дамыды. Мұнда мақта тазалайтын, тері илейтін, кірпіш шығаратын, диірмен, күріш тазалайтын, кәмпит, жасанды минералды сулар және т.б. орындарынан басқа макарон және темекі фабрикалары, сыр қайнататын және мұз жасайтын т.б. көптеген өнеркәсіптер болды.

1913 ж. жұмыс істеген барлық заводтардың 44%-ы 1900-1910 жылдар аралығындағы кезеңде ашылды (аталған он жылдықта Орынбор-Ташкент темір жолы ашылды) (XII Қосымша: №20 Кесте).

1913 ж. жұмыс істеген 183 кәсіпорынның жылдық айналымы 15 165 420 р. болды. Жекелеген салалар бойынша облыс өндірісінің жалпы соммасы төмендегідей бөлінді: мақта тазалайтын заводтар - 46%, спирт тазалайтын заводтар - 16%, диірмендер - 8%, жүн жуатын кәсіпорындар - 6%, сыра қайнататын заводтар - 6%, тері илейтін кәсіпорындар - 2%, типография - 2%,

қалған өнеркәсіп салалары жалпы өнеркәсіп айналымының 1%-ын құрады (II Қосымша: №3 Кесте). Оның ішінде Ташкент уезіндегі кәсіпорындардың өндіріс айналымы 13 679 369 рубльге тең болды, яғни барлық өндіріс айналымның 90%-ын құраған. 1913 ж. жұмыс істеген 183 өнеркәсіптік орындардың ішінде 127-сі Ташкент уезінде орналасты.

**Балық аулау кәсібі.** XIX ғасырдың бірінші жартысында қазақтар балық аулау кәсібімен тек өз қажеттіліктері үшін айналысса, XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында балық аулау кәсібі өнеркәсіптік деңгейге дейін көтерілді. Арал теңізі аймағындағы балық аулау шаруашылығы XIX ғасырдың I жартысында өркендей бастады. 1847 жылдың басында Орынборда Арал теңізінде балық аулауға арналған екі моторлы кеме құрастырылды. 1852 ж. 2 қарашада Арал бекінісіне Швецияда арнайы тапсырыс бойынша жасалған кемелер келді. Бұл кемелер балық аулау кәсібінің дамуында маңызды орын алды. 1847 жылың өзінде-ақ Деев деген көпестің бастауымен Қазалы уезінде балық аулау кәсібінің дұрыс жолға қойылғаны тарихтан белгілі. Ол балықшылық кәсібінің техникасында қазақтарға белгісіз жаңалықтар енгізген. Аймаққа орыстардың келуімен жаңа балық сататын базарлар ашылды. Қыста Қазалыға оралдықтар келіп алыстығына қарамастан шанамен Орынбор мен Оралға балық алып кетіп отырды. Бұрын бұл қалаларға балықты қазақтар тек көктемде ғана апаратын еді. Оралдықтардан сабақ алған қазақтар енді өз білгендерінің үстіне білмесін қоса түсті. Ол үшін олар оралдықтарға жұмысшы ретінде жалданды. Сосын жеке осы кәсіппен айналыса беретін еді.

Дегенмен, Арал теңізінің балық байлықтарын игерудің өнеркәсіптік дамуы тек XIX ғасырдың екінші жартысынан басталды. Мысалы, орынборлық ағайынды Ванюшиндер, Орынборға арзан қызыл балық Арал теңізінен келетінін білгеннен кейін осы жерде балық аулап, теңіздегі кеме ісін ұйымдастыруды жоспарлады. 1875 ж. Ванюшин фирмасы өзінің сенімді өкілін Арал теңізіндегі балық аулау жағдайын барлау мақсатында қызметтік іс-сапарға жіберді. Келесі жылы, яғни 1876 ж. Әмударияның төменгі сағасында балық аулау кәсібін ашу мақсатында Гурьевтен Эмбі посты арқылы 47 түйеден тұратын керуенді жіберді, олар 35 000 қармақ, 2200 ау, екі керме ау мен кеспек, лар құрылысына қажетті материалдарды әкелді. Осы керуенмен, бұрын Каспий теңізінде балық аулаумен айналысқан 16 қазақ, 6 орыс балықшылары бірге келді, олар уылдырық, балық, вязиго дайындайтын мамандар етін. Кейіннен Гурьевтен жаңа 127 түйеден тұратын, балық аулау кәсібіне арналған құрал-жабдықтар тиелген тағы бір керуенді жіберді. 1876 ж. Ванюшин сауда үйінің компаниясы Түркістан өлкесінде балық шаруашылығын кеңейтуді ұсынды. Компания Арал теңізі мен Әмудария өзенінде балық аулаумен айналысуды көздеді. Ондағы мақсаты – балықты жергілікті тұтынушыларды ғана емес, сонымен бірге үлкен көлемде Ресейге апарып, ондағы тұтынушыларды қамтамасыз ету. Бұл кәсіпорынның маңыздылығы сонда – ол Әмудария ауданының халықтарына жоғары бағада нан және басқа азық-түліктерді алуға мүмкіндік берді, Қазалы базарындағы бағаны бір қалыпты ұстады; бірақ бұл кәсіпорынның болашағы болмады. Ванюшин бұл іске 50 000 сомға дейін

жұмсаған. Алғашқы кезде тамаша жетістіктерге жетті: ол балық тиелген бірнеше үлкен транспортты Астрахань мен Гурьев арқылы жөнелтіп үлгерді, алайда көп ұзамай ол отбасы жағдайына байланысты Оралға кетіп қалады, істі сенімді адамға тапсырады. Соңғысы оны жөн-жосықсыз басқарды. Сондықтан Ванюшин ол адамнан да аталған кәсіптен де бас тартады. Ванюшиннің өз тәжірбиесіне негізделген анықтамасы бойынша жыл сайын балықтың аулануы уылдырықты есептемегеннің өзінде кем дегенде  $\frac{1}{2}$  миллион тоннаға жетеді.

XIX ғасырдың аяғына қарай балық өнеркәсібі кәсіпорыны Сырдария мен Арал теңізінің құйылысында, жергілікті әкімшіліктің билігінде болды және басты бақылау Қазалы уезінің бастығына берілді. Аталған әкімшілік, балық аулауға қатысты бірнеше ережені енгізді: 1 сәуірден 1 шілде аралығы жабық кезең деп жарияланып, бұл кезеңде балық аулауға рұқсат берілмеді; Сырдарияның 10 шақырым оңға 10 шақырым солға көлдің 10 шақырым тереңдігі және 2 шақырым жоғары өзеннен Қосаралға дейін балық аулауға тыйым салынды. Түнде, жексенбі және аптаның басқа күнінде (орынға байланысты) балық аулауға рұқсат етілмеді, кәсіпшілік белгіленген жерде ғана жүргізілді. Қазақтар балық аулаумен тек оған құқығы бар билет алғанда ғана айналыса алатын еді. 1898 жылдан бастап Сырдариядағы балық аулауды бақылау Жерді басқару және мемлекеттік мүлік иелігіне берілді [187]. 1902 ж. бастап Перовск уезінде балық аулау кәсібі мен саудасын бақылайтын қызметкер тағайындалды.

Сырдария облысында балық Арал теңізінен, облыстағы көлдер мен өзендерден ауланды. Қазалы уезіндегі көлдегі балық аулау оның Қамшыбас, Қаракөл, Шөмішкөл, Жаланғаш, Алаша қазына иелігінде, ал басқасы қазақтардың пайдалануында болды. XIX ғ. 70-жылдары Сырдария облысында оралдықтар жаңадан келген кезеңде, балықты тек Қазалы уезіне өткізген. Ұсыныс сұраныстан әлде қайда жоғары болуына байланысты, соған сәйкес балықтың бағасы да тым арзан болды. Мысалы, салмағы 1-1,5 п. шабақ 20-30 тиынға, уылдырықтың фунты 10 тиыннан, Қамышлық-баш көлінен ауланған үлкен сазандардың (салмағы 20-30 фунттан бір пұтқа дейін) бір данасы 20-30 т. сатылған.

Бірнеше жыл өткеннен кейін, жағдай күрт өзгерді. 1900 жылдары Арал теңізі бассейнінен ауланған балықты өткізетін ең басты нарық Орынборда болды. Онда аталған өнімдерді Мокеев деген ірі саудагер сатып алған. Одан бөлек, балық өнімдерін Орск пен Троицкіге шығарды. Зерттелініп отырған кезеңдердің басында, балық саудасының дұрыс жолға қойылуын тежеген ең басты себеп, бұл кезеңде темір жол желісінің жүргізілмегендігі еді, нәтижесінде балықты керуен жолдармен түйеге артып тасымалдаған; тасымалдың бұл түрі біріншіден қымбат (Қазалыдан Орскіге дейін бір пұт балықты тасымалдау 50-60 тиынға айналды); екіншіден ұзақ болды: аталған жолға 25-30 күн уақыт кеткен, одан тауар өз салмағының 15%-ын жоғалтқан. Екінші кедергі – бұл балық саудасында монополияның үстем болуы еді, Орынборда барлық балық саудасын бір ғана көпес басқарды.

Жергілікті жерлердегі және Орынбордағы балық тауарларының бағасында үлкен айырмашылық болды. Балықты Орынборға тасымалдаумен 15-20 ірі кәсіпкер саудагерлер айналысты.

Зерттеуші Л.С. Берг, өз еңбегінде балықшылар мен кәсіпкерлер арасындағы сауда операцияларын төмендегідей сипаттаған: «Теңізде, кәсіпкер өз бетінше, өзінің қаражатына жұмысшыларды жалдап, балық аулады. Өзендерде жағдай басқаша болды: кәсіпкер балықты өз бетінше ауламай, жеке балықшыларға, көбіне қырғыздарға (қазақтарға – С.Б.) құрал-саймандарды, қайықты, балық аулауға рұқсат беретін билетті және алдын ала ақша беріп, орнына балықшы (тапсырушы) барлық ауланған балығын оған, алдын ала келісілген бағаға сатуы тиіс. Кәсіпкерден алған құрал жабдықтардың құнын балықпен төлеп, өзінде қалдырған». Кәсіпкер мен балықшылардың арасында басқа да келісімдер орын алған. Мысалы, кәсіпкер балықшыға балық аулауға рұқсат беретін билет пен құрал-жабдықтарды беріп, орнына балықшы ауланған балығының жартысын тегін беріп, қалған бөлігін нарықтық бағаға сатса, онда бұндай келісім жасаған балықшы «жартылай үлескер» деп аталды. Көлдерде, көбіне 6-7 балықшы бірігіп, 3-4 жұмысшы жалдап балық аулаған. Ауланған балықтың барлығы балықшылардың санына қарай бөлінген. Егер балықшы (тапсырушы) өз қарызын өтей алмаса, онда кәсіпкер оның қарызын келесі жылға арнайы үстеме пайызбен қалдырып отырған. Осылайша, балықшы үстеме қарызға кіріп, шығынға батқан.

Теңізде және өзендерде балық аулайтын балықшылар өз егелерінен көбіне қарызға әр түрлі тауарларды: мата, шай, құмшекер, ау, ұн және т.б. заттарды алып отырған. Бұл тауарларды кәсіпкер тым жоғары бағамен берген, мысалы: Қазалыда 19 т. тұратын бір фунт құмшекерді 25 т.-ға, Орынборда 80 т. тұратын бір фунт шайды 2 р.-ге сатқан. Аталған қарыздың барлығын балықшы балықпен өтеуі тиіс етін. Мысалы уылдырықты шабақтың бір данасын 3 р. 40 т. – 4 р. 50 т.-нан беруге тиіс болды (кәсіпкер оның бір данасын уылдырығын есептегенде 7 р. – 7 р. 50 т. сатқан). Бұл операциялардың барлығымен тек оралдықтар айналысты.

1905 ж. Ташкент темір жолы ашылғаннан кейін, Арал теңізіндегі балық аулау шаруашылығы жылдам қарқынмен дами бастады. Темір жол Сырдария өзені жағасындағы Арал теңізі жанынан өтті, соған байланысты балықтың бағалы сорттарын тұздалған күйінде жылдам тасымалдауға мүмкіндік берді, ал балық тасымалдау үшін арнайы мұздатқыштар орнатылғаннан кейін, жаңадан ауланған балық, сол күйінде мұздатылып тасымалдана бастады.

1912 ж. Ташкент темір жолы арқылы Европалық Ресейге 1 852 750 п. балық шығарылды, алдыңғы жылмен салыстырғанда (1 612 678 п.) 213 мың пұтқа артық, 1910 ж. құны 5 млн. рубльге 1 976 000 п. балық шығарылды.

Балықты жылдам тасымалдауды тек Ташкент темір жолы арқылы ғана емес, 1909 ж. ұйымдастырылған Арал теңізіндегі кемелер арқылы да қамтамасыз етті. Арал станциясына тауар су жолымен – кеме, баржа, қайықтармен тасымалданып, ол жерден темір жол арқылы Европалық Ресейдің

рыноктарына, ең бастысы Мәскеуге тасымалданды. XX ғасырдың басынан бастап мұнда ірі астрахандық балық кәсіпкерлері пайда болды.

Бұл кезеңде Арал теңізінде балық аулау кәсібімен айналысқандардың барлығын төмендегідей топтастыруға болады: 1. Ірі тұрақты кәсіпкерлер. 2. Қыс мерзімінде балық аулауға келетін кәсіпкерлер. 3. Балықшы кәсіпкерлер. 4. Жергілікті орыс балықшылары. 5. Жергілікті қазақ және татар балықшылары.

Бірінші разрядқа екі ірі фирманы жатқызуға болады, олар – Орынборлық Мокеевтер және Маршавтік Марковтар, сонымен қатар Филатов, Красильников, Тимофеев, Ульянов, Ройтман секілді бірнеше ірі кәсіпкерді жатқызуға болады. Бірінші фирма Арал станциясында 1903 ж., екіншісі 1906 ж. пайда болды. Бірінші фирмаға көбіне балық және оның өнімдерімен көтерме сауда жүргізетін ірі кәсіпкерлер кірді.

Екінші разрядқа қыс мезгілінде балық аулауға келген кәсіпкерлер жатты, олар балық аулаумен айналысқан жоқ, тек балықшылардан балықты сатып алып, темір жолмен тасымалдады. Олар көбіне балықшыларға құрал жабдыққа қажетті ақшаны алдын ала кепілақы ретінде балықтың есебінен беріп отырды.

Үшінші разрядқа сырттан келген ұсақ кәсіпкерлер жатты. Олар балықты өздері аулап, өздері темір жол арқылы тасымалдады.

Төртінші разрядқа жергілікті орыс оралдықтар мен сырттан келген балықшылар жатты. Олар балықты өздері аулап, ұсақ және ірі кәсіпкерлерге өткізді.

Бесінші разрядқа жергілікті қазақ және татар балықшылары жатты, олар да аулаған балығын кәсіпкерлерге өткізді. Арал станциясы арқылы жіберілген жаңа ауланған және тұздалған балықтың прогрессивті өсімі, теңіздік кәсіп ірі капиталистік өнеркәсіп сипатын алғанын дәлелдейді.

Аралдың балық өнімдері темір жол арқылы Сібір, Одесса, Румыния, Рязань, Петроград, Мәскеу, сонымен қатар Калужск, Воронежск, Орловск, Курск губернияларына және Ресейдің басқа да қалаларына шығарылды.

XX ғасырдың басында балық аулау кәсібінен түсетін үлкен пайданы көрген орыс капиталистері балық аулау шаруашылығында акционерлік қоғамдарды ұйымдастыра бастады. Осылайша, 1908 ж. Аралда ірі «Хиуа акционерлік қоғамы» құрылды. Оған астраханьдық балық кәсіпкерлері Лбов, Ройтман, әйгілі кавказдық кәсіпкер Ванецов кірді. Олардың балық аулайтын кемелерінен басқа теңізде «Хиуа» атты кеме-транспорттық өнеркәсібі болды. Қазан төңкерісінің алдында Арал теңізінде балық аулаумен айналысқан барлығы 79 кәсіпорын тіркелді.

Қарапайым балықшылардың өз сулары болмағандықтан, қазына мен ірі кәсіпкерлерден жалға алу шартымен балық аулады. Балықты өңдейтін мүмкіндіктері болмағандықтан балық аулаушылар ірі кәсіпкерлерге өткізді. Бұндай балықшыларда өңдейтін өнеркәсіптің және мұздатқыштардың жоқтығын пайдаланған кәсіпкерлер (балық тез бұзылатын өнім болғандықтан) жаппай балық аулау маусымында балықшылардан алынатын шикі балықтың бағасын тым төмен түсірді. Осының нәтижесінде ірі балық кәсіпкерлері тез байып, ұсақ балықшылар шығынға батты [188].

Сырдария облысында балық бағасы жыл сайын өсіп отырды. Оған себеп болған жағдай, балық өнімін өткізетін жаңа сауда нүктелерінің ашылуы, жетілдірілген әдістерді енгізу арқылы балық өнімі сапасының жоғары болуы (мұздақтар мен садкалар) және т.б.

Қарастырылып отырған кезеңдері, Сырдария өзеніндегі балық аулау маусымы екіге бөлінген: жаздық және күздік. Жазда шабақ, сүген және жайынды аулаған, ал қыста табан және ақмарқаны аулаған. Жаздық балық аулау кезеңі сәуірдің соңынан басталып бірінші қыркүйекке дейін жалғасты. Күздік балық аулау кезеңі қазан айынан басталып, қаңтар айына дейін жалғасқан.

Ауа райы жылы болып тұрған кезде балықтың бағасы арзан болды, себебі оны тұздап сатқан, ал аяз түскен кезеңдерде балықтың бағасы күрт өсіп, екі есе қымбаттаған, себебі жаңадан ауланған балықты тұздамай сол күйінде сатқан [189].

1899 ж. (темір жол жүргізілгенге дейін) Арал бассейнінен ауланған балық мөлшері 300 мың пұтты құрады, құны шамамен бір миллион шамасында болды [190]. 1909 ж. Ташкент темір жолы арқылы 1 964,4 мың п. балық және оның өнімдері шығарылды. 1909 ж. шығарылған балық өнімдерінің мөлшері 4,5 млн. р. құраған.

Өлкенің ең басты балық аулау кәсібі Арал теңізінің оңтүстік бөлігінде шоғырланды. Өзен мен көлдерден ауланған балықтың кәсіптік маңызы жоғары болған жоқ.

Балық кәсіпшілігінің дамуы Сырдария бойындағы халықтың өсуіне себепкер болды. Аманөткелде, Қармақшыда, Қамыстыбаста т.б. жаңа қоныстар пайда болды. Сырдарияның төменгі ағысында ғана емес, теңізде де көптеген қазақтар балық шаруашылығымен айналысты. Балық өндіру жылдан-жылға өсті.

*Тау-кен кәсібі.* Сырдария өлкесі минералды кен орындарға бай болғанымен, олардың көбісі игерілмеді. Себебі, біріншіден бұл салада қауіп көп болды, оның үстіне үлкен қаржы-қаражатты қажет етті. Қатынас жолдардың нашар болуы да аталған саланың дамуына көп кедергілер келтірді. Осыған байланысты облыстағы кен өндіру ісі бастапқы сатыда тұрды.

Сауда және өсімқор-сауданың жоғары табысын көздеген орыс және жергілікті буржуазия ірі капитал салымдарын қажет ететін, тау-кен және басқа да өнеркәсіптерді құруға талпынған жоқ. Олар кезінде арзан бағаға сатып алған, пайдалы қазбаларды игеруге берілетін өтінімдерді сатып алып, қайтадан сату операцияларымен айналысқанды жөн көрді, тек кейбір кен орындары ғана игерілді [191]. Олардың ішінде игерілген негізгі кен орындары: көмір, тұз, қорғасын кен орындары болды.

1909 ж. Сырдария облысының 22 жерінде минералды қазба байлықтарды игеру ісі жүргізіліп, барлығы 107,9 мың р. соммаға өнім алынды. Оның ішінде көмір – 63,7 мың п., тұз – 438,8 мың п., алебастр – 273 мың п., әктас – 12,6 мың п., мыс – 1200 п. және алтын – 352 мысқал (золотник).



XIX ғасырдың басында кәсіпкерлер Қазақстандық көмірге қызығушылық танытпады, себебі бұл уақытта қазына тарапынан да жеке тұлғалар тарапынан оған деген үлкен сұраныс болған жоқ. Дегенмен, XX ғасырдың басында темір жолдардың, су транспортының дамуына байланысты және өңдеуші, тау-кен кәсіпорындарының дамуына байланысты, Арал флотилиясы, әкімшілік ғимараттар, емханалар, казарма, орыс тұрғындарының үйлерінің қажеттіліктері үшін көмірге деген сұраныс күрт артты. XIX ғ. 60-70-жылдары Түркістан өлкесінде бастапқы геологиялық зерттеулер, көмір кен орындарын іздестірумен байланысты болды.

1863 ж. полковник М.Г. Черняев Қаратау тауының солтүстік сілемдерінде көмір кен орнын ашты. Ал 1865 ж. инженер А.С. Татаринов Қаратау тауының оңтүстік сілемдерінде бұдан да бай көмір кен орнын тапты [192]. Нәтижесінде 1866 ж. Шымкенттен 100 км қашықтықта бірінші капиталистік сипаттағы тау-кен кәсіпорны – Татариновтың көмір кен орны пайда болды (осы орынды ашқан инженер А.С. Татариновтың есімімен аталды).

1868 ж. Оңтүстік Қазақстандағы Боролдай көмір кені орнынан (Татаринов кені) Ташкент пен Шымкентке 10 мың п., Арал кемелері үшін 70 мың п. көмір шығарылды. 1868-1874 жылдар аралығында барлығы 300 мың п. көмір шығарылды. 1874 ж. Боролдай көмір кені орнындағы жұмыстар темір жолдардан шалғай орналасуына, барланған қорлардың таусылуына және игерудің қиындығына байланысты жабылды. 1909 ж. бұл кен орны қайта ашылып, 1911 жылға дейін бұл жерден 124 мың п. көмір өндірілді.

1895 ж. Шымкент уезінде Савинковтың Ольгинск шахтасы ашылды. Аталған шахта 1896 жылдың 1-қаңтарынан 15-мамыр аралығында 15 мың п. көмір өндірі, бұл алдыңғы жылмен салыстырғанда 13 мың пұтқа артық еді. Савинковке тиесілі «Шуфр №2» шахтасы да 1896 ж. өз жұмысын тоқтатты, бірақ бұның алдындағы 1895 ж. бұл шахтадан 17 990 п. көмір алынды. Өндірілген көмірдің барлығы сантонин заводының қажеттіліктері үшін жұмсалды.

Шымкент қаласынан 30 км қашықтықта Леңгір қоңыр көмір кені орналасты. Ол көмірмен сантонинді завод пен Шымкент қаласының басқа да тұтынушылар қамтамасыз етілді [193].

Көмір өндірісі төңкеріс алдында неғұрлым жоғары қарқынмен дамыды: Түркістан өлкесінде 1911 ж. – 6 631 622 п., 1912 ж. - 5 944 464 п., 1913 ж. - 8 406 562 п., 1914 ж. - 9 900 879 п., 1915 ж. - 10 314 214 п., 1916 ж. - 12 315 105 п. көмір өндірілді. Көмір өндірісінің ұлғаюы Түркістан рыногында жаңа минералды отынның тұтынушысы – жергілікті халықтың пайда болуына ықпал етті, бұған дейін жергілікті тұрғындар өз шаруашылығында тек тезек, қамыс және сирек жағдайда сексеуіл пайдаланған.

Осылайша, зерттелініп отырған кезеңдері сырдария облысындағы көмір өнеркәсібі тек жергілікті тұтынушылардың сұранысын қамтамасыз етті. Көлік байланыстарындағы қиыншылықтарға және өлкенің отарлы жағдайына байланысты қазақстандық көмір кендері үлкен рыноктың қажеттіліктеріне жұмыс істей алған жоқ [194].

Қазақстанның оңтүстігі, Ресей құрамына кірмей тұрып, мұнда Ашысайдың жергілікті тұрғындары ортаазиялық әмірлердің тапсырмасы бойынша қарапайым әдіспен кенді өндіріп, қорғасынды балқытты. Кен орны Қаратаудың төменгі етегінде орналасқан Қарнақ аулына қарады. Кенді Жанакен және Ұлыкен орындарында өндіріп, Иқан, Түркістан, Ташкент және Бұхара базарларына сатты.

Қазақстанның оңтүстігі Ресей құрамына кіргеннен кейін 1864 ж. қазақтарға қорғасынды балқытуға тиым салынды, ал қорғасынмен сауда жасау әскери контрабанда деп жарияланды, себебі Қаратаудың бірнеше кендерінде өндірілген қорғасын жергілікті қокан әскерлерінің қару-жарақтарына қолданылды. Осы уақыттан бастап, Қаратаудағы кен орындар тікелей Түркістан генерал-губернаторлығының тау кен басқармасы бақылауына өтті. 1869 жылдан бастап бұл іс Түркістан генерал-губернаторлығы жанындағы тау-кен округіне өтті.

Қаратау тауындағы қорғасынды игеру және балқыту жұмыстарын жүргізу үшін, Түркістан тау-кен округінің ең бірінші сенімді өкілі, көпес И. Первушин болды, оған бұл кен орындарынан жылына соммасы 4500 р. болатын 3000 п. қорғасын өндіру шарты қойылды. Тұран ауданындағы Жанакен және Ұлыкен орындарын И. Первушин жергілікті халықтан 1200 рубльге сатып алды. Жергілікті тұрғындармен келісе отырып, ол тәулігіне тоғыз пұт қорғасын балқытатын қолөнер сипатындағы заводты соқты. Бірақ завод іс жүзінде 1,5 жыл уақыт жұмыс істеді. Осы уақыт ішінде 1000 п. кен алынып, 500 п. қорғасын балқытылды. И. Первушиннің Түркістан әскери ведомствосымен жасаған келісімі орындалмады, сөйтіп 1873 ж. завод жабылды. Заводтың жабылуына себеп болған ең басты жағдайлар руданы өңдеудің төмен сапасы, жұмысшыларды қаталдықпен қанау және кадрлардың тұрақсыздығы.

1874 жылдан 1880 жылдар аралығында кен орындарда жұмысты жергілікті тұрғындар қарапайым әдіспен жалғастыра берді. Балқытып алынған 2000 п. қорғасынды олар базарларға сатты. 1881 жылдан бастап Тау-кен округі жергілікті тұрғындарға кен орындарын игеруге тиым салды. Түркістан Тау-кен округі И. Первушиннен кейін, қорғасын өндіретін ірі кәсіпкерлерді іздеді, олардың қойған талабы, жылына 20 мың пұт қорғасын өндіру болды. Егер тау-кен округі жергілікті жерден қорғасын өндірмесе, оны Ресейден әкелу қажет болды, онда әр пұт 2 р. 65 тиынға қымбат болатын еді, яғни 20 мың п. қорғасыннан қазына 53 мың р. жоғалтар еді.

1882-1885 жылдары Ашысай кен орнындағы жұмыстарды орыс көпесі Н. Иванов жалғастырды. Сырдария облысы әскери губернаторының рұқсатымен 1881 ж. 10 қазанда Н. Иванов Түркістан жерін қайта барлады. Ол ашқан кен орнында барлығы 200 жұмысшы және 70 жасөспірім жұмыс істеді. Кен орнын пайдалану уақытында барлығы 21 000 п. кен өндіріліп, одан 7047 п. қорғасын балқытылды. Дайын қорғасынды Түркістан әскери ведомствосына бір пұтын 3 р. 50 тиыннан сатты.

Қаратау тауындағы кен орындарын тек орыс кәсіпкерлері ғана емес, жергілікті кәсіпкерлер де игерді. Мәселен, Н. Ивановтан кейін 1885 жылдан

1898 жылға дейін Ашысай кен орнында жергілікті көпес Х. Бабатаев пен кейінірек оның ұлы Б. Хасанов жұмыс жүргізді. Олар бес жылдың ішінде 23 906 п. руда өндіріп, одан 1752 п. қорғасын балқытты.

1915 ж. Ашысай кен орнын игеру жұмыстарын М. Зайдель жалғастырды. Ол қорғасын заводы құрылысы жұмысын қолға алғанымен, Түркістан тау-кен округі жұмыстарының баяу жүргізілуіне байланысты, М. Зайдельдің ісі аяқталмай қалды. 1915 ж. ол бұл жерді ағылшын концессионері Л. Лесманға 25 мың рубльге сатып жіберді. 1916 ж. 9 тамызда қорғасын қорытатын заводты салу мақсатында Л. Лесманға қызметке тау инженері Н. Гостеев алынды. Завод, Ашысай кен орнынан 6 км. қашықтықта салынды.

Осылайша, Қазақстанның оңтүстігіндегі қорғасын кен орындары жалпы ресейлік түсті металдар өндірісінде ерекше орын алған жоқ. Негізгі себеп - шаруашылықты жүргізудің тиімсіз әдістері болды.

Қазақтардың тіршілік кәсібіне қарай тікен тас тұзын және ас тұзын дайындау ісі де тәуір орын алды. Сырдария облысында тұз төмендегі жерлерден өндірілді: Қазалы уезіндегі тұз өндірілетін көлдер: Шаң-Көмір, Кивок-тұз, Жуан-төбе, Саппақ, Шөмежкөл, Ашы-өзек, Саман, Жаман-қылыш, Жақсы-қылыш, Қоржын, Шұбар, Сарке, Құрғантұз; Перовск уезіндегі тұз өндірілетін көлдер: Арыс, Бұғажылы, Шарақатын, Көл-Тұз, Айдарлыкен, Айнакен, Батпакен; Әулиеата уезінде тұз өндірілетін көлдер: Арық-Балық, Арық-Бұлақ; Шымкент уезіндегі тұз өндірілетін жерлер: Қарикен мекеніндегі Қаракөл жерлерінен, Көк-алыкен, Көк-Алыкенттегі өзендер топтамасы, Қаратаудың шығыс жағы.

Қарикен жеріне алынған тұз бүкіл Сырдария облысына әйгілі болған, «қаракөл» тұзы деп аталды, ал базарларда қара-текен тұзы деген атпен белгілі болды. Сол кезеңдері, Шымкент уезінің Кара-Кен көліндегі тұздың қоры 10 миллиард пұтқа тең екіндігі анықталды. Тұздың бағасы ара-қашықтыққа және тасымалдаудағы қиыншылықтарға байланысты 4-25 т. аралығында болды. Уездерде өндірілген тұздың көп бөлігі негізінен Ташкент қаласына шығарылды, себебі Ташкент уезінде жергілікті тұз өндіретін жерлер болмағандықтан, тек сырттан келген тұзды пайдаланды [195].

Тұздың ең жақсы сорты Әулиеата уезінің Арық-балық көлінен алынды, сонымен қатар, Қазалы уезінің кейбір көлдерінде де тұздың жоғарғы сорттары өндірілді. Әулиеата және Шымкент уездеріне келе жатқан керуендер жол-жөнекей Арық-Балық өзенінен тұздарды жүктерге артып, қалалық және ауылдық базарларға келгенде, тұзды нанға айырбастаған.

Сырдария облысында 1907 ж. 95 мың п. тұз өндірілсе [196], 1909 ж. 438,8 мың п. тұз өндірілді. Зерттелініп отырған кезеңдері, Сырдария облысында аталған кен орындарынан басқа да көптеген минералды қазба байлықтардың орындары белгілі болды, олар: *фосфор* - Қазалы уезінде; *цементті тас* - Қазалы уезінде; *темір кендері* - Хожент, Жизак, Ташкент, Перовск, Шымкент, Әулиеата уездерінде; *селитра* – Перовск, Шымкент уездерінде; *феруза (көгілдір түсті асыл тас)* – Ташкент, Перовск уездерінде; *минералды бұлақтар* - Жизак, Хожент, Ташкент, Қазалы, Перовск уездерінде; *мыс* – Хожент,

Ташкент, Өулиеата; Шымкент уездерінде; *алтын кені* – Өулиеата, Ташкент, Шымкент уездерінде; *түрлі-түсті асыл тастар* - Өулиеата уезінде: *талшықтас* - Өулиеата уезінде, *аметист* (көкшіл түсті мөлдір асыл тас) - Ташкент, Перовск уездерінде; *берилл* (*меруерт тастың бір түрі*) - Өмудария бөлімшесінде; *отқа төзімді саз* - Ташкент уезінде; *каолин* (фарфор бұйымдар жасалатын ақ балшық) - Ташкент уезінде; *ашудас* - Хожент, Ташкент уездерінде; *сынап* - Перовск уезінде, *мырыш* - Шымкент уезінде ашылды [197].

1912 ж. Н.А. Зарудный облыстың жергілікті зоогеографиясын зерттеу жұмыстары кезінде Өмудария бөлімшесінің Қызыл-Құм шөлінде алтын кен орнын тапты. XX ғ. басында Сырдария облысының Ташкент уезінде, Александровск болыстығында, ауданы 483 дес. жерді алған Аурахшатск алтын кен орнында жұмыстар жүргізілді.

Орыс және шетел капиталистерінен басқа, XIX ғасырдың 80-жылдарынан бастап, түркістандық тау кен кәсіпорындарын жергілікті буржуазия өкілдері де басқарды. Олардың қатарында Юсуп Мухрамов – Ташкент маңындағы «бор мен охра (сары я қызыл қошқыл түсті минерал бояу)» орындарының егесі, 2-гильдия көпесі Магомет-Сали-Дада-Мухаммед Бабаев, ол Сырдария облысында бағалы тастарды барлаумен айналысты [198].

*Омарта кәсібі.* Зерттелініп отырған кезеңдері Сырдария облысында омарта кәсібімен тек Ташкент, Өулиеата және Шымкент уездерінің тұрғындары айналысты. Өлкені орыстар жаулағанға дейін, Сырдария облысында аталған кәсіп түрі болмаған. Түркістан генерал-губернаторы К.П. фон-Кауфман бұйрығымен 1872 ж. Ташкентке Жетісу облысынан 12 ара ұясы әкелінді. Оның 10 ұясы Ташкенттегі ыстық климатқа шыдамай кеуіп кеткен. Қалған екі ұя Шатқал тауларында орналасқан ауылдың біріндегі татарға беріліп, ұялар таулы климатқа жақсы бейімделіп өсіп-өнді. Өулиеата уезінің таулы аудандарында да омарта кәсібі жоғары деңгейде дамыды. Бұл шаруашылықтың, таулы аудандарда жақсы дамуының себебі, мұндағы өсімдік жамылғысы, жазықпен салыстырғанда кеш солған, оның үстіне климат жағдайлары өте қолайлы болды.

Өулиета уезі балының сапасы өте жоғары болды. Өзінің табиғат жағдайы жағынан бұл аймақ Ресейдің орташа сызықтық аймағына және омарта кәсібінің орталығы саналған Жетісу облысына ұқсас болды. Өулиеата уезіне алғаш рет, аралар Жетісу облысынан әкелінді, олар солтүстік түрге жататын аралар болды. Уезде омарта кәсібінің шарықтап дамуына кедергі жасаған жағдай, теміржолдар желісінен алшақ орналасуы еді, сол себепті балдың көпшілігін тек жергілікті тұрғындар ғана пайдаланған. Бұл жағынан алғанда Шымкент уезі темір жолдарға неғұрлым жақын орналасты, бірақ климаттық жағдайы бал ара өсіру кәсібі үшін өтпелі дәрежеде болды [199].

Өулиеата уезінде бұл кәсіппен негізінен орыс шаруалары айналысты: 1906 ж. Меркі с. (8 қожалық), Шалдаварда (12 қожалық), Қарабалтада (19 қожалық), Николаево с. (4 қожалық) және т.б. қожалықтар (Каменко с. Дмитриево с.). Өулиеата уезінде барлығы 711 – ара үйірлері, 2858 ара ұясы тіркелді, оның ішінде рамкалы – 162, сызықты – 2585 және колодкалы – 111 ұя болды. Әр

ұядан 20-28 ф. бал,  $\frac{1}{2}$ ,  $1\frac{1}{2}$  фунт балауыз алынды. Омарта кәсібі өнімдері жергілікті жерлерде: 1 пұт бал – 6-8 р., 1 пұт балауыз 16-18 р. тұрды. Сырдария облысында омарта кәсібі өнімдерінің көп бөлігін жергілікті тұрғындар тұтынды, қалған бөлігін Әулиеата, Ташкент, Верный қалаларына шығарылды.

1909 ж. Сырдария облысы бойынша барлығы 144 пасека тіркеліп, олар 496 рамкалы, 1251 сызықты, 2900 колодкалы ұяшықтан тұрды. Олардан барлығы 4 966 п. бал жиналды.

Ташкент уезіндегі омарташылардың ішінде ерекше назар аударарлық омарташылар: Степан Александрович Любимский (омартасы 1898 ж. құрылған); Василий Кириллович Бурханов (омартасы 1903 ж. құрылған), құрылған Н.А. Донцов (1907 ж.), дәрігер Викентий Алозиевич Юргелис, Трифон Ткачук, полковник Янушев, интендант шенеулігі Землянов, г. Тяжелов. 1910 жылдары әкімшілік берген мәлімет бойынша Ташкент уезінде барлығы 15-30 колодкадан тұратын 59 омарта болды, ауылдық жерлерде он шаруа омарта кәсібімен айналысты, оларда барлығы 400 ұя болған.

Шымкент уезінде орналасқан омарталардың ішінде келесі омарташыларды ерекше атап кетуге болады: Аршын саяжайында орналасқан Третьяков және Спивяк омартасы, Третьяк, Нечитайло, Мищенко және Григорий Горбулич, Конон Горбулич омарталары. Жергілікті омарта кәсібімен айналысушы кәсіпкерлер 1909 ж. Түркістан ауылшаруашылығы қоғамында арнайы ара өсіру кәсібін кеңейтуге бағытталған бөлімше құрды.

*Жібек дайындау кәсібі.* Зерттелініп отырған кезеңдері Сырдария облысында жергілікті қолөнершілердің қолынан шыққан маталардың ішінде экспортқа шығарылған мата түрлері болған. Олар: жібек және жартылай жібек маталар (канаус, әдрес және бенорес). Канаус – таза жібек мата, көбіне біртүсті болған. Әдрес және бенорес жартылай жібек маталар, көбіне түрлі –түсті болған. Ресейдің фабрикаларында бұл маталар жібектің қымбат болуына байланысты тоқылмаған. Сол себепті бұл маталар Ресейдің өзінде және Батыс Европада үлкен сұраныста болған. Жібек маталарды жібек құрттарын өсіретін аудандардың қолөнерші-тоқымашылары тоқыған. Сырдария облысында бұл аудандарға Хожент уезі мен Ташкент уезі жатқан. Көшпелі қазақтар жібек матаны аз мөлшерде қолданған, канаустан ауқатты отбасының әйелдері көйлек тіккізген. Ал әдрес пен бенорес «таза» сарт матасы болып есептелді, себебі оларды көшпенділер мүлдем қолданбаған. Одан басқа жібек және жартылай жібек маталар, Сырдария облысына Бұхара мен Ферғанадан әкелінген. Себебі Хожент пен Ташкент уезінде дайындалатын маталардың көпшілігі Ресейге шығарылған, оның үстіне Бұхар мен Ферғана иеліктерінен әкелінген жібек маталардың жергілікті маталармен салыстырғанда сапасы жоғары болған.

1886 ж. Қазалы қ. тұратын, қазақ Қаракұлов, жібек құртын тәжірибе жүзінде өсіріп, олардан бірнеше жібек жіптерінің орамаларын алды. Бұл жібек құртын өсіру кәсібінің Қазақстанның оңтүстігіндегі ең алғашқы тәжірибе жүзіндегі қадамдары еді. Бұл кәсіппен 1895 ж. алғаш рет тәжірибе жүзінде Шымкент және Әулиеата уезінің тұрғындары да айналысты.

*Мақта тазалайтын кәсіпорындар.* Ресейдің орталық өнеркәсіп аудандарына көп мөлшерде мақта шикізатын экспорттау ісі жергілікті жерлерде, шикі мақтаны дәндерден және басқа да қоспалардан тазалайтын, сонымен қатар мақта талшығын тығыздайтын өндірістерді ұйымдастыру қажеттілігін туғызды. Бұл қажеттілік өлкеде мақта тазалайтын өнеркәсіптердің ашылуына түрткі болды.

XIX ғ. соңында Орталық Ресейде 674 тоқыма кәсіпорындары болды, олардың өндіретін өнімі 325,7 млн р. құрады. Тоқыма өнеркәсібінің жоғары темппен дамуы, неғұрлым көп мөлшерде шикізатты талап етті, бұл өз кезегінде мақта шаруашылығының интенсивті дамуына түрткі болды. Сырдария облысының Ташкент, Шымкент уездері мақта өндірісінің негізгі орталықтары болды. Сырдария облысында ең бірінші мақта тазалайтын завод, 1879 ж. Ташкент қаласында ашылды (С.И. Назаров заводы), кейіннен С.И. Лахт және М.Н. Никищоревичтің мақта тазалайтын заводтары ашылды. Шымкент уезінде алғашқы мақта тазалайтын кәсіпорын 1894 ж. ашылды.

1888 ж. Сырдария облысындағы мақта тазалайтын заводтардың саны 16-ға жетті. Одан кейінгі жылдары бұл көрсеткіш азайды, бірақ жұмысшылардың саны мен өндіріс көлемі жылдан-жылға артып, заводтар бірте-бірте капиталистік кәсіпорындарға айналды. Түркістанда 1907 ж. көпес Мулмачевтің мақта тазалайтын заводы жылына 25 мың п. мақта тазалаған. 1900 ж. Шымкентте үш мақта тазалайтын заводтардың өндіріс көлемі 6 965 р. болды. Ол заводтар арнайы су двигательдерімен жұмыс істеген, олардың әрқайсысының қуаты 12 жылқы күшіне тең болды. 1911 ж. Сырдария облысында барлығы 41 мақта тазалайтын завод тіркелді, оның 7-і Ташкент қ., 7-і Ташкент у., 8-і Шымкент у., және 19-і Әмудария бөлімшесінде орналасты [200]. 1912 ж. Келес заводы, 1914 ж. - Велико-Алексеевск мақта тазалайтын заводтары салынды.

1913 ж. Сырдария облысында мақтаны тек Ташкент және ішінара Шымкент уезінде ғана өсіргенімен (40 мың п. мақта талшығы), мақта тазалайтын заводтар, облыс бойынша саны жағынан басқа заводтармен салыстырғанда бірінші орында тұрды (Қосымша А2: №3 Кесте). Әрине мақта тазалайтын заводтардың көпшілік бөлігі Ташкент уезі үлесіне тиді (16 завод), ал Шымкент уезінде 1913 ж. 6 мақта тазалайтын завод тіркелді (2-і Түркістан қ. және 4-і Шымкент қаласында, оның ішінде 3 завод 1913 ж. жұмыс істеген жоқ).

1913-14 ж. Сырдария облысының мақта тазалайтын заводтары өндірген мақта өнімінің жалпы құны 14 432 483 р. болды, оның ішінде 13 113 972 рубльге мақта талшығы (90,9%), 1 132 753 рубльге мақта дәндері (7,8%), 185 758 рубльге линтер (1,3%) алынды (№4 Кесте).

#### **Кесте 4 - 1913 Сырдария облысы мақта тазалайтын кәсіпорындары өндірген өнімнің жалпы құны**

Облыс атауы	Тазаланған өнімнің жалпы құны	Оның ішінде		
		Талшық	Дән	линтер

	(рубль)	рубль	%	рубль	%	Рубль	%
Сырдария	14432483	13113972	90,9	1132753	7,8	185758	1,3
Ескерту: Кесте – В.В. Заорская, К.А. Александр. Промышленные заведения Туркестанского края. Разработка данных анкеты, произведенной летом 1914 года экономической организацией изысканий по устройству водохранилищ в верховьях реки Сыр-Дарьи. - Пг.: Екатеринбургская типогр., 1915 . - бойынша жасалды.							

Сырдария облысынан, тазаланған және тығыздалған мақта текстильді орталықтарға, ең алдымен Мәскеу ауданына, одан кейін Петроград, Иваново-Вознесенск, Ярославль, Лодз және Европалық Ресейдің басқа қалаларына шығарылды.

Сырдария облысының мақта тазалайтын заводтарының көпшілігі шикі мақтаны диканшылардан алдын ала кепілақы (ақшалай немесе заттай) беріп сатып алып отырған, сонымен қатар екі ортадағы алыпсатарлар мен тасымалдаушылар арқылы сатып алған. Тазартылған мақта тоқымашы-фабриканттарға тікелей жіберілген жоқ, алыпсатарлардың тағы бір категориясы – мақтаны сатып алып, фабриканттарға тасымалдаумен айналысқан ірі фирмаларға өткізді. Осы ірі фирмалардың арасында тек екеуі ғана мақтаны өздерінің фабрикалары үшін сатып алған («Т-во Большой Ярославской мануфактуры» және Т-во «Хлопок»), қалғандары тек алыпсатарлықпен айналысты. Олардың бір бөлігі – жергілікті фирмалар, қалғандары әр түрлі банктердің өкілдері немесе банк қаражатына жұмыс істейтін фирмалар болды. Мақтаны сатып алумен айналысқан, фирмалар мен банктер: Потеляхов Серіктестігі, Вадьяев Серіктестігі, Ю. Давыдов сауда үйі, «Ескендір» қоғамы, ағайынды Яушевтер сауда үйі, ағайынды Крафт, ағайынды Шлосберг сауда үйі, Мәскеулік Сауда-Өнеркәсіптік Серіктестік, Парсы Серіктестігі, Орыс-Азиялық банк, Сібір банкі, Сыртқы сауданың Орыс банкі. Мақтаны тікелей сатып алумен айналысқан, аталған банктерден бөлек, бірқатар басқа да банктер болды. Олардың қаражатына, жоғарыда аталған фирмалар, мақта саудасымен айналысты (Мәскеулік Халықаралық банк, Мәскеулік Есеп банкі, Азов-Донскілік, Мәскеулік Көпестік банк және т.б.), жалпы айтқанда, мақта талшығын сатып алу ісінде банктердің ролі зор болды. Ірі фирмалардан бөлек мақта өнімін алып-сатумен кішігірім жергілікті фирмалар да айналысты.

1913 ж. Сырдария облысында бір пұт мақта өнімдерінің орташа бағасы төмендегідей болды: жалпы мақта талшығы 13 р. 30 т., бірінші сортты мақта талшығы 13 р. 46 т., екінші сортты мақта талшығы 10 р. 70 т., үшінші сортты мақта талшығы 8 р.77 т., линтер 7 р. 07 т., мақта дәні 50 т. (1913 ж. Мәскеуде бір пұт мақта талшығының орташа бағасы 16 р. болса, бірінші сортты мақта талшығы 32 р. 50 т.-ға дейін жетті).

Мақта тазалайтын кәсіпорындар маусымдық сипатта жұмыс жасады. Мақта тазалау маусымы, алғашқы мақта өнімі жиналғаннан кейін, қыркүйектің басында (кейде тамыздың соңында) басталып ақпан-наурыз айларына дейін жалғасты. Мақта шикізатының ірі қорын сатып алуға жеткілікті қаражаты бар, кейбір ірі кәсіпорындарда жұмыс сәуір-мамыр айларына дейін жалғасты,

мамырдың соңында барлық мақта тазалайтын заводтар өз жұмыстарын тоқтатып, келесі маусымға дайындалды. Ірі мақта тазалайтын кәсіпорындармен қатар, өлкеде пайдаланылған ескі мақтаны тазалайтын заводтар да болды. Алғашқылары Түркістан, Ташкент қалаларында ХІХ ғасырдың 90-жылдарында ашылды. 1914 ж. олардың саны 7-ге жетті. Олардың өнімдерін тек жергілікті тұрғындар ғана тұтынды [201].

*Сантонин саудасы.* Петербург мақта комбинатының мүшесі Н. Малаховтың айтуынша сантонин 1830 ж. ашылып (бұл жаңалықты 1830 жылы Kahler мен Alms ашқан болатын), 1833 жылдан бастап медицинаға енгізілді. Шымкент уезінде өсетін бұл өсімдікті жергілікті тұрғындар дермене деп атайды. Шымкент уезінің негізінен Шаян және Арыстанды өзендерінің бойында өскен. Сәл ғана айырмашылығы бар осы тектес өсімдіктер Оңтүстік Америка мен Африкада өсті, бірақ олардың мөлшері өте аз болды. Бұл өсімдіктің ғылыми атауы *artemisia maritima*, бұл өсімдік, *compositae* тұқымдастығына жатады. Дермене тұқымы, дермене гүлінің ең басты әрекет етуші бастамасы, *flores sine* - сантонин. Міне, осы өсімдік жыл сайын мыңдаған пұт дермене тұқымын берген. Бұл өсімдік тұқымын жергілікті қазақтар мен сарттар тамыз айында жинап, көпестерге өткізген. Олар өз кезегінде, Шымкентте сантонин заводы ашылғанға дейін бұл өсімдіктердің ірі партияларын Европалық Ресей және Сібір жерлеріне жіберген. Жыл сайын дермене тұқымын артқан түйелердің ұзын керуені Орынборға бет алып, ол жерден Мәскеуге жөнелтілген. Мәскеу бұл кезде бұл тауардың басты орталық нарығы болған, керуендердің келесі бір көші Петропавлға бет алып, ол жерден Сібірге тараған. 1870-1875 жылдары дермене тұқымын шикізат ретінде, тек дәрілік мақсаттарда пайдаланылған болатын.

Алғашқыда сантонинді тек аздаған европалық және солтүстік американдық фабрикаларда өндірген, кейіннен сантонин өндіру тәжірибелері Орынбор қаласында орын алды, ал 1884 ж. дермене өсімдігінің отаны, Шымкент уезінде, сантонин заводы салынды. 1882 ж. көктемінде, мамандығы бойынша химик және сантонин өндірісін іс жүзінде білетін, прусс азаматы, Вильгельм Пфафф, Мәскеуде тұрып жатып, Түркістан өлкесінде Николай Иванович Ивановтың іскерлігі туралы хабарды естігеннен кейін, оған сантонин өндірісімен айналысу ұсынысын жасайды.

В. Пфаффың бұл өндірістің табысты және пайдалы болатындығы туралы дәйектеріне, көз жеткізген Н.И. Иванов істі ұзаққа созбай, 1883 ж. «Химический завод Иванова и Савинкова в Чимкенте» атты фирманы ашып, заводты соғуға кіріседі. Заводқа қажетті машиналарды ағайынды Бургдорфтар, Гамбург маңындағы Альтон қаласынан тапсырыс беріп алдырты және олар заводқа қажетті машиналардың барлығын әкеліп, заводты іске қосу міндетін өз мойындарына алған. Сантонинді өткізу жұмысын Бибер және Цебер гамбургтік сауда үйлері өз қолдарына алды. 1884 ж. көктемінде барлық машиналар мен аппараттар Шымкентке жеткізілді. Оларды Орынбордан Шымкентке дейін тасымалдау үлкен қиыншылықтар туғызып, серіктестікке он мыңдаған шығын келтірді. 2000 шақырым қашықтыққа созылған ұзақ жолда, машиналардың



ауыр бөлшектерін тасымалдауға шыдайтын арнайы үлкен дөңгелекті арбаларды жасауға тура келді. Тасымалдау кезінде түйелерді пайдаланды. Завод 1885 ж. іске қосылды. Кейіннен завод Савинковке беріліп, «Сантонинный завод н-в Савинкова и Никитина» деп аталды. Заводтың құны 500 000 р. болған. Сантониннің сұранысына қарай, завод жылына 4-5 ай жұмыс жасаған (кейбір жылдарда ғана). Завод іске қосылып тұрған кезде оның қарамағында 50-60 адам жұмыс жасаған. Орташа есеппен алғанда заводта тазартылмаған 600 п. сантонин алынған. Егелерінің айтуынша, заводтың бір жылдағы сауда айналымы 155 000 р. құраған. Бір қызығы, толығымен тазартылмаған сантонин Гамбургке жіберіліп, ол жерден толық тазартылған күйінде қайтадан Ресейге жіберілген. Бұл жағдай, сантонинді басқа қоспалардан (шайыр, май, қант және т.б.) тазартатын спирттің, Ресейде қымбат болғандығымен түсіндіріледі [202].

Спирт пен күкірт қышқылынан басқа, сантонин өндіруге қажетті заттардың барлығы жергілікті жерден алынды. Спиртті Н. Ивановтың арақ шығаратын фабрикаларынан алдыртты, 1884 ж. 14 желтоқсандағы Министр Комитеті шешімі бойынша ол спирттен акциз алымы алынбады. Күкірт қышқылы Бакуден алынды. Шымкент уезінде сантонин заводы ашылған уақытта әлемдегі дермене өсімдігі өсетін жер тек осы жер болып қалды, себебі басқа жерлердегі оның егістіктері толығымен сарқылды. Сондықтан ол заводтың халықаралық сауда айналымдағы маңызы өте жоғары болды.

Жеті жыл ішінде завод (1885-1897 жж.) 5537 п. таза сантонин және 388 п. 26 ф. шикі сантонин өндірді. XIX ғасырдың соңында Ташкентте сантонин өндіретін тағы да үш завод ашылды, олардың егелері В. Пфафф, Никитин және Бычков болды, ол заводтардың техникалық құрылғылары өте қарапайым болды және тек шикі сантонинді өндірді. Шикі сантонинді Гамбургтегі дрогист, Меркке өткізді. Бычковтың заводы ұзаққа барған жоқ, себебі завод өндірісіне заводтардың арасындағы және шетелдік дрогистер арасындағы бәсеке кері әсерін тигізді. Әлемдегі сантонинге деген жылдық сұраныс 1000 пұттан асқан жоқ.

Бәсекеден ешқандай пайда болмайтынын түсінген Савинков, Никитин және Пфафф бірлесіп жұмыс істеуге кірісті. Олар дерменені сатып алуды монополизациялап, шетелдік дрогистердің бәсекесін жойды. Соған байланысты өндіріс айналымы бірден артты (XVIII Қосымша: №30-31 Кестелер).

1911 ж. сантонин бағасының күрт өсуі сұраныстың артуына және бұл бағалы дәрінің географиялық қолданысының артуына байланысты болды. Егер бастапқыда сантонинді негізінен Германияға өткізсе, енді Шымкенттің сантонинді әлем шарының барлық жерлері сатып ала бастады. 1916 ж. жарты жылдың ішінде: Лондонға – 350 кг., Жапонияға – 100 кг., Швецияға – 50 кг. сантонин сатылды.

Барлық көрсеткіштері бойынша: технологиялық процесс, техникалық құрылғылар, құрылымы, жұмысшылар саны және өндіріс көлемі бойынша Шымкенттегі сантонин өндірісі завод өнеркәсібі формасында болғанын көрсетті. Дәрілік препаратты дайындау және оның саудасы халықаралық деңгейде жалғасты [203].

*Май шығаратын кәсіпорындар.* Жергілікті майлы дақылдардың облыс аумағында көп өсірілуі, ең жоғары сапалы өсімдік майы өндірісінің ауқымды дамуына септігін тигізді (жаңғақ, өрік, пісте). Қазақстанда май шайқайтын өндіріс ХІХ ғ. ІІ жартысында орыс, дүнген, ұйғыр отырықшы халықтың қоныстануынан кейін пайда болды, бірақ ірі май шығаратын өнеркәсіп ХХ ғасырдың басында пайда болды, оған дейін салынған заводтар ұзақ уақытқа бармай жабылып жатты. Мақта майын шығаратын өнеркәсіптің бұндай баяу темппен дамуы ең алдымен істің жаңа болуына, кәсіпкерлердің тәжірибесіздігіне, өлкедегі капиталдың жетіспеушілігіне, темір жолдың жоқтығына байланысты болды, себебі жергілікті тұрғындар мақта майын өте аз тұтынды, тіпті тұтынбаған деуге де болады.

Сырдария облысында ең бірінші май шайқайтын завод 1872 ж. Ташкент қ. - да ашылды, онда жаңғақ, күнжіт, өрік майын өндірді. 1885 ж. С.И. Лахтиннің май шайқайтын заводы ашылды, онда майдан сабын, желім кунжара өндірілді, бірақ бірнеше уақыт өткеннен кейін, өз жұмысын тоқтатты. ХІХ ғ. 90-жылдары мақта майын шығаратын заводтарды салуға бағытталған бірнеше серіктестіктер пайда болғанымен, мақта майын шығару өнеркәсібі алдыға жылжыған жоқ. Тек біраз тәжірибе жиналып, темір жолдар жүргізілгеннен кейін, мақта майын шығару өнеркәсібі қарқынды түрде дамыды. Сырдария облысында ұсақ орындарды санамағанда ірі мақта майын шығаратын завод Ташкент қаласында болды. Сырдария облысындағы мақта майын шығаратын заводтың жылдық айналымы 169 399 рубльге тең болды. Мақта майын шығаратын өнеркәсіптің қалыптасқан алғашқы жылдарында бір пұт мақта майы 2-2,5 р. тұрса, 1911-1912 жылдары 4 р. 50 т. тұрды.

Зерттелініп отырған кезеңдері, Сырдария облысында, май шығаратын кәсіпорындар өте қарапайым болды. Әр кәсіпорында бар болғаны екі-үш адамнан жұмыс істеді. Олар құрылғылардың тұрпайылығымен ерекшеленді. Сонымен қатар, Қазақстанда сүт өнімдерін өңдейтін кәсіпорындар саласы сәтті дамыды. Қазақстанда сүтті мал көп болды. Бірақ, соған қарамастан, Қазан төңкерісіне дейінгі Қазақстанда май шайқайтын өнеркәсіптер бастапқы сатыда болды.

1890 ж. Шымкент уезінде 42 май шайқайтын кәсіпорындар болды, онда 45 адам жұмыс істеді, өндіріс айналымы 2300 р. болды, Перовск уезінде 2 кәсіпорын, онда 4 адам жұмыс істеді, өндіріс айналымы 600 р. құрады. Мақта тұқымын май шайқайтын заводтарға, мақта тазалайтын заводтарда талшық пен линтерден тазартылғаннан кейін әкелді. Әдетте май шайқайтын заводтар, мақта тазалайтын заводтардың маңайында орналасқан етін, сол себепті, шикізаттың бір бөлігін осы жерден алды.

Сиыр сүтінен сары май өндіретін басқа заводтар күнбағыс, көкнәр, зығыр, анаша, қыша, сарбас дәндерінен май өндірген. Өндірілген күнжараны (жмых) отын ретінде қолданды, сонымен қатар малға жем ретінде және тыңайтқыш ретінде пайдаланды. Тапсырыс берушілердің дәндерінен өңделген май облыс аумағында тұтынылды, заводтың өз дәндерінен өндірген май Орта Азия мен

Қазақстанның басқа облыстарына, сонымен қатар Қытайға шығарылды. Күнжіт пен мақта майын асқа пайдаланды, ал зығырдан олифа өндірді.

Ташкент заводтарының олифасы Ферғана және Самарқан облыстарына шығарылды. 1913 ж. Түркістан өлкесінде барлығы 1 948 545 п. тазартылған май өндірілді. Әулиеаталық май шайқайтын заводтарда ірімшік қайнататын бөлімдер жұмыс істеді. Сүт уездегі неміс поселкелері шаруаларынан алынды. Мәскеуден арнайы «ірімшік ұнтағы» әкелінген. Өндірілген май Әулиеата қаласында және оның маңайында сатылды. 1912 ж. Әулиеатада сыр қайнататын кәсіпорын 1000 п. сыр өндірді.

Сырдария облысынан 1910 ж. Ортаазиялық темір жол арқылы Орта Азияға 1584 п. сиыр майы, 1348 п. өсімдік майы шығарылды. Сырдария облысында мақта дәндерінің шамалы бөлігі (390 200 п.) Нижний Новгородтағы май шығаратын заводтарға шығарылды.

*Диірмендер.* Тамақ өнеркәсібінің маңызды салаларының бірі ұн тартатын өндіріс болды. Диірмендер өлкенің барлық қалаларында, ірі ауылдарында станицаларында болды. Ондағы құрылғылар өте қарапайым болды, жел, су, жылқы күшін қолдануға негізделді. Диірмендерде ұнды негізінен қала халқы мен қоныстанушылар үшін тартты; байлардан басқа, ауыл тұрғындары өздерінің қол диірмендерін пайдаланды. XIX ғасырдың аяғында – XX ғасырдың басында бу двигательдері қолданылған неғұрлым ірі диірмендер пайда болды.

Сырдария облысы диірмендері негізінен бидайдан жасалған ұнды жармалап шығарды, себебі бидай өлкенің ең басты астық наны болды, қара бидайды тек орыс қоныстанушылары аз мөлшерде қолданды. Тек Әулиеата уезіндегі екі диірменде сұлы пен арпаны жармалады. В.В. Заорская мен К.А. Александердің зерттеуінде, Сырдария облысында (су дөңгелегімен жұмыс істейтін диірмендер есепке алынған жоқ) 1913 ж. барлығы 28 диірмен тіркелді, оның 21-і жұмыс істеп тұрды. Онда 1 155 мың п. бидай жармаланды.

Өндірістің сипаты мен нарыққа қатынасы жағынан диірмендер үш түрге бөлінді: 1) тауарлы, яғни тек қана рынокқа жұмыс істейтін диірмендер, олар сырттан тапсырыс қабылдамаған; 2) ауыл-шаруашылық, тек тапсырыс бойынша ғана жұмыс істейтін диірмендер, олардың жармалайтын жеке өз бидайлары болмаған; 3) аралас, бірінші түрге де екінші түрге де жақын диірмендер.

1913 ж. Сырдария облысында 4 тауарлы диірмен (барлық диірменнің 19%) 673 910 п., 9 ауыл-шаруашылық диірмен (барлық диірменнің 43%) 83 379 п., 8 аралас диірмен (барлық диірменнің 38%) 117 409 п. бидайды рынокқа, 280 556 п. бидайды тапсырыс бойынша жармалады (XIX Қосымша: №32 Кесте). Ауыл шаруашылық диірмендер – кішігірім кәсіпорындар, олар толығымен диірменге тапсырыс беруші тұлғаларға тәуелді болды, көбіне айына бірнеше күн ғана жұмыс істеген.

Осылайша, 1913 ж. Сырдария облысы рынокқа 791 319 п., (68,5%) тапсырыс бойынша 363 935 п. бидай жармалады (31,5%). 1913 ж. Сырдария облысындағы диірмендердің жалпы өндіріс айналымы 1 217 538 рубльге тең

болды (оның ішінде 35 502 рубльге тапсырыс бойынша ұн жармаланды). Ауыл-шаруашылық диірмендердің ішінде өндіріс айналамы өте аз диірмендер де болды, олардың өндіріс айналымы 200 рубльге де жеткен жоқ, ал ең ірі диірмендерінің айналымы 6400 рубльді құрады. Тауарлы диірмендердің өндіріс айналымы 850 000 р. (Ташкент) мен 16 мың р. (Шымкент уезінде) аралығында болды.

Нарыққа жармаланатын бидайдың көп бөлігі Европалық Ресейден, Орынбордан және Самарск ауданынан әкелінді. Сырдария облысында аталған жылы, сырттан 652 810 п. бидай әкелінді немесе 82,5%, ал жергілікті бидай 138 509 п. болды, немесе 17,5%. Сырдария облысы 1913 ж. нарыққа 617 999 п. ұн шығарды, құны 1 098 526 р. Ұннан бөлек диірмендер нарыққа кебек, қарамықша секілді жем ретінде қолданылатын өнімдерді шығарды. Диірмендер, орташа есеппен тәулігіне 40 п. бидай жармалаған.

*Шарап өндірісі.* Тамақ өнеркәсібінің келесі саласы шарап дайындау өндірісі болды. Өлкедегі шарап дайындайтын өндірістің негізгі ерекшелігі оның мерзімдік сипатта болуы еді. Жүзім дақылын Сырдария облысында негізінен Шымкент, Ташкент уездерінде өсірді. Сырдария облысында жергілікті халық жүзім өсіру кәсібімен орыстар келгенге дейін де айналысты, бірақ дұрыс жолға қойылған жүзім өсіру шаруашылығы тек XIX ғ. 70-жылдарынан бастап пайда болды. Бұл істі бастаған Н. Первушин мен Н.И. Иванов еді. Жүзімдіктердің көбісі ауылдарда немесе қолдан суарылатын қала жайларында орналасты. Олардың ішінен тек ағайынды Н. Первушин (25 дес.) және Н. Иванов мұрагерлерінің (45 дес.) ірі жүзім шаруашылықтарын ерекше атап кетуге болады. Бұл фирмалардың арнайы жүзім сақтайтын қоймалары және жетілдірілген құрал-жабдықтар, тіпті шарапты жасауға арналған арнайы цемент цистерналар болды.

Жүзімнен шарап жасайтын өндіріс өлкеге орыстар келгеннен кейін қолға алынды. Оған дейін, жергілікті халық, жүзімді жаңадан піскен күйінде немесе кептірілген күйінде тұтынды. Шарап жасау өнеркәсібінің бастапқы кезеңдерінде шараптың төменгі сортты түрлері дайындалды, себебі темір жолдар болмағандықтан, өндіріске қажетті машиналарды керуен жолдармен тасымалдау өте ауыр әрі қымбат болды, сондықтан өндіріс тұрпайы сипатта болды, оларды тек жергілікті халық қана тұтынды. Сырдария облысында, темір жолдар салынып, шарап жасау ісі дамығаннан кейін, шараптың жоғарғы сортты түрлері шығарылды. Түркістан өлкесінде шарап өндіру ісі жөнінен, Сырдария облысы, Самарқан облысынан кейін екінші орында тұрды. Шарап өндірісі жұмыстарының барлығы жүзім жинау науқаны кезінде жүргізілді. Шарапты тек ең ірі заводтарда сақтап, шөлмектерге құйған. Шарапты 5 күннен 150 күнге дейін ұстаған. Шараптың бір бөлігін жергілікті базарларға шығарды, ал қалған көпшілік бөлігін Петроград, Мәскеу, Орынбор және Сібірге шығарды.

1913 ж. Сырдария облысында жалпы 2500 дес. жүзімдіктерден 1 млн. пұттан астам жүзім жиналды. Жиналған жүзімнің 20 пайызын кептіріп, кептірілген жүзім Европалық Ресей мен Сібірге шығарылатын басты

тауарлардың бірі болды. Қалған 50 пайызын жаңадан піскен күйінде шығарды, 15 пайызын жергілікті халық тұтынды, шамамен 15 пайызынан шарап жасалды.

Өнімді өткізудің тиімділігін арттыру мақсатында, өлкедегі кәсіпкерлер, шарап жасайтын заводтарды қалалар мен елді мекендерге салды. Жергілікті жүзім шараптарын сыртқа экспорттау науқаны жылдан-жылға артқан. 1897 ж. облыстан сыртқа 714 шелек шарап шығарылды. Сырдария облысынан Ташкент және Орынбор қалаларына 9000 р-ге, Жетісуға – 8700 р., Түркістан мен Перовскіге – 9000 р. соммаға шарап шығарылды. 1906 ж. Сырдария облысында барлығы 500 000 п. жүзім жиналып, оның 40 000 п.-нан құны 75 000 р. тұратын – 30 200 шелек шарап жасалды, ал 1909 ж. 150 мың р. соммаға 30 мың шелек, 1911 ж. 264 мың р. соммаға 66 мың шелек шарап дайындалды. 1910 ж. Сырдария облысынан Европалық Ресейге және Сібірге 42 888 п., 1911 ж. Еропалық Ресейге 48 071 п., Сібірге 77 п. шарап шығарылды. 1913 ж. Ташкенттегі 4 шарап жасайтын завод 600 000 р. көлемінде 100 000 шелек шарап дайындады. Кіші-гірім шарап жасайтын заводтар сыртқа 120 000 р. соммаға 60 000 шелек шарап сусынын шығарды.

Бәсекелестері болмағандықтан, шарап жасайтын және сыра қайнататын кәсіпорындардың басшылары, аталған кәсіпорындарда ескірген техниканы пайдаланып, өндіріс қуатын арттыруға тырыспады. Бұндай заводтардың құрылғылары: арақ қайнататын қазандар, үгітетін құрылғылардан және бу машинадан тұрды. 1912 ж. егін шаруашылығы Департаменті жергілікті жүзім шаруашылығын жақсартуға бағытталған несие беру шараларын жүзеге асырды.

Жергілікті халық шарап сусынын көп тұтынбаған, ол тауарды көбіне орыс тұрғындары пайдаланған.

*Балауыз шамдарын шығаратын кәсіпорындар.* 1875 ж. Сырдария облысында балауыз шамдарын дайындайтын екі завод жұмыс істеді. Балауыз шамдарын дайындайтын және май шайқайтын кәсіпорындардың өндірісі сабын қайнататын кәсіпорындардыкімен ұқсас болды. Бұл заводтарда қойдың жоғарғы сортты тоң майынан балауыз шамдарын жасаған. Жылдан-жылға олардың саны артып, 1885 ж. 27-ге жетті. Балауыз шамдарын дайындау процесі қарапайым болды. Балауызды мыстан жасалған қазандарда ерітіп, қалыптарға құюда, арнайы қол машиналарын қолданды.

Балауыз шамдарын дайындау үшін білте, күкірт қышқылы, күнбағыс майы және жұқалтырды (фольга) қолданды. Бұл кезеңдері, балауыз шамдары өндірісіне қажетті, білтені Мәскеуден, жұқалтырды Ярославльден алдыртқан, қалған компоненттер жергілікті жерден сатып алынды. Бір пұт балауыз шамының орташа бағасы 35 р. болды. Балауыз шамдарынан басқа, облыста стеарин шамдары да жасалды.

1902 ж. Сырдария облысынан Сібірге 154 475 р. соммаға 1534 п. балауыз шамы шығарылса, 1910 ж. Ортаазиялық темір жол арқылы Ферғана мен Самарқан облыстарына 1 507 п. балауыз шамы шығарылды.

*Ішек тазалайтын заводтар.* Сырдария облысында 1880 жылдары, мал шаруашылығы шикізатын өңдейтін өнеркәсіптердің ішінде жаңа сала, ірі қара мал мен ұсақ малдың ішектерін жуып, консервілейтін өндіріс пайда болды. Бұл

тауардың ең басты экспортері Г.В. Дюршмидт фирмалары болды. Оның ең басты конторасы Ташкент қ. орналасты. 1900-1910 жж. аралығында аталған заводтар Сырдария облысының: Перовск, Түркістан, Қазалы қ. ашыла бастады (VI Қосымша: №10 Кесте).

Ірі және ұсақ малдың ішегін жуып консервілеу XIX ғ. 80-жылдарынан бастап заводтық өнеркәсіп сипатын алды. Сырдария облысында ең алғашқы ішек тазалайтын завод 1880 ж. Ташкент қаласында ашылды. Сырдария облысындағы және Түркістан өлкесіндегі ішек тазалайтын заводтардың барлығы дерлік кәсіпкер В. Дюршмидтің заводтары болды. Тек 1903 ж. құрылған Перовск қаласындағы завод пен Қазалы қаласындағы ішек тазалайтын завод егелері жергілікті кәсіпкерлер болды. Бірақ Қазалы қ. ішек тазалайтын завод қолөнер сипатындағы завод болды, себебі онда бір ғана адам жұмыс істеп, өндіріс айналымы 300-400 р. құраған. Ұсақ малдың ішегін тазалап консервілеу, өндеудің алғашы сатысы болып есептелді, себебі олардан музыкалық аспаптардың ішегі жасалды; ішектің сапасы қой ішегінің жіңішке және мөлдір болуына байланысты болды. Ірі қара малдың ішегі тікелей шұжық (колбаса) жасайтын өндірістерге жіберілді. Ішек тазалайтын заводтарға ішектер тікелей қасапханалар мен қасапшылардан әкелінді. Соған байланысты ішек тазалайтын заводтар қалаларда, қасапханалардың жанынан соғылды. Өндіріс жыл бойы үздіксіз жүрді. 1913 ж. Сырдария облысында барлығы 5 ішек тазалайтын завод болды. Олардың жалпы өндіріс айналымы 173 685 р., 422 350 дана ішек тазаланды, ол өнімнің құны 66 628 рубльге тең болды (VI Қосымша: №10 Кесте).

В. Дюршмидт фирмасы өнімінің негізгі тұтынушысы, Германияның ішек заводтары болды, бұл оның тауар айналымының жоғары болуына әсер етті. Бұл фирмамен Түркістанның жергілікті кәсіпорындары бәсекелесе алмады, себебі олардың өндіріс әдістері мен құрал-жабдықтары тұрпайы болды, осыған байланысты олардың көпшілігі өз ісін тоқтатты.

Ішек, тез бұзылатын өнім екендігі белгілі, сол себепті ішек тазалайтын кәсіпорындар мал сойылатын жерлерге соғылды. Жаңадан сойылған малдың ішектерін алу үшін В. Дюршмидт фирмасы 1913 ж. Ташкент, Піскент, Жизак және Хожент қалаларындағы қасапханаларды жалға алды. Осылайша 1890 ж. Түркістан қ., 1895 ж. - Әулиеата қ. осындай қасапханалар соғылды. Әулиеата қасапханасы кіші-гірім, ескі болғанымен, онда жылына 400 ірі қара мал, 20 000 қой, ешкі және 1000 жылқы сойылды.

Өңделген дайын өнімді Шымкент қ. шоғырландырды, ол жақтан В. Дюршмидт фирмасы оларды Германияға тасымалдады. Перовск қаласындағы ішек-тазалайтын заводтың өнімдері Ресейдің Воронеж губерниясына тасымалданды.

*Сабын қайнататын заводтар.* Мал шаруашылығы өнімдерін өңдеумен айналысқан, ұсақ өнеркәсіп салаларының бірі - сабын шығаратын өнеркәсіп болды. Өлкені орыстар жаулағанға дейін, қазақтар сабынды өте қарапайым әдіспен қайнатқан. Ол үшін итсигек, алабұта т.б. ашшылы шөптердің күлін қайнатып, оған қойдың майын араластыру арқылы төмен сапалы сабын жасады.

Орыстар келген соң жағдай біршама өзгерді. Сабын жасау ісі өнеркәсіп тәсіліне көшті. Мәселен, 1868 жылы Шымкентте 4, Әулиеатада бірнеше сабын заводтары ашылды. Сабын дайындау кезінде қойдың төменгі сорты майы мен соданың тазартылмаған ерітіндісін қолданды. Сол себепті жергілікті сабындардың жағымсыз иісі болды.

1872 ж. Оңтүстік Қазақстанда барлығы (Жетісу облысын қоса есептегенде) 10 сабын қайнататын және балауыз шамдарын жасайтын кәсіпорын тіркелді. 1891 ж. олардың саны 85-ке артты. Сабын қайнататын орындардың артуы, мақта-майын шайқайтын өнеркәсіптердің артуына тікелей тәуелді болды, себебі сабын өндірісінде мақта-майы өндірісінің қалдық өнімдерін пайдаланылды.

Сабын қайнататын өндіріс, ұсақ тауарлы сипатта болды. 1909 ж. Ортаазия темір жолы арқылы Сырдария облысынан сыртқа 4 561 п. сабын шығарылды.

*Тері илейтін кәсіпорындар.* Жеңіл өнеркәсіптің ішінде тері илейтін өндірістің маңызы жоғары болды, олар негізінен ұсақ шеберханалардан тұрды. Тері илеу өнеркәсібі өлкеде орыстар келгенге дейін де болды, бірақ 70-жылдардың ортасына дейін ол тек қолөнер сипатында болды.

Сырдария облысында еуропалық типтегі ең алғашқы тері илейтін завод Ташкентте 1868 ж. ашылды. Оның егесі орыс көпесі И. Хлудов болды, завод бар болғаны үш жыл жұмыс істеді. Екінші заводты 1878 ж. Е. Кувайцев ашты, бұл завод жылына құны 5 мың р. 1000 дана иленген тері шығарса, 1879 ж. құны 400 р. 200 дана иленген тері шығарды. Е. Кувайцев қайтыс болғаннан кейін (1879 ж.) оның ісін ары қарай (1880 жылдан бастап) А.И. Зубков жалғастырды. Оның заводы 1881 ж. 2,5 мың дана иленген тері шығарды. 1878 ж. И.Д. Тезиковтың тері илейтін заводы ашылды. Ол завод 2,5 мың дана тері илеп, 15-20 мың р. шамасында табыс тапты. Бұл заводтан шыққан былғары тауарының сапасы еуропалық тауарлардан кем түспеді. 1886 ж. аталған былғары заводтарының өндіріс айналымы 50 000 р. болды.

XIX ғасырдың 90-жылдары Н. Иванов Қарасу арығында ташкенттік тері илейтін заводты ашты (1911 ж. оны Сорокин мен Емельянов сатып алды). Бірінші дүниежүзілік соғыс жылдары, Орталық Ресейден әкелінетін аяқ киім саны күрт төмендеуіне байланысты, Түркістанда ұсақ аяқ киім шығаратын шеберханалар пайда болды, ал Ташкент қаласында «Ташсам» акционерлік қоғамының жартылай механикаландырылған аяқ киім шығаратын фабрикасы ашылды [204].

1913 ж. Сырдария облысында барлығы 19 тері илейтін завод жұмыс істеп, олар өндеген терінің жалпы құны 348 506 р. болды. Аталған жылы облыстың тері илейтін заводтарында барлығы 33 433 дана тері иленді (XXI Қосымша: №38 Кесте). Сырдария облысында тері илейтін заводтарда теріні өңдеу үшін қосымша илеуге қажетті экстракттарды Либава, Варшава, Рига және Гамбургтен алдыртқан.

Облыстағы тері илейтін заводтардың өнімі негізінен жергілікті базарларда сатылды. Иленген терінің көпшілік бөлігін жергілікті тұрғындар тұтынды, себебі экспортқа көбіне иленбеген тері шығарылды. Мәселен, 1912 ж. Ташкент темір жолы арқылы 264 806 п. иленбеген тері, 27 244 п. иленген тері

шығарылды, яғни экспортқа шығарылған барлық терінің тек оннан бір бөлігі ғана иленген терінің үлесіне тиді. Жекелеген заводтарда тері өңдеуден қалған қалдық заттар сатылды (жүн, жоңқа, шел). Ол өнімдерді Сырдария облысындағы желім қайнататын заводтарға жіберілді.

Жергілікті тері илейтін кәсіпорындарда күдері, опойке, гузары, сауыр, қой мен ешкі терілерінен замшы иленді. Жүн мен терілерді өңдейтін тәсілдер, көшпенділермен салыстырғанда отырықшы халықта әлдеқайда жетілдірілген етін. Бірақ жергілікті былғары тауарлары европалық былғары тауарлармен салыстырғанда сапасы жағынан төмен болды.

*Жүн жуатын кәсіпорындар.* Метрополия кәсіпорындары қажеттіліктерінен туындаған мал жүндерінің ірі саудасы, Сырдария облысында жүн жуатын өндірістердің пайда болуына септігін тигізді.

Көктемгі және күзгі қырку кезінде ірі фирмалардың агенттері малшылардан жүнді сатып алған немесе көшпенділердің өздері жүн жуатын кәсіпорындарға әкелген. Жүн жуатын кәсіпорындар басқа кәсіпорындармен салыстырғанда өндірісі өте қарапайым өнеркәсіп түрі болды. Жүн жуатын кәсіпорындар негізінен қолөнер сипатындағы кәсіпорындар болды, онда жүнді тек бастапқы өңдеуден өткізді (жуған). Жүнді қолмен жуып, аяқпен мыжып, сығып, ашық алқаптарға жайып кептірген соң маяларға жинаған. Осылайша жиналған маяларды қаптарға салды. Әдетте, жүн жуатын кәсіпорындарды 3-4 приказшик басқарды, олар өндіріс барысын бастан-аяқ бақылап, тауарды базарға жеткізген. Жүн жуатын орындар жаз мезгілінде жұмыс істеді, бірақ жүннің көпшілік бөлігі лас күйінде шығарылды.

Әдетте жүннің көп бөлігін алыпсатарлар фирмадан алдын ала кепілақы беріп, сатып алған. Жүн жуатын кәсіпорындардың көпшілігі Европалық Ресейдегі – Тамбов, Самара, Симбирск губернияларындағы шұға фабрикаларының қарауында болған, жуылған жүндер сонда шығарылды.

1888 ж. Сырдария облысы уездерінен Ресейге жүн шикізаты молынан экспортталды. Меркі аулының өзінен Ресейге 1000 п. ешкі жүні мен түйе жүні және 40 000 дана елтірі шығарылды. 1902 ж. Сырдария облысынан Ресейге 297 917 п., Сібірге 18 596 п. мал жүні шығарылды. С.И. Гулишамбаровтың мәліметтері бойынша, Түркістан өлкесінен 1907 ж. – 528 мың п., 1908 ж. – 411 мың п., 1909 ж. – 595 мың п., 1910 ж. – 563 мың п. жүн шығарылды. Келтірілген мәліметтерден сыртқа шығарылған жүн мөлшері жылдан-жылға артқанын көруімізге болады.

Ірі жүн жуатын кәсіпорындардың құрылуында Қазақстанның Ресей, Орта Азиямен сауда-экономикалық байланыстары маңызды роль атқарды. XIX ғ. аяғы мен XX ғ. басында метрополияға көп мөлшерде жүн шикізаты экспортталды. Бірақ Қазақстан территориясынан Ресейге мал жүні шикізатын экспорттау процесі, өлкенің өзінде осы шикізаттан тауар өндіру ісін ұзаққа уақытқа кешіктірді. Өз кезегінде патша әкімшілігі жергілікті жүн жуатын кәсіпорындарының салынуын қолдады. Бұл орайда темір жолдарды жүргізу ісі үлкен септігін тигізді.



1895 ж. Сырдария облысының жүн жуатын кәсіпорындары Шымкент қаласында шоғырланды, онда 120 жұмыс орны бар 4 кәсіпорын жұмыс істеді. Олардың өндіріс айналымы 24 500 р. құрады. 1910 ж. Сырдария облысында 402 жұмыс орны бар, өндіріс айналымы 18 860 р.-ге тең жүн жуатын кәсіпорын жұмыс істеді. 1913 ж. Сырдария облысында жұмыс істеген 4 жүн жуатын кәсіпорынының 2-і Әулиеата қаласында, 2-і Келес станциясында (Ташкент қаласынан 16 верст қашықтықта) орналасты. 1913 ж. Сырдария облысының жүн жуатын кәсіпорындарында барлығы 102 100 п. шикі жүн жуылып (690 000 р.), жалпы өндіріс айналымы 873 210 рубльге тең болды. 1914 ж. Шымкент уезінде ашылған 2 жүн жуатын кәсіпорынның өндіріс айналымы 61 200 рубльге тең болды. 1913 ж. Сырдария облысындағы жүн жуатын кәсіпорындардың максималды өнімділігі 381 860 р. құрап, Ташкент уезіндегі кәсіпорында 45 000 п., Әулиеата уезіндегі кәсіпорындарда 57 100 п. жүн жуылды.

Бірінші дүниежүзілік соғыс жылдары өлкедегі жүн жуатын кәсіпорындар санының күрт артқандығын байқауымызға болады, бұған себеп, әскер киіміне көп мөлшерде сұр-шинелді шұғаның қажет болуы еді.

*Кірпіш шығаратын заводтар.* Өлкедегі заводтар мен тұрғын үйлер құрылысының жандануы, құрылыс материалдары өнеркәсіптерінің дамуына түрткі болды. Зерттелініп отырған кезеңдері құрылыс материалдар өндірісі өлкеде айтарлықтай дәрежеде дамыды. Кірпіш зауыттары шоғырланған ең басты аудан Ташкент қ. болды, одан кейінгі орындарда Шымкент қ., Әулиеата уезді тұрды.

Кірпіш және қыш ыдыстарды дайындайтын өндіріс орындары облыстың барлық аудандарында кездескен. Оның ішінде қыш бұйымдар жасайтын орындар ауылды жерлерде, кірпіш күйдіретін заводтар тек қалалы жерлерде орналасты. Саздан ыдыс жасау үшін көбіне сары топырақты қолданды, пияла, құмыраларды жасауда саздың қызыл және ақ сорттарын қолданған. Саздан жасалған барлық бұйымдардың сапасы төмен болды, соған сәйкес бағасы арзан болды. Сол себепті бұл тауарлардың жалпы өнеркәсіптік айналымдағы үлесі төмен болды.

Кірпішті де сары топырақтан күйдірген. Бірақ күйдірілген кірпіш аз мөлшерде шығарылды, себебі оған деген сұраныс айтарлықтай жоғары болған жоқ, жергілікті халықтың көпшілігі үйлерін шикі кірпіштен немесе саз дуалдармен көтерген. Күйдірілген кірпішті көбіне үйдің іргетасына, мешіт, монша және т.б. ғимараттарды тұрғызуға қолданды.

1912 ж. 9 Перовск кірпіш заводтары 2 500 000 дана, 6 әулиеаталық – 2 200 000 дана, шымкенттік – 2 250 000 дана, 3 қазалы кірпіш заводтары – 900 000 дана кірпіш шығарды. 1916 ж. Георгиевка селосында жылына 400 т. цемент шығаратын цемент заводы іске қосылды.

*Сыра шығаратын кәсіпорындар.* Сыра қайнататын өнеркәсіп бастамасы Ташкент қ. қаланды, онда 1870 ж. Түркістан өлкесіндегі ең алғашқы сыра қайнататын завод ашылды. 1880 ж. әйгілі көпес Н.И. Иванов сыра қайнататын заводты Перовск қаласынан ашты, оның өндіріс айналымы жылына 16 000

шелек сыраға тең болды. 1896 ж. көпес Гуляев, сыра қайнататын заводты Әулиеатадан ашты, оның өндіріс айналымы жылына 9 мың шелек сыраға тең болды. 1907 ж. «кеңесші Н.И. Иванов коммерциясының мұрагерлері» Әулиеата қаласында екінші сыра қайнататын заводты ашты, 1910 ж. бұл завод 13 500 шелек сыра қайнатты [205].

Оңтүстік Қазақстандағы сыра қайнататын кәсіпорындарды дамыту және кеңейту үшін, арнайы құрал-жабдықтар мен жоғары сапалы сыра қайнататын мамандар жетіспеді. Бұл әрине, кәсіпорындардың өнім сапасына әсер етті. Сыра дайындаудың амал-тәсілдері өте «тұрпайы» болған. Заводтардың бірде-біреуінде бу қазандарын қолданған жоқ, сыраны қарапайым от жағу тәсілімен қайнатты. Сыра қайнататын өндірісте шикізат ретінде жергілікті, арпа мен сырттан әкелінген үгітілген ашытқыны (Польшадан әкелінген) қолданды.

Н.И. Тошкевичтің мәліметтері бойынша, 1904 ж. Сырдария облысында 3 сыра қайнататын завод болды. 1913 ж. Сыра қайнататын заводтар 465 859 шелек сыра қайнатты.

1910 ж. Қазалы уезінде спирт пен шарап сақтайтын екі қойма болған, олар Н.И. Иванов пен Первушиннің мұрагерлерінің қоймалары. Бұл қоймаларға спирт пен шарап Әулиеата мен Ташкент уездерінен әкелінген. Сыра сақтайтын қойма екеу болған, олар Н.И. Иванов пен Гоффманның мұрагерлеріне тиесілі еді. Бірінші қойма 1880 ж. құрылса, екіншісі 1895 ж. ашылды. Гоффман қоймасына сыра Орынбордан әкелінген. 1910 ж. сыра және шарап өнімдерін сақтайтын жерқойма – 7, трактирлер – 2, асхана – 1, сыра сәкілері – 3 болған. Сыра және арақ дайындайтын заводтар негізінен қалаларда орналасты. Бұл кәсіпкерге өнімдерін өткізуді жеңілдетті.

1866 ж. Ташкент қаласында ең бірінші спирт тазалайтын завод ашылды. Н.И. Иванов 1870 ж. Әулиеата қаласында ең алғашқы арақ шығаратын завод ашты, онда барлығы 63 адам жұмыс істеді. 1913 ж. Сырдария облысында барлығы 6 спирт тазалайтын завод тіркелді, оның үшеуі Ташкент қаласында қалған үшеуі Әулиеата қаласында орналасты. Олардың өндіріс айналымы 2 358 745 рубльге тең болды. Өлкенің спирт тазалайтын заводтарына шикі спирт негізінен Европалық Ресейден (Тамбовск, Харьков, Витебск және т.б. губерниялардан) әкелінді. Спирт өнімінің негізгі тұтынушысы орыс тұрғындар болды, заводтардан шыққан өнім тек ішкі нарыққа шығарылды.

*Темекі фабрикалары.* Ташкентте ең алғашқы темекі фабрикасы 1888 ж. ашылды. Ташкенттегі темекі фабрикаларында темекінің бір бөлігі облыс плантацияларынан қалғанын Кавказдан, Петроградтан және т.б. аудандардан алдыртты. 1904 ж. Сырдария облысында 9 темекі фабрикасы тіркелді, олар 334 750 р. мөлшерінде темекі өнімін өндірді. 1904 ж. Сырдария облысынан Ресейге 85 п., Сібірге – 1 549 п. темекі шығарылды. Сырдария облысында 1913 ж. үш темекі және папирос шығаратын фабрика тіркелді, олардың барлығы Ташкент қаласында шоғырланды. Аталған жылы ол фабрикалардың жалпы өндіріс айналымы 42 594 рубльге тең болды. Темекі өндіріс айналымының жылдан жылға кемуі, өлкеге Ресейден әкелінетін темекі тауарының бәсекесіне байланысты болды.

*Қант шығаратын кәсіпорындар.* Өлкедегі қант қызылшасы шаруашылығының дамуы қант өндіретін кәсіпорындардың салынуына септігін тигізді. Өлкеде алғаш рет қант қызылшасы өндірісімен айналысуды 1880 ж. Громов, кейін 1887-1890 жылдары Савинков қолға алды. Бірақ, олардың бастамасы нәтижесіз аяқталды. 1889 ж. бұл істі инженер-полковник Иванов «Түркістан ауыл шаруашылығы және өнеркәсіптік серіктестігін» құру арқылы қолға алды. Бірнеше тәжірибелерден соң, 1904 ж. Ортаазиялық теміржол маңындағы Кауфман бекетіне жақын жерде қант зауытын салып, аймаққа қант қызылшасын егуді бастады (Қауыншы қант заводы). Далалықтар жаңа егін мәдениетін тез меңгерді. Бұл жерде қант қызылшасы жақсы өсті және қант жасауға әр десятина 60-100, кейбір жылдары 160 берковец өнім берді. Оның құрамында 18,5 % қант болды. 1907 ж. далалық плантацияларда 3 400 дес. жерге қант қызылшасы себілді. Одан 200 000 берковец өнім жиналып, өндірілген қант шекері 193 000 пұтқа жетіп, 877 мың р. құрады. 1908-1909 жж. завод жұмыс істеген жоқ, 1910 ж. – 786 мың р. өнімі жиналды. 1910 ж. 1253 мың п. қант қызылшасы өңделіп, одан 157 мың пұт құмшекер алынды. 1911 ж. 1253 мың пұт қызылша өңделіп 71 439 п. құмшекер алынды. 1911 ж. қант қызылшасы өсетін жер көлемі 2 064 дес. жерді алып жатты [206].

*Баспахана.* Сырдария облысында ең алғашқы баспахана 1868 ж. Ташкент қаласында Әскери-Округтік Штабтың жанынан ашылды. Осы жылы Н.А. Северцовтың «Заметки о Горной стране у верховьев Чу и Нарына и о путях через них в Китайский Туркестан» атты орыс тіліндегі Түркістан өлкесіндегі бірінші кітап басылымы жарық көрді. 1914 ж. Сырдария облысындағы баспаханалар саны 12-ге жетті. Әсіресе, Ташкент темір жолы салынғаннан кейін және уездерде жаңа әкімшілік мекемелер құрылғаннан кейін, типографиялардың саны тез өсті, себебі, бланк, есеп-шот, түбіртек және т.б. қағаздарға деген сұраныс артты. Өлкеде типографиялық, литографиялық және түптеу жұмыстарының бағасы жылдан-жылға артты. Кітаптардың көпшілік бөлігі литографиялық әдіспен басылды. 1912 ж. Ташкенттің 7 типографиясы мен литографиясы 420 000 р. көлемінде өнім өндірді.

1913 ж. Сырдария облысындағы 12 баспаханалардың біреуі Әулиеата қаласында қалғаны Ташкент қаласында шоғырланды. Өндірістің негізгі материалы – қағазды, барлық типографиялар негізінен Финляндиядан сонымен қатар Мәскеу, Петроград, Варшава, Одесса және Самарадан алдыртты. Басқа материалдарды (тері, желім, скипидар, губка және т.б.) жергілікті базарлардан сатып алған. Өлкеде қағаз фабрикаларының жоқтығы өнімнің өзіндік құнына әсер етті (қымбат болуына).

1913 ж. Сырдария облысында барлығы 15 минералды су шығаратын завод тіркелді, олардың өндіріс айналымы 101 028 рубльге тең 77 641 шелек минералды су шығарды. Өндіріс айналымының құны заводтардың темір жолға жақын орналасуына байланысты болды, неғұрлым алыс жатқан заводтардың өнімі қымбат болды, себебі оларға қажетті қосымша өнімдердің барлығы темір жол арқылы Ресейден әкелінді. Минералды суларды өндіретін заводтарда қосымша материал ретінде: күкірт қышқылы, бор, немесе мәрмәр, қант, жеміс

экстракттары Петроград, Мәскеу, Либава, Одесса және т.б. аудандардан әкелінді.

Зерттелініп отырған кезеңдері, Сырдария облысында барлығы екі әк шығаратын завод тіркелді, біреуі Шымкент сантонин заводының жанынан, екіншісі Қауыншы қант-қызылша заводының жанынан ашылды. Ең алғашқы әк шығаратын завод 1900 ж. Шымкент уезінде ашылды. Аталған завод 1913 ж. 17 500 әк өңдеді (7 875 р.).

Осылайша, өздерінің көлемі, құрылысының қарапайымдылығы жағынан, «зауыттар» шын мәнінде XIX ғасырдың аяғы – XX ғасырдың басындағы өнеркәсіптің қарапайым бастамалары болды.

Сырдария облысы өңдеуші кәсіпорындары Түркістан өлкесінде өзінің әмбебаптылығымен ерекшеленді. Қазақстанның тек Сырдария облысынан шығатын сантонин тауары әлемдік саудада өте маңызды орынды иеленген, бірден-бір тауар түрі болды. Сауда айналымында, Қазақстанның оңтүстігінде жергілікті қолөнер сипатындағы өндіріс орындардың фабрика-заводтық өндірістен басым болуына байланысты, қолөнер бұйымдарының ролі жоғары болды. Қолөнер сипатындағы өндіріс орындардағы техникалық деңгейдің төмен болуына байланысты, олар шығарған тауарлар, Ресейдің өндірістің тауарларымен бәсекеге түсе алмады.

Өңдеуші өнеркәсіптердің ішінде сыртқа шығаратын ауыл шаруашылық шикізатты алғашқы өңдеуден өткізетін ұсақ кәсіпорындар басым болды. Өңдеуші кәсіпорындар, ауылшаруашылық шикізатымен сауда жасаған фирмалардың жинаған капиталдарының есебінен құрылды, тау-кен кәсібі – орыс және шетел капиталының есебінен құрылды. Бұл фактор қазақстандық өнеркәсіптің интенсивті дамуына жол бермеді. Орыс көпес-кәсіпкерлер Қазақстанда ірі кәсіпорындарды ашуға қызыққан жоқ. Себебі одан көп пайда түспеді. Олар ұсақ кәсіпорындарды салған, бұл кәсіпорындардың капитал айналымы жылдам жүріп, шығындарды тез ақтады.

Өңдеуші және тау-кен кәсіпорындарының даму сипатына өлкенің отарлы жағдайы өз әсерін тигізді: империалистік буржуазия қазақтардың ұлттық экономикасының жан-жақты дамуына барынша кедергі жасады. Сыртқа шығарылатын шикізатты өңдейтін кәсіпорындардың (мақта тазалайтын, жүн жуатын және т.б.) кеңеюін қолдап, ұлттық өнеркәсіптің, әсіресе ауыр индустрияның дамуына жол бермеді, яғни жергілікті өңдеуші кәсіпорындар негізінен ішкі рынокқа емес, сыртқы рынокқа жұмыс істеді, себебі жергілікті өнеркәсіптер Ресейдің тоқыма өнеркәсіптеріне қажетті шикізатты шығарды. Ескеретін нәрсе, Ресейдің фабрика заводтық өнеркәсібі өлке халқына қажетті тауарлардың барлығын өндірген жоқ. Осыған байланысты, қолөнер сипатындағы өңдеуші кәсіпорындардың кейбір саласының қысқаруын, ал жекелеген салаларының дамуын байқауымызға болады. Мәселен, металл бұйымдарын, былғары және керамикалық бұйымдарды шығаратын кәсіпорындар қысқарды, ал киіз басатын, киіз үйдің құрылғыларын дайындайтын, ат әбзелдерін және т.б. қолөнер сипатындағы кәсіптер үнемі даму үрдісінде болды. Бірақ, аталған қолөнер сипатындағы кәсіптердің

тауарлары фабрика-заводтық өнеркәсіптің тауарларымен бәсекелесе алмады, себебі олар тек тапсырыс бойынша жасалды, ал рынокқа тек сирек жағдайда шығарылды. Ресейдің сауда капиталы мүддесіне жауап бермейтін (яғни бәсеке тудыратын) өндіріс орындары болашақта жабылды, немесе оған тәуелді болды (макарон, темекі, қант, мата және т.б. тауар түрлерін шығаратын кәсіпорындар).

### **3 XIX ғ. 2-ші жартысы – XX ғ. басында Оңтүстік Қазақстан арқылы өткен сауда жолдары және сауда айналымында қолданылған ақша, салық түрлері**

#### **3.1 Оңтүстік Қазақстан өңіріндегі қатынас жолдарының дамуы**

Академик М.Х. Асылбековтың еңбегінде көрсетілгендей, көлік және қатынас жолдар, капитализмде материалдық өндіріс саласының құрамдас бөлігі болып табылады. Расында да, тауардың өзіндік құнының (себестоимость) құрамына, тасымалға кеткен шығындар да кіреді, сондықтан қатынас жолдар, өндірісте маңызды орын алған факторлардың бірі.

XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басында Қазақстанның оңтүстік өлкесі, Орта Азия және Ресей араларында сауданы дамытуда едәуір роль атқарған. Бұл елдерді бір-бірімен байланыстыратын, сондай-ақ Қытаймен жалғастыратын сауда жолдары осы өлкеден өткен [208].

Оңтүстік өлке қарастырып отырған кезеңде Қазақстанның өзге жерлеріне карағанда сауда-экономикалық қатынастардың жоғары дамуымен ерекшеленді. Оған аймақтағы қала мәдениетінің дамуы, сауда жолдарының көптеген тармақтарының осы аймақты қамтуы, халықтың тығыз орналасуы тәрізді бірнеше себеп-салдарға байланысты болды.

Жалпы, қатынас жолдар, су жолы және құрлық жолы деп екіге бөлінді. Зерттелініп отырған кезеңдері, сауда тасымалы, құрлықтағы жолдар: керуен жолдар, тас төселген жолдар, темір жолдар және кеме жолдары арқылы жүзеге асты.

*Керуен жолдар.* Өлкеде темір жолдар жүргізілгенге дейін сауда-саттықта керуен жолдардың алған орны ерекше болды. Ресей мен Қазақстан, Орта Азиялық хандықтар және басқа да Шығыс елдері арасын ұлан байтақ, шөлді, құмды жерлер алып жатты. Шөл «кемесі» аталған, түйе малынан басқа ешбір мал бұл жолға шыдамаған. Сондықтан керуен жолдар осы кезеңдері тиімді бірден-бір жол торабы болды.

Түркістан өлкесінде ежелгі замандардан бері, Европа мен Азияны байланыстыратын сауда жолдары өткен. Страбонның мәлімдеуінше Қытай мен Үндістанның қымбат тауарлары (дәмдеуіштер, жібек, хош иісті шайыр) Византия мен Римге Орта Азия арқылы келген. Страбон өз шығармаларында: «Окс (Әмудария) өзені кемелердің жүзуіне өте қолайлы өзен. Индиялық тауарларды аталған өзенмен Гиркан (Каспий) теңізіне тасымалдап, ары қарай өзендер арқылы Эвксин понтына (Қара теңіз) шығарды» - деп, өлкедегі сауда жолдары туралы мәліметтер беріп кеткен. Арабтардың кезеңінде, араб жазушысы Хирдадбенің айтуынша (865 ж.), орыс көпестері құндыз мен қара түлкілердің терілерін Еділ, Каспий және Орта Азия жерлері арқылы Үндістан мен Қытайға шығарған. Географ Массудидің (943 ж.) айтуынша, Еділ арқылы балтық жағалуына бет алған үлкен ховарезмийлік (хиуалық) тауарлар тиелген кемелер жүзген. Орта ғасырларда, Шығыс елдерімен жүргізілген сауда италяндық республикалар Венеция мен Генуяның қолына көшкен кезде, генуездіктер Қытай елімен Тану (Қара теңіздің жағасындағы қала), Сарай,

Астрахань, Сарайшық, Үргеніш, Отырар және Құлжа арқылы сауда байланысын орнатты.

Африканы айналып өтіп Үндістанға баратын теңіз жолдың ашылуы (1498 ж.) және Әмір Темірдің билігінен кейін Орта Азиядағы саяси өмірдегі дағдарыс Түркістан арқылы өткен сауда байланыстарын ұзақ уақытқа тоқтатты [209].

Уақыт өте келе, Ресей империясының күшейіп, Қазақ даласы арқылы Шығыс елдерімен сауда байланыстарын жандандыруына байланысты, керуен жолдардың маңызы артты. Ең алғашқы орыс керуені Ташкентке 1738 ж. жіберілді, және ол айтарлықтай нәтижелі болмады. Ең алғашқы Ташкент керуені де Орынборға дәл осы 1738 ж. жіберілді. Тройцк кедені бұдан кейінгі мезгілде ашылды, дәл айтқанда 1752 ж. Хиуа хандығына ең алғашқы орыс керуені императрица Елизавета Петровнаың тұсында жіберілді, ал ең алғашқы хиуалық керуен Орынборға 1738 ж. жетті [210].

Г.В. Колмогоровтың еңбегінде көрсетілгендей, ортаазиялық хандықтардың керуендері үлкен, орташа және кіші керуендер болып бөлінді. Үлкен керуендер жылына бір рет тікелей Семей, Петропавл, Тройцк және Орынбор қалаларына барды. Олар 2000-2500 түйеден тұрды, әдетте жолды үш айда жүріп отырды, егер де далалы аудандарда айырбас жасау үшін тоқтайтын болса, жолға 4 немес 5 ай уақыт кетірді. Орташа керуендер 300-1000 түйеден тұрды, жылына екі-үш рет келіп, орыстардың кедендік шекараларына көрінбеуге тырысқан. Кіші керуендер көбіне 100 түйеден тұрды, бұл капиталы аз қоқан бұхар және хиуа көпестерінің керуендері, жылына бірнеше рет келіп, көбіне орыс ауылдары жоқ аудандарға келуге тырысты. Аталған үш керуендердің барлығы қазақ болыстықтарына тоқтап, тауарларын қарызға, қойдың есебінен беріп отырды [211].

Керуен түйелері бір бірімен тізбектеліп байланған арқанмен жалғасты, көш басында керуен қожайыны жүрді (керуен-басы). Түйе керуендерімен жүк тасымалдауды кәсіп қылған адамдарды кірешілер деп атады. Әр түйе, орташа есеппен, он алты-он сегіз пұт жүкті көтерді. Жүздеген шақырымға созылған шөлді жерлер арқылы өткен керуен жолдардың бойында құдықтар орналасты, бұл жерлерде керуен демалып, түнеген. Далалы керуен жолдардың бойында тұратын халықтың ең басты міндеті бұл құдықтарды жөндеп, тазалау етін. Далалық керуен жолдарда түйенің маңызы қаншалықты жоғары болса, таумен өткен жолдарда да жылқының маңызы соншалықты жоғары болды. Себебі түйе табаны жұмсақ болғандықтан, таудың тасты жолдарына жарамаған.

Жол бойында керуендер, керуен-сарайларға тоқтаған, керуен-сарайлардың сауда қатынасындағы маңызы өте жоғары болды, себебі онда барлық тауарлардың, шикізаттың экспорты мен импорты жүзеге асты, сонымен қатар керуен-сарайлардың ақпарат пен жаңалық орталығы ретінде маңызы болды, себебі онда келген саудагерлер өздерімен бірге, елде, шетелде болып жатқан өзгерістер мен жаңалықтарды алып келді. Керуен-сарайларда әр түрлі саяси және басқа да оқиғалар талқыланып, сауда келісімдері жасалды [212].

П.И. Пашиноның еңбектерінде көрсетілгендей, Оңтүстік Қазақстанда басты үш сауда жолы орналасты: Орынбор шебіне Орынбор, Тройцк

қалаларына, Сібір шебіне Петропавловск қаласына және Семей қаласына бағытталды. Орынбор, Троицк қалаларына Нижегородтық жәрмеңкеге арналған тауарлар, Петропавл қаласына – Ірбіт жәрмеңкесіне арналған тауарлар жіберілді, Семей қаласына – Сібір тұрғындары мен Құлжа мен Чугучак қалаларына арналған керуендер жіберілді [213].

Хиуа хандығынан келетін керуендер Арал теңізінен 80 км. қашықтықтағы Майлыбас өткелі арқылы Сырдариядан өтетін. 1842 ж. дейін өткелге иелік еткен қазақтар жүргінші саудагерлерден белгілі мөлшерде төлем алған. Соңынан төлеу алу билігі Сырдарияның бірнеше жерінен өткел жасаған хиуалықтар қолына көшкен. 1848 жылдан бастап тауар өткізуді Арал қамалының қазақтары өз қолына алады. Сол сияқты олар Шірін және Ақжар өткелдеріне де қожа болды. Бұқарадан Троицкіге баратын керуендер Ақмешіт яки Үшқайық өткелдерінен өтті. П.И Пашиноның мәлімдеуінше №1 Қазалы форты, Бұхар мен Хиуадан келетін екі керуен жолдың түйіскен жерінде орналасты. Ресейге барар жолда керуендердің кейбір бөлігі, фортқа соқпай, тікелей Орал бекінісіне барып, одан кейін Орск пен Орынборға екі жолмен жетіп, әкелінген тауарға салық төледі, алайда қайтар жолда керуендердің барлығы форт арқылы өтіп, жергілікті қазақтармен базарда саудаларын жасап, жүктерді тасымалдау бағаларын анықтап, келесі жылдың көктемі мен күзіне жүк тасымалдайтын түйелерге тапсырыс жасап кететін болған [214]. Сонымен қатар, Шымкент қаласының да керуен саудасындағы ролі ерекше болды. Ташкентте тұратын керуен басыларының бәрі дерлік Бестамғалы руынан (Ұлы жүз) шыққан адамдар болған осыған орай қазақ арасында: «Бестамғалы барса, келмеске де барады» деген мақал тараған – барлық керуендерді бестамғалықтар басқарған. Олар Орынбор, Троицк, Петропавл, Семей, Құлжа, Чугучак қалаларына керуендерді жеткізу тапсырыстарын көптеп алды. Бестамғалықтар өте адал, әділ әрі ұқыпты халық болған. Керуендердің барлығы дерлік Шымкент қаласы арқылы өтпеген, мәселен Сібір шебіне бағыт алған керуендер Сайрам қаласы арқылы өткен. Орынбор шебіне бағыт алған керуендер міндетті түрде Шымкент қаласы арқылы өткен [215]. Әулиеата қаласы арқылы солтүстікке – Ақмола және Петропавл арқылы Омскіге баратын керуен жолы өтті.

Осылайша, Ресейдің қол астына өткеннен кейін, бірте-бірте Түркістан генерал-губернаторлығының оның ішінде, Оңтүстік Қазақстан өңірінің Ресей мен Орта Азия хандықтары сауда қарым-қатынасындағы маңызы артты. Оңтүстік Қазақстан өңіріндегі №1 Қазалы, Перовск форттары, Әулиеата, Шымкент, Түркістан уездері Ресей мен Орта Азия хандықтарының сауда қарым-қатынасының дамуында зор роль атқарды. Әсіресе, № 1 Қазалы фортының Ресей империясы мен Орта Азия хандықтары арасындағы сауда қарым-қатынасында алатын орны ерекше болды, себебі Орта Азиялық хандықтар мен Ресейді байланыстыратын басты керуен жолдары осы жерден өткен, осыған байланысты форттың саудада оның ішінде транзиттік саудадағы маңызы жоғары болды.



А.Ф. Губаревич-Радобыльскийдің еңбегінде көрсетілгендей, ХІХ ғасырдың 50-жылдары бес миллион халқы бар Орта Азия мен Ресей арасындағы сауда байланысында сауда айналымы капиталының аз болуы ең алдымен қатынас жолдардың нашар болуына байланысты болды. Орта Азия орталықтары мен Орынбордың арасында, 2000 вёрстке созылған ұлан байтақ кеңістік жатты. Керуендер жылына екі рет Бұхар хандығынан, 2-3 рет Ташкенттен шыққан, олардың әрқайсысында бірнеше мың түйеден болды. Бірінші керуен Бұхар хандығынан 15 ақпан айынан бастап шықты. Бірінші керуен Орынборға тек мамыр айының екінші жартысында кейде маусымның ортасында жеткен. Екінші керуен Бұхар хандығынан мамыр айының басында шығып Орынборға шілде айының ортасында жеткен.

Бұл керуенмен неғұрлым құнды тауарлар келген, олар көбіне Орынбор шептеріне емес, Төмендегі Макарьев жәрмеңкелеріне шығарылды. Тройцкіге керуендер Бұхар хандығы мен Ташкенттен дәл Орынбордыкімен бірдей мерзімде шыққан. Ресейден Бұхараға керуендер күз мезгілінде шыққан, екеуі Орынбордан, үшеуі Тройцкіден. Ташкентке керуендер Тройцк бекінісінен басқа Сібір шебіндегі Петропавловск арқылы да барған. Сібір жолы арқылы Ташкентке әкелінген тауарлар мөлшері басқалармен салыстырғанда аз болды. Бұл кезеңде Ресей мен Орта Азиялық хандықтар арасындағы барлық сауда айналымның 75%-ы Бұхар хандығы үлесіне тиді. Тауар екі-үш ай бойы түйемен тасымалданған, сауда байланысының осындай жағдайында тауар айналымды қарқынды дамыту мүмкін емес етін.

ХІХ ғасырдың екінші жартысында Ресей мен Орта Азия арасындағы сенімді және экономикалық жағынан рентабельді көлік байланысының болмауы сауданың қарқынды дамуына кедергі жасаған факторлардың бірі болды. Жүкті тасымалдаудың керуен әдісі метрополия мен отар ел арасындағы экономикалық байланысты кеңейтуде негізгі кедергіге айналды. Жүкті тасымалдудың керуен әдісінің тиімсіздігі жайында, көптеген мұрағат деректерінен алынған мәліметтер растайды. Ташкенттен Орынборға барған керуендер жолға кем дегенде, үш ай уақыт жұмсаған. Ал Орта Азиядан Мәскеуге және Нижний Новгородқа тауар тасымалдау үшін 5-6 ай мерзім қажет болды.

Тасымалдың қымбат болуы тауар айналымға кедергі жасады, тауардың кейбір түрлері мүлдем сыртқа шығарылмады, себебі тасымалға кететін шығындар ол тауардың өз бағасынан бірнеше есе көп болды. Сонымен қатар, керуенмен тасымалдау кезінде, көпестер сыртқы кездейсоқ жағдайларға тап болды. Тонаушылардың шабуылы, түйелердің жаппай қырылуы, шөлді, шөлейтті аймақтарда жем-шөптің тапшылығы, ауа-райының қолайсыздығы. Көп жағдайда, тасымалдаушылар жарты жолға келгенде тауарларды тастап, басқа жүктерді неғұрлым жоғары ақыға тасымалдауға кетіп қалатын болған. Осындай әдіспен тасымалдау, тауар сапасына үлкен зиян келтірді.

Керуен тасымалындағы айтарлықтай кемшіліктер, орыс және жергілікті көпестердің әкімшілікке жазған көптеген арыздарында да айқын көрінді. Көпестердің арыздарының ең басты мазмұны төмендегідей болды: Орынбордан

Ташкентке дейін жүк тасымалдау уақыты бұның алдындағы 55-70 күннің орнына 90 күнге созылып кетті, соның өзінде тауарларды уақытылы жеткізген жоқ, жүктердің сақталуын ешкім қамтамасыз еткен жоқ, тасымадаушылар жүкті жеткізуде ешқандай жауапкершілікке тартылмады.

Көпестер әкімшілікке жағдайды түзету үшін бірнеше ұсыныстар жасады, атап айтқанда, тасымалдаушылардың арнайы құжаттары болып, олар тауарларды тасымалдау кезінде жүктің уақытылы және бүтін жеткізілуіне толығымен жауапты болуы тиіс етін. Түркістан әкімшілігі жүкті тасымалдауды жақсартуға бағытталған бірнеше іс-шараларды жүзеге асырғанымен, тасымалдаудың керуен әдісіндегі негізгі кемшіліктер шешімін тапқан жоқ. XIX ғасырдың 80-жылдары тасымалдаудың керуен әдісі, өлкенің экономикалық дамуына, Қазақстан, Орта Азия мен Ресейдің өсіп келе жатқан шаруашылық байланыстарына сәйкес келмеді, олардың дамуын тежеді. Теміржолдардың жоқтығы Орталық Ресей мен Қазақстан арасындағы пошта байланысын да қиындатты.

Осылайша, жетпісінші жылдары патша үкіметінің алдында темір жол құрылысын жүргізу арқылы Қазақстан, Орта Азия мен Орталық Ресей арасындағы көлік байланысын түбегейлі жақсарту міндеті тұрды. Темір жолдарды жүргізудің қажеттігі бірқатар саяси, әскери-стратегиялық және экономикалық себептерге байланысты болды [216].

*Темір жолдар.* XIX ғасырдың екінші жартысында Қазақстан мен Ресей арасындағы сауда қатынасын күшейткен фактордың бірі – теміржол құрылысы болды. Қазақстанның оңтүстігі арқылы өткен ең басты жол торабы Ташкент қ. арқылы өтетін Орынбор-Ташкент темір жолы болып табылады. Бұл темір жол 1901-1905 жылдары салынып, Орта Азия мен Қазақстанды Ресеймен байланыстырды.

Орынбор-Ташкент темір жолын салуға, оның алдында жүргізілген Ортаазиялық темір жолдың әсері үлкен болды. 1880-1888 жылдардың өзінде Түркменияны жалуап алу мақсатында Ресей үкіметі әскери ведомствоның талабы бойынша Каспий форты Красноводскіден Самарқанға дейін созылған Заскаспий темір жолын салған болатын, 1899 ж. бұл жол Ташкентке дейін жеткізілді. 1900 жылдан бастап, бұл жол Ортаазиялық темір жол деп атала бастады, ұзындығы 2 368 верстке тең болды. Бірақ Ортаазиялық темір жолды пайдалану барысында бірқатар қиыншылықтар мен қолайсыз жағдайлар орын алды. Ең алдымен бұл жол айналмалы жол еді. Мәселен, Түркістаннан Ресейге мақта жүктерін тасымалдау үшін, Бұхар және Каспий сыртқы облысы арқылы айналып өту қажет болды. Красноводскіде (немесе Ұзын-Уде жерінде, егер жүкті Кавказға тасымалдаған болса) мақтаны теңіз кемелеріне тиеді, ал Астраханьда – өзен кемелеріне тиеп, Еділ өзені арқылы тасымалданып, төменгі ағысында қайтадан вагондарға артылған. Сөйтіп, қайтадан темір жолдар арқылы – Мәскеу, Варшава, Лодзи және т.б. қалаларға жеткізілді. Нәтижесінде көптеген тасымал шығындарына кеткен қаражатқа байланысты, тауардың құны да жоғарылады, оның үстіне тасымал ұзақ уақытты алды. Сонымен қатар, қыс мезгілінде Каспий теңізі жағалауындағы сулардың және Еділ өзеніндегі кеме

жолының ұзақ уақытқа тоқтап (мұз қатып) тұруына байланысты, ортаазиялық тауарлардың Ресейге шығуына кедергі жасады. Басқа да, кедергілер болды: жолдың техникалық жағынан жетілдірілмеуі, Иран шекарасындағы шекаралық қақтығыстар. Осы аталған кемшіліктердің барлығы Орта Азия мен Орталық Ресейді байланыстыратын жаңа қысқа жолды салу қажеттігін туғызды.

1899 ж. көптеген талас-тартыстардың нәтижесінде Ресейдің билеуші топтары Ташкент пен Ресейді байланыстыратын неғұрлым қысқа жол салу қажеттігін анықтады. Онда екі бағыттың біреуін: Орынбор-Ташкент немесе Саратов-Шаржуй бағытын таңдау қажет болды. Осы мақсатта 1899-1900 жылы екі бағыттың техникалық тексерістері жүргізілді. Екі бағыттың ішінде Орынбор-Ташкент бағыты тиімді деп танылды. Осылайша, байланыс жолдар министрі М.И. Хилков, әскери министр Куропаткин ұсынған: Орынбор-Ақмола-Қазалы-Перовск-Түркістан-Ташкент бағыты жобасын мақұлдап, 1901 ж. 21 сәуірде өкімет Орынбор-Ташкент бағытындағы темір жол құрылысын мемлекет қаржысы есебінен салу туралы шешімге қол қойды.

Орынбор-Ташкент темір жолы арқылы: мақта тауарының (Орта Азиядан) және нан тауарының (Поволжьеде) ең тиімді тасымалы қамтамасыз етілді, және шекарада соғыс бола қойған жағдайда, Орта Азияға әскерді жеткізудің ең ыңғайлы әрі қысқа жолы болды. Патша үкіметі темір жолды салуда тікелей Қазақстанның пайдасы немесе мүддесін көздеген жоқ, соған қарамастан аталған темір жол Қазақстанның Ресеймен экономикалық байланысында үлкен роль ойнады және өлкедегі тауарлы қатынастардың дамуына үлкен әсер етті [217].

Темір жолға жақын орналасқан аудандарда, өнеркәсіп пен кәсіпкерліктің интенсивті қалыптасу процесі жүріп жатты. М.Х. Асылбековтың пайымдауынша «темір жолдардың салынуы, темір жол бойындағы аудандардағы кәсіпорындардың ішінде, ең алдымен мал шаруашылығы шикізатын өңдейтін өндірістердің дамуына түрткі болды». Бұған дәлел ретінде Сырдария облысындағы фабрика-заводтардың негізгі бөлігі Ташкент, Перовск, Қазалы, Шымкент (темір жолдың бойында орналасқан) уездерінде салынғандығын келтіруімізге болады.

Жоғарыда айтып кеткеніміздей, темір жолдар салынғанға дейін, Орта Азиядан Ресейдің орталық аудандары Мәскеу мен Петербург қалаларына тауарды тасымалды үшін бес-алты ай уақыт кетсе, темір жолдар жүргізілгеннен кейін, бұл жолға бар болғаны 7-9 тәулік жұмсалды, әрі тасымалдау құны да өте арзан болды [86]. Мәселен, темір жолдар салынғанға дейін, Сырдария облысына сырттан әкелінген тауарлар 1886 ж. 7 575 600 р. құраса (Орта Азиядан, Ресейден келген тауарларды қоса есептегенде), 1913 ж. Орынбор-Ташкент темір жолы арқылы Ресей мен Сіберден облысқа барлығы 21 442 675 рубльдің тауары әкелінді. Орта Азия мен Қазақстанда темір жолдардың салынуы өлкенің жалпы ресейлік нарыққа енуін жылдамдатты. Бұл өз кезегінде жекелеген аудандардың шаруашылығының мамандануына алып келді. Мысалы, Сырдария облысының бірқатар аудандары мақта өсіруге маманданды. Темір жол салынғаннан кейін Сырдария облысының саудадағы маңызы арта түсті: Ферғананың тауарлары осы облыс арқылы Европалық Ресейге тасымалданды,

Жетісу мен Сібірге және керісінше тауарлар Сырдария обысы арқылы тасымалданды, облыстың өзінен Европалық Ресейге және Сібірге тауарлар жылдам және арзан бағамен жеткізілді, осы аталған жағдайдың барлығы сауданы дамуына игі әсерін тигізді [87].

Орынбор-Ташкент темір жолы Ортаазиялық темір жолмен қатар Түркістан өлкесінде мақта шаруашылығының дамуына ықпал жасады. Сырдария облысына темір жол желісі жүргізілгеннен кейін мақта егістіктері ауданы 1913 ж. 4,5-5 есе артты, 1905 ж. мақта дақылы тек 13,2 мың дес. алса, 1913 ж. 62,5 мың десятинаға жетті. Осыған сәйкес матаның экспорты да артты: 1900-жылдары облыстан бар болғаны 5-6 млн. п. мақта шығарылса, 1906 ж. 9 млн. п., 1913 ж. 13,7 млн. пұт мақта шығарылды, яғни экспорт 2,5 есе өсті. Мақтаның негізгі бөлігі Орынбор-Ташкент темір жолына Ортаазиялық магистральдан транзиттік жолмен түсті, тек шамалы бөлігі ғана (400 мың пұт) – Ташкент және Келес станциялары (Сырдария облысынан) мен Қазалы (Хиудан керуенмен әкелінді) станциясынан түсті. Темір жолдың жүргізілуі нәтижесінде, темір жол және ортаазиялық қалалардың қажеттіліктеріне байланысты, сексеуілдің экспорты өсті, олар негізінен Перовск уезіндегі Шиелі, Тар-Тоғай, Төмен-ары, Байғақұм станцияларынан шығарылды. 1905 ж. 990 626 п. сексеуіл шығарылса, 1906 ж. 3 013 521 п., 1907 ж. 5 869 227 п. сексеуіл шығарылды. Орынбор-Ташкент темір жолы магистралінің Қазақстандағы балық аулау шаруашылығының дамуында алған маңызы жоғары болды. 1905 ж. Сырдария облысына барлығы 308 600 п. балық шығарылса, 1910 ж. 1 919 мың п. балық шығарылды, яғни 5 жылдың ішінде балық экспорты 6 есе өсті.

Қазақстан мен Орта Азияға аталған темір жол арқылы мануфактуралық, бакалеялық тауарлар, темір, шойын, егін шаруашылығына қажетті машиналар, мұнай, керосин, көмір, құрылыс және орман материалдары және т.б. заттар әкелінді. Жолдың жалпы жүк айналымы 111 935 346 пұттан (1906 ж.) 163 308 466 пұтқа өсті (1913 ж.).

Орынбор-Ташкент темір жолының тауар айналымында Торғай, әсіресе Сырдария облысының алатын орны ерекше болды. Мысалы, 1913 ж. Сырдария облысынан барлығы 18 164 803 п. тауар шығарылса, 21 442 675 п. тауар сырттан әкелінді.

Осылайша, Орынбор-Ташкент темір жолы Сырдария және Торғай облыстарын капиталистік өнеркәсіп үшін шикізат көзі мен өткізу рыногына айналдырды, бұл жағдай бүкіл Қазақстанға тән жағдай еді [218].

Теміржолдың салынуы қоныс аудару процесінің күшеюіне де әсер етті. 1893-1910 жж. арасында, толық емес деректер бойынша Ресейдің түрлі губернияларынан Сырдария облысына 156 мың орыс шаруалары қоныс аударды.

Орынбор-Ташкент темір жолы жүргізілгеннен кейін, 1912 ж. 28 мамырда Жетісу темір жолы акционерлік қоғамын құру туралы өкім бекітілді, оның құрылтайшылары А.И. Путилов пен инженер А.А. Бунге болды. Жол салу жұмыстары 1914 жылдың жазында Арыс станциясы жағынан басталды. Келесі жылдың қыркүйегіне қарай рельсті жол Шымкентке жетті, сөйтіп Арыс пен

Шымкент арасында 10 қазаннан уақытша тауар және жолаушылар тасыла бастады. Құрылыс басталғаннан кейін үш жылдан астам уақыт өткен соң жол тек Бурное станциясына дейін жетті.

Ресей империясының отарлау әрекеттері негізінде Қазақтанның оңтүстігі жаңа экономикалық аймаққа айналды. Алғашқыда әскери-стратегиялық мақсатта салынған темір жолдар, бертін келе қазақ жерінің табиғи байлығын Ресейге таситын және ол жақтан өнеркәсіп өнімдерін елімізге жеткізетін маңызды жол торабына айналды.

*Кеме жолдары.* Александр Иванович Бутаков Қазақстан мен Орта Азияны оның ішінде Арал теңізін бірінші болып зерттеп, оған тұңғыш кеме түсіріп, су жолын ашқан теңізші-географ. Ол Арал теңізінің суын, оның тереңдігін, жағаларын зерттеді. 1848 ж. бұрын ғылымға белгісіз, көлемі 216 мың шаршы километр «Возрождение» аралын тапты. Сол жылғы 23 қыркүйекте «Константин» кемесін Сырдария сағасына әкеп тоқтатты.

1850 ж. А.И. Бутаков, Арал теңізінен Петербургке келгеннен кейін, екі кеме жасату үшін, Швецияға барады. Ол «Перовский» мен «Обручев» аттарындағы кемелерді 1852 ж. Сырдарияның төменгі ағысындағы Райым селосына әкеліп қойып, 1853 ж. оларды Арал теңізіне түсіріп, теңізбен алғашқы кеме жолын ашады. Бұдан кейін Арал теңізі жан-жағымен байланысып, экономикасы көтеріліп, онда балық шаруашылығы жолға қойылады.

1860 ж. патша үкіметі А.И. Бутаковты Петербургке тағы шақырып, темірлеген екі кеме жасатып әкелу үшін Англия, Америкаға қызметтік іс-сапарға жібереді. Ол осыдан «Арал», «Сырдария» деген кемелерді 1861 ж. Қазалыға әкеліп, оларды Арал суына салып, теңізде кеме жолын күшейте түседі.

А.И. Бутаковтың Арал теңізіне кеме жолын түсіріп, Сырдария мен Амударияның төменгі ағыстарымен кеме жүруіне болатындығын анықтауымен байланысты Қазақстан мен Орта Азия арқылы Шығысқа, Қытайға баратын қауіпсіз сауда қарым-қатынасы жолы ашылды. Бұл өз кезегінде үлкен жаңалық болды [219].

Арал теңізіндегі кеме жолының бастапқы нүктесі теңіздің солтүстік-шығысында орналасқан Сары-Шығанақ болды, онда Арал ауылы (басқаша Аральск-Порты) орналасты. Бұл жерде теңіз «Арал теңізі» деп аталатын станция арқылы Ташкент темір жолымен байланысты. Теңіздегі кеме жолының соңғы нүктесі Тоқмақ-ата аралындағы Мойнақ балық кәсібі болды. Бұл жолдың арасы 375 вёрстке тең болды, және қолайлы жағдайда кеме жолды 40 сағатта жүзіп өткен.

Арал теңізіндегі кеме жолының ең басты міндеті, біріншіден, ондағы балық кәсіптеріне қызмет көрсету, екіншіден, Әмударияның төменгі жағындағы Хиуа оазисі арасындағы тауар айналымды қамтамасыз ету. Н. Бенцелевичтің еңбегінде көрсетілгендей, 1912 жылдары Арал теңізінде барлығы 60 желкенді кеме жүзді, олар салмағы 3 мың – 6 мың п. аралығындағы жүкті тасымалдаған. Аталған жылы «Хиуа» акционерлік қоғамына тиесілі үш кеме болды, оның

біреуі порт кемесі ретінде тек Арал ауылы маңында жүзді, қалған екі кеме теңіздегі тұрақты қатынас жолын қамтамасыз еткен [220].

Осылайша, Қазақстанда қатынас жолдардың дамуы, оның әлеуметтік-экономикалық өміріндегі елеулі өзгерістерге әкеліп соқты. Темір жол желілеріне іргелес жатқан аудандарда дәнді-дақылдар мен мақта өсіру, шөп шабу, балық және тұз кәсіпшіліктері дамыды. Жолдардың салынуы шаруалардың қоныстануына жәрдемдесті. Қала халқының саны өсті және ең алдымен темір жол желілерін бойлай орналасқан қалаларда өнеркәсіп дамыды. Темір жолдар Ресейдің орталығын бұратана шет аймақпен берік байланыстырып, сол арқылы бүкіл империя бойынша біртұтас экономикалық кеңістік жасады [221].

Темір жол салынғаннан кейін Сырдария облысының саудадағы маңызы арта түсті: Ферғананың тауарлары осы облыс арқылы Европалық Ресейге тасымалданды, Жетісу мен Сібірге және керісінше, тауарлар Сырдария облысы арқылы тасымалданды, облыстың өзінен Европалық Ресейге және Сібірге тауарлар жылдам және арзан бағамен жеткізілді, осы аталған жағдайдың барлығы сауданың дамуына игі әсерін тигізді.

Орта Азия мен Қазақстанда темір жолдардың салынуы өлкенің жалпы ресейлік нарыққа енуін жылдамдатты. Бұл өз кезегінде жекелеген аудандардың шаруашылығының мамандануына алып келді. Мысалы, Сырдария облысының бірқатар аудандары мақта өсіруге маманданса, Жетісу облысының бірқатар аудандары астық өсіруге маманданды. Өз кезегінде бұл облыстар арасындағы қарқынды айырбасқа ұласты, нәтижесінде экономикалық байланыстардың өсуіне байланысты облыс тұрғындары тауар-ақша қатынасы орбитасына кеңінен тартыла бастады.

### **3.2 Сауда айналымында қолданылған ақша және салық түрлері**

Зерттелініп отырған кезеңдері патша үкіметінің салық саясаты өлкедегі сауданың, әсіресе ресейлік-азиялық сауданың дамуына үлкен ықпал жасады. Н.Э. Масановтың мәліметтеріне сүйенсек, салықтардан, мемлекет саясатының негізгі әлеуметтік экономикалық бағыттары мен таптық сипатын неғұрлым объективті түрде және толығымен дерлік көруге болады. Нақ осы салық төлемдерінен, Қазақстанның Ресейге қосылу барысының барлық қиыншылықтары, салық заңдарындағы кемшіліктер, тәуелді халықтың төлем қабілетінің төмендеу процесі, қазақ халқының самодержавиенің фискальды саясатына деген наразылығы, осы саясатты жүзеге асыруда отарлы әкімшіліктің шалыс қадамдары және т.б. айнадай анық көрінді [1].

Зерттелініп отырған кезеңдері Сырдария облысында патша үкіметінің жергілікті халықтан жинаған негізгі салық түрлері *түтін салығы* мен *жер салығы* (Сырдария облысында 1870 ж. хараж бен танап салықтары, яғни егін шаруашылығы өнімдерінен және жерден алынатын салық түрлері, жер салығымен алмастырылды) болды. Сауда айналымында қолданылған негізгі салық түрлері: *зекет* (Сырдария облысында 1875 жылдан бастап, зекет салығы, саудаға және кәсіпкерлікке берілетін куәліктермен алмастырылды), *кедендік*

*алымдар, ақиздік алымдар* болды. Сонымен қатар, сауда айналымында басқа да салық түрлері алынды, олар: таразы салығы, базар жерлерінен алынатын төлем, базар сәкілерінен алынатын төлем, тауарларды өзен өткелдерінен өткізу үшін алынатын төлем және т.б.

Тауар-ақша қатынастарының кеңеюі көшпенді қазақ халқының әлеуметтік қатынастар жүйесіне өзгерістер әкелді. Егер, бұрындары оның негізгі байлығы, құндылығы мал болса, енді салық төлеу барысында – ақша тұрды.

*Зекет салығы.* Қазақстанның оңтүстігін орыстар жаулағанға дейін, Қоқан хандығында саудагерлерден салық жинаумен арнайы зекетші шенеуліктер айналысты. Саудагер өз керуендерімен сыртқа шығар алдында зекет жинаушыны хабардар етіп, зекетші өз кезегінде көпестің жүгін тексеріп, зекеттің мөлшерін анықтағаннан кейін, саудагер, зекет төлемін жасап, зекетші оған арнайы «рұқсат қағазын» берген, ол арқылы көпес бір жыл бойы аталған хандықтың территориясында алым-салық төлемей сауда жасаған. Сырттан тауарлар келген кезде, зекетшілер әдетте жүктердің барлығын шешіп тауарларды түгел мұқият тексерген, егер тауарлардың ішінде басқа хандықтарда зекет алынбаған тауарлар болса немесе төленген зекет көрсетілген тауар құнынан аз болған жағдайда, зекетші міндетті түрде зекет мөлшерін белгілеп, төлеттірген. Зекет, көпестің бір жылдағы сауда айналымынан 2,5% мөлшерінде алынды, ал еврейлер мен христиандардан зекет екі еселенген мөлшерде алынды, яғни барлық тауарларының 5%-ы алынды. Зекетшілерге хандық тарапынан айлық төленбеген, тіпті осы қызметке тұру үшін олар көп қаражат жұмсаған, сол себепті зекетшілер, көпестерден зекеттен бөлек тағы да басқа алымдарды алуға тырысқан (әдетте, әр түйеден бір «теңге» немесе «қоқан» алған). Осындай тәртіппен зекет кез-келген хандықтың территориясының ішінде тасымалданған тауарлардан да, сыртқа шығарылған және сырттан әкелінген тауарлардан алынды. Тіпті сол хандықтардың территориясын кесіп өткен керуендердің өзі (тауарларын сол елде сатпаса да) зекет салығын төлеген. Сол себепті, сауда керуендері бір хандықтан екінші хандыққа өткен кезде зекетті екі рет төлеген (Мысалы, Үндістаннан Қоқан хандығына дейін келген сауда керуендері ондаған князьдықтар мен хандықтардың территориясын кесіп өтіп, 18 рет зекет төлеген).

Сауда капиталдарынан басқа, барлық құнының 1/40 мөлшерінде зекет төлемі, сатуға шығарылған мал үйірінен және тасымалданған алтын мен күмістен алынды. Зекет төлемінен тек, жалпы құны белгілі бір мөлшерден аспаған тауарлар, алтын мен күміс тиындар, мал үйірлері босатылған (мысалы, Қоқан хандығында тауарлар мен мал құны 40 «ділдәдан» аспаса, алтын мен күміс құны 20 «ділдәдан» аспағанда зекет алынбаған).

Өлкені орыстар жаулап алғаннан кейін саудадан алынатын салық жүйесіне бірқатар өзгерістер енгізілді. Сырдария облысының солтүстіктегі екі уездерінде (Перовск және Қазалы) салық 1865 ж. 9 ақпанда Империяға енгізілген жалпы Жарлық бойынша алынды, онда тек бұрынның саудамен айналысып келе жатқан орыс азаматтарына ғана жеңілдіктер берілген. Сырдария облысының қалған аудандарына бұрынғы зекет жүйесі және зекет мөлшері қалдырылды,

онда зекет төлемі екі түрге бөлінді: бірінші зекет алымы бір жыл ішіндегі 40 «ділдәдан» асқан барлық ішкі сауда мен өнеркәсіп капиталынан алынды. Екінші зекет алымы сырттан әкелінген шетелдік азиялық көпестердің тауарларынан алынды.

1867 ж. Ереже бойынша зекеттің екі түрін де қоғамдық шаруашылық басқарма жинаған. Олар белгілі бір мерзім ішінде саудагер немесе кәсіпкерден бір жыл ішіндегі айналымда болған сауда капиталы мөлшері немесе сырттан әкелінген тауарлардың мөлшері жайында жасаған хабарландыруын алып, тексеріп, зекет мөлшерін белгілеп төлеттіргеннен кейін қолдарына түбіртек берген. Бұл түбіртектер сауда куәліктерін алмастырған, дәл осындай түбіртектер, сауда айналымы 40 «ділдәдан» аспайтын тұлғаларға да берілген.

Зекет төлемдері түсімінің дұрыс жолға қойылуын қамтамасыз ету үшін, патша үкіметі тарапынан арнайы шаралар ұйымдастырылды. Атап айтқанда, зекет төлемеген саудагерлерге немесе оларға қолдау жасаған шаруашылық қоғамдық басқарма мүшелеріне айып пұл салынған, керісінше зекет төлемі үзбей, толық түсіп отырған жағдайда, шаруашылық қоғамдық басқарма мүшелеріне жалпы түсім мөлшерінен белгілі бір пайыздық үстемелер төленген (5% тіпті 10%). 1867 ж. Ереже бойынша енгізілген сауда салығы жүйесі жалпы осындай сипатта болды.

Өз кезегінде, қазақ халқының төлем қабілетінің төмендеуі және мемлекеттік аппараттың салық мөлшерін көтеріп, үздіксіз жүйелі түрде түсуін қамтамасыз етуге ұмтылуы, үнемі салық заңдарының толықтырылып, өзгертілуіне алып келді, XIX ғасырдың екінші жартысында салық салудың неғұрлым тиімді жолдары мен салық саясатының неғұрлым жетілдірілген рационалды нұсқаларын іздестіруді қажет етті. Жыл сайын зекет төлемдерінің мөлшері тұрақты сипат алудың орнына тұрақсыз кездейсоқ сипатта болды. Мысалы, 1867 ж. Ташкент қаласына 43 444 р. 92 т. мөлшерінде зекет төлемі түссе, 1868 ж. 92 019 р. 91 т., 1869 ж. 69 712 р. 69 т. мөлшеріде зекет төлемі түскен.

Сол себепті, 1870 жылдан бастап Түркістан қазына палатасы Ташкент қаласынан зекеттің орнына алынатын, жалпы белгіленген сауда алымдары туралы ережелер жинағын құрастыруға кірісті, ал 1872 ж. генерал-губернатор К.П. фон-Кауфманның бұйрығымен Ташкент қаласында өлкеде жалпы белгіленген сауда салықтары мәселесімен айналысатын арнайы комиссия құрылды. Нәтижесінде, 1874 ж. 3 мамырда Министрлер Комитеті Жарғысы бекітілді, бұл Жарғы бойынша Түркістан өлкесінде (әлі толық ұйымдастырылмаған Әмудария бөлімшесін қоспағанда) 4 жыл мерзімге арналған уақытша шаралар енгізіліп, аталған Жарғы өз күшіне 1875 ж. 1 қаңтарында енді. Жарғы бойынша өлкеде Ресей Империясының басқа жерлерінде қолданылып келген сауда және кәсіптерден алынатын салық жүйесі (аздаған өзгерістермен) қолданылды. Ресей империясында қолданылған сауда және кәсіптерден алынатын салық жүйесінде көпестер, өз капиталын жариялағаннан кейін, үш гильдияның біреуіне жазылды (1-гильдияға 10 мың рубльден - 50 мың рубльге дейін, 2-гильдияға 5 мың рубльден - 10 мың рубльге



дейін, 3-гильдияға 1 мың рубльден - 5 мың рубльге дейін капиталы бар көпестер жазылды). 1-гильдия мен 2-гильдия көпестерінің әлеуметтік-экономикалық статусы жоғары болды. Олардың ішкі көтерме және бөлшек сауда жасауға, фабрика мен заводтарды ашуға құқы болды, сонымен қатар қазыналық қызметтен босатылды. 1863 ж. 8 қаңтарда Ресейде қабылданған «сауда және басқа да кәсіптерден алынатын салық» Жарғысы бойынша кез-келген таптың адамына саудамен және кәсіппен еркін айналысуға мүмкіндік берілді. 1865 ж. 9 ақпанда Ресей империясында Сауда Жарғысында бірқатар өзгерістер қабылданып, 1863 жылғы сауда Жарғысына бірқатар толықтырулар енгізілді: көпестік гильдиялардың саны екіге қысқартылды, гильдияға тұруға рұқсат беретін куәліктердің төлемі (1865 жылға дейін куәліктер патент деп аталды) 1862 жылмен салыстырғанда екі есе азайды. Енді 1-гильдия бұрынғы 1-гильдия мен 2-гильдия көпестерін біріктірді, ал 2-гильдия бұрынғы 3-гильдия көпестерін алмастырды. 1-гильдия куәлігі бойынша, көпестің жергілікті (ресейлік) және шетелдік тауарлармен сауда жасауға құқы болды. 2-гильдия куәлігі бойынша, көпес, бір уездегі қалада бөлшек саудамен айналысуға және фабрика-заводтық кәсіпорындарды басқаруға құқы болды, шаруалар мен мещандарға берілетін арнайы куәліктер жойылды. Ұсақ сауданы жүргізу үшін және ұсақ кәсіптермен айналысу үшін 3-4-разряд куәліктерін алу жеткілікті болған [5]. Аталған Жарғы Түркістан өлкесінде (кейбір аудандарынан басқа) 1885 ж.-ға дейін созылды.

1885 ж. 20 мамырда Мемлекеттік Кеңес шешімімен сауда және кәсіпкерлік құқық үшін төленетін салық туралы Жарғы бүкіл Түркістан өлкесіне таралды (жергілікті ерекшеліктерге байланысты бірқатар өзгерістермен бірге). Осы кезеңнен бастап өлкеде толығымен бұрынғы зекет жүйесі тоқтатылды, орнына уақытша Жарғы мен жалпы Жарғыда белгіленген сауда салықтары қолданылды, ол алымдар кейіннен сауда және басқа да кәсіптерге берілетін құқық алымдары деген атпен алмастырылды. Сауда Жарғысының дұрыс жүргізілуін бақылау және генеральды сауда тексерістерін жүргізу құзыры уезд қазынашыларына, акциздік надзирательдерге және сауда депутаттары мен қазына палатасының шенеуліктеріне берілді.

Ал 1889 ж. өлкеде салық инспекция институты енгізілгеннен кейін, бұл іс аталған инспекция құзырына берілді. 1898 ж. қабылданып, қазан төңкерісіне дейін өзгеріссіз қоданылған мемлекеттік кәсіптік салық Жарғысы бойынша, өнеркәсіптік-сауда кәсіпорындар және қолөнер орындары таңдаған кәсіптік куәліктерден негізгі салық алынды. Осы ережеге сәйкес сауда кәсіпорындары кәсіптік куәліктерді таңдауына байланысты (патент таңдауы бойынша), бес разрядқа бөлінді. Бірінші разрядқа көтерме сауда кәсіпорындары (көтерме дүкендері, қоймалар) мен ірі банк конторалары кірді, екінші разрядқа – әр түрлі дүкендер мен орташа несие мекемелері кірді, үшінші разрядқа – сәкілерден тұратын саудаға (тауарларды тек тұтынушылаға сататын). Төртінші разряд патентін приказшиктерді жалдамаған сәкілер мен палаткаларға берілді, бесінші разряд куәліктері тасымалдаушы саудаға берілді.

Кәсіптік куәліктерді таңдағанына қарай өнеркәсіптік кәсіпорындар 8 разрядқа бөлінді. Бірінші разрядқа 1000-нан аса жұмысшысы бар барлық кәсіпорындар кірді екінші разрядқа – 501-1000 жұмысшысы бар кәсіпорындар, үшіншісіне - 201-500 жұмысшысы бар кәсіпорындар, төртіншісіне – 51-200 жұмысшы, бесіншісіне – 16-50 және 11-25 жұмысшы, алтыншысына - 8-10 жұмысшы, жетінші мен сегізінші разрядқа - 5-9, 2-4 жұмысшысы бар кәсіпорындар кірді.

Сауда салықтарын реттейтін ережелердің өлкеде қолданысқа енуі көптеген қиыншылықтарды туғызды, мәселен, базар саудасы мен далалық сауда Ресей империясы ережелерінің ешқайсысына сәйкес келмеді, сол себепті 1899 ж. базарлық және далалық сауда тұрақты сауда түрлері деп танылды.

Сырдария облысында сауда және өндірістік орындар таңдаған куәліктер туралы мәліметтерді талдай отырып, сауда капиталына ерекше орын берілгенін көруімізге болады (№5 Кесте).

### **Кесте 5 - 1912 ж. Сырдария облысында жиналған негізгі кәсіптік салықтың соммасы мен берілген куәліктер саны**

Сырдария облысы	Сауда кәсіпорындары мен қоймалары (разрядтар)						Өндірістік кәсіпорындар (разрядтар)								Жеке кәсіпгерге
	1	2	3	4	5	Барлығы	1-3	4	5	6	7	8	Барлығы		
Куәліктер саны	40	1 201	6 785	8 332	53	16 411	1	17	25	36	79	382	540	1626	
Негізгі салық мөлшері мың р.	19,4	96	82,2	44,9	0,5	243	0,5	2,5	1,3	0,5	0,6	1,2	6,6	14,1	

Ескерту: Кесте – Фридман Ц. Банки и кредит в дореволюционном Казахстане. А.-А.: 1974.- бойынша жасалды.

Жоғарыда келтірілген мәліметтер төмендегі қортындыларға алып келді:

Біріншіден, куәліктер саны жағынан да, негізгі салық соммасы жағынан да сауда кәсіпорындары өндірістік кәсіпорындардан әлде қайда басым түсті.

Екіншіден, сауда кәсіпорындарының ішінде I және II разрядты кәсіпорындар маңызды орын алды, оларға жылдық сауда айналымы 50-300 мың р. тең көтерме дүкендер мен ірі қоймалар және ұсақ саудагерлерге тауар өткізетін дүкендер мен несиелік мекемелер жатты. Осы екі разрядтың сауда кәсіпорындарына барлық негізгі салық соммасының 59%-ын, ал куәліктердің 15,5%-ын құрады.

Үшіншіден, III және IV разряд кәсіпорындары таңдаған куәліктер саны көп болды (81,3%), ал олардың негізгі салық мөлшері 30,8%-құрады, оларға кішігірім бөлшек саудамен айналысатын сәкілер (сәкілердің орташа сауда айналымы 3970 р. болды), приказшиктің еңбегін пайдаланбаған басқа да ұсақ сәкілер мен палаткалар кірді. Орта Азия мен Қазақстанда дүкендер барлық сауда кәсіпорындарының 10%-ын, сәкілер 52%-ын құрады.

Төртіншіден, кәсіптік куәліктерді таңдаған, өндірістік кәсіпорындардың ішінде, ұсақ кәсіпорындар басым болды (2-6 жұмысшысы бар кәсіпорындар). Сонымен қатар VII разряд (бұл разряд кәсіпорынның орташа айналымы 5980 р. болды) және VIII разряд (орташа айналымы 2540 р.) кәсіпорындары куәліктері барлық куәліктердің 81,5%-ын құрады. Бұл кәсіпорындардың барлығы шикізатты алғашқы өңдеуден өткізумен айналысты.

Осылайша, 1912 ж. кәсіптік салық туралы мәліметтен көретініміз, Қазақстанда сауда буржуазиясы өндірістік буржуазиядан әлде қайда басым болды, сонымен қатар олардың арасында орташа және ұсақ өндірістік-сауда кәсіпорындардың үлесі жоғары болды. Іс жүзінде Қазақстанда өндірістік буржуазия сауда буржуазиясынан бөлінген жоқ. Сауда буржуазиясы өз капиталының бір бөлігін өндіріске салғанымен, сауданы да қоса алып жүрді, себебі саудадан түскен пайда өте жоғары болды [227].

*Акциздік алымдар.* Өлкені орыстар жаулағанға дейін акциздік алымдар туралы түсінік мүлдем болмаған. Бірақ, Қоқан хандығында тауардың белгілі бір түрлерінен мысалы, тұздан және көмірден салық жинау шаралары орын алды, дегенмен ол шара аяқталмай қалды. Тек, 1867 жылдан бастап Сырдария облысы құрылғаннан кейін, өлкеде Ресей Империясының акциздік жүйесі тарала бастады. Алғашқы кезде акциздік алымдар алынатын салалар шеңбері өте тар болды. Сол себепті алғашқы спиртті ішімдіктерден алынатын акциздік алымдарды жинаумен, әскери губернатордың бақылауымен қарамағындағы шенеуніктердің біреуі айналысты. Оған төленетін айлық осы акциздік алымдардан алынды.

Акциздік алымдар алынатын өнеркәсіп салалары мен сауданың дамуына байланысты, Түркістан өлкесінің кеңеюіне және арнайы акциздік бақылаудың құрылуына байланысты (аталған басқарма алғашқыда Түркістан қазына палатасы қарауында болды, ал 1886 жылдан бастап арнайы акциздік басқармаға берілді) Түркістан өлкесінде бірте-бірте акциздің басқа түрлері және оларды реттейтін ережелер де енгізіле бастады. Осылайша өлкеге темекі, шақпақ, құмшекер, мұнай, гильза мен папирос қағазы акциздері енді.

Түркістан өлкесінде, Сауда Жарғысы бойынша ауылды жерлерде арақ-шарап сусындарымен сауда жасауға рұқсат етілді. Акциздік алымдар туралы Жарғының (1901 ж. шыққан) 676-баптың бірінші қосымшасында көрсетілгендей, Түркістан өлкесінің қалалы аудандардан тыс жерлерде уезд басшысының рұқсатымен ішімдік сататын (трактирден басқа) сауда орындарын ашуға рұқсат етілді, ол орындардың саны мен сипаты жайлы мәліметті жыл сайын облыстық басқарма жинастырып, Кеңестік талқылуға өткізіп, ол талқылаудан кейін генерал-губернатор бекітетін болған. Сонымен қатар, облыстық басқарманың, ішімдік сататын сауда орындарын жабуға немесе ішімдік саудасын дұрыс жүргізбейтін сатушылар мен приказшиктерді жұмыстан шығаруға құқығы болды. Осындай тәртіптің арқасында, жергілікті әкімшілік ішімдік саудасын бақылауда ұстап, маскүнемдікпен (ішімдік сататын орындарды жаппай жауып тастау шаралары арқылы) күресу мүмкіндіктері болды. Оңтүстік Қазақстан өлкесінде темекі және оның өнімдерін өңдеу және

сату, Қаржы Министрлігі Түркістан генерал-губернаторымен келісе отырып шығарған, акциздік алымдар туралы Жарғының 724-бабының 1-қосымшасы негізінде жүргізілген.

*Кедендік алымдар.* Орыстар жаулап алғаннан кейін өлкеде бұрынғы хандық кезінде орын алған зекет жүйесі сол күйінде қалдырылғаны жайлы жоғарыда айтып кеткен болатынбыз, сол себепті сыртқы саудадан алынатын арнайы салықтар алынбаған.

Ресей Империясы Дала комиссиясының шешімі бойынша, Мемлекеттік Кеңестің бекітуімен 1868 ж. 22 сәуірде Орынбор және Батыс-Сібір кедендік шептері таратылып, Орта Азиялық хандықтардан Ресей иеліктеріне европалық тауарларды өткізбеу міндеті, Сырдария облысында құрылған зекеттік мекемелерге жүктелді. Бұл мекемелер 1867 ж. Ереже бойынша рұқсат етілген шетелдік тауарлардан зекет салығын алып отырды. Ереже бойынша шетелдік азиялық көпестерден, салық жылына бір рет емес, тауарлармен шекарадан өткен сайын алынды.

1875 ж. Сырдария облысы мен Зеравшан округінде 1865 жылғы сауда мен кәсіп құқы туралы Жарғы енгізілгеннен кейін, аталған зекеттік мекемелер таратылды. Нәтижесінде бұл жерлердің шекаралары ашық қалып, сыртқа саудада арнайы салықтар алынбады.

Осындай жағдай 1881 жылға дейін сақталды, осы жылы Түркістан генерал-губернаторы міндетін уақытша атқарған Колпаковский жергілікті базарларға тек аса қажетті және империяда өндірілмейтін кейбір тауарлардан басқа (жасыл шай, индиго, ағылшын-үнділік кәсей) шетелдік азиялық және батыс-европалық тауарларды кіргізбеу қажеттігін айтты. 1870 жылдан бастап европалық тауарлар контрабандалық тауарлар болып есептеліп, бірден тәркіленді. Осы мақсатта, тиым салынған тауарларды шекарадан өткізбеу және рұқсат етілген тауарлардан арнайы кедендік салықты алу үшін Сырдария облысында, Зеравшан округінде және Әмудария бөлімшесінде әкімшіліктің бақылауында болған арнайы кедендік пункттер ашылды. Рұқсат етілген тауарлардан төмендегідей тариф пен кедендік салық белгіленді: бір пұт жасыл шайға – 14 р. 40 т., бір пұт индигоға – 6 р. бір фунт ағылшын-үнділік өндірістен шыққан кәсейге -1 р.

1886 ж. 2 мамырда Мемлекеттік Кеңестің бекітуімен Түркістан өлкесіндегі кедендік мекемелер Қаржы Министрлігі қарамағына өтті, онда генерал-губернатордың жанынан арнайы Кедендік Істер жөніндегі Министр деп аталатын шенеулік тағайындалып, қасына іс-қағаздарды жүргізетін көмекші тағайындалды, бірақ осы тұлғалар басшылыққа алатын ережелерді, кедендік мекемелерге әкелінетін тауарлардың салық мөлшерін белгілеу және тиым салынған тауарлардың тізімін жасау міндетін Қаржы Министрлігі атқарды (өлкенің басшысымен келісе отырып).

1890 ж. 12 шілдеде Мемлекеттік Кеңестің шешімімен Түркістан және Семей кедендік округтері құрылып, өлкедегі кедендік іс толығымен Қаржы Министрлігіне берілді. Түркістан кедендік округі құрылғаннан кейін оның қарамағына өлкенің барлық кедендік мекемелері, Каспий сырты облысының

кедендік мекемелері және Жетісу облысының оңтүстігіндегі кедендік мекемелер өтті. Ондағы сырттан әкелінетін тауарлардан алынатын кедендік салықты реттейтін тәртіп, 1886 жылғы ереже бойынша жүргізілді.

Закаспий облысы түпкілікті ұйымдастырылып біткеннен кейін және өлкені байланыстыратын теміржолдардың салынуына байланысты 1891 ж. Қаржы Министрлігі Бұхар және Хиуа хандықтары жерлерін империя кедендігіне өткізіп, кедендік сызықты ауған-бұхар шекарасына ауыстыруды ұсынды. Аталған ұсыныс, 1894 ж. 6 маусымда Мемлекеттік Кеңестің шешімімен бекітілді.

Қабылданған жаңа заңның негізінде, ресей-бұхар, ресей-хиуа шекараларындағы кедендік мекемелер таратылып, орнына ауған-бұхар шекарасында бірқатар кедендік мекемелер ашылды. Бұл кедендік мекемелер Қаржы Министрлігі 1894 ж. бекіткен Жарғы негізінде жұмыс атқарды, ал шекараны күзету және тауарларды бақылау құзыры шекаралық күзетке жүктелді.

К. Паленнің еңбегінде көрсетілгендей, Түркістан өлкесіндегі кедендік салықтардың мөлшері мен сыртқы сауда Кедендік Тарифтің және Кедендік Жарғының жалпы ержелерімен және Түркістан өлкесі мен Орта Азияға қатысты шығарылған арнайы қаулылармен реттелген (Кедендік Жарғы 936, 939, 950 және т.б. баптарымен, 1904 ж. шыққан заң жинақтарының VI т.).

Аталған заңдар мен ережелерге сәйкес, ауған шекарасы арқылы Ресей империясына әкелінген барлық тауарлардан (малдан басқа, малға ешқандай салық төлемеген) 5% мөлшерде кедендік салық алынды, ал Қытай шекарасы арқылы әкелінген тауарлардың барлығынан, кейбір тауарлардан басқа (шай, күміс, ағылшын-үнділік тауарлардан кеден салығы алынды, кейбір тауар түрлеріне мүлдем тиым салынған), кедендік салық алынбаған. Аталған шекарадан Ресей империясының өз тауарларын сыртқа шығару еркін және еш салықсыз жүргізілді, тіпті кейбір тауар түрлеріне кеденшілер арнайы сый-ақы төлеген. Мәселен, ресейлік мануфактура тауарларын шығарған көпестерге, «өндіріске жұмсаған шығындары» үшін кеденшілер, әр пұт тауарға 4 р. мөлшерінде сый-ақы төлеген [6].

Түркістан қазына палатасы мәліметтері бойынша жасалған 1904-1907 жж. аралығында Сырдария облысы бойынша түскен кедендік табыс мөлшері төмендегі кестеде берілген:

**Кесте 6 – Сырдария облысында жиналған кедендік салық мөлшері**

Облыс атауы	1904 ж.		1905 ж.		1906 ж.		1907 ж.	
	рубль	т.	рубль	т.	рубль	т.	рубль	т.
Сырдария обл.	2 363	51	2 914	31	6 160	12	11 607	75

Ескерту: Кесте – Пален К.К. Налоги и пошлины/ Отчет по ревизии Туркестанского края...СПб.: Тип. Гл. Уп. Уделов. Мохов., 1910 . - бойынша жасалды.

Жоғарыда келтірілген мәліметтерден көретініміз: Сырдария облысында кедендік салықтан түсетін табыс 1904-1907 жж. аралығында 5 есе артқан [229].

Патшалы Ресейдің салық саясатын сипаттауда, жиналған салықтардың жұмсалыу тәжірибесін айтпасақ болмайды. Жиналған салықтың көп мөлшері негізінен патша әкімшілігінің қажеттіліктері үшін жұмсалды, ал білім беру, медицина, ветеринарлы бақылау және т.б. әлеуметтік және басқа да қоғамдық пайдалы қажеттіліктерге салықтың болмашы ғана бөлігі жұмсалды. Бір сөзбен айтқанда, Қазақстанда зерттелініп отырған кезеңдері салықты жұмсау тәжірибесі патшалықтың жалпы отарлы саясатына сәйкес келді.

Салықтар мемлекет бюджетін толықтырудың негізгі табыс көзі болды. Түркістан өлкесінің қала табысының ең басты көздері генерал-губернатор К.П. фон-Кауфман белгілеген таразы салығы болды, таразы салығы базарға әкелінген бір пұт тауардан бір тиыннан алынды (XIX Қосымша: №33 Кесте). Сырдария облысында таразы салығы ауылдық базарлардан үш қаланың есебіне жиналды: Шымкент қ. – Сайрам және Қарабұлақ ауылдарының базарларынан, Түркістан қ. – Созақ ауылының базарынан және Петро-Александровск қ. – Шурахан, Сарыбий, Шейх-Аббас-Уали, Шымбай, Нукус, Назархан және Бий-базар ауылдарының базарларынан жиналды [231]. Орыс әскерлері жаулап алған жылдан 1868 ж. дейін Шымкент, Әулиеата, қалаларының шаруашылық есебін комендат жүргізді. Осы кезеңдегі қала салығы, таразы салығы, туралы нақты деректер сақталмаған. 1868 ж. Шымкент уезінде басқа уездердегідей арнайы қоғамдық шаруашылық басқарма құрылды. Шымкент уезінің 1868 ж. таразы салығынан түскен табысы 600 р. болды. Таразы салығы жиналатын ауыл базарлары 1886 ж. 58 болған, оның 4-і Шымкент уезінде, 3-і Түркістан уезінде, 1-і Әулиеата уезінде, 31-і Қураминск уезінде, 19-ы Хожент уезінде орналасқан. Аталған базарлардан 1886 ж. 20 295 р. 25 т. таразы салығы жиналған.

Ақшалай алымдар өсу тенденциясы сипатымен ерекшеленді. Мәселен, Сырдария облысы бойынша 1891 ж. сауда үшін алынған ақшалай алым: 59 927 р., 1892 ж. - 59 280 р., 1894 ж. - 60 482 р., 1895 ж. - 70 607 р., 1896 ж. - 81 903 рубльді құрады.

Қазақ қоғамының шаруашылық және әлеуметтік жағынан біртіндеп дамуы Ресей мен Орта Азия хандықтарының арасындағы сауда қатынасында ақшаның рөлін арттыра түсті. Бұл кезде айырбасқа қоса ақшаны пайдалану сауданың даму барысын көрсетті.

Сауданы ақшамен жүргізу қала базарында басым болды. Сырдария, Шымкент, Әулиеата аймағында тұрушы Ұлы жүз қазақтарының арасында ақша қатынасының дамуына өзбек халқы да әсер еткен. Қазақ арасында ақшаның таралуы нәтижесінде жергілікті халық айырбас заттары мен малдарының нарқы белгілі дәрежеде біріне-бірі балама болатындығын түсінген.

Әртүрлі деректерге сүйене отырып, қазақ арасында ақшаның кеңінен таралу дәрежесін көрсеткен А.Гейнс былай деп жазды: «Түркістан, Шымкент базарларында қазақтар затты затқа алмастырумен бірге ақшамен де сауда жасайды» [232].

XVIII ғ. және XIX ғ. үшінші ширегіне дейін, Қазақстандағы сауда негізінен айырбас сипатында жүргізілгені белгілі. Бірақ айырбас сауда да ақша мүлде қолданылған жоқ деп те айтуға болмайды. Айырбас сауданың да өз «ақшасы»

болды. Ресеймен және көрші елдермен үнемі айырбас жүргізе отырып, дами бастаған ішкі сауда нәтижесінде айырбасталатын тауарлардың ішінен жалпыға ортақ эквивалент қызметін атқаратын бір натуралды тауар шығуы тиіс болды. Бұл тауар ақша ретінде қызмет етті. Бұл әрине рынокта үлкен сұраныста болған және ылғи да айырбастың негізгі нысаны болған қой малы еді. Барлық тауарлар бір жасар қоймен бағаланды. Егер ресейлік және ортаазиялық тауарлар малдың басқа түріне айырбасталатын болса, онда алдымен олардың бағасы қой санымен өлшенді, содан соң айырбасталды. Дегенмен, Қазақстандағы айырбас саудада натуралды айырбас таза күйінде болған жоқ. Дамыған ақша жүйесі бар Ресей елімен, бұрыннан қалыптасқан және жылдан-жылға күшейген экономикалық байланыстар, кез-келген сауда операциясында орыс рубльнің, символикалық сипатта, үнемі қолданылуына алып келді. Барлық Қазақстандық тауарлардың бағасы орыс рубльіне теңестірілді. Қазақстанда ұзақ уақыт бойы айырбас кезінде ақша бірлігі ретінде қой малы қызмет еткенімен, қойдың бағасының өзі орыс рубльімен есептелді. XVIII ғ. соңы мен XIX ғ. басында бір жасар қой бір күміс рубльге тең болды.

Қоқан хандығы үстемдігі кезінде Қазақстанның оңтүстігінде осы хандықтың ақшасы айналымда болды (ділдә Қоқан хандығында 1240 жылдан бастап басылды).

Орыс ақша белгілері мен ортаазиялық тиын қолданылған ақшалай сауда, көбіне шекаралық аудандарда дамыды.

Қазақстанның оңтүстігінде қолданылған Ортаазиялық хандықтардың ақша түрлері төмендегідей болды:

*Бұхар ақшасы.* Ділдә - алтын тиын, салмағы: 69,69  $\frac{1}{2}$ , 70, 70  $\frac{1}{2}$ , медициналық гранға (метр өлшеуіне көшкенге дейін дәріханаларда қолданылған 0,0622 грамдық салмақ өлшеуіш, 69 гран = 4,29 грамм) тең болған. Кейде құрамында таза алтынның салмағы жоғары болса кейде арзан темір қоспалар басым болып келген. Бұхарлық ділдәның екі түрі болды масум және хайдері. Бұхарлықтар тиындар арасында сонымен қатар балх пұлы (сары мыстан жасалды) мен шегризебтік мир (қызыл мыс пен күміс қоспасынан жасалды) деп аталатын тиындар да болды, төрт мир бір теңгеге тең болды [233].

Теңге – күміс тиын, салмағы: 50 гран. 19, 20 және 21 теңге бір ділдәны құраған. Бір ділдәны Бұхарадағы орыс көпестері 4 күміс сомға сатып алған.

Осы есеп бойынша, айналымдағы теңге 20 орыс күміс тиынына тең болған.

Пұл – мыс тиын, салмағы: 65,67, 70 гранға тең. Бір теңгеде 44 пұл болған.

*Қоқан ақшасы:* Ділдә - алтын тиын, салмағы бір мысқалға (4,25 грамм) тең – орыстың 4 күміс сомына айырбасталатын.

Теңге – күміс тиын, салмағы шамамен мысқалдың  $\frac{3}{4}$  бөлігін құраған. Орыстың 20 кейде 21  $\frac{1}{2}$  күміс тиынына тең болған. Бір ділдәда 20 теңге болды.

Пұл – мыс тиын, салмағы бұхар пұлымен шамалас, бір теңгеде 24 кейде 25 пұл болды.

*Хиуа ақшасы:* Ділдә - алтын тиын, салмағы шамамен бір мысқалға тең, құрамындағы лигатураның (беріктігін арттыру үшін алтынға және күміске

қосқан мыс немесе қалайы қоспасы) қоспасы әрқелкі. Хиуалық ділдәның екі түрі болды, біріншісі үлкен ділдә – көлемі бұхарлық ділдәмен бірдей болды, екіншісі – кіші ділдә көлемі теңгеге ұқсас болды. Ділдә тек алтын металдан құйылды. Үлкен ділдә өте аз мөлшерде шығарылды.

Бір ділдә орыстың күміс 3 сом 43 тиынына тең, кейде күміс 3 сом 50 тиыннан 4 сом 30 тиынға дейін бағаланған [234].

Теңге, күміс тиын, бір ділдәда 16 теңге болған. Хиуалық күміс теңгелер көлемі жағынан бұхарлық теңгелерге ұқсас болды. Айналымда хиуалық теңгенің екі түрі қолданылды: ақ теңге мен қара теңге.

Пұл – мыс тиын, бір ділдәда 640, 672, тіпті 720 пұл болған, бір теңгеде 40, 42, кейде 45 пұл болған.

Аталған тиындардан бұрын басқа да тиындар қолданылды, олар: 1) аббас, бір аббас теңгеден төрт пұлға қымбат болған, 2) қаратеңге, немесе басқаша жарты теңге деп атаған. Бұл тиындар айналымнан біртіндеп шығып, қолданылмай кеткен.

Қазақстанның оңтүстігінде сонымен қатар қытай ақшалары салмағы мен пішіні әр түрлі күміс слиткалар – ямбылар (442 золотниктің номиналды бағасы 100 р., 44 золотниктің номиналды бағасы 10 р. тұрды), қашғар ділдәлары (номиналды бағасы 15 т.) және ярмак ( 2 р.), қара пұл деп аталатын қытай тиындары айналымда болды (қара пұлдың 6/10 бөлігі сары мыстан құйылды, ал түркістандық пұлдар қызыл мыстан құйылып жасалды) [235].

Ақша (темір тиын) саудасы орыстар мен азиялық көпестер арасындағы маңызды да тиімді сауда болып саналды. Бұл тауарды азиялық көпестер бұхарлық және хиуалық тауарларды, кептірілген жемістерді және қағаз өнімдерін сату арқылы алады.

Хиуа мен Ташкенттен тиындарды Ресей империясына алып шығару, көпестер үшін тиімсіз болған, себебі ол елдердегі тиындардың нақты бір сапасы мен салмағы бекітілмеген етін.

Хандықтардағы тиынға деген курстың үнемі аусып тұрғандығына байланысты және құны нақты анықталмағандықтан көпестерге азиялық тиындарды Ресей империясының нарығына шығару тиімсіз болды.

Орыстың күміс сомы Орта Азиялық елдерде 4 с. 50 т. ассигнацияларға тең, орыс тиынын көпестер қайтадан Ресейге 450 тиын ассигнациялармен кіргізген кезде 100 ассигнациялық тиын жоғалтқан, немесе капиталдың 22 пайызынан айырылған. Сол себепті, орыс көпестері Орта Азиялық елдерде орыс тауарларын сол елдің жергілікті өнімдеріне айырбастауға тырысатын, ал ортаазиялық көпестер Ресейде сауда жасағанда өз тауарын тиынға сату үшін бар күштерін салған.

Ресей Қазақстанның оңтүстігі мен Орта Азияны жаулап алғаннан кейін, оның рубльдік ақша жүйесі бірнеше жергілікті ақша жүйелерімен байланысқа түсті.

Орыс рублі қокан теңгелерін XIX ғ. 80-жылдардың өзінде-ақ ығыстыра бастады, ал бұхар және хиуа теңгелерін рыноктан ығыстыру оңай болған жоқ. Себебі, Бұхара мен Хиуа хандықтары, әрқашан неғұрлым күшті саяси билігі



және соған сәйкес реттелген шаруашылық өмірі бар, мәдени өмірдің орталықтары болды. 90-жылдарға дейін Бұхар, Хиуа теңгелері мен орыс рубльі арасында үлкен бәсеке орын алды. Ортаазиялық теңгелер мен орыс рубльі курсының колебаниялары төмендегідей болды: көктемде, каракөль терілері мен мал жүндерін сатып алатын уақытта – теңгенің курсы жоғарылады; жазда: нижегородтық жәрмеңке – рубльге деген сұраныс артып, - теңгенің курсы төмендеді; күзде – мақта, кептірілген жемістерді сатып алу, салықтарын төлеу – теңгенің курсы жоғарылады.

Бұхарлық және хиуалық теңгелерді ығыстыруға бағытталған алғашқы мелекеттік іс-шаралар 1888-1890 жж. жүзеге асырылды, бұл жылдары үкімет Түркістан өлкесінде теңгелердің айналымына толығымен тиым салды. 1892 ж. патша үкіметі Хиуа ханына ақша шығаруға тиым салды. Бұл шара азда болса хиуалық ақшаның нарықта әлсіреуіне алып келді. Дегенмен, Бұхар хандығы өзінің ақша жүйесіндегі тәуелсіздігін сақтап қалды. Бұл хандықта ақша өмірдің рұқсатымен шығарылуын жалғастырды. Ресей үкіметі өмірден аөшан генерал-губернатордың рұқсатынсыз шығаруға тиым салуын қарамастан, өмір ақша шығару ісін өз бетінше жүргізді. Аталған шаралар қажетті нәтижелерді берген жоқ, себебі халықтың қолында сауда айналымында өте ыңғайлы болған, пұлдар, кеңінен қолданыста болды. Бұхара және Хиуамен сауда байланыстарын күшейтіп, өз иеліктеріндегі ақша жүйесін ретке келдіргісі келген Ресей үкіметіне аталған жағдаймен санасуға тура келді. Осыған байланысты 1893 жылдан бастап Бұхар және Хиуаның ақша рыногын біртіндеп жоспарлы түрде жаулап алу қадамдары жасалды.

Бұндай қадамдар төмендегідей болды: 1) Түркістан өлкесінде Бұхар және Хиуа теңгелері айналымына рұқсат беру, 2) Бұхар өміршісі мен Хиуа ханы, тиынды жеке тұлғалардың емес, тек үкіметтің қажеттіліктері үшін ақша басуға рұқсат беруі, міндетті болды, 3) 1894 ж. Бұхарада ақша айналымын реттейтін Мемлекеттік банктің бөлімшесін ашу. Ескеретін бір жәйт, Орта Азия территориясында ашылған Мемлекеттік банк бөлімшелерінің негізгі валюталалық операциялары төмендегідей болды: а) теңгені жинап, Петербургке қайта басуға жіберу, яғни ортаазиялық ақша айналымға қайта шығарылмады; б) әр-түрлі шараларды жүзеге асыру арқылы, теңгенің курсы реттеу (оның қымбаттауына жол бермеу). Аталған шаралар арқылы орыс рубльі біртіндеп ортаазиялық теңгелерді рыноктан ығыстырып, өзіне тәуелді етті [236].

Осылайша, XIX ғ. екінші жартысында – XX ғ. басында Қазақстанның оңтүстігінде және Орта Азия өлкесінде патша үкіметінің жүзеге асырған салық саясатының нәтижесінде көшпенді және жартылай көшпелі малшылардың салықты төлеу үшін ақша қаражатына деген мұқтаждықтары артып, олардың өткізу рыноктары, қалалық және далалық жәрмеңкелерге тартылуын жылдамдатты, қазақ қоғамының әлеуметтік дифференциациялануына, қоғамдық өндірістің тауарлы бағыт алуына, өндірісте капиталистік элементтердің пайда болуына ықпал етті. Патша үкіметі салық саясатын ұйымдастыруда ең алдымен өзінің (ресейлік) саудагерлері мен кәсіпкерлерін қолдау шараларын жүргізді. Мәселен, шетелге шығарылған ресейлік мануфактура тауарларына сый-ақы

төлеу (өндірістік және т.б. шығындары үшін) арқылы жергілікті (ресейлік) өндірісшілерге қолдау көрсетті, сыртқы шекарадан әкелінетін барлық европалық тауарларға (кейбір тауар түрлерінен басқа), тиым салу арқылы өзінің кәсіпкер-саудагерлерін бәсекеден қорғап, өлкедегі үстем жағдайының орнауына ықпал етті.

Көшпелілерде ақша қаражатының болуы олар үшін қала банктерімен іскерлік орнатуға, өсімқорлармен қызу кредит-ақша байланыстарын жасауға, жергілікті банктерде есеп шоттар ашуға, біртіндеп рыноктық қатынастарға тартылуға, делдал-алыпсатарлар жалдап, қалаларда жылжымайтын мүлік сатып алуға кең мүмкіндіктер ашты.

## ҚОРЫТЫНДЫ

Сырдария облысының маңызды стратегиялық ауданда орналасуы, патша үкіметінің осы өңірді империяның құрамына қосқаннан кейін, саяси және экономикалық жағынан отарлауды тездетуіне мейлінше себеп болғандығы түсінікті.

Осыған байланысты Ресейдің капиталистік өнеркәсібі мен Қазақстандағы ауыл шаруашылық өндірісі арасындағы қатынас күшейді. Өлкеде жаңа әлеуметтік топтар қалыптасып, өнеркәсіп көлемі өсті. Сауда және өсімқорлық капиталы Ресейдің орталық губерниялары мен Қазақстан арасындағы ғана емес, сонымен бірге өлкенің өз ішінде де тауар айналымының өсуін шапшаңдатты. Өлкеде үстем болған натуралды шаруашылық біртіндеп ыдырай бастады.

Қазақ шаруашылығының рынокпен байланысының ұлғаюына патша үкіметінің саясаты да үлкен ықпал жасады. Бұл кезде Қазақстан экономикасында натуралды шаруашылықтың көлемі қысқарды, өлке өнеркәсіп тауарларын өткізу рыногы және бағалы ауыл шаруашылық шикізатының қайнар көзі ретінде капиталистік Ресейге тәуелді болып шықты. Ал, Ресей үкіметі болса, қазақтарды өз қол астына қарата отырып, алдында тұрған экономикалық және саяси міндеттерді шешуге тырысты. Ол міндеттер Шығыс елдерімен сауда-саттықты кеңейту және Шығыстағы орыс мемлекетінің шекара қауіпсіздігін қамтамасыз етіп қазақ даласын одан әрмен өз ықпалына алу болатын.

XIX ғасырдың 70-80 жылдарында ресейде фабрикалық тоқыма өндірісінің тез қарқынмен өсуіне байланысты Қазақ даласына мақта-мата өнімдері көптеп әкелінетін болды. Бұның өзі қазақ даласының сұранысына да байланысты болды. Ресейдің ішкі губернияларының фабрикаларында өндірілген арзан мақта мата қазақ даласына әкелініп, үстем бағамен сатылып, бірқатар шығыс елдерінің майдагерлік бұйымдарын шапшаң ығыстырды. Мақта мата өнімдерінен басқа күнделікті тұрмыста қолданылатын бұйымдар да, көтеріңкі бағамен сатылып отырды. Қазақстан бұл тауарларға айырбасқа мал мен мал шаруашылығында өндірілетін шикізат берді.

Жергілікті халық айырбас шарты қаншалықты ауыр, тең болмаса да келісуге мәжбүр болды, өйткені өзіне қажетті тауарларды сатып алатындай және өзінің артық өнімдерін өткізетіндей бұдан басқа мүмкіншіліктері жоқ еді.

Қазақ даласында мол өнімге және шаш етекпен пайдаға кенелген Ресей саудагерлері Қазақстанда сауданың жаңа түрі - жәрмеңкелік сауданы енгізді. Халқы сирек, кең-байтақ жері бар, қатынас жолы дамымаған, халқының дені көшпелі өмір сүретін өлкеде сауданың жәрмеңкелік түрін ұйымдастыру қазақ халқы үшін өте тиімді болды.

Қазақ жеріне сауда капиталының тез қарқынмен енуі өлкеде сауданың тұрақты формалары: дүкендер, көтерме сауда қоймаларының көбеюіне ықпалын тигізді. XIX ғасырдың аяғында Қазақстанда өсімқорлық сауда кең тарады. Тауар-рынок қатынасының механизмін толық түсінбеген қазақ

шаруалары өсімқорларға түгелдей кіріптар болды. Сонымен қатар, өлкеде тауар айналымы өскен сайын өсімқорлықпен қатар банктер мен басқа да несие мекемелері беретін қарыздардың капиталистік формалары орын алды, алайда, революцияға дейінгі Қазақстан территориясында әр түрлі капиталистік банктердің қалыптасып дамуы және олардың несие операцияларының кеңеюі өсімқорлықты түбірімен жойған жоқ, тек олардың монополиялы жағдайына біршама шектеу жасады, несиенің архаикалық өсімқор түрін толық ығыстырып шығатындай деңгейге көтерілген жоқ. Қазақстанның Ресейге кіруінің нәтижесінде саудадағы қатынастар неғұрлым жетілдірілген құқықтық нормалармен реттелді, салмақ, ұзындық өлшемдерінің және ақшаның ортақ бір жүйесі енгізілді.

Ресей мен Орта Азия арасында ұлғая түскен сауда, ішкі рыноктың өсуі өлкеде сауда буржуазиясының әлеуметтік тобын қалыптастырды. Жергілікті сауда буржуазиясының қалыптасуы ішкі рынокты дамытуда үлкен роль атқарды, яғни солардың ықпалының нәтижесінде мал өсіруші шаруашылықтардың тауар-айырбас, тауар-ақша қатынастарына қатысуы белсенділенді. Сауда буржуазиясы жеке дара сауда операцияларын, делдалдық қызмет сонымен қатар, ауыл-ауылды аралап сауда жасаумен айналысты. Бұның өзі қазақ ауылының тауар-ақша қатынастарына тартылуын тездетті.

Қазақтардың арасында арнайы сауда серіктесіктерін ұйымдасырған саудагерлер пайда болды. Қазақстан экономикасына ақша-тауар қатынастарының енуі мен сауданың дамуына байланысты олар ұсақ, орта және ірі болып үшке жіктелді. Бұлар жаңа капиталистік қатынастарды таратушылар болды. Бірақ ресейлік және ортаазиялық сауда буржуазиясының бәсекелестігі әсерінен қазақ буржуазиясы өте әлсіз болды, ұлттық капитал толық қалыптаспады, ол тек сауда капиталы дәрежесінде ғана қалды. Революцияға дейінгі Қазақстанда жергілікті рыноктардың даму және бірігу процесі жүргенімен, ол аяқталмады, біртұтас ұлттық рынок әлі болған жоқ. Патриархалды-феодалдық қатынастардың үстемдігі және тағы басқа факторлар жекелеген жергілікті рыноктардың біртұтас ұлттыққа бірігуін тежеді.

Қарастырылып отырған кезеңдері Қазақстан экономикасының жетекші саласы мал шаруашылығы болды. Қазақтар қой, жылқы, түйе, ешкі және ірі қара малды өсірді. Қазақстанның Ресейге қосылуы және капиталистік қатынастардың қазақ қоғамының экономикасына енуі мал шаруашылығына да өз әсерін тигізді. Тауарлы өндірістің дамуы және сауданың кеңеюі қазақ көшпенділерін рынок жағдайына бейімделуге мәжбүр етті. Көбіне жоғары сұраныста болған мал тұқымдары өсіріле бастады. Олар ең алдымен қой мен жылқы түрлері болды (түркістандық құйрықты қой, қаракөл, биязы жүнді қой тұқымдары және т.б.). Мал шаруашылығы өнімдері Сырдария облысынан экспортталатын барлық тауарлардың жартысынан көп бөлігін құрады. Темір жолдар салынғаннан кейін, мал шаруашылығы өнімдері тек Ресейдің Орталық аудандарына ғана емес, Европаға оның ішінде Берлин, Вена қалаларына экспортталды. Сырдария облысындағы мал саудасының тағы бір ерекшелігі, темір жолдардағы тарифтің қымбат болуына байланысты (Ресейге малды

тірілей тасымалдау тиімсіз болды), малды тірілей көбіне Ферғана облысына және Орта Азияның басқа да аудандарына экспорттады. Сонымен қатар, егін шаруашылығы да қазақтардың ертеден айналысқан кәсібі болды. Әсіресе тәжік-өзбек халқымен көршілес орналасқан аудандарға егін шаруашылығы интенсивті түрде енді. Қазақстан Ресейге қосылғаннан кейін қазақ халқының отырықшылану процесі жылдам қарқын алды. Қазақстанға тауарлы-ақша қатынастары тереңдей енуіне байланысты егін шаруашылығы да тауарлы сипат алды. Оңтүстік Қазақстанның отырықшы аудандарында интенсивті түрде астық дақылдары егіліп, бау-бақша кәсіптері дамыды. Облыстағы астық саудасының ерекшеліктерінің бірі, нан астығы Ресейден әкелінетін нан астығы тауарымен үлкен бәсекеге түсті, соған байланысты сырдариялық нан тауары негізінен Ресейге емес, мақталы аудандар – Ташкент уезі мен Ферғана облысына экспортталды. Ресейдің климаттық және т.б. жағдайларына байланысты, өзінде өспейтін (немесе кеш пісетін) бау-бақша және егін шаруашылығы дақылдарына деген сұраныс жоғары болды, нәтижесінде өлкенің мақта, күріш, қауын, жүзім, жеміс-жидек және т.б. өнімдердің экспорты жоғары болды, бірақ Шымкент пен Әулиеата уездерінде темір жолдардың кеш тартылуы (1915-1917 жж.) аталған тауарлардың экспортқа шығарылуын тежеді, сондықтан ол тауарлар көбіне Ташкент уезінен шығарылды.

Мақта тауары Қазақстан өлкесінде тек Сырдария облысынан экспортталатын тауар түрі болды. Ташкент пен Шымкент уездерінде XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басындағы мақта өсірудің етек жая бастауы осы шикізатты өндіруде бірқатар жетістіктерге жетудегі көрініс екендігін «диссертацияның» өнеркәсіптің дамуы деген бөлімінде айтып кеттік. Алайда объективтік шындыққа қарасақ, Орталық Қазақстандағы ірі көмір өндіру, Шығыс Қазақстандағы түсті металдарды балқытатын, Батыс Қазақстандағы енді-енді кең етек ала бастаған мұнай өндірісі сияқты ірі өнеркәсіптік орталықтың әлі де қалыптасып үлгермегендігін атап өтуіміз қажет.

Сырдария облысы өңдеуші кәсіпорындары Түркістан өлкесінде өзінің әмбебаптылығымен ерекшеленді. Қазақстанның тек Сырдария облысынан шығатын сантонин тауары әлемдік саудада өте маңызды орынды иеленген, бірден-бір тауар түрі болды. Сауда айналымында, Қазақстанның оңтүстігінде жергілікті қолөнер сипатындағы өндіріс орындардың фабрика-заводтық өндірістен басым болуына байланысты, қолөнер бұйымдарының ролі жоғары болды. Қолөнер сипатындағы өндіріс орындардағы техникалық деңгейдің төмен болуына байланысты, олар шығарған тауарлар, Ресейдің өндірістің тауарларымен бәсекеге түсе алмады.

Өңдеуші өнеркәсіптердің ішінде сыртқа шығаратын ауыл шаруашылық шикізатты алғашқы өңдеуден өткізетін ұсақ кәсіпорындар басым болды. Өңдеуші кәсіпорындар, ауылшаруашылық шикізатымен сауда жасаған фирмалардың жинаған капиталдарының есебінен құрылды, тау-кен кәсібі – орыс және шетел капиталының есебінен құрылды. Бұл фактор қазақстандық өнеркәсіптің интенсивті дамуына жол бермеді. Орыс көпес-кәсіпкерлер Қазақстанда ірі кәсіпорындарды ашуға қызыққан жоқ. Себебі одан көп пайда

түспеді. Олар ұсақ кәсіпорындарды салған, бұл кәсіпорындардың капитал айналымы жылдам жүріп, шығындарды тез ақтады.

Өңдеуші және тау-кен кәсіпорындарының даму сипатына өлкенің отарлы жағдайы өз әсерін тигізді: империалистік буржуазия қазақтардың ұлттық экономикасының жан-жақты дамуына барынша кедергі жасады. Сыртқа шығарылатын шикізатты өңдейтін кәсіпорындардың (мақта тазалайтын, жүн жуатын және т.б.) кенеюін қолдап, ұлттық өнеркәсіптің, әсіресе ауыр индустрияның дамуына жол бермеді, яғни жергілікті өңдеуші кәсіпорындар негізінен ішкі рынокқа емес, сыртқы рынокқа жұмыс істеді, себебі жергілікті өнеркәсіптер Ресейдің тоқыма өнеркәсіптеріне қажетті шикізатты шығарды. Ескеретін нәрсе, Ресейдің фабрика заводтық өнеркәсібі өлке халқына қажетті тауарлардың барлығын өндірген жоқ. Осыған байланысты, қолөнер сипатындағы өңдеуші кәсіпорындардың кейбір саласының қысқаруын, ал жекелеген салаларының дамуын байқауымызға болады. Мәселен, металл бұйымдарын, былғары және керамикалық бұйымдарды шығаратын кәсіпорындар қысқарды, ал киіз басатын, киіз үйдің құрылғыларын дайындайтын, ат әбзелдерін және т.б. қолөнер сипатындағы кәсіптер үнемі даму үрдісінде болды. Бірақ, аталған қолөнер сипатындағы кәсіптердің тауарлары фабрика-заводтық өнеркәсіптің тауарларымен бәсекелесе алмады, себебі олар тек тапсырыс бойынша жасалды, ал рынокқа тек сирек жағдайда шығарылды. Ресейдің сауда капиталы мүддесіне жауап бермейтін (яғни бәсеке тудыратын) өндіріс орындары болашақта жабылды, немесе оған тәуелді болды (макарон, темекі, қант, мата және т.б. тауар түрлерін шығаратын кәсіпорындар).

Ғасырдың аяғына қарай темір жол, су және почта-телеграф қатынасы Қазақстанды Мәскеумен, Петербургпен, Орталық Ресеймен, Сібірдің, Алтайдың және Орта Азияның басқа да қалаларымен тікелей жалғастырды. Қатынас құралдарының дамуы халықтың өзара байланысын тездетіп, тауар тасымалын арзандадып, жылдамдатып, тауар айналымының дамуына кең жол ашты. Темір жолдарда мұздатқыш құрылғылардың орнатылуы көп мөлшерде тез бұзылатын тауарларды тасымалдауға жағдай жасады.

Қазақтарға ақшалай көптеген салықтардың салынуы олардың өнімдерінің бір бөлігін рыноктар арқылы саудаға салуға мәжбүр етті. Зекет салығының сауда және кәсіп куәліктерімен алмастырылуы салық жүйесін біршама реттегенімен, саудагерлер мен кәсіпкерлерге ауыр тиді. Сауда айналымында қолданылған кедендік салықтар да ең алдымен ресейлік өндірісшілер мен саудагерлердің мүддесін көздеді. Өлкеде ақша жүйесі дамып, тұрғындарда ақша қаражатының болуы олар үшін қала банктерімен іскерлік орнатуға, өсімқорлармен қызу несие-ақша байланыстарын жасауға, жергілікті банктерде есеп шоттар ашуға, қалаларда жылжымайтын мүлік сатып алуға кең мүмкіндіктер ашты. Қазақстанның оңтүстігіне XIX ғасырдың екінші жартысынан белсенді түрде енген ресей ақша жүйесі (рубль), аз уақыттың ішінде көршілес Орта Азия хандықтарының ақша жүйесін ығыстырып, жетекші орынды иеленді, патша үкіметі өз тарапынан оған барынша қолдау жасады.

Сонымен, капиталистік қатынастардың қазақ даласына енуі, саудасаттықтың, соның ішінде жәрмеңкелік сауданың дамуы, өлкедегі оқшауланған сипаттағы натуралды шаруашылықты ыдыратты, қазақ экономикасына шаруашылықтың неғұрлым прогрессивті формаларының енуіне алып келді, негізінен мал шаруашылығымен айналысқан көшпелі және жартылай көшпелі халықтың патриархалды-феодалдық қатынастарының ыдырау процесін жеделдетті, бірақ оны толығымен жойған жоқ. Қазан төңкерісіне дейінгі Қазақстандағы капиталистік қатынастардың басты ерекшелігі патриархалды-феодалдық қатынастардың капиталистік қатынастармен тығыз байланысып, үйлесуі болды, бірақ Қазақстандағы капитализм оның отарлы жағдайына байланысты бастапқы қор жиналу кезеңіндегі өсімқор сауда сатысында қалды, яғни оның жоғарғы формасы өнеркәсіптік капитализмге дейін көтерілген жоқ.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Небольсин П.И. Очерк торговли России со странами Средней Азии, Хивой, Бухарой, Кокандом со стороны Оренбургской линии // Записки русского Географического общества. – С-Пб., 1856. - Т.Х. – 373 с.
- 2 Колмогоров Г.В. О промышленности и торговле в Киргизской степи Сибирского ведомства // Вестник ИРГО. – СПб., 1855. - Вып. 1, ч. 13. – С. 1-38.
- 3 Красовский М. Область Сибирских киргизов // Материалы для географии и статистики. – С-Пб., 1868. - Ч.1.- 428 с.; Ч.2. – 464 с.; Ч.3. – 264 с.
- 4 Костенко Л.Ф. Средняя Азия и водворение в ней русской гражданственности. Сост. Л.Ф. Костенко. - СПб.: Тип. В. Безобразова, 1871. 357 с.
- 5 Петровский Н.Ф. Материалы для торговой статистики Туркестанского края. - Ташкент, 1873. – 205 с.
- 6 Хорошкин А.П. // Сборник статей касающихся до Туркестанского края. – С-Пб.: Хромофотография А. Траншеля. - 1876. – 531 с.
- 7 Пашино П.И. Туркестанский край в 1866 г. Путевые заметки П.И. Пашино. - СПб., 1868. - 176 с.
- 8 Тетеревников А.Н. Очерк внутренней торговли Киргизской степи. – С-Пб., 1867. - 72 с.
- 9 Левшин А.И. Описание киргиз казачьих, или киргиз кайсацких орд и степей. Изд. второе.-Алматы: Санат, 1996. - Ч. 1-3. – 656 с.
- 10 Иванин М. Пути в Средней Азии и перевозочные средства // Военный сборник. - 1869. - №8. - С. 287-303.
- 11 Середа Н. О старом и новом путях в Среднюю Азию // Беседа. - 1872. - №8; С. 23-31.
- 12 Старков К. Караванные пути и караван-сарай в Средней Азии // Новый Восток. – 1924. - №6. – С. 196-204.
- 13 Аничков И.В. Упадок народного хозяйства в киргизских степях // Русская мысль. - 1902. - №5.- С. 50-72.
- 14 Загряжский Г. Быт кочевого населения долины Чу и Сыр-Дарьи // Туркестанские ведомости. - 1874. - №25 – С. 27.
- 15 Смирнов Е. Сырдарьинская область // Описание составленное по официальным источникам. – С-Пб., 1887. – 350 с.
- 16 Здзеницкий С.С. Животноводство в Сыр-Дарьинской области (из материалов по обследованию области по животноводству уездным ветеринаром). – Ташкент, 1915. – 23 с.
- 17 Шахназаров А. Очерк сельского хозяйства Туркестанского края. – С-Пб.: Типография градоначальника, 1898. - 152 с.
- 18 Колосовский В.П. Лошади Туркестана. Т.: Б.И., 1910. - 151 с.
- 19 Александров Н.Н. Земледелие в Сыр-Дарьинской области. Т.: тип. при кан. Турк. Ген. Губ., - 1916. - 256 с.
- 20 Бензин В. Из Туркестанской поездки. СПб., 1913. - 495 с.
- 21 Заорская В.В., Александер К.А. Промышленные заведения Туркестанского края. – Петроград: типография Екатерины, 1915. – 528 с.



- 22 Оглоблин В.Н. Хлопчатобумажная промышленность и торговля в Среднеазиатских русских владениях. - М.: Типография русского товарищества и печатного издательского дела, 1914. - 8 с.
- 23 Вебер В. Полезные ископаемые Туркестана. - СПб.: Типография А.В. Орлова., 1913. - 208 с.
- 24 Пчеловодство в Туркестанском крае и Закаспийской области. Н.Н. Шаврова. - СПб.: Т-во – Д. Толикс и А. Вильборг, 1911. - 147 с.
- 25 Макшеев А.И. Путешествие по киргизским степям и Туркестанскому краю. - С-Пб., 1896. - 257 с.
- 26 Родзевич А.И. Очерк постройки Закаспийской дороги и ее значение для русско-среднеазиатской промышленности и торговли. - С-Пб., 1891. - 120 с.
- 27 Верховский Н.Г. Туркестан в районе Ташкентской железной дороги и грузы этой дороги. - С-Пб.: типография Министерства Путей Сообщения (Товарищество И.Н. Кушнерев и К), 1910. - 311 с.
- 28 Гулишамбаров С.И. Экономический обзор Туркестанского района обслуживаемого Среднеазиатской железной дорогой. - Асхабад: Электротпечатная З.Д. Джаврова, 1913. - Ч.1. - 293 с.; Ч. 2. - 90 с.; - Ч. 3. - 184 с.
- 29 Гейер И.И. Туркестан. Изд. второе испр. и дополн. - Ташкент: Изд. Криснера, 1909. - 124 с.
- 30 Скрыплев П.А. Материалы по обследованию переселенческого хозяйства в Туркестанском крае. - Ташкент: Типо-литография В.Н. Ильина, 1909. - 304 с.
- 31 Добросмыслов А.И. Города Сыр-Дарьинской области. Эл.- пар. типо-лит. О.А. Порцева. - 1912. - 204 с.
- 32 Масальский В.И. Россия. Полное географическое описание нашего отечества. Туркестанский край.-С-Пб.: Изд. Девриена А.Ф., 1913. - Т.19. - С. 415-660.
- 33 Берг Л.С. Рыбы и рыболовство в устьях Сыр-Дарьи и аральском море.-С-Пб., 1900. - 320 с.
- 34 Материалы для изучения хлопководства. Знач. Турк. в торг. России с сопредельными странами Азии / Сост. член комис. А.Ф. Губаревич-Радобыльский / под. ред. Сенаторского комитета И. Малаховского. - СПб., 1912. - Вып. II. - 239 с.
- 35 Асфендияров С. История Казахстана (с древнейших времен). - Алма-Ата, 1935. -Т.1. - 320 с.
- 36 Букейханов А. Киргизы. Форма национального движения в современных государствах.- Петербург, / под ред. Костелянского А.В., 1910. - 290 с.
- 37 Бекмаханов Е.Б. К истории взаимоотношений казахов со среднеазиатскими ханствами // Большевик Казахстана. - 1947. - № 5. - С. 15-23.
- 38 Бекмаханов Е.Б. Присоединение Казахстана к России. - М.: Изд-во АН СССР, 1957. - 342 с.

39 Зияев Х.З. Экономические связи Средней Азии с Сибирью в XVI-XIX вв. – Ташкент: Фан, 1983. – 167 с.

40 Қасымбаев Ж.К. Дореволюционные исследователи о развитии Оренбурга как центра торговли с казахскими и со среднеазиатскими владениями (I половина XIX века) // Исследования и исследователи Оренбургского края XVIII-XIX века. - Свердловск, 1983. – С. 184-189;

41 Шалекенов У.Х. К вопросу о взаимоотношениях казахских племен с оседлым и полуседлым населением Хорезма в XVIII-XIX вв. – М.: Наука, 1964. – 9 с.

42 Мадуанов С. Казахи в составе Кокандского ханства в I половине XIX в. // Вопросы истории и археологии и этнографии // Научный сборник КазГУ имени С.М. Кирова. – Алма-Ата: КазГУ, 1978. - С. 24-28.

43 Мадуанов С. Взаимоотношения казахов с другими соседними народами центральной Азии в XVIII – нач. XX в. – Алматы: Білім, 1995. - С. 172.

44 Бекназаров Р. Юг Казахстана в составе Кокандского ханства и его присоединение к России (по русским архивным и опубликованным материалам): автореф. ... канд. ист. наук. - Алма-Ата, 1969. – 26 с.

45 Литвинова Т.К. К вопросу о формировании национального торгового капитала в Казахстане // Экономика / Уч. зап. КазГУ. – Алма-Ата, 1957. - Т. 28, вып. 2. – С. 135-146.

46 Литвинова Т.К. Организационные формы и характер торговли в дореволюционном Казахстане // Экономика / Уч. зап. КазГУ. – Алма-Ата, 1958. -Т. 36, вып. 3. - С. 47-56.

47 Сүндетов С.А. Торговля в Казахстане в начале XX в // В кн.: Казахстан в канун Октября. – Алма-Ата, 1968. – С. 214-230;

48 Нейштадт С.А. К вопросу об экономике колониального Казахстана // Известия АН КазССР. Серия экономическая.– Алма-Ата, 1949. - Вып. 1. – С. 56-111.

49 Апполова Н.Г. Экономические и политические связи Казахстана с Россией в XVIII – начале XIX века. – М.: Изд-во АН СССР, 1957. – 342 с.

50 Шоинбаев Т.Ж. Развитие торговых связей Казахстана с Россией и среднеазиатскими ханствами в XIX веке // Исторические науки / Тематический сборник научных трудов проф.-препод. Составы и аспирантов КазПИ.– Алма-Ата, 1976. - Вып. 3. – 33 с.

51 Вяткин М.П. Монополистический капитал в Средней Азии. – Фрунзе: Изд-во АН КирССР, 1962. – 160 с.

52 Киняпина Н.С. Внешняя политика России первой половины XIX века. – М.: Высшая школа, 1974. – 282 с.

53 Хидоятов Г.А. Из истории англо-русских отношений в Средней Азии в конце XIX века. (60-70-е гг.). – Ташкент: Фан, 1969. – 456 с.

54 Рожкова М.К. Экономические связи России со Средней Азией 40-60-е годы XIX века. – М.: Изд-во АН СССР, 1963. – 238 с.

- 55 Аминов А.М., Бабаходжаева А.Х. Экономические и политические последствия присоединения Средней Азии к России. - Т.: Узбекистан, 1966. – 210 с.
- 56 Блиев М.М., Дегоев В.В. Кавказ и Средняя Азия во внешней политике России (вторая половина XVIII - 80-е годы XIX в.). – М.: Изд-во Моск. Университета, 1984. – 389 с.
- 57 Халфин Н.А. О движущих мотивах политики России в Средней Азии (60-70-е годы XIX в.) // История. - 1972. - №4. – С. 128-135.
- 58 Халфин Н.А. Россия и ханства Средней Азии. - М.: Издательство «Наука», 1974. - С. 27.
- 59 Попов А.Л. Из истории завоевания Средней Азии // Исторические записки. – 1940. - Т. 9. – С. 198-242.
- 60 Покровский М.Н. Дипломатия и войны России в XIX столетии – М., 1923. – 127 с.
- 61 Сулейменов Б.С. Подготовка реформы 1867-1868 гг. в Казахстане // Известия Каз. Филиала АН СССР.– 1946. - №2. - С. 137-148.
- 62 Сулейменов Б.С. Об административном устройстве казахской степи по реформе 1867-1868 гг. // Вестник АН КазССР. Серия общественных наук. - 1951. - № 2. – С. 118.
- 63 Сулейменов Б.С. Аграрный вопрос в Казахстане последней трети XIX – начала XX вв. (1867-1907). – Алма-Ата: Изд-во АН КазССР, 1963. – 411 с.
- 64 Сапаргалиев Г.С. Карательная политика царского правительства в Казахстане (1905-1917). – Алма-Ата: Наука, 1966. – 376 с.
- 65 Жиренчин К. Политическое развитие Казахстана в XIX – нач. XX века. – Алматы: Жеті Жарғы, 1966. – 352 с.
- 66 Семенюк Г.И. Земледелие казахов в XVIII – нач. XIX вв. // История Межвуз. темат. сб. мин-ва высшего и среднего специального образования КазССР. – Алма-Ата, 1968. - Вып. 3. – С. 98-112.
- 67 Тажибаев Е. Из истории орошаемого земледелия казахов в низовьях Сырдарьи (середина XIX в.) // История / Сб. Статей аспирант. и соиск. – Алма-Ата, 1966. -Вып. 1. – С. 145-153.
- 68 Плоских В.М. Очерк земельных отношений в Южной Киргизии накануне вхождения в состав России. – Фрунзе: Илим, 1965. – 61 с.
- 69 Сапелкин А.И. Аграрные отношения в Киргизии в нач. XX века (административное устройство и налоговая система). – Фрунзе: АН КирССР, 1868. – 125 с.
- 70 Усенбаев К.У. Общественно-экономические отношения киргизов вт. пол. XIX века – нач. XX вв. – Фрунзе: Илим, 1980. – 301 с.
- 71 Галузо П.Г. Аграрные отношения на юге Казахстана в 1867-1914 гг. / под ред. С.М. Дубровского. – Алма-Ата: Наука, 1965. – 345 с.
- 72 Толыбеков С.Е. Кочевое общество казахов в XVII – начале XX века (политико-экономический анализ). – Алма-Ата: Наука, 1971. – 634 с.

73 Зиманов С.З. Общественный строй казахов в первой половине XIX в. – Алма-Ата: Изд-во АН КазССР, 1958. – 286 с., // Полное соч.: в 10 т. - Алматы: Медиа корпорация «ЗАН», 2009. - Т.1.- С. 192-210.

74 Погребенский А.П. Налоговая политика царизма в Средней Азии в 1860-1880 гг. // Исторические записки. – 1961. - № 66. - С. 291-300.

75 Несипбаева К.Р. Налоговая политика царизма в Казахстане 1867-1914 гг. XIX в.: автореф. ... канд. ист. наук. – Фрунзе, 1988. – 25 с.

76 Масанов Н.Э. Налоговая политика царизма в 20-60-х гг. XIX в. в Казахстане: автореф. ... канд. ист. наук. – Алма-Ата, 1980.

77 Дулатова Д.И. Административно-территориальные политические меры царской администрации в Казахстане // Историография дореволюционного Казахстана. – Алма-Ата: Наука, 1984. – С. 209-213.

78 Чуланов Г. Промышленность дореволюционного Казахстана. – Алма-Ата: Изд-во АН КазССР, 1960. – 102 с.

79 Ерофеева И.В. Легкая пищевая промышленность Казахстана до Октябрьской революции и первые годы советской власти // Ученые записки КазГУ. Серия экономическая. - 1958. - Т. 36, вып. 3. – С. 27-35.

80 Дильмухамедов Е. Обработывающая и горная промышленность в городах Казахстана в начале XX века // Казахстан в канун октября. – М.: Наука, 1968. – С. 149-177.

81 Игибаев С. Из истории обрабатывающей промышленности в городах Казахстана // Известия АН КазССР. Серия общественных наук. – 1985. - №5. С. 8.

82 Асылбеков М.Х. Некоторые вопросы истории строительства Оренбургско-Ташкентской железной дороги // Изв. АН КазССР. сер. ист. – 1962. - Вып. 2. – С. 53-62.

83 Дахшлейгер Г.Ф. К истории Семиреченской железной дороги (Арыс-Фрунзе) // Ученые записки КазГУ. - 1950. - Т. 13, вып. 4. – С 34-41.

84 Аксенов А. Строительство Оренбургско-Ташкентской железной дороги (1901-1905 гг.) // Ученые записки Оренбургского Госпединс. им. В.П. Чкалова. Сер. ист. и филол. наук.. – Оренбург, 1958. - Вып. 13. - С. 3-39;

85 Фридман Ц. Банки и кредит в дореволюционном Казахстане. - Алма-Ата, 1974. – 173 с.

86 Берденова К.Ә. Қазақстаның экономикалық тарихы. Экономика баспасы. – Алматы, 2010. – 284 б.

87 Басин В.Я., Несипбаева К.Р. Внешняя торговля России со странами Востока на рубеже XIX-XX вв // Из истории международных отношений в Центральной Азии. – Алматы, 1996. - 182 с.

88 Щеглова Т.К. Ярмарки западной Сибири и степных областей во второй половине XIX в. Из истории российско-азиатской торговли. – Барнаул: Изд. Барн. гос. пед. ун., 2002. – 236 с.

89 Халфин А.А. Присоединение Средней Азии к России. – М.: Изд. «Наука», 1965. - 466 с.

- 90 Абдырасилова З.С. Қазақстанда кәсіпкерліктің қалыптасу және даму тарихы (1861-1917) Қазақстанның оңтүстік аймағы материалдары бойынша: тар. ғыл. канд. ... дис. – Алматы, 2008. - 147 б.
- 91 Қойгельдиев М. Алаш қозғалысы. - Алматы: Санат, 1995. - 368 б.
- 92 Абдуалы А. Младший жуз и Хивинское ханство в геополитике Российской империи в первой половине XIX в // Алаш. - 2005. - №2(2). – С.80.
- 93 Ишмурзин У. Дореволюционная история г. Джамбула (1864-1917): автореф. .... канд. ист. наук. - Алма-Ата, 1996. - 23 с.
- 94 Айдосов А., Қалиев Ы., Кереев М. – Қызылорда: «Тұмар», 2005. – 296 б.
- 95 Якунин А.Ф. Народы Средней Азии и Казахстана во II пол. 19 в. и присоединение Средней Азии к России. - М., 1954. - 21 с.
- 96 Алексеенко Н.В. Население дореволюционного Казахстана (численность, размещение, состав). - Алма-Ата: «Наука», 1981. – 226 с.
- 97 Тұмабаев Т. Түркістан өлкесіндегі биліктің отарлық жүйесі (1867-1917) // Қазақ тарихы. - 2005. - №2. - Б. 62.
- 98 Соколов А.Я. Торговая политика России в Средней Азии и развитие русско-афганских отношений. – Ташкент: Фан, 1971. - 232 с.
- 99 Материалы по истории политического строя Казахстана. Т.1. Издательство Академии Наук Каз ССР. – Алма – Ата, 1960. - 341 с.
- 100 Шілдебай С.Қ. Ресейдің Түркістанды отарлау саясаты (1867-1924 жж.): Оқу құралы. -Алматы: ҚазҰТУ, 2004. – 114 б.
- 101 Зиманов С.З. Политический строй Казахстана конца XVIII и первой половины XIX веков. – Алма-Ата: «Издательство академии наук Казахской ССР», 1960. – 393 с.
- 102 Средне-Азиатский экономический район, очерки по экономике Средней Азии / под. ред. Ю.И. Пословского и Г.Н. Черданцева. – Ташкент: Изд. ТЭС, 1922. – 127 с.
- 103 Қазақстан тарихы. – Алматы: «Атамұра» баспасы, 2002. - Т.3. – 768 б.
- 104 Байшев. С.Б. Очерки экономической истории Казахстана. – Алма – Ата, 1989. - С. 10.
- 105 Казахско-русские отношения в XVI - XVIII в // Сборник документов и материалов. - Алма-Ата: Издательство Академии наук КазССР, 1961. - С. 3.
- 106 Щеглова Т.К. Ярмарки западной Сибири и степных областей во второй половине XIX в. Из истории российско-азиатской торговли. – Барнаул: Изд. Барн. гос. пед. ун., 2002. - С. 109.
- 107 Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан халқының әл – ауқатын арттыру – мемлекеттік саясаттың басты мақсаты» Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан Халқына Жолдауы. – Алматы, 2007. – 72 б.
- 108 Материалы по истории и истории науки и культуры народов Средней Азии. – Ташкент: Фан, 1991. – С. 40.
- 109 Рожкова М.К. Экономическая политика царского правительства на Среднем Востоке во второй четверти XIX в. и русская буржуазия. - М.: Изд. АН СССР, - 1963. – 238 с.

110 Пален К.К. Областное управление / Отчет по ревизии Туркестанского края, произведенной по высочайшему повелению Сенатором Гофмейстером графом К.К. Паленом. - СПб.: Сенатская типография, 1910. - С. 8.

111 Райымқұлова Д. Оңтүстік Қазақстанда патшалық Ресейдің отарлау саясатының алғашқы қадамдары // ҚазҰУ хабаршысы. Тарих сериясы. -2005.- №1 (36). –Б. 53-55.

112 Абилов К. Купечество Казахстана во второй половине XIX – начале XX века // Отан тарихы. – 2004. - №2. - С. 65.

113 Фридман Ц.Л. Кредитная кооперация и ее влияние на развитие капиталистических отношений в дореволюционном Казахстане // Известия АН КазССР. Серия общественная. - 1971. - №6. - С. 12-25.

114 Галиев В.В. Казахстан в системе российско-китайских торгово-экономических отношений в Сынцзяне конец XIX в. – начало XX в. – Алматы, 2003. - С. 61-75.

115 ҚР ОММ, 382-қ., 1-т., 51-іс: «Дело об устройстве базарных дней в форте Перовский и учреждений ярмарок».

116 Қожақұлы Ө. Қазақ–қоқан қарым-қатынастары (XVIII-XIX ғғ.). – Қызылорда: Тұмар, 2006. – Б. 116-118.

117 Алимов А.Б. Развитие торговых связей между Россией и Средней Азией в конце XIX – начале XX века // Общественные науки в Узбекистане. - 1971. - №3. - С. 71.

118 ҚР ОММ, 383-қ., 1-т., 166-іс: «Отчет по управлению Сыр-Дарьинскими киргизами за 1860-1861 гг».

119 Сыздыкова Е.С. Российские военные и Казахстан: (Вопросы социально политической истории Казахстана XVII-XIX вв. в трудах офицеров Генерального штаба России / под ред. Н.Е. Бекмахановой. - М., 2005. - С. 199-202.

120 Галузо П.Г. Туркестан – колония. Изд. 2-е. - Госиздат Узб. ССР, 1935. - С. 40-69.

121 Россия. Полное географическое описание нашего отечества. Настольная и дорожная книга. Туркестанский край. - СПб., 1913. - Т.19. - С. 549.

122 ҚР ОММ, 146-қ., 1-т., 1-к., 65-іс: «Ведомость о движении торговли».

123 Ермаханова М.А. Торгово-экономические связи Казахстана со Средней Азией во второй половине XIX в. – начале XX в. (исторический аспект): дис. ... канд. ист. наук. – Алматы, 2002. - С. 96.

124 Лавров М.В. Туркестан. География и история края. – М., 1914. – С.107.

125 Поступательное движение в Среднюю Азию в торговом и дипломатическо-военном отношениях. Дополнительный материал для истории Хивинского похода 1873 г. - СПб., 1900. - С. 128.

126 ҚР ОММ, 267-қ., 1-т., 241-іс: «Ведомости о торговле с Среднеазиатскими ханствами за 1883-1884 гг».

- 127 Сулейменов Б.С. Басин В.Я. Казахстан в составе России в XVIII – нач. XX вв. - Алма – Ата: Наука, 1981. - С. 147.
- 128 Аничков И. Очерки народной жизни северного Туркестана: сб. 1-е изд. – Ташкент: Типо-лит. «Ф и Г.Бр. Каменских», 1899. - С. 161.
- 129 Гейер Л.И. Сборник материалов для статистики Сыр-Дарьинской области. Изд. Сыр-Дарьинск. Обл. Стат. Комитета. – 1891. - Т. 1. - С. 207.
- 130 Құдайбергенова Ж.А. Иностраный капитал в Казахстане и Средней Азии в конце XIX – начале XX вв // Вестник университета «Кайнар». – 2004. - №4/2. – С. 5-9.
- 131 Қосман Әбілов. Төңкеріске дейінгі сауда буржуазиясы // Қазақ тарихы. – 2004. - №3. – Б. 86-89.
- 132 РМӘТМ 67 қор, 1 тізбе, 63 іс: «Записка А.Л. Данзаса «О торговле форта Перовский ».1-п.
- 133 Басин В.Я., Литвинова Т.К. Развитие русско-казахских торгово-экономических связей в начале XX в. // Қазақ ССР Ғылым академиясының хабаршысы. - 1983. - №2. – Б. 56.
- 134 Терентьев М. Статистические очерки Средне-Азиатской России. - Санкт-Петербург, 1874. - С.-13.
- 135 Наумов С.Н. Ярмарочная торговля в системе социально-экономических отношений на юге Казахстана (2-половина XIX в. - начало XX в.): дис. ... канд. иист. наук. – Алматы, 1996. – С. 73.
- 136 Толыбеков С.Е. Кочевое общество казахов в XVII -начале XX вв. - Алматы, 1971. - С. 519-520.
- 137 Тоқтабай А., Сейітқұлова Ж. Төрт түліктің қасиеті. – Алматы: ҚазБаспа-КТ, 2005. - Б. 15-34.
- 138 Обзор Сыр-Дарьинской области за 1906 г. - Ташкент, 1907. - С. 78-79.
- 139 Асфендияров С.Д. История Казахстана с древнейших времен. – Алма – Ата: Казкрайиздат, 1935. -Т.1. - С. 56.
- 140 Обзор Сыр-Дарьинской области за 1911 г. - Ташкент, 1913. - С. 47.
- 141 Обзор Сыр-Дарьинской области за 1906 г. - Ташкент, 1907. – С. 95.
- 142 Ердаuletов С.Р. Тараз. Аулие-Ата. Джамбул. – Алма – Ата: Казахстан, 1983. - С. 18.
- 143 Обзор Сыр-Дарьинской области за 1886 г. – Ташкент, 1887. - С. 16-17.
- 144 Хозяйство казахов на рубеже XIX – XX веков. – Алма – Ата: Издательство «Наука» Каз ССР, 1980. - С. 188-204.
- 145 ҚРОММ, 382-қор, 1-тізбе, 27-іс: «Дело о разведении на Сырдарьинской линии табачных плантаций».
- 146 Обзор Сыр-Дарьинской области за 1913 г. – Ташкент, 1914. – С. 87-95.
- 147 Бакиев Ж.Б. Из истории развития рыболовства в Казахстане /Общественные науки. – Алма – Ата, 1964. - Вып. V. - С. 277-296.

- 148 Аяпов М. Из истории горного промысла и поисков месторождений цветных металлов на юге дореволюционного Казахстана // Вестник АН КазССР. – 1969. - №12. - С. 59-63.
- 149 ҚР ОММ, 44-қ., 1-т., 954-іс: «Ведомость о меновой торговле».
- 150 Власова Э.Н. Зарождение горной промышленности и формирование горно-промышленного пролетариата в Туркестанском крае: автореф. ... канд. ист. наук. – Ташкент, 1963. - С. 11-17.
- 151 Михалев Г.А. «Торговые и посольские связи России со Среднеазиатскими ханствами через Оренбург» (2-я половина XVIII – 1-я первая половина XIX в. ). – Ташкент, 1982. - С. 88.
- 152 Асылбеков М.Х. Развитие сети железных дорог Казахстана в конце XIX – начале XX века. // Казахстан в канун октября: сб.ст. / Под ред. Галузо П.Г.- Алма-Ата: Наука Каз.ССР, 1968.-С. 178-213.
- 153 Нұғман Баяндин. Саяхатшылар ізімен. – Алматы: «Қазақстан» баспасы, 1966. –Б. 62-64.
- 154 Бенцелевич Н.А. Водные пути Туркестана. - СПб., 1914. - С. 122-128.
- 155 Пален К.К. Налоги и пошлины/Отчет по ревизии Туркестанского края, произведенной по высочайшему повелению произведенной графом гофмейстером паленом К.К. - СПб.: Тип. Гл. Уп. Уделов. Мохов,1910. -С.147-257.
- 156 Торгово-экономическая политика России в Казахстане во 2-й половине XVIII – 1-й четверти XIX вв // Проблемы социально-экономического развития Казахстана. – Алма – Ата, 1990. - С. 36-46.
- 157 Средне-Азиатский экономический район, очерки по экономике Средней Азии / под. ред. Пословского Ю.И. и Черданцева Г.Н. – Ташкент: Изд. ТЭС, 1922. - С. 87-91.
- 158 Шепелев Л.Е. Царизм и буржуазия во второй половине XIX в. - Л., 1987. - С. 64.
- 159 Джунушев К. Развитие товарно-денежных отношений в дореволюционной Киргизии. - 1965. - С. 97.
- 160 Вельямин-Зернов В.В. Монеты Бухарские и Хивинские. - СПб., 1859. - С. 114-128.
- 161 Городское управление / Отчет по ревизии Туркестанского края произведенной графом К.К. Паленом. - СПб.: Сен. тип., 1910. - Т. VII. - С. 200-201.
- 162 ҚР ОММ, 267-қ., 1-т., 96-іс: «Дело о введении в Туркестанском крае сбора пошлин за право торговли и промыслов».
- 163 ҚР ОММ, 267-қ., 1-т., 51-іс: « «Объявления» купцов о выдаче им свидетельств на вывоз товаров в Бухару и Хиву».
- 164 ҚР ОММ, 267-қ., 1-т., 48-іс: «Ведомости о справочных ценах на продукты питания и промышленные товары в г. Казалинске за март-апрель 1872 г».
- 165 ҚР ОММ, 267-қ., 1-т., 93-іс: «Прошение торгующих купцов и др. о краже товаров и скота и акты полицейских надзирателей по этому же вопросу».



- 166 ҚР ОММ, 267-қ., 1-т., 97-іс: «Дело об избрании членов торговой, оценочной и поземельной исполнительных комиссий».
- 167 ҚР ОММ, 267-қ., 1-т., 163-іс: «Прошение купцов о выдаче свидетельств на открытие питейных заведений в г. Казалинске».
- 168 ҚР ОММ, 267-қ., 1-т., 167-іс: «Дело о ростовщичестве бухарских евреев-купцов и купцов выходцев из Индии среди казахского населения».
- 169 ҚР ОММ, 267-қ., 1-т., 174-іс: «Ведомости о количестве пивоспиртоводочных заводов в г. Казалинске».
- 170 ҚР ОММ, 267-қ., 1-т., 181-іс: «Дело по обвинению купца в нарушении правил торговли».
- 171 ҚР ОММ, 267-қ., 1-т., 186-іс: «Сведения о количестве товаров отправленных в Бухару».
- 172 Туркестанские ведомости. 1896. - № 20. – С.1.
- 173 ҚР ОММ, 267-қ., 1-т., 218-іс: «Дело об избрании членов торговой поземельной и оценочной комиссии».
- 174 Первая всеобщая перепись населения Российской империи. 1897 г. Сыр-Дарьинская область. – Вып. VII. – Т. LXXXVI.- С. 1-4.
- 175 ҚР ОММ, 267-қ., 1-т., 241-іс: «Ведомости о торговле с Среднеазиатскими ханствами за 1883-1884 г».
- 176 ҚР ОММ, 383-қ., 1-т., 225-іс: «Переписка о запрещении сбора налога с продаваемого скота, о весовом сборе и др.».
- 177 ҚР ОММ, 383-қ., 1-т., 235-іс: «Ведомости о движении торговли в Сыр-Дарьинской линии за 1863 г.».
- 178 ҚР ОММ, 383-қ., 1-т., 238-іс: «Дело о введении на Сыр-Дарьинской линии поземельного сбора с среднеазиатцев и пошлин с привозимого ими из заграницы товара».
- 179 ПСЗРИ-II-Т. XXXVIII. №39118
- 180 ҚР ОММ, 382-қ., 1-т., 46-іс: «Ведомости о количестве привозимых товаров и скота (с указанием стоимости) из Средней Азии в форт №1 за 1862 г.».
- 181 ҚР ОММ, 382-қ., 1-т., 48-іс: «Дело о выписке сельхозмашин и устройстве мельницы при Сыр-Дарьинской линии».
- 182 ҚР ОММ, 382-қ., 1-т., 40-іс: «Дело об ограничении прав торгующих с казахским населением купцов».
- 183 ҚР ОММ, 382-қ., 1-т., 10-іс: «Дело об ограблении торговых караванов».
- 184 Исмаилов А. Страницы истории Южного Казахстана (1867-1917 гг.). – Алматы: Ғылым, 2000. – 247 с.
- 185 ҚР ОММ, 382-қ., 1-т., 39-іс: «Ведомости о движении торговли в фортах Сыр-Дарьинской линии».
- 186 ҚР ОММ, 382-қ., 1-т., 7-іс: «Дело о поземельных и торговых сборах от различных сословий».



